

827.56.122

Т 13

ТАҒЫЛЫМ





ТАҒЫЛЫМ

FOLIANT
ҚАЗАҚСТАН

Нұр-Сұлтан – 2021

ӘОЖ 821.512.122

ББК 84 (5 Қаз)

Т 13

**Т 13 Тағылым. Құраст. Б. Қарағызұлы. 3-басылым. –
Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021. – 320 бет.**

ISBN 978-601-271-209-4

«Ұлтқа қызмет ету – білімнен емес, мінезден» дейді Алаш арысы Әлихан Бөкейхан. Туабітті мінезбен сіңген тәлімгерлік, азаматтық, адалдық ісімен халқы үшін қалтқысыз қызмет еткен ерлердің еңбегі әрдайым ел аузында.

Қолыңыздағы сондай естелік – көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Икрам Адырбекұлының адами қасиеті мен атқарған игі ісі жайлы Сыр елі жақсылары мен жайсаңдарының сыры, ақжарма ниеті мен шынайы тілегі.

ӘОЖ 821.512.122

ББК 84 (5 Қаз)

ISBN 978-601-271-209-4

© Қарағызұлы Б., құраст., 2018, 2019

© «Фолиант» баспасы, 2018, 2019

© «Фолиант» баспасы, 2021

АЛҒЫ СӨЗ

Аспан астында, жер үстінде жанарыңа жарық дүниені ұялатып, маңдайыңа жазылған тағдыр соқпағында таңдайыңа бұйырған несібені нәсіп етіп, өміріңнің сәні де, мәні де болған туған еліңе қызмет еткенге, құрметіне бөленгенге не жетсін?! Ал сол елің қабырғадан қан кешіп, қабағынан қар жауып, қарсы тұрған дұшпанына қаһарланса, төрт құбыланы тітіренткен ұлы түркі жұртының қара шаңырағы болса, өзің сол батыр халықтың тәуелсіз ұрпағы болсаң – одан артық бақыт бар ма екен екі дүниеде!

Ал біздің ұлт басынан не өткермеді? Адамзат тарихындағы ең қасіретті оқиғалар мен қиын-қыстау кезеңдерге толы таусылмастай тауқыметті басынан кешірді. Ғасырлар бойы елдігін сақтап, рухын жасытпай, ұлттық құндылығын жоғалтпай, тектілігін тұңғыыққа батырмай, технологиялар мен прогрестер заманына, ауыздыққа бағынбайтын асау ақпарат билеген ғасырға – бүгінгі күнге аман-есен жетті. Осы күнге дейін кім көрінгеннің жетегінде кетпей, жетістікке жеткен ұлы жолды есіл ерлер мен марғасқа билер, ел сыйлаған көсемдер мен сөз саптаған шешендер бастап келді. Енді, міне, ғасырлар бойы бабаларымыздың биік мақсаты мен асқақ арманы болып келген – Тәуелсіздікке де жеттік.

Тәуелсіздігімізді тұғырлы етіп, өзге елдермен тереңемізді теңестіріп, әлемнің кез келген елімен иық тірестіріп тұрып, қаймықпай қатар сөйлейтін мәртебелі кезеңге қадам бастық. Осы тәу етер Тәуелсіздігімізді

мәңгілік тұғырына қондырғалы да ширек ғасырдан астам уақыт өтті. Ұлы уақыт. Біз үшін ең бақытты шақ. Ең жауапты және ең күрделі белес. Адам баласының балалық шағы мен жастық шағы қандай қымбат болса, Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңі де бізге, елімізге сондай қастерлі, сондай қымбат. Тәуелсіздіктің іргетасы бекіп, қабырғасы қатаюына Елбасынан бастап, мемлекет мүддесіне күндіз-түні талмай қызмет еткен ел ағаларының да еңбегі орасан зор.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «...Біз «Жаныңда жүр жақсы адам» деген сөздің байыбына бара бермейміз. Шын мәнінде, Тәуелсіздік дәуірінде өзінің еңбегімен, білімімен, өнерімен озып шыққан қаншама замандасымыз бар. Олардың жүріп өткен жолы – кез келген статистикадан артық көрсеткіш. Сондықтан оларды телевизиялық деректі туындылардың кейіпкеріне айналдыруымыз керек. Жастар өмірге шынайы көзбен қарап, өз тағдырына өзі иелік ете алатын азамат болуы үшін оларға үлгі ұсынуымыз керек» деген болатын.

Елбасының бұл мақаласы халқымыздың ұлттық санасы жаңа заманға бейімделіп, қалыптаса бастаған кезеңінде жол көрсететін жарық жұлдыздай көрінді. Мақала жарияланған кезде ел болып, жұрт болып, көкірегімізде күн нұрланғандай күй кештік. Мақала мазмұнына шын көңілмен қуандық, жан дүниеміз жадырап, ұлттың болашағына сеніміміз нығайды. Мақала жарияланысымен, қолына қалам ұстаған сөз иелерінің көңіл түкпірінде жүрген күмәні сейіліп, шабыттанып, емин-еркін толғандырып жүрген ойымен, арманымен бөлісе бастады...

Өйткені Алтай мен Атыраудың, Арқа мен Алатаудың арасында кермаралдай көркем керілген, сусардай сұлу жайнаған ұлы даланың әр өңірі киелі гой. Қазақ

елінің қай түкпіріне барсаң да, ерен қонақжайлығы мен терең тарихына толы қасиетті мекендеріне кездесесің. Бабаларымыз тұлпарының тұяғын тоздырған ұлан-ғайыр жерінің қай түкпіріне болсын жүрекпен ынтығып, көзбен көріп, көңіліңе тоқығанды қағазға түсіргің келіп тұрады. Бұл бір санадан тыс ынтығу, бәлкім, қанымыздағы туған топыраққа деген, кіндікке таңылған алапат сағыныш сезімі шығар. Сондай іңкәр мақсатпен қысқа мерзімді демалысымды алып, Алты Алаштың анасы болған Сыр еліне, көненің көзі, әдебиеттің мәйегі, мәдени мұралардың асыл көмбесі, талай тарихты қойнауына бүккен, талай тарланды қанаттандырған жыр еліне – Қызылордаға да келіп жеткен едім.

Ала бұлттардың арасын көктей өтіп, қара жерге ентелей қонған ақ бауыр ұшағымыздан түсіп, табанымызға қасиетті қара топырақ тиісімен ерекше тебіреніске толы күндеріміз басталған-ды. Барған күні кідірместен Алаштың анасы – Сырға сәлем бердім. Сырдария басындағы көңіл толқынысы өлең боп өрілді. Ол қағазға дәстүрлі өлең формасындағы шумақ-шумақ емес, дария секілді, осылай мөлдіреп, еркін ағып түскен болатын:

Бұл Дария – елімнің аяулы аңызы, жерімнің жұмақтай маңызы, күретамыры. Менің күретамырым. Күретамырымнан бабамның рухы, баламның арманы Қорқыттың қобызындай күңіреніп ағады... Сүмбілдей сыланып, сүлейдей сілкініп, сосын сырғып ағады, мұңданып мүлгіп ағады, ағады... Ақырған ажалды азаптап ағады, алқынған өлімді мазақтап ағады, ағады... Үнсіз ағады. Жап-жасыл Өмір ағады. Менің күретамырымнан дәуірлер ағады. Тәңірінің сертімен, тағдырдың дертімен көзінен қан аққан, сөзінен жас аққан адамзат тарихы ағады күрсініп... О, жалған, Ар үшін жүрегі обалдан жаралған Тұмар ханшайым

қолында кесілген баспенен кегім де ашынып ағады... Мұраты асылмен, намысы жасынмен қайрапқан, ай-маңдай алашшыл оғланның ойлары ағады менің күретамырымнан. Қып-қызыл елеске елігіп, еңіреп, өксікке тұншыққан зарым да ағады, қайтейін... Менің күретамырым – Сырдария ағады мөлдіреп момақан жанары. Қазаққа барлығы болсын деп ағады. Маңдайы жарқырап жансын деп ағады. Жаралы Аралы толсын деп ағады менің күретамырым!

Өлең жазылды. Өлгенім тіріліп, өшкенім жанғандай ғажайып рахат күй кештім.

Ендігі кезек Сыр топырағындағы қаламдас бауырларым мен ел үшін елеулі еңбек етіп жүрген әріптестеріме сәлем берумен жалғасты. Аман-саулық біліскеннен кейін, ақжарма көңілден туған емен-жарқын әңгіменің тиегі ағытылғандай еді. Мәдениет пен әдебиеттің майданында жүргеннен болар, әңгіміздің әуені дәл сол уақыттағы жалпы халыққа үлкен ой тудырған Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы болды. «Сөзден сөз туады, сөйлемесең қайдан туады» дейді ғой Елбасы мақаласының «100 жаңа есім» жобасының өңірлік нұсқасын жасау, ел-жұрт ұлтымыздың аптын қорына енетін тұлғаларды білуге тиіс...» деген тармағын еске алғанда әріптестеріміз: «Бауыржан, осы өңірде «Адырбековтің адалдығы» деген бір жақсы сөз бар» деді. Икрам Адырбековтің Сыр өңірінде он шақты жыл бұрын басшылық қызмет жасаған кезеңі елдің әлі есінде екенін айта отырып: «Ол кісінің Қызылордадағы еңбегі жайында бір тағылым боларлық дүние жазуға тұрар еді, жазылуы керек-ақ еді» десті. Басқа кездесулер барысында да сол елдің тірегіне, дінгегіне айналған ақылгөй ақсақалдары да, әр түрлі сапада қызмет етіп жүрген замандастарым да: «Икрам Адырбекұлы деген

әкіміміз болды, о кісі мәдениеттіліктің нағыз үлгісі еді» деп, ризашылықпен есіне алып, мақтаулы сөзін айтып жатты. Өз басым, шынымды айтсам, осы уақытқа дейін халықтың бұрынғы басшысын бірауыздан осылай шын көңілден мақтағанын көрмеген екенмін. «Әкім бол, халқыңа жақын бол» деген аталы сөз өмірде жиі айтылғанымен, іс жүзіндегі арақашықтық жер мен көктей болып жататыны да баршаға белгілі. Тәуелсіздік жылдары өңірлерде көптеген әкімдер әр түрлі деңгейлерде қызмет атқарды, бірақ елдің сеніміне, құрметіне, сүйіспеншілігіне ие болғандар, артында халық мақтаныш тұтып айтып жүретін, үлгілі ісімен, мәдени болмысымен есте қалған әкімдер аз. «Әкім» десе, қасына тек өзіне жақын көмекшілерін, сенімді серіктерін жинайтын, өңірден өңірге сол тобын ертіп жүретін, жергілікті кадрларға сенімсіздікпен қарап, күш көрсетуге бейім тұратын, неғұрлым дауысы қатал шықса, «Қорқытсам, үркітсем, халық менен сескенеді, өзімнен биік тұлғалар алдында беделім жоғары болады» деп ойлайтын басшы ретінде түсінік, ұғым қалыптаса бастағандығын жасыра алмаспыз. Басқаша ел басқару мүмкін еместей көрінетін. Сол себептен де болар, Сыр өңіріндегі Икрам Адырбеков туралы естігендерім жан дүниеме үлкен жаңалық болды. Ел мақтаған азамат Икрам Адырбекұлының өзімен жақын танысым, сөйлескім келді. Міне, Қызылорда қаласынан осындай ерекше әсермен Астанаға бет алдым.

Астанаға, жұмысқа оралған соң, күнделікті қарбалас тірлігіңмен айналыса бастайсың. Уақыт сырғып өте береді. Әдеби өмірдің қайнаған қазаны «Әдебиет порталына» жетекшілік жасау – басты міндетіміз болған соң, әдеби қауым өкілдерімен күнде кездесіп, сөйлесесің, пікірлесесің. Үлкен ағаларыңмен ақылдасасың. Сондай бір жұмыс бабымен қазақ руханиятының абызы Мырзатай Жолдасбеков ағамен

әңгімелесу барысында да Икрам Адырбекұлы хақындағы ол кісінің жақсы пікірін естідім: «Икрам – ел мүддесі үшін аянбай қызмет еткен азамат. Әлі де сапалы еңбек етіп жүр. Үлкен дипломат. Дипломатия саласында жемісті жұмыс істеді. Қызылорда облысында әкім болып тұрған кезінде түйіні шешілмеген қыруар мәселенің басын қайырды. Әдебиет, мәдениет саласына ерекше назар аударған азаматтардың бірі...». Мырзатай ағаның осы сөзінен соң Икрам Адырбекұлымен кездесем деген ойым одан әрі беки түсті.

Тағы бір күні, ҚР Парламенті Сенатында ағымдағы жұмыстармен жүргенде Халық Қаһарманы, әскери ұшқыш, Армия генералы, қазақтың қабырғалы қайраткері Мұхтар Қапашұлы Алтынбаев ағаммен жолығып қалдым. Ағамызбен хал-жағдай біліскен соң, әріптесі Икрам Адырбекұлы жайындағы пікірін жаймен сұрай бастадым. Мұхтар аға бірден шынайы ақтарылып, жылы лебіз білдірді: «Икрам – өзім жоғары бағалайтын, құрметтейтін азаматтардың бірі және бірегейі. Оның әрбір іске үлкен жауапкершілікпен қарайтыны, сабырлылығы, көрегендігі бір бөлек әңгіме. Бір қызық жайтты айтайын, Икрам Адырбекұлымен бірге іссапармен Қызылордаға бардық. Бұрын сол өлкеде әкім болды ғой. Сондағы үлкен-кішінің сағынышпен, шынайы ақ жүрекпен қарсы алғанын көрдім. Бұл кісінің тағы бір қасиеті – әрқашан айналасындағы адамдардың басын қосып, бірлікке, ынтымаққа шақырып жүреді. Көптеген игі істердің ұйытқысы болды және болып та жүр ғой...» деді. Аты аңызға айналған ел ағасының бұл пікірі ерекше әсер етті.

«Әдебиет порталында» жастарды кітап оқуға насихаттайтын «Оқы және тұлға бол» деген арнайы жобамыз бар еді. Сол жобаға мемлекет және қоғам қайраткері, Парламент Сенатының депутаты Қуаныш Сұлтанов ағамызды қатыстырмақ болып, келісімін алуға барған

сәтімде өзімнің қызығушылығымды туғызған тұлға туралы сұрадым. Қуаныш аға: «Икрам Адырбекұлы – сөзі мен ісі бір жерден шығатын, сабырлы, сапикалы, ақылды азамат. Тиянақты саясаткер. Қазақ дипломатиясында ерекше орны бар мемлекетшіл тұлға» деді.

Әдебиет төңірегінде қазақтың классик ақыны, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, өзім ерекше жақсы көретін сыйлас, сырлас Иран-Ғайып ағама телефон соққан болатынмын. Сөз барысында ағама туған өлкесі Қызылордаға барып қайтқанымды, өзімнің алған әсерім мен тебіренісімді жеткізіп, Сырдария туралы өлең жазғанымды айттым. Иран-Ғайып ағамнан: «Кезінде туған облысыңызды басқарған Икрам Адырбекұлы деген әкім болыпты ғой. Ақын мен әкімнің арасы қандай болды?» деп сұрадым. Иран ағам не айтса да, кесіп-турап дөп айтады ғой. Дауысы гүр ете қалып: «Икрам – мен көрген әкімдердің ішіндегі ең тазасы. Адамгершілігі зор, ел сыйлайтын кісі. Біз, ақын деген халық, ел сыйпаған адамды құрметтейміз. Халықтың дауысы – ақын. Айналайын, жақсы азамат...» деді.

Бір адамды белгілі деңгейде бағалау үшін көп жағдайда аузы дуалы ел ағаларының пікіріне жүгінеміз. Өзі дұрыс ниетті адамның ортасы да дұрыс. Көпті көргеннің кесіп айтқан ашық пікірі көкейіндегі күмәннен арылтады. Сеніміңе сенім қосады. Үмітіңді өрге жетелейді. Менің көңілімде ешқандай күмән қалмады.

Сонымен Икрам Адырбекұлының Сыр өңіріндегі қызметі туралы тереңірек танысуды жөн деп таптым. Әрі оны өзім емес, сол кездегі атқарған істердің басы-қасында бірге болған, қанаттас, қоян-қолтық жұмыс жасаған азаматтардың немесе сырт көз – тілеуші болып жүрген беделді ел ағалары мен зиялы қауым өкілдерінің пікірі, ойы, берген бағасы арқылы білгім келді. Өйткені басшыға, оның атқарған еңбегіне

әділ бағасын беретін тек халық емес пе? Тұлғаның халық аузындағы қалыптасқан болмысы уақытқа тәуелсіз. Қанша уақыт өтсе де, ел өзінің құрмет тұтқан азаматын жадында сақтайды, хатқа түспей-ақ, ол туралы естеліктер аңызға айналып, жылдар бойы елмен бірге өмір сүре береді. Оған менің көзім толық жетті. Осы ойымды жүзеге асыру үшін тек Икрам Адырбекұлымен кездесіп, рұқсат алу ғана қалған еді.

Арнайы уақыт белгілеп, Икрам Адырбекұлымен кездестім. Кездесу барысында Елбасының мақаласын тілге тиек ете отырып, Қызылордадағы қызметі жайлы елдің шынайы пікірін жеткізіп, соны жинақтап, естелік дүние құрастыруға рұқсат сұрадым. Реңінен ойымды құптамағанын бірден байқадым. Бірақ әңгіме барысында естелікті жазатын мен емес, Сыр елінің азаматтары болатынын, менің қосарым – тек алғы сөз екенін түсіндіріп айтқаннан кейін ғана келісімін бергендей болды. «Менің Сыр өңірінің басшысы



Қарағызұлы Бауыржан 1982 жылы 17 қазанда дүниеге келген.

Ақын. Қапалық, облыстық, республикалық, халықаралық әдеби конкурстардың жеңімпазы және ЮНЕСКО қолдауымен өткен халықаралық «Шабит» шығармашыл жастар фестивалінің лауреаты, Гран-при иегері. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік стипендиясының иегері. Қазақстан Жазушылар одағы Астана қаласы филиалының директоры.

«Жұмбақтасқа жауған күз», «Өң. Мен. Түс», «Жүрек кітабы», «Топырық демі» (қырғыз тілінде) атты жыр кітаптарының авторы.

ретіндегі қызметіме қатысты елде оң пікір, жылы сөз болса, ол – менімен бірге қоян-қолтық қызмет атқарып, уақытпен санаспай жұмыс жасаған әріптестерім – жергілікті азаматтардың еңбегіне берілген баға. Олар сол кезеңде елдің дамуына қосқан өз үлесін айтқысы, жария еткісі келсе, қарсы емеспін, бірақ соңынан менен де сұхбат аларсың, шындық пен аңызды ажыратуға көмектесермін» деді.

Мінекей, құрметті оқырман, қолыңызға тиіп отырған бұл естелік – Сыр елі азаматтарының шынайы көңілінен шыққан сөзі, пікірі, есебі. Тәуелсіздіктің іргетасын қаласқан ұлт қайраткерінің Сыр елімен бірге қызмет атқарған жылдарынан бір үзік сыр. Айналасында тілеуші болған ел ағалары мен тарлан тұлғалардың ақжарма ниеті мен шынайы тілегі. Қызмет барысындағы әртүрлі қызықты жайттар мен ел мүддесі үшін жасалған нақты істер мен шешімдер. Ең бастысы – бұл естеліктен Сыр еліндегі мәдениеттіліктің, риясыз сыйластықтың, шынайы адамгершілік пен адалдықтың ақ самалын сезінесіз. Ендеше, көз көрген кейіпкерлеріміз сөйлесін! «Жақсының әрбір қадамы – өнеге, әрбір ісі – тағылым» деген. Болашағымыз жарқын, рухымыз биік, тәуелсіздігіміз мәңгілік болсын, ағайын!

Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ

Сейілбек ШАУХАМАНОВ

АҚЫЛДЫ АЗАМАТ

Әлем ғалымдардың пайымдауынша, жүз адамның біреуі өмірге икемді, мың адамның біреуі жетекші болуға жарарлық, он мың адамның бірі ақылды, жүз мың адамның бірі барлық талапқа сай ізгі адам, ал тек миллионнан бір кісі данышпан, кемеңгер басшы болуы мүмкін екен.

Кез келген адамның қабілеті мен талантының сексен пайызы он жеті жасқа дейін ашылады да, қырық пайызы үш жасқа дейін-ақ белгілі болады екен:

*Ақ бұлттар, қара бұлттар, ала бұлттар,
Көрдің бе, аспанда да алалық бар.
Біреуде жас та болса даналық бар.
Біреуде шал да болса балалық бар, –*

дегендей ғой бұл жаратылысы бөлек адамзат атаулының тылсым сыры. Сонда мұнымен біз не айтпақпыз?!

Айтпағымыз, өзіміз бүгін айрықша бітім-болмысы туралы толғанып, қолымызға қалам алған бас кейіпкеріміз Икрам Адырбекұлы – сонау жас кезінен-ақ даналық дарыған, ерте есейген, естиярлықтың есігін ерте ашқан, биліктің ерттеулі арғымағына ерте мінген, аты арымаған, тоны тозбаған, өмірде жолы болған, бақ қарап, Қыдыр дарыған азамат.

Иә, Икрам Адырбекұлы – ақылды азамат. Жоғарыдағы есепке салсақ, қазіргі таңда Қазақстанда 1700 ақылды адам бар екен дейміз. Енді, міне, жоғары мәртебелі төреші – біздің Қызылорданың халқы бірауыздан Икрам Адырбековті ақылды адам деп санайтынын мақтаныш сезіммен мәлімдей аламыз.

Ал қалған 1699 ақылды адамның кім екенін қазақтың білгіштері мен бөлгіштері шеше жатар.

Ақыл – адамға Алланың беретін ең жоғары сыйы. Кім ақылды болса, сол бақытты. Бұл жалған, опасыз, өткінші дүниеде «Үйім жоқ, күйім жоқ, көлігім жоқ, жұмысым жоқ, ақшам жоқ, малым жоқ, қызметім төмен» деп зарлап, армандап, өткеніне өкініп, Тәңірі мен тағдырына қара қазандай өкпе артып жүргендер көп-ақ.

Ал енді таңданарлық, таңғаларлық ғажайып жайт: «Ақылым жоқ, ақылым аз, ақылым жетпейді» деп жүрген бірде-бір жан жоқ. Қайта, әдетте ақымақ адам өзін өзгелерден ақылды санайды, өзінің ақымақ екенін білмейді. Жындыханадағы адамдар терезеден көшеде өтіп бара жатқан адамдарды көріп: «Ана жындыларды қара» дейтін көрінеді. Ақымақтар да дәл солай.

Алла Тағаланың ақылды бөлудегі тапқырлығына, шеберлігіне таңғаласың!

Кейде «Тәңірім басқа да жақсылықтарды, билікті, байлықты, игілікті, ізгілікті бөлгенде де осындай бір даналық шешім ойлап тапса, бәрі де дұрыс болар ма еді?» деп те қиялдайсың. Бірақ бұл жоғары мәртебелі Құдіреттің ғана құзырындағы құпия ғой.

Ал біз білетін Икрам ақыл-парасаттың айнасындай, тазалықтың, адалдықтың, азаматтықтың өлшеміндей, ішкі-сыртқы сыпайылықтың, мәдениеттіліктің мәйегіндей, қарапайымдылық пен кішіпейілділіктің көрмесіндей, салмақтылықтың, салиқалылықтың, салауаттылықтың, бекзаттықтың қорығындай азамат қой.

Ақиқатында, Икрам – өзін өзі сыйлайтын, өзін өзі тыңдайтын, өзін өзі сақтайтын, өзіне өзі шәкірт, өзіне өзі ұстаз, өзіне өзі тәрбиеші, өзіне өзі төреші, өзін өзі жетелеп жүріп, осы жоғары дәрежеге жеткізген азамат.

Икрам – қалауын тауып қар жандыра алатын, жылы-жылы сөйлеп, жыланды ініне кіргізе алатын, қатты-

қатты сөйлеп, жын-шайтанды қашыра алатын, есебін тауып есесін жібермейтін азамат.

Ол – жаман ой ойлап – басын, жаман сөз сөйлеп – аузын, жаман нәрсе ұстап – қолын, жаман нәрсе басып аяғын былғамаған, жаман нәрсе көруден, жаман сөз естуден қашық жүрген, қашып жүрген азамат.

Ол еш уақытта аспады, таспады, ыза жерді баспады. Оның ақылы асқақ, парасаты биік, пайымы жоғары, санасы сара, сезімі сергек, ойы орнықты, сөзі салмақты, ісі тиянақты, кімді де болса сыйлата, тыңдата алады, көндіре, сендіре алады, бағындыра, басқара алады. Бір сөзбен айтқанда, өзі де, өмірі де өнеге азамат.

Ол он рет ойланбай, тоғыз рет толғанбай, омыртқасымен ойласпай, қабырғасымен кеңеспей сөз сөйлемейді, іс істемейді, байсалды, салиқалы, салмақты. Оның отырысынан, тұрысынан, жүрісінен, сөзінен, ісінен, өзінен, тұтас болмысынан тектіліктің, даралықтың, бекзаттықтың төбесі көрініп тұрғандай. Ол еш уақытта іскерлікті асығыстықпен, талапшылдықты дерекілікпен, кішіпейілділікті жалпақшешейлікпен шатастырмайды.

Икрам еш уақытта, еш жағдайда дауыс көтеріп, зекіп, жекіріп, лепіріп, көпіріп, кекіріп, секіріп, таусылып, шаншылып, кекетіп, мұқатып, тұқыртып сөйлемейді, ешқашан білгішсінбейді, бишікештенбейді, көсемсінбейді, шешенсінбейді, көлгірсімейді, жалпақшешейсімейді, ешкімнің арына, намысына тимейді, әрқашан да өзін салиқалы, салмақты, бірқалыпты ұстайды. Айқай-шусыз, дау-дамайсыз, абыр-сабырсыз ешкімді де жазаламай, ретсіз мазаламай, өгіз де өлтірмей, арба да сындырмай, тері теспей, қан шығармай, үндемей жүріп-ақ үйдей жұмыстарды бітіреді.

Алдына келген адамға құрметпен қарап, өзін өтініш айтушының орнына қойып, сөзін бөліп-жармай, аяғына дейін мұқият тыңдайды. Оның ділгірлігін, мұқтаж мәсе-

лесін жедел, нәтижелі шешуге арызданушының өзінен де артық ынта-ықылас танытады.

Ол үшін халықтың мұқтажын, ой-мүддесін орындап, түйткілді түйінін тарқатып, алғысын алудан артық бұл дүниеде оның жанын жадырататын рахат жоқ сияқты. Бұл – Икрам Адырбекұлының адамгершілігінің, адам түсінгіштігінің, адам сыйлағыштығының, адам сүйгіштігінің жемісі мен жеңісі.

Бізге қатар жүріп етене қызмет жасауды тағдыр жазбаса да, «Сырт көз – сыншы» демекші, байқампаз, жанашыр, тілеуқор бақылаушының біріміз. Сонда айқын аңғарғанымыз ол соншалықты сыпайы, мәдениетті, майдан қыл тартқандай әдіспен жұмыс істейді. Барлық мезгілде мемлекеттік, халықтық шараларға, жиын, жиналыстарға дер кезінде келеді, уақытты ең қымбат байлық, теңдесі жоқ құндылық деп бағалайды.

Икрамның уақытты сыйлауы, бағалауы, уәдеге беріктігі, дәлдігі, дәйектілігі өнегелі тәрбие мектебі дипломатиялық қызметтен қанына сіңген қасиеттер екендігі отырысынан, жүрісінен, тұрысынан, сөзінен, ісінен, бүкіл болмысынан көрініп-ақ тұрғандай.

«Елдестіркек – елшіден» дегендей, елдің ауыз-біршілігі мен тыныштығын сақтауға талпынып, халықпен, қалың жұртшылықпен елмен етене тіл табыса білуі де сол сүйегіне сіңген дипломатиялық шеберлігінің, саясаткершілігінің жемісі екені сөзсіз.

Ең басты, шешуші мәселе – кадр таңдауда Икрам Адырбекұлы жоғары жауапкершілікпен, сергектікпен, сезімталдықпен, әділеттілік, обал, сауап тұрғысынан таразылап, ерекше сақтықпен қарады. Сырттан бірде-бір кадр алып келмеді, жергілікті кадрларға сенді, оларға арқа сүйеп, маңдай тіреп жұмыс істеді, ретсіз, жөнсіз ауыс-түйіс жасамады, ешкімді де жазаламады, мазаламады, ешкімнің бір тал шашын да түсірмеді, облыста атқа мінген азаматтардың арасында шынайы

іскерлік, әріптестік, сенімділік, жолдастық қарым-қатынас қалыптастырды. Түсіне білген пайым-парасатты адамға осының бәрі облыс экономикасының, әлеуметтік жағдайының тұрақты, бірқалыпты өсіп-өркендеуіне жол ашты.

Кадрларды тану, табу, тәрбиелеу, өсіру, оларды сақтау, қажет жағдайда қорғау – бірінші басшылардың басты міндеті, парызы. Басшы азамат түгілі, текті айғыр да өзінің үйірін арыстаннан, жолбарыстан, қасқырдан, ит-құстан сын сағатында шыбын жанын құрбан етіп қорғамай ма?

Қазіргі заманда кейбір басшылардың қарамағындағылардың бірін соттатып, бірін оттатып, бірін қаматып, бірін қашырып жатқанының несі жақсы дейсің.

Қай заманда, қай қоғамда болмасын, билік тізгінін ұстаған басшының бір бақыты өзі басқарған елге кез келген уақытта, кез келген жағдайда келіп, халықтың көзіне тура қарап, жердің үстімен келіп, жердің үстімен қайту емес пе? Ал бұндай бақыт екінің біріне түгілі, егіздің сыңарына да бұйыра бермейді.

Айталық, осы біздің Қызылорда облыс болғалы оны 23 азамат басқарды. Олардың дүниеден өткендерінің жөні бір бөлек те, қалған тірілерінің бәріне бірдей мұндай бақыт бұйыра қоймағаны адамға да, Аллаға да аян. Ал бұл ретте Икрам Адырбековтің жолы да, жөні де бөлек, орны да бөлек. Ол үшін облыстағы 160 мыңның үстіндегі отбасының, бүкіл 800 мыңға тарта халқының есігі де, құшағы да, қабағы да, көңілі де, пейілі де ашық, алпақ, кез келгеннің төрінде төбедей болып отыра алады десек, ақиқаттың ауылынан алыстай қоймасымыз анық.

Егер сыйласаң, сенсең, жағдай жасасаң, еңбегін бағаласаң, бөлмесең-жармасаң, апаламасаң, құлапалмасаң, қазағымыздың құтты қойнауы – біздің Қызылорданың халқы жоқтан бар жасайтын халық. Икрам

Адырбекұлы, міне, сол Қызылорданың елін, жерін, халқын сыйлап, сеніп жұмыс істеді.

Икрам Адырбекұлы Қызылорданы, Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай, «Алаштың анасы» деп сыйлады. Қызылорданы қазақтың үш жүзінің, 46 тайпасының, 345 руының басын қосып, сүттей ұйытып отырған қазақтың қара шаңырағы деп сыйлады.

Қызылорданы қилы-қилы заманда мың өліп, мың тірілген қазаққа баслана болған, төрт рет қазаққа астана болған аймақ деп сыйлады.

Қызылорданы қазақтың әдет-ғұрып, салт-санасының, дәстүрінің, қазақи қасиеттерінің қаймағын бұзбай сақтап отырған өңір деп сыйлады.

Қызылорданы имандылықтың есігі, Қожа Ахмет Ясауи мен Қорқыттың қолтығында жатқан 550 әулие-әмбиенің бесігі деп сыйлады.

Қызылорданы «Жігіттің жүрген жері – Мысыр шаһары» дегендей, Мысыр шаһарым деп сыйлады.

Қызылорданы қасиетті, киелі жер, іргелі ел, қабырғалы халық деп сыйлады.

«Сыйға – сый, сыраға – бал» демекші, қызылордалықтар да Икрам Адырбекұлын сыйлады, сенді, қамқоршы, жанашыр, жаны асыл басшы деп қабылдады. Облысқа қадамы құтты болды, елімізде белсенді, берекелі тірлік болды, сызат түспеген тыныштық, бірлік болды.

Әрине, облысқа келген жаңа басшының ешкімнің алдында да есеп беруге, уәде беруге, сырын, шын-нын ашық баяндап жайып салуға міндетті емес екендігі бесенеден белгілі жайт қой. Осындай өмірдің жазылмаған заңына, қалыптасқан тәртібі мен ретіне, жөніне қарамастан Икрам Адырбекұлы облыс ақсақалдарының ақсақалы – мені қабылдап:

– Секе, мен елге, халыққа адал қызмет істеу үшін келдім. Ешкімге қылдай қиянат жасамаймын, ешкімнің

ала жібін аттамаймын. Маған ешкімнің еш нәрсесінің керегі жоқ. «Өзімнің осы уақытқа дейін жиған-терген адал несібем өзіме бұйырса екен» деп жүрген азаматпын, – деді.

Бұл бұрын-соңды ешкім де естімеген сертке бергісіз адал, ашық әңгіме маған өте таңғаларлық, таңданарлық әсер етті.

Ақиқаттың соңғы нүктесін қоятын – ұлы мәртебелі уақыт, тарих, халық қой. Шындығында, Икрам Адырбекұлы алпыс екі тамырында ағып жатқан қаны да таза, жаны да таза, ары да таза, қолы да таза, жолы да таза, иманды, инабатты, күпіршілігі жоқ, қанағаты мен шүкіршілігі көп азамат екен.



Шаухаманов Сейілбек – мемпекет және қоғам қайраткері.

1939 жылы 15 мамырда Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Өзгент ауылында дүниеге келген.

Еңбек жолын 1956 жылы трактор бригадасында есепшіліктен бастап, комсомол хатшысы, совхоз директоры, аудандық партия комитетінің хатшысы, облыстық атқару комитетінің

төрағасына дейінгі биік лауазымды қызметтер атқарған.

1989-1995 жылдары Қызылорда облысының бірінші басшысы болып жемісті қызмет етті. Бірнеше мәрте Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты. Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Кеңес Одағының «Октябрь революциясы», Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі», «Халықтар достығы», Тәуелсіз Қазақстанның «Құрмет», «Парасат» ордендерімен марапатталған.

«Алтын алма, ақыл ал», «Ер қанаты», т.б. кітаптардың авторы. Қызылорда облысының Құрметті азаматы.

Адам баласы ашылмаған арал, шешілмеген жұмбақ, терең тұңғық теңіз, қойын-қолтығы қазынаға толы зерттелмеген құпиялы жер қойнауы тәрізді. «Адамды жақсы танып білу үшін онымен бірге бір пұт тұз жеу керек» деген орыс халқының бір мақалы еске түседі осы арада.

Әр кезеңде Икрам Адырбекұлымен Қызылорда облысын басқарып, ҚР Парламентінде депутаттық қызмет атқаруымызбен қатар, міне, Құдай шебер бізді бір-қатар уақыттан бері дәмдес, тұздас, сыйлас, сырлас, тілектес қылғанына шүкіршілік етемін. Осы уақыт аясында осынау абзал азамат туралы менің байыптаған, байқаған, көкейім мен көңіліме қонған айнымас бағам, бағамым, орнықты ой-пікірім жоғарыда баяндап өткенімдей.

Ақиқатында, Икрам ақылды азамат қой!..

Алмагүл БОЖАНОВА

СӨЗІНЕ БЕРІК, ІСІНЕ МЫҒЫМ АДАМ

Мемлекет және қоғам қайраткері, Төтенше және Өкілетті елші Икрам Адырбекұлының адами қасиеттерімен бірге, іскерлік қабілетін де өз басым әрдайым жоғары бағалаймын. Ол кісі 2004 жылдың сәуірі мен 2007 жылдың қаңтары аралығында Қызылорда облысының әкімі болып қызмет етті. Бұл кезде мен облыстық мәслихаттың хатшысы едім, алғашқы күннен бастап соңына дейін түсіністікпен, сыйластықпен жұмыс атқардық. Алғашқы алған базалық білімі, еңбек жолы ауыл шаруашылығы саласында болғандықтан, негізгі тыныс-тіршілігі агроөнеркәсіппен байланысты облыстың хал-жағдайынан Икрам Адырбекұлы хабардар болатын, оның үстіне кейінгі атқарған басшылық, дипломатиялық жұмыстары әбден шыңдап, біздің облысқа жан-жақты жетілген, заманауи талаптармен, жүргізіліп жатқан нарықтық экономикалық реформалармен қаруланған, үлкен дайындықтан өткен әкім болып келді.

Дегенмен бұрын көрмеген, экономикалық апат аймағы болып есептелетін, экономикалық-әлеуметтік салалар бойынша күрделі жағдайлар қалыптасқан облысты дөңгелентіп алып кете қою айтуға ғана оңай. «Түсі игіден түңілме» дегендей, сырт бейнесі тартымды, ұзын бойлы, дене бітімі жағынан да келісті кісі алғашқы келгеннен-ақ көпшілік қауымға жағымды пікір қалыптастырды. Алдымен басты бағыттарды анықтап алып, облыстық мәслихаттың сессиясында облыстың экономикалық-әлеуметтік, индустриалды-инновациялық даму бағдарламаларын бекіттіріп алды. Бұрынғы қоғамда көп айтылатын «Кадр бәрін

шешеді» деген қағида әлі де өз күшінде ғой, сондықтан басты салаларға жауапты, іскер кадрларды орналастырды.

Икрам Адырбекұлының бір ерекшелігі – бұрын облыс көлемінде жауапты қызметтер атқарған аға ұрпақ өкілдерінің тәжірибесін пайдаланды, ақылдасып, кеңесіп отырды, облыстық мәслихаттың мүмкіндігіне арқа сүйеді. Әр ауданнан сайланған облыстық мәслихаттың депутаттарынан жергілікті жерлердің жағдайын анық біліп отырды, ауданды аралағанда оларды бірге ертіп, алып жүрді. Облыстық мәслихаттың хатшысы ретінде тұрақты комиссиялардың, әр округтен сайланған депутаттардың жұмысын үйлестіріп отырған мені барынша қолдап, атқарушы органның алдына қойып отырған ұсыныстарымды зерттеп, орындалуына ықпал етті. Елдің, жердің, тұрғындардың ерекшелігін білетін, іске жаны ашитын, кез келген мәселенің шешілу жолын дұрыс пайымдайтын басшы деп есептеп, кеңесіп, бірлесіп шешім қабылдады.

Икрам Адырбекұлының үш жылға жуық облысты басқарғанда атқарған жұмыстарын түгел баяндап, санамалап жазу міндет те емес шығар, оған уақыт та жетпес еді. Экономикалық-әлеуметтік даму, қаржы, бюджет, құрылыс, кәсіпкерлік, жаңа технологиялар ендіру, руханият, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, өсу-өркендеудің тактикасы мен стратегиясы қабылданған бағдарламалардың орындалуын бақылау арқылы жүзеге асып жатты. Осы сан салалы ағымдағы және перспективалық жұмыстардың ішінен бір-екі жұмысты ыждағаттылықтың, іскерліктің мысалы ретінде бөліп айтқым келеді.

Икрам Адырбекұлы Қызылорда облысы аумағындағы мұнай компанияларының мүмкіндігін облыс тұрғындарын әлеуметтік қолдау, білім, денсаулық сақтау мекемелерін салуға, Қызылорда қаласын көркейту,

безендіру, коммуналдық-тұрмыстық, энергетикалық жағдайын жақсартуға пайдаланып, облыстық корпоративтік «Игілік» қорын құрды.

Қор күрделі жеті бағытта жұмыс істеді. Жоғарыда аталып кеткен бағыттардан басқа, I топ мүгедектері республика бойынша емдеу мекемелерінен ем алғанмен сауыға алмаған, тек қана санаулы шет елдерде ем алуға болатын қаншама баланы ажал тырнағынан алып қалуға қаржылай жәрдем көрсетілді. Сонымен қатар талантты жастарға шетелге, оның ішінде Италия, Франция, басқа да Еуропа елдеріне үлкен халықаралық конкурс, фестивальдарға қатысуға қаржы бөліріп, талантын, бағын жандырып, жолын ашты. Сол жылдарға дейін әл-ауқатты, тұрмысты көтеретін, елді дамытатын экономиканы, денсаулық сақтау, білім беру, ауыз су, тұрғын үй құрылысына басым бағыт берілгендіктен, мәдениет саласына қаражат жеткіліксіз бөлініп, оның нысандарын сапу, күрделі жөндеу жүргізу атқарылмай қалды.

Облысты экономикалық жағынан дамытуды басты мақсат етіп қойған Икрам Адырбеков мәдениет пен өнердің облыс өміріндегі маңызын түсіне отырып, облыстық мәслихат депутаттарының ұсынысымен 2004 жылды «Мәдениет пен өнер жылы» деп жариялап, облыстық мәслихаттың осы тақырыпта арнайы сессиясы өтті. Көптеген Мәдениет үйі, клубтар күрделі жөндеуден өтіп, материалдық-техникалық базасы толықтырылды, аудан орталықтары мен ауыл округтерінде мәдениет саласы бойынша арнайы жұмыстар атқарылды, сахналық киімдер, дыбыс күшейткіштер, тағы басқа қажетті құралдар алынды. Икрам Адырбекұлы ұйымдастырған сол серпіліс осы уақытқа дейін өз пайдасын тигізуде. Жыл аяғында бюджеттің орындалуы жөніндегі кезекті Үкімет отырысына барған облыс басшысының кейіннен: «Мәде-

ниет пен өнер саласына 1 миллиард теңгеден астам бюджет қаржысы артық жұмсалған деп ескерту алдым» дегені есімде қалыпты.

2005-2006 жылдары Сырдария суы мол болып, қыс басында мұз қатарда және ерте көктемде сең жүргенде аудандарда тасқын қаупі күшейіп, біршама абыржытты. Облыс әкімі барлық елді мекендерді аралап, қауіпке қарсы күрестің басы-қасында жүрді, бізді де өзіміз жақсы білетін аудандарға бөлді, мен үнемі Сырдария ауданында болдым. Тағы да білікті, су шаруашылығын жақсы білетін, бұрынғы ізі бар каналдар арқылы артық суды жайылым, шабындықтар мен сусап жатқан көлдерге бұрып жіберудің жолын білетін тәжірибелі мұраптар керек болды. Бұған Икрам Адырбекұлы аудандардағы, облыс орталығындағы зейнет демалысына шыққан, басқа жұмысқа ауысып кеткен өз ісінің білгір гидротехниктерін тартты. Солардың бірі бұрынғы облыстық су шаруашылығы мекемесінің басшысы Әбдіманап Құтжанов болатын. Ол кісі Арал қорының жұмысымен Тәжікстанда жүргенде шақыртып алды. Айта кету керек, бұл азаматтың су тасқынына тосқауыл қою және мол суды жолын тауып көлдерді толтыру, экологиялық жағдайды жақсарту жөніндегі ұсыныс-пікірлерінің көп пайдасы тиді. Жалпы от пен судан, барлық қиыншылықтан аман өткен аға ұрпақ өкілдері ақылдың кені, даналықтың көзі, біздің баға жетпес байлығымыз ғой, олардың ақыл-кеңесін алып, ретімен пайдалана білу де үлкен өнер. Икрам Адырбекұлының осындай оңды әдістері, қасиеттері бар еді.

Біздің облыс суармалы егіншілікпен айналысатындықтан, оның ішінде егін шаруашылығындағы басты дақылы күріш болғандықтан, су шаруашылығы – ең күрделі жұмыстардың бірі. Суармалы егіске байланысты ауданаралық магистральды каналдардың, коллекторлардың, шаруашылықаралық су нысандары-

ның, реттегіш тоспалардың, басқа да гидротехникалық құрылыстардың жөндеу жұмыстары көп қаржы талап етеді, оны бөлуге көп жағдайда облыстық бюджеттің жағдайы келе бермейді. Сондықтан су шаруашылығының басты нысандарын республикалық балансқа өткізу мәселесі туындады. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшылығы, облыстық табиғи ресурстарды пайдалану басқармасы, су шаруашылығы мекеме басшылары мен мамандар барлық құжаттарды дайындап, нақты есеп жасап, алдымен облыстық мәслихат депутаттарының көзін жеткізіп, облыс әкімі Икрам Адырбекұлына ұсыныс жасады. Ол кісі өз тарапынан мұқият зерттеп, мәселені қолдады, Үкіметке. Ауыл шаруашылығы министрлігіне ұсыныс жолдап, дәлелдеді. Нәтижесінде басты-басты су шаруашылығы нысандары республика балансына өтіп, республикалық бюджеттен қаржы бөлінді. Көптеген жылдар бойы жөндеу көрмеген «Оңтүстік», «Солтүстік» коллекторлар, басқа да каналдар тазаланып, егінмен айналысатын шаруашылықтардың көзі ашылып қалды. Икрам Адырбекұлы осындай өзекті мәселелерді сөз бұйдаға салмай, дер кезінде, нақты шешіп отыратын.

2005 жылы көктемде Сыр еліне Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев келді. Облыс әкімі Президент көретін нысандардың тізіміне Сырдария өзенінің Әйтек тұсынан салынған 300 текше метрлік шандорлық типті гидротехникалық құрылыстың (тоспаның) ашылуын ендірген болатын. Икрам Адырбекұлының Елбасының назарын су шаруашылығы нысанына бұруы тегін емес, су – біз үшін өмір, Сырдария өзені – негізгі асыраушымыз.

Нұрсұлтан Әбішұлы осы аймақтың экологиялық жағдайын жақсартатын маңызды нысанды салтанатты түрде ашып, жиналған халықтың алдында сөз сөйледі. Шынында да, бұл тоспаның елді мекендерді тасқын судан қорғауда, күріш шаруашылығын қалыпты аяқ-

сумен қамтамасыз етуде, Сырдария жағалауын экологиялық сауықтыруда маңызы ерекше.

Біз осы кездесуге Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы жақсы білетін, айрықша сыйлайтын Социалистік Еңбек Ері Балдырған Мұстапаевамен бірге барған болатынбыз. Ол уақытта Сырдария өзеніне Тереңөзек кенті тұсынан көпір салынбаған еді, мен Икрам Адырбекұлына «Реті келіп қалса, Президентке осы көпірдің құрылысы жөнінде айтсам» деп ақылдасқанмын. Ол кісі «Ретіне қарай көріңіз, бір ыңғайы келіп қалса айтыңыз, ондай жағдай тумаса, қозғамай-ақ қойыңыз, Үкіметпен шешерміз» деген-ді. Б. Мұстапаева екеуіміз қатар тұрдық, Елбасы бірден Балдырғанға бұрылып әңгімелесе бастады, сол сәтті мезетті пайдаланып, Балдырған екеуіміз бір-бірімізді толықтырып, Тереңөзектің көпірі туралы айтып үлгірдік. Ол кісі Әйтек тоспасының жаңа құрылысына байланысты дарияға салынған көпірді көрсетіп:

– Мына көпір салынды емес пе? Осы болмай ма? – деп сұрады.

Балдырған екеуіміз бұл көпірдің Сырдарияның екі жағында орналасқан ауданның мәселесін шешпейтіндігін айттық. Қазіргі уақытта Сырдария ауданының Тереңөзек кенті – Шаған тұсынан көпір салынып, аудан тұрғындары игілігін көріп жатыр.

Елбасының Сыр еліне осы іссапарының келесі нысаны етіп облыс әкімінің белгілегені Арал ауданы еді. Бұл Нұрсұлтан Әбішұлының тікелей тапсырмасымен орындалған «САРАТС» жобасының бірінші кезеңінің жүзеге асқан шағы болатын. «Ғасыр жобасы» аталған жобаның іске асқан нәтижесінде Кіші Арал теңізі қалаға төтесінен 18 шақырымға дейін жақындады. Аралдықтардың тағы бір қуанышы – ауданда ең өзекті мәселе болып табылатын таза ауыз судың шешілуі еді, сол күні Елбасы таза ауыз судың тұсаукесерін жасады. Судың дәмін татқан Президенттің: «Ең таза су

аралдықтарда» деген сөзі халықтың жадында сақталып қалды. Осыдан кейін қаладағы орталық алаңға келіп Ұлы Жеңістің 60 жылдығына орай Ұлы Отан соғысынан оралмаған боздақтарға арналған «Тағзым» алаңының лентасын қиды. Өз сөзінде Мемлекет басшысы: «Мен Аралға көмектесем деген арманыма жеткеніме қуаныштымын!» деді халық алдында. Бұл сөз халық арасында тарихи сөз болып қалды. Осы арнайы сапарында Елбасы Н. Назарбаев Көкарал бөгетінде, балық өсіріп жатқан Қосжар питомнигінде болды. Арал теңізінде бұрын тіршілік етіп, кейін жойылып кеткен 30 түрлі балықтың 18 түрі қайта ауланып жатқанды. Елбасы аралдықтардың түрлі қиындыққа қарамастан жанқиярлықпен атқарып жатқан ерен еңбегіне ризашылығын білдірді.

Икрам Адырбекұлының Елбасының осы сапарында Сыр өңірінің халқы үшін аса маңызды осынша нысандарды көрсетуі, бір жағынан, Президенттің берген тапсырмаларының орындалу нәтижесімен таныстыру болса, екінші жағынан, ол кісінің назарын Қызылорда облысының жарқын болашағына, кемел келешегіне аудару еді.

2006 жылы тамыз айында «Днепр» зымыран тасығышы апатқа ұшырап, Қармақшы ауданының Т. Көмекбаев және Қуаңдария ауылдарының маңына құлады. Осы апатқа байланысты республикалық, облыстық бұқаралық ресми ақпарат құралдарында «Апаттың адам мен жан-жануарларға, қоршаған ортаға айтарлықтай запалы жоқ, тіпті қауіпсіз» деген секілді пайымдарды көздеген біржақты мақалалар да кездесті. Осы апатты көзбен көріп, Икрам Адырбекұлы тиісті мамандар мен сала басшыларын ұйымдастырып, басында болды, екі ауылдық округтің тұрғындарымен кездесті. Мәселені арнайы зерттеп, тиген залал, осыған байланысты тұрғындарды әлеуметтік қорғау,

медициналық тексеруден өткізу, бұл аймақтан елді мекендерді көшіру, олардың әрқайсысына өтемақы төлеу, көшетін жерін анықтау, оларға үй сатып әперу – бәрін есептеп, Үкіметке ондаған миллиард теңге көлемінде ұсыныс енгізді. Осы апаттың тұрғындар денсаулығына зиянын, тұрмыс-тіршілікке әкелетін қиындығын, 120 тонна гептилдің топыраққа, суға, ауаға сіңіп, біртіндеп адамның денсаулығын нашарлатып, төрт түлік малдан өндірілетін өнімдерді улайтынын, өсімдік біткеннің қурайтынын терең түсініп, шыр-пыры шықты, барлық жоғарғы органдарға дәлелдеуге тырысты.

Бірақ Үкімет қаражатқа байланысты ұсынысты қабылдамады, қайта әкімнің өзіне «Есеп шамадан тыс» деп ескерту жасады, елді мекен өз орнында көшірілмей қалды. Сондықтан тез арада атқаратын жұмыстарды реттеу қажет болды да, біз, облыстық мәслихат депутаттары, апат болған жерге барып, тұрғындармен, ауылдардағы ақсақалдар, әйелдер кеңесі мүшелерімен, дәрігерлермен кездестік. Апаттан кейін тыныс жолдары мен тері ауруының түрлері шығып, қобалжуды күшейте түскенін байқадық. Осы кездесулер барысында тұрғындар жедел және келешекте шешілуі тиіс бірқатар мәселені алға тартты. Жедел шешілуге тиістілеріне ауыз су, телефон байланысы, су таситын автокөлікпен қамтамасыз ету, егін және бау-бақша өсіру үшін аяқсу мәселесін шешу, Қуаңдария ауылындағы емханаға дәрігер бөлу, тұрғындарды әлеуметтік қорғау, т.б. жөнінде ұсыныстар жасады.

Іссапардың қорытындысын Икрам Адырбекұлына баяндағаннан кейін ол кісі облыстық мекемелердің басшыларын жинап, әрбір ұсыныс бойынша нақты шешім қабылдап, керекті азық-түлік, дәрі-дәрмек, су таситын автокөлікке дейін алдымызға салып берді, сондай дайындықпен Қуаңдария ауылына барып қайттық. Икрам Адырбекұлы осы ауылдың жағдайымен

қашан өзі басқа жұмысқа ауысып кеткенше тұрақты айналысып отырды

Облыс әкімі облыстың экономикалық-әлеуметтік дамуымен қатар идеологиялық жұмыстарға, руханиятқа, саяси партиялардың бағыттарына жіті назар аударып отыратын. Ол кез демократиялық үрдістерді көпшілік қауымның дұрыс түсінбей, кейбір топтардың ойына келгенін айтып, дау-дамай тудыруға себепкер болып, сондай-ақ саяси партиялардың арасында да түрлі талас-тартыстар жүріп жатқан уақыт еді. Кезекті бір сайлау науқанында біздің облыстың бір округінде «Ақ жол» партиясы «Отан» партиясынан басым дауыс алып, саяси-қоғамдық ахуал әжептәуір қобалжу тудырды. «Отан» партиясы республикалық орталық аппаратымен келісе отырып, Икрам Адырбекұлы «Отан» партиясының облыстық филиалы төрағалығына менің кандидатурамды ұсынды. партияның облыстық филиалы Саяси кеңесі мен бюросы бұл ұсынысты бірауыздан қолдады. Кейін «Нұр Отан» аталған авангард партияның облыстық филиалының белсенділігін күшейтіп, Икрам Адырбекұлының көмегімен барлық салада партияның позициясын, мәртебесін, беделін арттырдық. Алғашқы кезде негізгі қызметіммен қоса, қоғамдық негізде, кейін штат бойынша облыстық филиалдың басшылығында ұзақ уақыт жұмыс атқардым.

Икрам Адырбекұлының Қызылорда облысының әкімі болған уақытынан осындай мысалдарды көптеп келтіруге болар еді, бірақ осы жазғанымыздың өзі ол кісінің облыстың өзекті мәселелерін шешуге, экономикалық-әлеуметтік жағынан дамуын қамтамасыз етуге қалай ұмтылыс жасағанын байқатады деп ойлаймын.

Қорыта айтқанда, Икрам Адырбекұлы – облыс басқарудағы іскерлік жағынан болсын, адамгершілік қасиет, мәдениеттілік, әділеттілік, адалдық, қайырымдылық



Божанова Алмагүл – қоғам қайраткері.

1946 жылы 14 наурызда Қызылорда облысы Тереңөзек ауданының Қызылөзек елді мекенінде дүниеге келген.

1964-1977 жылдары – балабақша меңгерушісі, мұғалім, 1972-1992 жылдары Тереңөзек аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, мектеп директоры, аудандық партия комите-

тінің хатшысы, халық депутаттары аудандық кеңесі атқару комитетінің төрайымы, төрағаның орынбасары қызметінде болды. 1992-1999 жылдары Тереңөзек (кейіннен Сырдария) ауданының әкімі қызметін атқарды.

1999-2007 жылдары – облыстық мәслихаттың хатшысы, 2007 жылдан қоғамдық ұйымдарда басшылық жұмыстар атқарады.

Кеңес Одағының «Құрмет белгісі», Тәуелсіз Қазақстанның «Құрмет» ордендерімен, бірнеше медаль, грамоталармен марапатталған.

Қазақстан Республикасы мәслихаттарының Құрметті депутаты, Қызылорда облысының Құрметті азаматы.

жағынан болсын үлгі аларлық мемлекет және қоғам қайраткері, білікті тұлға. Жұмыс барысында қабылдаған әрбір адамның қойған мәселесіне, айтқан өтінішіне, ұсынысына түсіністікпен қарап, шешіп беруге тырысатын. Егер қарамағындағы кейбір қызметкерлер тәртіп бұзып, болмаса мемлекеттік қызмет этикасын бұзып қойса, солардың мәселесін қарау керек болған жағдайда, сыпайылығы сонша, тәртіп бұзған қызметкер үшін өзі қатты ұялатын. Бір сөзбен айтқанда, «Қазақтың ұлтын, елін, жерін сүйген азаматы қандай болу керек?» деген сұрақ туа қойса, Икрам Адырбекұлын өнеге етіп, «Қазақтың біртуар, әдепті, бекзат азаматы осындай-ақ болар» дер едік.

Құттықожа ЫДЫРЫСОВ

ИГІЛІКТІ ІСТЕРГЕ БАСТАЙ БІЛДІ

Икрам Адырбекұлымен Қызылорда облысының әкімі болып келген күннен бастап бірге қызмет жасадым. Бұған дейін де облыс әкімінің экономика және бюджеттік жоспарлау саласын қадағалау менің құзырымда болатын. Алдыңғы әкім Серікбай Нұрғисаевпен де осы қызметте бірге істеген едім. Іске кіріскеніме қырық бір күн өткенде Икрам Адырбекұлы келді. Жаңа әкім келгеннен кейін кадрлық ауыстырулар жүретіні белгілі. Бірақ ол кісі өзімен бірге бірде-бір адамды ертіп келген жоқ. Өзі де мұнда ешкімді танымайды. Қандай бір адам жаңа ортаға келгенде жан-жағына қарайлап, «Бұл не болар екен?» дейді ғой. Ол қай қызметке келсең де, қай жерге барсаң да, бастан өтетін өмірдегі заңдылық емес пе? Ойланады, зерттейді, сол екі ортада әркім әр түрлі әңгімелер айтады. Ол да оңай болмайды ғой. Қашанда әкімдер келген кезде алдымен орынбасарларынан орнын босату жөніндегі арызын алатын тәртіп бар. Кейбір әкімдер бір айға дейін лауазымдарға тағайындайды, соған дейін зерттейді, жұмысын көреді, басқа жақтан мамандар шақыратындар да болады. Бұл енді саяси қызмет болғандықтан, оған ешкімнің де өкпесі болмайды. Дегенмен де кейбіреу ренжіп жатады, өз басымда арызымды алғанда ешқандай ренжу, қобалжу болған жоқ.

Жаңа басшы бір айдан соң бәріміздің де тағайындауымызды берді. Бір таңғаларлығы – ол кісі маман кадрлардың барлығын ел ішінен іздеді.

Содан жұмысты бастап кеттік. Жағдай өте қиын кез. Ақша аз, өте тапшы. Облыстың бюджеті 85 пайыз субвенцияда. Осынша көлемді біз республикадан аламыз. Өйткені біздегі мұнай компаниялары түскен табыстан

300 миллиард теңгеге дейін қаржыны республикаға аударып отырды. Ал жергілікті бюджетке түсетіні тоғыз миллиардтай ғана көлемде еді. Негізінен қомақты қаражат Ұлттық қорға түсіп отырды. Қазіргі игілігін көріп отырғанымыз да осы қордың қаржысы ғой.

Алғашқы екі-үш айда, шыны керек, қиын болды. Келген жаңа әкіміміз бұрын әкімшілікте жұмыс істемеген, шетелде болған, біздегі ішкі жағдайды әлі біле бермейді. Осындайда кейбір түсініспеушіліктер туындайды. Мысалы, мәслихат депутаттары өздері сайланған жердің мәселесі көбірек шешілуін, ақша молынан бөлінуін, айтқаны жүз пайыз орындалуын қалайды. Қаражаттың көлемі белгілі. Содан депутаттар әкімнің қаржы саласына жауапты орынбасары ретінде маған ренжиді.

– Қаражат жоқ, жетпей жатыр, қайдан табамыз? – деймін.

– Облыс әкіміне айттық қой, – дейді олар.

– Облыс әкімі айтқанда, мен ол кісімен әлі талқылаған жоқпын. Түсіндіріп айтамын, – деймін.

Депутаттар болса:

– Жоқ, сен қарсы болып отырсың, – деген сияқты әр түрлі көңіл күймен қайтадан әкімге баратын көрінеді.

Бір-екі рет ол кісі маған ренжиді. Тіпті қаражаттың жұмсалуды жөніндегі жарты жылдықты қараған кезінде қатаң ескерту бергені бар. Арнайы тәртіптік кеңес шақырылған еді. Кеңес аяқталған соң облыс басшысына кірдім:

– Икрам Адырбекұлы! Осы облыстың бюджетіндегі қаржыны қандай жобаға бағыттап, жұмыс атқаратын да, соңғы шешім қабылдайтын да облыстың әкімі. Яғни сізсіз. Мұндай істі өзіміз шеше беретін болсақ, облыс әкімінің құзырында қандай қаржы қалады? Сондықтан сіз қандай шешім айтасыз, біз орындауға тиістіміз! Біз сізге ақшаның мынадай көлемі бар, мынадай шотта

тұр дегенді нақты айтып беруге міндеттіміз. Оны қайда жұмсаймын десеңіз — сіздің құзырыңызда. Мен депутаттарды да дұрыс түсінемін, бірақ облыс әкімімен келіспей шешімді жеке-дара қабылдай алмаймын, — дегенім бар.

Икрам Адырбекұлы кейіннен шақырып алып, шынайы көңілмен, жылы лебізбен:

— Қаржы тапшылықта мына ұстанған принципің дұрыс! — деді.

Сонымен жақсы түсінісіп, қызметтес болып кеттік. Керемет адам екен. Сауатты, сыпайы, халықтың алдында да жұғымды, уақыттың қадірін біледі, жиналысты уақытылы бастайды. Сосын адам қабылдағанда да, жиналыс өткізгенде де қатты сөзге бармайды, орынсыз қинамайды. Артық сөйлегенді ұнатпайды.

Алғашқы келген кезде Қызылорда облысының тумасы әрі біраз жыл елде қызмет істеп жүрген соң, ел-жермен таныстыру мақсатында аудандарға бірге шығып жүрдік. Сонда ел ішіне барғанда түскі тамақты елдің зиялыларымен отырып ішуді қалыпты әдетке айналдырған еді. Өйткені олар айтайын, білдірейін деген көп нәрсені жиналыстар мен кездесулерде жеткізе алмайды екен. Жеке кездесуде еркін отырып, ойтілегін, талаптарын айтады, басшы тыңдайды. Олар да ашылып сөйлейді. Ойын жеткізіп айтады. Міне, сондай бір керемет сұхбаттарды халық әлі күнге дейін айтады. Қандай қарапайымдылық, кісілік еді.

Екінші жағынан, ол кісінің бір ерекшелігі, қаражатты айтқанда, «бюджеттің үстіндегі» деген ұғым бар ғой, үстінен пайда табу деген, оған қарсы қатаң, ымырасыз күрес жүргізді. Таза. Кәсіпкер істей ме — қаржы түгелдей беріледі. Ал істемей ме — берілмейді. Әлдекімдерше, үстінен алымын алып: «Мен сені тендерден өткізем» деген сияқты былықшылықтарға толық тосқауыл қойды. Солай барлық салада таза жолмен тендерлер өткізілетін болып қалыптасты.

Әр жерде шұрқ тесіліп жатқан асфальт, қисайып, құлап жатқан үйлер – осының бәрі, шынында, сондай «үстінен жонып жеудің» салдары. Жобаға бөлінген ақшаны тиынын шығармай өзіне салуды, жасалған істің, тұрғызылатын, салынатын нысанның сапалы болуын ол кісі әрдайым шегелеп айтып, ескертіп, бақылап отырды.

Икрам Адырбекұлы, кейбір басшылар сияқты, қарамағындағыларды жіпсіз байлауды ұнатпайтын. Жұмыста өте кеш қалу, демалыс күндері қалып істеу деген сияқты талаптарды қойған жоқ қызметкерлерге. Жұмысыңды уақытында істеп үлгердің бе – боссың. Мемлекеттік қызмет деген ауыр дүние ғой. Күні бойы отырасың, кеш келесің. Үйіңе қарап, тірлігіңді де істей алмайсың, алыс жерде тұратындар бар, көп балалы әйелдер бар. Сондықтан да осындай бір өзара сенімге құрылған қарым-қатынас қызметкерлерге ұнап, көңіл күйлері жақсы болып, құлшына еңбек етіп жүрді.

Икрам Адырбекұлының халықпен кездесулері де керемет жағдайда өтетін. Халық көп жиналатын. Соның бірі есімде. Қазалы ауданына кездесуге бардық, әрі аудан әкімін ауыстыратын болдық. Ауыстырғанда, ол әкім «Кетемін» деп өзі арыз жазды. Содан облыс әкімі, мен, жаңа әкімдікке тағайындалатын жігіт үшеуіміз бірге бардық. Актив толық жиналған. Бірге президиумда отырмыз. Елдің адамдары маған бір қарайды, болашақ әкімге, Қазалының жігітіне бір қарайды. Ортамызда Икрам Адырбекұлы отыр. «Қайсысын әкеліп отыр?» дегендей ой болуы керек әрқайсысының көкірегінде.

Бір кезде Икрам Адырбекұлы:

– Қазалы ауданының азаматы Шамұратов Нажмадинді аудан әкімі етуге ұсынып отырмын, қалай қарайсыздар? – дегенде Қазалының азаматтары «Уһ!» дегендей болды.

– Біз келісеміз, әрине, – десті бірауыздан.

Содан сыртқа шыққаннан кейін Икрам Адырбекұлына айтамын ғой:

– Жиналған жұрттың жүрегін ұшырдыңыз ғой! – деп.

Сонда шай ішіп отырғанда ол кісінің жергілікті жігіттерге қаратып:

– Егер де мынау әкелген азаматты қабылдамағанда, сіздерге орынбасарым, мына Қожекенді (мені Қожекен дейтін) тастап кетер едім. Соны байқап қалдыңыздар ғой деймін, – деп әзілдегені бар.

Міне, осындай да жақсы қасиеттерін көріп жүрдік.

Ең соңында танысу мақсатымен Жаңақорған ауданына бардық. Барлық елді мекендерді аралап өттік. Аудан орталығында халықпен кездесу боларда облыс әкіміне айттым:

– Икрам Адырбекұлы, сіз сыпайы адамсыз. Біздегі айқай-шуды көрген жоқсыз. Қазір мына ауылда шамалы шатақ болуы да мүмкін. Сондай жағдайлар болса, оған шыдаңыз, – дедім.

Ол кісі күлді де қойды.

Аудан орталығы Президиумда үшеуіміз отырмыз. Икрам Адырбекұлы, бір жағында мен, екінші жағында аудан әкімі Нәжмадин Мұсабаев бар. Адамдар ішке толассыз кіріп жатыр. Бір уақытта маған қарайды, алдындағы төменде отырған жігітке бір қарайды. Қайтадан маған қарайды. Шыдамдылық танытып, сұрақ бермеді. Жиналыс басталды. Елге белгілі бір азамат аудан әкімін олай жамандап, былай жамандап, айтып жатыр, айтып жатыр. Икрам Адырбекұлы ол кісінің сөзіне шыдап, біраз отырды. Ақыры шыдамы таусылса керек, Икрам Адырбекұлының айтқаны:

– Болды, жетті енді! Егер осының бәрі менің жергілікті халыққа қатысым бар деп айтылса, қателесесіздер. Мәселені айқаймен емес, ақылмен, әділдік жолмен шешу керек. Солай болатынына күмәніңіз болмасын! – деді.

Сөйтіп барлығы тынышталды. Ауылдың шатағының шет-жағасын осылай алғаш рет көрді.

Содан бір таңданысын айтқаны бар:

– Мен ана залға бір қарал, сізге бір қарағаным: жаңа ғана қасымда отырғансыз, енді қарасам – залда отырған сияқтысыз. Ана жаққа қараймын, айнымайтын сіз отырсыз. Шатастырып отырмын ба деп қайта-қайта қараймын.

Менің туған інім сонда, аудан әкімінің орынбасары еді. Түрі менен аумады. Оны айтпаған едім. Түсіндірген соң шын көңілмен күлгені бар. Адамның сыпайылығы, мәдениеттілігінің өзі осындайда білінеді ғой. Аудан әкімінің де бүлдіріп бара жатқан ештеңесі жоқ-тын. Халықтың бәріне бірдей жағу мүмкін емес. Ондай жағдайлар болады емес пе ел болған соң. Алғашқы жылы осындай айтыс-тартыспен өтетін жиналыстар аудандарда жиі кездесетін. Бірақ қысқа мерзімде облыста билікке деген сенім пайда болды, кездесулерде түсініспестік азайып, қолдау көбейді.

Мен жоғарыда бюджет туралы айтып кеттім. Расымен де, бюджет жайы қиын еді. Икрам Адырбекұлы келген кезде бюджет барлығы 28-ақ миллиард болса, соның 9 миллиарды ғана – өзімізден түсетін табыс. Қалғаны – субвенция. Қанеки, енді соны қалай жеткізерсің? Облыста өзекті мәселелер шаш етекпен. Сол жылдары аса қиын болды. Көп талқылап жүріп бюджетті нақтыладық. Нақтылау барысында өзіміздің түсім 13 миллиардқа дейін өсті. Ал облыстың жалпы бюджеті 36 миллиардқа көтерілді. Оның себебі мынау еді.

Біздің облысымызда жұмыс істеп жатқан «ҚазГермұнай» деген шетелдік компания бар. Кезінде, мұнай кенішін сатып аларда олар: «Облыстың инфрақұрылымын дамытуға 32 милпион доллар жұмсаймыз» деп, келісімде көрсеткен екен. Алайда бұл компания содан бергі бес жыл бойы өздерінің өндірісі аумағын-

да салған жолды, өздері үшін істеген жұмыстардың бәрін облыстың инфрақұрылымы ретінде көрсетіп, әкімшілікке қол қойдырып алып, міндетті орындадық деп жүре берген. Содан Икрам Адырбекұлы бюджетке қосымша ақша іздегенде, контрактіден соны көріп, әлгі компания басшысын шақырып алып сұрайды:

– Бұларың қалай? Сендер өндіріс аумағынан тыс қай жерге жол салдыңдар? Кеніш аумағына салынғанның бәрі өздерің үшін, өндіріс қажеттілігі үшін керек болды. Облыс үшін салған ешқандай жолың да, істеген тірлігің де жоқ, – деген қатты әңгімеге барды.

Сөйтіп, өзіміздің заңгерлерді шақырып, тапсырма берді. Жаңағы мен айтқан 4 миллиард теңге, яғни 33 миллион долларды солай тартып алды. Облыс әкімінің осындай сауаттылық пен қайраттылық танытуының арқасында көп қаржыға жол ашылды. Басында компания басшылары «Келіспейміз» деп отырып алды. Елшілер әкімге хат жолдады, министрліктерден қоңыраулар болды. Ақыры, көнбеске амалдары қалмады. Кейіннен басқа шетелдік компаниялардан осындай жолмен тағы да 3 миллиардтай түсті. Соттасып жүріп, бір жылда өз табысымызды 30 пайызға арттырдық – бұл үлкен жетістік еді.

Бұл тұста ауылдық жерлердегі Мәдениет үйінің барлығы дерлік қирап қалған болатын. Бұған егемендіктің алғашқы жылдары ешкім қарай алмады. Қарамайын демейді ғой, оны жөндейтін, ұстап тұратын ақша жоқ. Оларды күрделі жөндеуден өткізу тіпті мүмкін емес-ті. Мәдениет ошақтары түгілі, еңбекақыға, дәрі-дәрмекке ақша жетпей жататын. Бірақ мәдениет орнынсыз ауылда қалай күн кешуге болады? Елді мекендерде Мәдениет үйінен өзге баратын жер де жоқ қой. Сондықтан да солардың бәрін қайта жөндеуден өткізіп, жаңарту, толық жабдықтау қолға алынды. Бұл кісі өзі де ауылда туып-өскен азамат, жағдайды жақсы түсінеді.

«Талай өзекті мәселе шешілген жоқ. Ауылды әзірге қоя тұрындар, қалада біраз нысандарды дұрыстап алайық» десе де, қолында тұр ғой. Әрі ол жоғарыдан келген басшылардың көзіне түсетін, жақсы пікір туғызатын істер болар еді. Бірақ олай жасаған жоқ. Ауылдың мәдениетін көтеру бағытында бұл үлкен демеу, нақты қадам болды. Сол кезде күрделі жөндеуден өткен ауылдық жерлердегі мәдениет ошақтары әлі күнге жарқырап, жақсы жұмыс істеп, елге қызмет етуде.

Одан кейінгі бір мәселе – сол тұста ауылдық жерлерде оңтайландыру деген жұмыс жүрілгені белгілі. Қаржы тапшылығынан көптеген ауыл өзара қосылып кетіп, тоза бастаған-ды. Орталық ретінде белгіленген ауылға әлгі шеттегі ауылдардың тұрғындары бара алмай, халық қолайсыздықтан көше бастаған, себебі мектептер мен дәрігерлік пункттер жабылды, ауылдық мекендердің мазасы кетіп бара жатты. Сондай кезде облыстық мәслихаттың депутаты Жарылқасын Шарипов осындайdan туындаған мәселені көтерді:

– Қазалы ауданында екі ауылдық округ ашпаса, бір-неше ауылды ұстап тұру мүмкін болмай бара жатыр, тозып барады, – деп дабыл қақты.

Сол арада Икрам Адырбекұлы мені шақырып алып, тапсырма берді:

– Сіздер осы мәселе бойынша зерттеу жүргізіңіздер, тез шешім ұсыныңыздар! – деді.

Облыс әкіміне өз ойымды айтып:

– Икрам Адырбекұлы, ойыңыз дұрыс. Бірақ бұл көтеріліп отырған мәселе бір ауданның ғана емес, бүкіл бір облыстың басындағы күрделі жағдай. Мұны облыс бойынша жасасақ, қалай болар екен? Әрине, зерттейік, статистиканы қарайық. Бес жүзден астам тұрғыны болса, бір округ жасау керек болар, – деген ұсыныс білдірдім.

Икрам Адырбекұлы бірден келісіп, облыстық қаржы басқармасының басшысы Қалқазбек Әжібековті осы

жұмысты реттейтін комиссия жетекшісіне тағайындап, ұсыныстар жинақталды. Соның нәтижесінде жаңадан 36 ауылдық округ ашылатын жоба пайда болды. Оларға штатты қайдан табу керек? Оны Үкімет пен Мемлекеттік қызмет агенттігі бекітуі тиіс. Мұның да ыңғайы табылды. Сол жылы ауылдық округтердің штатын көбейту үшін қосымша 168 штат берілген еді. Соны жаңа ауыл әкімдіктерін жасақтауға бекітті облыс әкімі.

Осындай жан-жақты зерттелген кең ауқымды шаралар бізге 36 ауылдық округті қосымша ашуға және осы арқылы көптеген елді мекенді тозудан сақтап қалуға мүмкіндік берді. Қаншама отбасы орнын суытпай, туған ауылында қалды. Қаншама мұғалім мен дәрігер, т.б. адамдардың жұмыс орны сақталып қалды. Бұл республикада болмаған жағдай-тын. Айтуға ғана оңай. Икрам Адырбекұлы соны қолдап, жеріне жеткізіп, іске асырды. Жаңа аумақтық бөліктерді мәслихатта бекіттірді. Жергілікті тұрғындар қандай риза болды десеңізші! Қаржы тапшылығына қарамай, 36 округ ашу деген оңай дейсіз бе! Солтүстік өңірлерде бұл әлдеқашан шешіліп қойған мәселе еді. Ол облыстарда 70-100 үйі барды да округке есептеген жайттар кездесетін. Яғни жеке ауылдық әкімдігі бар. Ал бізде, оңтүстік өңірдегі елді мекендерде, халық тығыз ғой. Икрам Адырбекұлы осылай халықты, халық ол кісіні қолдап отырды. Облыс әкімінің үлкен еңбегінің бірі осы деп білемін. Егер немқұрайлы болып: «Мұны жоғарыдан айтты ғой, тәртіп бұзуға болмайды. Артық ақша жоқ?» десе, ештеңе айта алмайсың. Бұл шешімдер облысымыздың, керек десеңіз, еліміздің өмірінде сирек кездесетін жағдай.

2004 жылы табиғат тосын мінез танытып, біз қиын жайды бастан кештік. Қала шетіндегі Тасбөгет деген жерде қазандық болды. Қаланың бір мөлтек ауданын жылытуға арналған сол қазандық қараша айында істен

шығып қалған еді. Осы кезде Қызылорда қаласындағы үйлердің бәрінің астынан ыза су шығып кетті. Көпқабатты үйлердің асты толы су. Қаптаған маса. Бұрын, сонау Кеңес Үкіметі тұсындағы төселген құбырлар шіріп кеткен, қай жақта екені белгісіз, әр жерінен жарылып кететін. Біздің жерасты сулары агрессивті ғой. Таза су мен кәріз сулары да қосылып кетіп жатты. Бәрі мидай араласып кеткен қиын жағдайлар қалыптасты. Содан жаңа әкім дабыл көтеріп, жоғары жақтан билік өкілдерін шақырып, жағдайды көрсетті. Сол тұстағы ҚР Үкіметінің Премьер-министрі Даниал Ахметов келді. Икрам Адырбекұлы өзі ертіп апарып, жағдайы ушыққан қала аумағын көрсетті. Жертөлеге тас тастағанда суға түсті. Премьер-министрдің күрделі жағдайға көзі жетумен қатар, ол кісі облыстық бюджетте бөлінбеген бір миллиард теңге қалдық ақша барын айта келе:

– Экономика және бюджетті жоспарлау жөніндегі орынбасарың дайындалсын, кешке мен есебін аламын, – деді.

Бәрін аралап танысып келген соң, кешке аэропортта, арнайы бөлмеде жиналды. Сол жерде есебімізді тыңдады. Сосын жаңағы бір миллиард қалдықты сұрады. Есебін бердік. Бәрінің қай жаққа кеткенін жіліктеп, мысалмен дәйектеп, көрсеттік. Жылдың соңында бюджетте қалдық қалса, өзіміз жаратуымызға құқығымыз бар, сол ақша жұмсалмай қалды дегенге келтірмекші болды. Барлық жұмсалған қаржының есебін беріп, соңына таман алпыс миллион қалып еді. Даниал Кенжетайұлы:

– Тоқтаңыз! – деді де, қаржы вице-министріне қаратып айтты:

– Қызылордада жұмсалмаған миллиард ақша бар деген кім? Сен мені осы күнге дейін сендіріп келдің ғой! Облыс әкімінің есебі дұрыс екен. Мынау орынбасары баяндап берді бәріміздің алдымызда. Біз облыс әкімінің

айтқанына сенбеп едік. Мен облыс әкімін қолдаймын, – деді.

Сосын вице-министрге айтты:

– Мынау бюджет қай жерде тұр, көрсетші заңда (республикалық бюджеттің заңы ғой, ол таппай абдырап қалды).

Мен «Ақша ана жерде тұр» деп көрсетейін деп жатыр едім:

– Тыныш отыр, – деді.

Ақыры жиналыс соңында Үкімет басшысы былай деп түйінді сөзін айтты (бізге 240 миллиондай теңге керек болатын. Тасбөгеттен қалаға дейінгі келетін-қайтатын жалаң құбырдың сыртын қаптау үшін):

– Орынбасарыңды қазір мен өзіммен алып кетемін. Мынаның сыртында, 240 миллион теңгені беремін, – деді.

Сөйтіп, керекті қаржының бәрін шешіп берді.

Сол жылы қыста біз жылу жүйесіне мұздай су айдап отырған едік. Басқа амал жоқ. Сөйтіп, қаланың бүкіл бір мөлтек ауданының ішкі жүйесі қатқан жоқ. Ал ол қатқанда қанша миллиардтаған ақша кетер еді. Осылайша жыл соңына дейін үлгеріп, толықтай игеріп, ауқымды жұмыс жасалды. Бұл, әрине, айтуға ғана оңай.

Икрам Адырбекұлының облыс басшысы ретіндегі алғашқы жылы осылай басталды. 2004 жылдың аяғында облыс әкімі демалыс алып кетті. Мен орнында қалған болатынмын. Дарияда сең жүретін кез. Сең іркіліс-кідіріспен жүреді. Бір жерде, яғни бұрылыста қатып қалады. Не бір жерге барып үйіліп тұрып қалады. Тұрып қалғанда мұз жерден бастап тау сияқты жиналып, көтеріліп кетеді. Он-он бес, тіпті жиырма метрге дейін, ең кемі бес-алты метрдей болып, қолмен қалағандай қатталып, мұз текшесі көкке бойлап шыға келеді. Сосын су ары өтпей қалады да, келесі жағына қарай асып кетеді. Сөйтіп өзен арнасынан асқан су кең жазыққа

шығып, елді мекендерді басып қалу қаулің төндіреді, жан-жағына қорқыныш әкеледі.

Осылайша, жаңағы қыста Сырдария ауданы орталығы мен екі ауыл, одан әрі Жалағаш ауданы бар – су алу қаулі туындады. Желтоқсанның отыз бірі күні түнде сең басталған болатын. Жұрттың бәрі Жаңа жылды тойлау үстінде. Біз, жауапты басшы қызметкерлер, тастүйін отырмыз. Барлық мемлекеттік мекемелердің техникасына қоса, жекеменшіктегі техникаларды жинайық десек, оларды жүргізетін адамдардың бәрі түнімен шаршаған. Ақыры, қарап отырамыз ба, азаматтарды шығардық жұмысқа. Сол күні мұздақ жаумасы бар ма! Адам жаяу жүрмек түгіл, елу-жетпіс шақырым жердегі ауданға көлікпен бару қиын болып қалды. Трасадан тайғанап, ауып кетуі мүмкін. Содан жігіттерді жинап өтініш айтып едік (оларды да түсінуге болатын шығар):

– Бізге бұл үшін алдын ала ақша беріңдер! – деді.

– Ақша қазір жоқ, – дедім. – Осы кезге дейін сендерге мүмкіндік жасап, бірге жұмыс істеп келдік. Ақша болады. Бірақ қазір бере алмаймыз, – деп қадап айттым. Расы да осы еді. Қаржы жүйесінде қанша жыл еңбек етіп келе жатып, әкімшілік кәсіпкерлерді алдағанын көрген емеспін. Айтылды ма – істеледі.

«Икрам Адырбекұлын мазапамай-ақ қояйық, жыл сайынғы дүние, тасып жүрген өзен, қалай өткізуге болатынын өзіміз білеміз ғой» деп ойлағам. Дегенмен де, хабар жеткен болуы керек, облыс әкімі демалысын тастап, келді.

– Не болып жатыр? – дейді.

– Онша қиын жағдай емес, демалысыңызды бекер үздіңіз ғой, – дейміз...

Сол қиындыққа барлық жігіттер шыдады, күндіз-түні аянбай қызмет жасады. Елді мекендерге жеткенше мұздақта қаншама машина жолдан тайды. Тіпті топы-

рақ тасып жатқан бір «КрАЗ» шұңқырға түсіп кеткені бар. Ең бастысы – адамдар аман. Міне, сондай жағдайлар болды бұл кісінің қызметке жаңа кіріскен жылы.

Сол жылы көктем келгенде қайтадан сең жүріп, елді мекендерді тағы су алатын жағдай басталды. Өте қиын болды. Қызылорда облысындағы дарияның ұзындығы 1224 шақырым. Жаңақорғаннан басталады, онда Төменарық деген ауыл бар. Ауылдың тұсында көп топырақ үйіліп, берік бекітілген жер бар еді. Сол жерден бұзылады деп еш ойламаппыз. Қырсыққанда, дәл содан су тасыды да, сол жақтағы каналдың қапталындағы үйлерді жуып кетті. Адамдары аман, әйтеуір. Облыс әкімі шұғыл жолға аттанды, мен әкімдікте қалдым. Топырақ таси алатын барлық машинаны жұмылдырдық. Май құятын бекетке тапсырма бердік: «Топырақ тасуға жұмылған көліктерге кідіртпей жанармай босатып отырындар, ақшаны есептесіп төлейміз!» деген уәдемен, тиісті жұмыстар ұйымдастырылып, қарқынды жүрді. Барғандар айтады, Икрам Адырбекұлының өзі де құтқарушылармен бірге қолына мұз итеретін құрал алыпты. Мұз тұрып қалған қатерлі кез ғой. Бүкіл сақшылар да жұмылдырылған. Қауіпті жерде бір минуттың өзі қымбат. Сондай жұмыстың нәтижесінде су Шиелі ауданына қарай өтіп кетті. Ол бағытта үш ауыл бар, ауданның он жеті мыңдай халқы тұрады. Тасқыннан қашқан елдің жағдайын теледидардан көрсеткені бар. Қолында қаптары бар, машиналы, жаяулы, шұбап келе жатқан қалың адам.

Икрам Адырбекұлы «Машина керек, автобус керек» деп телефон соғады, біз жіберіп жатырмыз топтап.

Бір уақытта аудан әкімі Ерлан Мұстафаев хабарла-сып:

– Енді көлік жібермей қоя тұрындар, адамнан машина көбейіп кетті. – деді.

Міне, осылай жедел жұмыстар ұйымдастырудың арқасында адам аман болып, көп материалдық шығынына жол берілген жоқ. От пен су дегеннің өзі қай кезде де алапат қиындық әкелетін тілсіз жау ғой. Сөйтіп, ол кезеңді де артта қалдырдық.

Келесі жылы осы мәселе бойынша Елбасы сұрап қалғанда Икрам Адырбекұлы:

– Қызылорда қаласын су апатынан қорғау үшін Қараөзекте контррегулятор-су реттегіш салса дұрыс болар еді, – дегенді айтқан.

Осылайша, Мемлекет басшысының қолдауымен, 300 текше метрлік «Қараөзек» су реттегіші қысқа мерзімде салынды. Арнайы республикалық бюджеттен 800 миллион теңге бөлінді. 2005 жылы бұл дегеніңіз қомақты қаржы саналатын. Міне, Сыр бойы халқы үшін маңызы зор сондай бір нысанның құрылысы сәтті аяқталды.

«Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» 1992 жылы 30 маусымдағы Заң болған. Онда біраз әлеуметтік жағдайлар қаралған еді. Облыс әкімінің қаржы басқармасының орынбасары ретінде осының есебін жасадым, сөйтіп қанша ақша керектігін нақтылаған едік. Бұл заң бойынша Оңтүстік Қазақстанның, Ақтөбенің екі ауданы, сол кездегі Жезқазған, қазіргі Қарағанды облысының бізбен шектес ауданы қоса қамтылған-ды. Кейіннен сол заң дұрыс жұмыс жасамады. Яғни жұмыс істемеген баптар – экологиялық зардап шеккен адамдардың ауруы туралы. Сөйтсек, ол аурулардың бәрінің классификациясы бірдей екен. Олар мүгедек болып шыққанда екі жылдық зейнетақысын бірден беру, жүкті әйелдер босану кезінде басқа облыстың жеріне барып босану. Солардың бәріне ақша бөлу қарастырылған еді. Осындай көптеген игіліктерге қарамастан, толық жұмыс істемей тұрған

заңды жою туралы мәселе көтерілді. Бұл мәселені негізінде облыс әкімі Серікбай Нұрғисаев көтерген болатын. Өйткені облыста өндірген өнімдерді ешкім алмайды, жастарының да болашағы жоқ, сол себептен экологиялық қатерлі аймақ дегенді алып тастау керек деген жөнсіз әңгіме айтылған. 2004 жылдың 4 наурызында Үкіметтің бірінші орынбасары Григорий Марченко Қызылордаға келіп осы мәселе бойынша жиналыс ашты. Соңында:

– Менің ешқандай да қарсылығым жоқ, халықты қолдаймын, – деді.

Сол кезде халықтың алып тұратын айлығына апатты аймақта 50 пайыз, екінші санаттағыларға 30 пайыз қосылуы керек болатын. Есептеп қарағанда, 7-8 миллиардтай ақша халыққа түспей қалайын деп тұр. Экологиялық ауыр жағдайда айлығы жоғары болғандығы халыққа медеу еді. Оған қоса, бұрынғы КСРО кезіндегі шөлейт аймақтар деген санат та қарастырылған.

– Енді екі жеңілдік болмайды, біреуін алып тастау керек, – деді Г. Марченко. Оның ойы тек еңбекақыны ғана қалдыру болатын.

– Егер ондай шешім болса, осы аймаққа қатысты үш жылға арналған бағдарлама жасап, Үкіметтің қаулысын шығару керек, – деп сұрадық.

Міне, сол бағдарлама Икрам Адырбекұлы келген соң жасалды және онда Қызылорда қаласының кәріз су жүйесін жаңғыртуға көп қаржы көрсетілді.

– Әр жылға 1 миллиард десек, Үкімет шошып кетеді, 990 миллион қояйық әр жылға, – дедім мен.

Сөйтіп, Икрам Адырбекұлының ықпал етуімен екі рет 4 миллиард ақша бөлінді. Экология министрлігі қаладағы кәріз суларын тазалауға жаңа нысан салған болатын. Ал оған су бармайтын, өйткені ол 5 метр биіктікте тұр. Насос станциясы деген бар, өте нашар істейтін, Икрам Адырбекұлын соған апарып көрсеттім.

Осындай күрделі мәселелерге әр жыл сайын қаржы алуға қол жеткізіліп, нақты жұмыстар басталды.

Мен енді, басында атап өткенімдей, Икрам Адырбекұлы келген кезде ол кісіге айтқаным бар еді:

– Жұрттың бәрі жердің бетінде, көзге түсерліктей жұмыстарды істейді де, жақсы әкім болып кетеді. Ал жердің астына ешкім түскісі келмейді. Көрінбейді ғой, өйткені. Анау құбырлардың қысымын 1,8-ге көтерген кезде бәрі жарылып кетеді. Ал бесінші қабатқа тіпті су көтерілмейді. Суық су жетпейді, ыстық су түгілі, қалада. Жазда су тіпті тапшы, – дегенді айтып ақылдастық. Осы мәселе бойынша көп ойластырдық. Әр мөптек аудан бойынша су жинау нүктесін саламыз ба, насоспен айдаймыз ба деген сияқты.

Икрам Адырбекұлы Қызылорда облысына әкім болып келгенге дейін Қызылорда қаласының кәріз-су жүйесінің басқармасы банкротқа ұшырады деп үш жыл бұрын қаланың бүкіл құбырлар жүйесі жекеменшікке сатылып кеткен еді. Бірақ оны сатып алған кәсіпкер Қызылорда қаласының ауыз суына да, кәріз жүйесіне де ешқандай қаржы салмай, тек қана сол қалпында ұстап отырған. Шамалы керекті техниканы қымбат бағаға сатып алған, көп қарызға батқан.

Бұрынғы басшылықтың бұған қалай жол бергенін айтпай-ақ қояйық. Бірақ осылайша қалдыру мүмкін емес-ті. Себебі Қызылорда қаласының бір ерекшелігі – өздігінен су ақпайды, кәріз жүйелерінің барлығы насоспен айдалады. Ал оны сатып алған кәсіпкерде бұл жұмысты жүргізуге қаржылық мүмкіндік мүлде болмаған. Міне, осындай келеңсіз жағдайға тап болдық. Шұғыл шара қабылданбаса, қала апаттық жағдайға келетін еді.

Сондықтан да Икрам Адырбекұлы қала әкімдігіне кәріз-су жүйесін қайта сатып алуға тапсырма беріп, сол бойынша тиісті жұмыс ұйымдастырылды. Бағалаған

кезде, кәсіпкердің шығыны есептелді. 90 миллион және оған қоса техникалар сатып алып, төлей алмаған қарыздары бар, барлығы 405 миллион теңгеге бағаланды. Қалада құрылған арнаулы комиссиямен шешім шығарып, облыстық бюджеттен қалаға қаржы беріліп, қала қайтадан коммуналдық меншікке барлық көріз-су жүйесін сатып алды. Міне, осыдан кейін ғана Қызылорда қаласына 2,4 миллиард теңгенің көріз-су жүйесін жөндеуге арналған қаржы бөлу туралы ҚР Үкіметінің арнайы Қаулысы қабылданып, жұмыс қалпына келді.

Жалпы қашан да су жүйесі, көріз жүйесі таза болмаса, ешқандай әлеуметтік жағдай жақсармайды, ауру да содан тарайды.

Облыстағы ең көп қаражатты қажет ететін тағы бір сала – ол су шаруашылығы ғой. Біздегі басты дақыл – күріш. Ол суда тұрады, суға қанбаса, өспейтіні тағы белгілі. Оның үстіне, күріш суғару үшін ертеде қазылған үлкен каналдар бар, қашыртқылар бар. Соның бәрін бұрынғы әкімшілік жергілікті бюджетке алған екен.

Икрам Адырбекұлы айтады:

– Мыналарың не? Бұл қалай болғаны?

Мен түсіндіріп жатырмын:

– Бұл енді алдыңғы жылдары жіберілген қателік қой. Егер де каналдарды тазартып, қашыртқыларды реттейтін болсақ, бәрі де орнына келеді.

Шынында, каналдарды тазартуға біз жылда қаржы сұрап алатынбыз. Жылына 200-300-ақ миллион теңге Үкімет беретін. Ал бүкіл облыстың күріші үшін ол ештеңеге де жетпейді. Бүкіл каналдарды тазалау үшін миллиардтаған ақша керек. Осыны неге республиканың балансына, меншігіне бермейміз? Орталық бюджетке қаржыландыруға алсын, республикалық коммуналдық кәсіпорын болсын деген ұсыныс білдірді. Ол кісі осыны тиісті органдар арқылы дәлелдеп жүріп, ақыры

шешті. Үкіметпен келісілген соң Су комитеті каналдар мен қашыртқыларды өз қарамағына алды. Алғаннан кейін комитет жылына 9 миллиардтан 11 миллиардқа дейін қаражат бөлді. Ақшаны бөлетін де өздері, орындаушы да өздері. Міне, көрдіңіз бе! Күріш өндіру мәселесі осындай шешімнің арқасында жолға қойылды. Былай көзге көрінбейді жұртшылыққа. Ал тетігі табылмаса, тұралағаны тұралаған еді.

Екінші бір осыған ұқсас мәселе болды. Біздің облыста Арал-Сарыбұлақ деген үлкен таза су жүйесі мен Жаңақорған, Шиелі ауданында Жиделі (топтық айналым) жүйесі бар. Осы екеуі де облыстық бюджеттің балансында тұрды. Бұл жөнінде де талқылау жасауға тура келді және Икрам Адырбекұлы:

– Мұны да бермесек, өзіміз ұстап тұру мүмкін емес, – деп шешті.

Елбасы 2005 жылы келгенде Аралда таза су жүйесін қосып, ішіп көрген болатын. Су бар, бірақ ескі құбырлар жүйесі көп қаражатты қажет етеді. Осы жүйені облыстық баланстың аз қаржысымен ұстап тұруы мүмкін емес еді. Ерте кезде, кеңес заманында Эрик Гукасов «Главристі» басқарды, соның есебі бойынша жасалған бір метрлік ені бар құбырлар ғой. Осы жоба үшін ол кезінде КСРО Мемлекеттік сыйлығын алған. Қарап отырсаңыз, сырты цемент, іші темір ме әлде басқа материал ма, ол жағы белгісіз, бірақ белгілісі – жарылса бітті, жөндеуге келмейді. Өзі қымбат. Бұл коммуналдық меншікте тұрған құбыр жүйесінің ұзындығы 200 шақырымнан астам. Және де ол әрбір ауылға баруы, кіруі керек. Әр үйге суды енгізіп беруге тағы ақша жоқ. Оны кім береді? Айтып кеңестік. Облыс әкімі келісті де, жаңағы жүйені Су комитетіне берді де жіберді. Қандай дұрыс шешім болды!

Олар енді не істеді? Әрбір ауылға құбырды апарды. Бұрын суды үйге кіргізбейтін. Көшеде колонка тұратын.

Су комитетінің басшысы Анатолий Рябцев деген азамат болды. Алғашқы кезде Икрам Адырбекұлы менен:

– Бұл неге банкрот бола береді? – деп сұрағаны бар еді.

– Көшеде су бақылаусыз ағып тұрады. Ешкім пайдаланбайды, ешкім оған қаржы төлемейді, – дедім.

Икрам Адырбекұлы мұның да мәнісін түсінген соң, жоғарғы орындарға мәселе қоя бастады. Сосын Рябцевке өтініш айтқанда, ол:

– Қызыл сызықтың сыртына шығарылған жағдайда халық суды үйіне кіргізіп қосып алар еді. Бірақ бұған норматив жоқ, – депті.

Содан Икрам Адырбекұлы соның бәрін зерттеп, бақылап, қадағалап, су енгізуді Қызылорда облысында бірінші рет Шіркейлі ауылында жүзеге асырды. Өрбір үйге су кіргізілді. Қандай керемет! Сол бағытпен бүкіл елді мекендерде кейін жұмыс жүріп кетті. Бағдарлама жалпы республикаға арналып шықты ғой, біз соның ішіне ұсынысымызды енгізген болатынбыз. Қазір бір үйге барыңыз, сізге артық су бермейді. Өйткені үйінде есептеуіш бар. Бұрын көшедегі колонканы ағызып қоятын халық едік. Бұл қадағалаушы мекемеге де тиімді – төлемесең, суды ағытып тастайды. Қандай саналық өзгеріс! Міне, Икрам Адырбекұлы жергілікті жердегі түрлі мәселелерге қатысты осындай ұсыныстардың бәрін қолдап, өзі ары қарай дамыта отырып, тиісті нәтижелерге қол жеткізді.

Мен тағы бір рет шегініс жасап кетейін. Осыдан екі жыл бұрын қыста, жоғарыда айтылған магистральдық жүйеде апатты жағдай болды. Осындай жағдайда біз не жасар едік? Оны айта алмаймын. Су комитеті ақша тауып, төрт жарым миллиард теңге қаржымен алпыстық құбырды жаңадан салып, толықтай ауыстырып, жөндеп шықты.

Айтып өттім ғой, жердің астына түскенді, жер астына төгілген тер мен қажыр-қайратты ешкім көрмейді, оны

халық біле бермейді. Міне, жоқтан бар жасап немесе бар мүмкіндікті үйлестіре білудің арқасында осындай жетістіктерге қол жеткізілді.

Қазір мақтанышпен айтамыз: «О, күріштен рекордтық өнім алып жатырмыз, осыншама гектардан соншама жинадық, экспортқа шығардық!» деген сияқты жақсы сөздерді. Ал соларға алғышарт-бастама негізі сол Икрам Адырбекұлының тұсында жасалды. Ішкі қашыртқылардың бәрін мемлекетке өткізерде бірде-бірінің баланстық құжаты жоқ еді. Әр каналдың паспорты болуы керек. Қандай қиналды! Оларды қайта жасату үшін бір жарым миллиард ақша керек болды. Яғни қайтадан құжаттандыру үшін осыншама қаржыны табуымыз керек. Содан не керек, Икрам Адырбекұлының беделі мен еңбегінің арқасында, ол жүйені республикаға өткізіп бердік қой. Енді қазір ішкі қашыртқыларға бюджеттен жыл сайын ақша бөлініп жатыр. Міне, осының бәрі күріш өндіру сапасының дамуына оң әсер етті. Икрам Адырбекұлының тұсындағы шешімдер болмағанда, қазір каналдардың көбісі бітеліп, үлкен проблемалар туғызған болар еді.

Сол тұста шешілген тағы бір мәселені айта кетейін: жаңағы үлкен магистральды каналдардың шлюздері алты-ақ ай істейді екен. Оларды ашып-жабатын су реттегіш адамдар алты айдан кейін бос қалады. Кешегі қыс айларындағы су тасқыны кезінде адам іздесек, таба алмадық. Суға қатысты адамдарды шұғыл іздеп, сұрау салсақ:

– Олар алты-ақ ай істейді де кетеді ғой, қыста ұстамаймыз, – дейді мамандар. Бұрыннан солай қалыптасқан екен.

Бұлай болмауға тиіс. Содан Икрам Адырбекұлымен ақылдастық. Ол кісі бұл мәселені қайта қарастырды да, әлгі су реттегіш адамдарды жыл бойы жұмыс істейтін етіп шешті. Сумен ойнауға болмайды ғой. Міне, осын-

дай мәселелерді Икрам Адырбекұлы рет-ретімен шешіп отырды. Біз шамамыз келгенше идея тастаушы, айтушы болдық. Талай басшымен бірге жұмыс жасадық, әрбірінің айтқан ұсынысынды қабылдауы әр түрлі болатыны да табиғи заңдылық. Ал Икрам Адырбекұлына бұл тұрғыда рахметтен басқа айтарым жоқ.

Сол жылдары Қызылордада газдандыру жүргізіліп жатты. Газдандырудың да мәселесінде түйткіл бар еді – оны екі бағытта ғана жүргізу қарастырылған болатын. Біреуі – жылу орталығы, екіншісі – басында айтылған Тасбөгеттегі қазандық. Сол екеуіне газ әкелу керек, басқа нысандарға газ қарастырылмаған. Газ Арысқұм деген жерден, қаладан 200 шақырым қашықтықтан өндіріліп, жеткізіледі. Ол газ қалай келуі керек, қалай жеткізіліп отыруы керек деген мәселені келісу қажет болды.

Сөйтіп, «ҚазТрансгаз» компаниясымен кездесулерден соң Икрам Адырбекұлы:

– Республикалық меншікке өткізу керек екен, – деген шешімге келді. Бұл мемлекеттік компания бюджеттен 4 миллиард ақша бөлдіріп, магистральды өздері алып келіп, екі жағына қосты. Соның арқасында, республикадағы газдың ең арзан бағасына біздің облысымыз қол жеткізді.

Икрам Адырбекұлы газдың иесі «ҚазГермұнай» компаниясына:

– Өндіретін газдарыңыз ілеспе газ, оның құны мұнай бағасында отыр. Сол себепті облыс халқына газ тегін болуы керек, біз тек өңдеу мен тасымалдау шығынын өтейміз! – деп талап қойды.

Олар лажсыздан келісіп, 10 жыл мерзімге меморандумға қол қойды.

Икрам Адырбекұлы халықпен кездескенде, олар жеке үйлерге газ жүргізу туралы мәселе қоя бастады. Қалаға жеткен арзан газ бар, бірақ ол жеке үйлерге қарастырылмаған.

Облыс әкімі кездесуден соң:

– Халық үйлерге газ енгізуді сұрап жатыр. Не істейміз? Қандай қаржылық мүмкіндігіміз бар? – деген сұрақ қойды.

– Икрам Адырбекұлы, қазір бізде 1 миллиард 670 миллион теңге бар, жұмсалуды сіздің құзырыңызда, – дедім.

– Мынау дұрыс болды! Ал осыны газ енгізуге жұмсайық! – деді.

Сметасын жасадық. Бірақ республика ақша бермейді бұған. Үйлерге енгізу үшін тағы 5 жарым миллиард теңге керек болып тұрды. Содан қаражат іздеу барысында ауаға мұнаймен бірге шығатын ілеспе газға белгіленген экологиялық өтемақыны пайдалану керек деп шешім қабылдадық. Олар ауаға газды жаққан кезде облыстық мәслихатта бекітілген норматив бойынша айыппұл төлейді. Ол жергілікті бюджетке түседі. Соған жаңа тариф жасалды, айыппұлдың көлемін он есеге көтеру көзделді. Бес миллиардты үш жылға бөліп, есептеулер жасадық.

Икрам Адырбекұлы қарап көріп:

– Мына жасалған есептер дұрыс па? – деп шегелеп сұрады.

– Әрине, дұрыс, – дедім.

Енді айыппұлды 10 есе көтеруді заң бойынша мәслихат шешімі арқылы бекітуіміз керек болатын. Осы тұрғыда үлкен талқылау, айтыс-тартыс болды.

Кейбір мәслихат депутаттары:

– Бұл есептеулерді бекітетін болсақ, ертеңгі күні сотталып кетіп жүрмейміз бе! – деген қарсылық, күдіктерін де білдірді.

Ақыры, облыс әкімі күш салып, депутаттарға қайта-қайта түсіндіріп жүріп, бекіттірді ғой соны. Содан жаңа қаржылай мүмкіндік пайда болды, облыстық бюджетке көп кіріс түсе бастады. Міне, жеке үйлерді газдандыру Икрам Адырбекұлының тұсында осындай қиыншылықпен басталған және шешімін тапқан болатын.

Осы тұста оңды шешімін тапқан тағы бір мәселе – Қызылорданың әуежайы. Ол кезде әуежайға үлкен ұшақтар қона алмайтын. Себебі қону алаңы мүлде жарамайды. Бұл да коммуналдық меншікте еді. Содан Икрам Адырбекұлы ақылдаса келе, «Арал өңірін қорғаудың Үкіметтік бағдарламасына» осы нысанды енгізді. Сонымен бұл жобаны мақұлдап, нәтижесінде 8 миллиардтың үстінде қаржы есебі шықты. Жауапты орган Көлік және коммуникация министрлігі болатын.

Олар ең соңғы қорытындысында:

– Егер аэропортты республикалық меншікке бермесеңіздер, біз жобаны қолдамаймыз, – деді.

Содан Икрам Адырбекұлына келіп айттым:

– Не істеуіміз керек? Қалай ойлайсыз?

– Бізге ақша емес, үлкен ұшақтарды қабылдай алатын аэропорт керек (аэропорт болғанда – ұшып-қонатын алаң). Оның ақшасын өздері-ақ алсын, өздері салсын, берейік балансына, – деді.

Сөйтіп, оны коммуналдық меншіктен республикаға беріп жібердік. Бастамасы солай болған еді. Ол кісі жобаны аяқтай алмай кетті, бірақ негізін қалап үлгерді. Ол кезде баламалы тұрғыда аэропортқа Қостанай облысы таласып тұрған еді.

– Бізде астық көп, сол себепті алаң бізде салынуға тиіс! – дейді олар.

Ал біз:

– Бізде шетелдік компаниялар көп, солардың ұшып-қонуы ақтайды әрі ауа райы қолайлы, тұман көп болмайды, – дейміз.

Расында да, Қызылордада жылына он шақты күн ғана тұман болуы мүмкін. Аспан ашық, Байқоңырды да таңдауда осы есепке алынғаны белгілі.

Міне, болашақ үшін көптеген істерді қозғап, негізін қалап кетудің өзі үлкен жетістік.

Икрам Адырбекұлының игілігімен басталған тағы бір іс – халықты үймен қамтамасыз ету мәселесі. Ол кезде Қызылорданың аумағында үй салатын жер жоқ-ты. Со-сын әкім:

– Мына Сырдарияның бойына, жағалауға салайық, – деп ұсыныс айтты. Сөйтсек, бұрынғы әкімдер бұл жер-дің барлығы таратылып кеткен екен.

Сол себептен құрылысты Қызылорда мешітінің ма-ңына шоғырландырдық. Сөйтіп «Ақмешіт» деп ашыл-ған, қазір «Астана» мөлтек ауданы пайда болды. Сол ауданда тұрған мешіт, мектеп, үйлер – бәрін алғаш бастаған осы Икрам Адырбекұлы еді.

Қазір облыс әкімдігі де сонда. Біртіндеп, бұл аумақ қаланың орталығына айналды. Жалпы алғанда, Икрам Адырбекұлы осылайша, қарамағындағы қызметкер-лермен ақылдаса отырып, жемісті еңбек жасады. Үш жылда бюджетті 10 миллиардқа көтеріп, яғни кірісті 30 пайызға ұлғайтып кетті. Бұл – үлкен көрсеткіш еді ол заманда.

Тағы бір шешімін тапқан мәселе – көпір. Нақтылап айтқанда, арғы беттегі Жаңақорған ауданында отыз мыңдай адам тұрады. Соған өтетін көпір керек болды. Оған ету үшін сонау алыстан, 120 шақырымнан айна-лып келу қажет еді. Қалқыма көпір бар. Бірақ ол қыста істемей қалып, әбден берекең кететін. Сөйтіп, қиындық көріп жүрген кез.

Кейінгі жылдары Шиелі мен Жаңақорғанда уран кен орындары табылған-ды. Осыған байланысты оңтүстік аудандарда жұмыс жүргізіп жатқан «Қазатомпромның» біраз мәселесі бар екен. Икрам Адырбекұлы кезекті де-малысына кеткен еді, 2005 жылдың жазында. Ол кезде Ахметжан Есімов Үкіметтің бірінші орынбасары бола-тын, мені шақырып алып:

– Мынау «Қазатомпром» жұмыс істейін десе, инфра-құрылымды бермейді екенсіңдер. Ананы істеймін десе

де, мынаны істеймін десе де, істетпейді екенсіңдер, неге олай жасап отырсыңдар? – деді тықсырып.

Айтып отырғанының жаны бар. Өйткені Темір станциясының тұсынан компания күкірт қышқылы зауытын салмақ болды. Бұл мәселеге байланысты халықта наразылық бар, соған сәйкес, өз пікірімді білдірдім. Икрам Адырбекұлы демалыстан келген соң болған әңгімені баяндадым. Ол кісі бірден Ахметжан Смағұлұлымен хабарпасып, сөйлесті.

– Мынау қолдайтын жоба. Бірақ бізге негізгі керегі – көпір. Ол аудан орталығы тұсынан салынуы тиіс, – деді.

Содан көпір салынды. Күкірт қышқылы зауыты да салынды. Құрылысы барысында сол маңдағы ауылдың адамдары келген болатын. Олар, жоғарыда айттым, зауыттардың салынуына қарсы еді. Кейіннен сол зауытқа барғанымда үйретуші маман болып жүрген италиялық азамат жергілікті мамандардың алғырлығына таңғалып, бізге баяндаған еді. Мұндағы 142 адамның 100-ден астамы жергілікті кадр екен. Әлгі алдында қарсы болып жүрген ауылдың көптеген адамы осында жұмыста. Иіс те білініп тұрған жоқ. Осының барлығы – Икрам Адырбекұлының тұсында басталған істер.

Әкімдер жұмысы арасындағы сабақтастық деген бар ғой, осы тұрғыда Икрам Адырбекұлының республикадағы ең алғашқы халыққа қызмет ету орталығы ғимаратын салып берген басшы екенін айтуымыз керек.

Икрам Адырбеков келер алдында Қызылорда қаласының бұрынғы Неке сарайы орталығына реконструкция жасалған болатын. Бірақ ол бюджет есебінде қаралмаған, кәсіпкерлер 179 миллион теңгеге аванс ретінде жұмыс жасаған еді. Ешқандай қағаз жоқ, бірақ жауапты қызметкерлер «орындалды» деп қол қойған. Енді не істеу керек? Осы кезде орта, кіші кәсіпкерлікті қолдау туралы жиі айтылып, тапсырма беріліп жатқан.

Кәсіпкерлерді қолдау үшін, әрине, олардың жұмсаған ақшасын төлеп беру қажет. Содан кәсіпкерлерді жинап, заң талабын айтып, түсіндірдік. Жаңағы жасаған реконструкция үшін Қызылорда қаласына облыстық бюджеттен ақша бөлу керек болды. Бірақ одан өзге де күйіп тұрған мәселе көп еді: үш ауысыммен оқып жатқан және апатты жағдайда тұрған мектептер бар, оларға да қаржы жетпей жатыр. Облыстың өзінің табатыны он пайыздың төңірегінде ғана дедік қой. Осындай толып жатқан машақаттарға қарамай, тиісті құқық қорғау орындарымен бірлесіп жұмыс істеу арқылы кәсіпкерлердің құжаттарын тексертіп, сосын қаржысын төлеп бердік. Осындай бір «сақалды құрылыс», яғни бізде алғаш басталғанда пионерлер сарайы, одан Неке сарайы болады деген, көптен тұрып қалған көлемді, еңсесі биік, бірақ әлі бітпеген ғимарат пайда болған еді. Өзі Сырдарияның жағасында, көрнекті жерде орналасқан. Содан Икрам Адырбекұлы бізге тапсырма берді:

– Жұмысты аяқтамай тастаған адамдар әлдеқашан кетіп қалды. Енді осыған бола қарап отырамыз ба? Сметасы да қазіргі күнге 188 миллионға көбейген екен. Мұның да заңдылығын тексерейік, – деді.

Ақыры, қайта-қайта қарап, заңдылығын тауып, қаражат бөлініп, ғимарат салына бастаған-ды. Дәл бітірер кезде республикада халыққа қызмет ету орталықтарын ашу туралы мәселе көтерілді. Соған жауапты комитеттің төрағасы келген кезде, Икрам Адырбекұлы осы ғимаратты халыққа қызмет ету орталығы жасауға ұсыныс білдірген еді. Кең де жарық, орналасқан жері де қолайлы.

Қала тұрғындарына қызмет жасап отырған бұл ғимарат – бүгінде Қазақстандағы ең еңселі ХҚО ғимараттарының бірі. ХҚО-ға берген кезде кейбіреулер: «Ой, бұл жерге Неке сарайын ашу керек еді» деген әңгімелер айтқан. Неке сарайы бөлек қазір. Бүгінде жергілікті бас-

шылар бұл ғимаратты гүлдендіріп тастаған. Барсаңыз, керемет.

Енді бір жағдайды тағы айтқым келеді. Бізде көптеген мүгедек жандар бар ғой. Солардың бірі – арбада отыратын іскер азамат өз күшімен 18 адам жұмыс істейтін, халыққа қызмет ететін мекеме ашатын болды. Содан ол кісі маған телефон соғып:

– Ашылу салтанатын жасайын деп едім. Лентасын қиып берсеңіз, – деді.

Мен Икрам Адырбекұлына айтып едім:

– Осындай мүмкіндігі шектеулі бола отырып, он сегіз адамға жұмыс тауып беруі ерлік емес пе? Он екі мүшесі сау, «Жұмыс жоқ!» деп ренжіп жүргендер қаншама! Бірге барайық, – дегені бар.

Облыстың бірінші басшысы келіп ашып бергеніне ол кісі де қуанып, көпке дейін айтып жүрді. Бұл – Икрам Адырбекұлының ел азаматтарына деген қамқорлығының, жанашырлығының бір көрінісі.

Басқарушы «Отан» (кейін «Нұр Отан») партиясы облыстық филиалына ыңғайлы офис керек болып жүрген. Партияның төрайымы Алмагүл Божанова облыс әкімінен мемлекеттік қызметкерлер отырған екі қабатты ғимаратты сұраған болатын. Бұл, біріншіден, ескі, екіншіден, мемлекеттік баланстағы ғимарат еді.

Облыс әкімі ақыры көп ойланып, партияның белсенді мүшесі, «Альянс» ЖАҚ төрағасы Герман Степанович Кимге өтініш айтты. Керемет жақсы адам болатын. Тағы да үш кәсіпкер бірлесіп арнайы қор құрып, орталықтағы қазіргі «Нұр Отанның» ғимаратын салатын болып шешім қабылдады. Бірақ құрылыс аяқталар кезде Икрам Адырбекұлы ауысып кетті. Кәсіпкерлердің жағдайы келмей, құрылысқа біршама қаржы керек болып қалды. Содан жаңа басшы Мұхтар Абрарұлы Құл-Мұхаммедке айттым. Ол кісі бірден келісіп, ортақ қор арқылы тиісті қаражатты шешіп берді. Міне, Ик-

рам Адырбекұлы бастаған істі осылай Мұхтар Аббарұлы сәтті аяқтап, облыс басшыларының жұмысы арасындағы сабақтастықты жүзеге асырды.

Сонымен 2007 жылдың 11 қаңтарында облыс әкімі ауысатын болды. Мұхтар Аббарұлы Құл-Мұхаммед келді.

Бүкіл әкімнің орынбасарлары, қызметкерлер Икрам Адырбекұлын шығарып салуға аэропортқа бардық. Бұрын мұндай болмайтын. «Жаңа басшы байқап қалып, алып тастай ма!» деген ой болушы еді көбісінде. Ол кісінің жары да жақсы жан. Облыс әкімінің жолдасымын демейді, қашанда қарапайым. Отбасының өзі сонымен жарасымды емес пе! Азаматтың да абыройлы жұмыс істеуі отбасына, өмірлік жарына да байланысты ғой. Отбасындағы жағдай жақсы болса, жұмыс істеуге құлшыныс пайда болмай ма! Кетер кезде Ләззат Ерсұлтанқызының көңілі босағанда, бәріміздің толқығанымыз бар. Қандай керемет! Міне, ешбір адамды білмей, бірде-бір адамды танымай келіп, аз жылдың ішінде сол елдің ұлы болып аттану бір азаматтың ғұмырындағы үлкен жетістік, мәртебе емес пе, ойласаңыз?

Тайлы-тұяғымызбен барған бұл шығарып салуды жаңа басшы Мұхтар Аббарұлы бірден қолдады:

– Ай, мынау азаматтықтарың жақсы екен, – деп риза болды.

Шынында, осылай болуы керек қой. Бұл дүниеде ешкімге де жабысып қалған тұрақты мансап жоқ. Бірақ бір күн отырсаң да, он жыл отырсаң да, абыроймен еңбек ету – міндет. Ешкімді орынсыз қудалап, әділетсіздік жасамау керек. Осы тұрғыда Икрам Адырбеков ешкімді қудалаған жоқ, ренжіткен де жоқ. Сөйтіп, бәріміз шын көңілмен аэропортқа жиналып, шығарып салдық. Жігіттер өзі ұйымдастырып, қаржысын төлеп, арнайы чартерлік рейспен Алматыға шығарып салды.

Міне, Икрам Адырбекұлы облыста әкім болып бірнеше жыл істегенде, бір адамнан бір нәрсе, бір сабақ жіп алмай кетті. Тіпті өзі тұрған үйінің алдына өз ақшасына агроном жалдап, ағаш еккізген болатын. Адамның дүниесі бар болып тұрса да, кейбіреулер көбейте берсем дейді ғой, мынадай әкімшілікке басшылық жасап жүрген кезде. Басқаларды жамандап отырғаным емес, әркімнің өз жақсылығы бар. Бірақ бұл кісі туралы айтар ой-пікірім – ешқандай бояусыз, қоспасыз да осы.

Қазір туыстай сыйласамыз. Бір-ақ жас қой арамыз. Елге барып қалсақ: «Ол кісіге сәлем айт, көріп қалсаң!» деп жатады. Қызылордалықтар Икрам Адырбекұлын құрметпен қарсы алады қашанда. Келсе екен деп тұрады елге. Әркімнің кіндік қаны тамған бір жері бар ғой. Бірақ осыған бола, «Сен – оңтүстік», «Сен – солтүстік», «Сен – батыс», «Сен шығыстансың» деп бөлінуге бола ма? Мен депутат ретінде Парламенттің екі реткі шақырылымы барысында жас әріптестеріме үнемі айтатынмын: «Айналайын, бөлінбеңдер. Біз бір-ақ ұлт – қазақпыз. Бөлінгенді бөрі жейді! Бірлікшіл болайық!» деп.

Икрам Адырбекұлының да ұстанымы осы болды. Қазір бір-бірімізді іздеп, жақсылығымыз болса, қуанып тұрамыз. Қандай сыпайы! Сол кісі фамилиямен ешкімді атамай кетті-ау. «Әбеке», «Құреке» дегендей, өзімсіне атайтын. Ресми отырыстарда, әрине, фамилиясын айтады, қатаң талап қояды, ал былай, осындай сыпайы еді. Бір жерге өмірі кешікпейді ғой. Секунд – секунд. Сосын жиналыста көп бас ауыртпайтын. Қысқа-нұсқа. Мысалы, ұрыспай айтсаң, жұрт ұялады. «Борсықты сабай берсең, семіре береді» дейді ғой. Кейбір басшылар қарамағындағыларды үркітіп-қорқытып, бұқтырам, ұқтырам деп отырып, қадірі кететіні болады. Икрам Адырбекұлы мүлде мұндайлардың қатарынан емес.



Ыдырысулы Құттықожа – мемлекет және қоғам қайраткері.

1951 жылы 1 маусымда Қызылорда облысы Жаңақорған ауданында дүниеге келген.

1970-1974 жылдары Алматыдағы халық шаруашылығы институтын экономист мамандығы бойынша бітірген.

Қызылорда облыстық қаржы, қазынашылық саласында ұзақ жылдар жемісті қызмет етті. 2004-2008 жылдары – Қызылорда облысы әкімінің орынбасары. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің IV-V шақырылымдарының депутаты. 2016 жылдың маусым айынан бастап «Нұр Отан» партиясы аппаратының аудиттеу қызметінің жетекшісі.

«Құрмет» орденімен, бірнеше медальмен марапатталған.

Қазақстан Республикасы Қаржы қызметінің үздігі, Жаңақорған ауданының Құрметті азаматы.

Менің танып-білуімдегі Икрам Адырбекұлы туралы, ол кісінің тікелей басшылығымен атқарылған игілікті істер туралы айтылар шынайы ой мен кешегі күндердің естелігінен азырақ сыр шерткенде осылай.

Имамадин ОҒАРБАЕВ

ӨСІП, ӨРКЕНДЕУ ЖЫЛДАРЫМЫЗ БОЛДЫ

Тарихтың жолы қызық қой. Бірде түзу, бірде бұралаң. Бірде дамудың жарқын жылдарын бастан кешсең, енді бірде жоқшылық пен тапшылықты да көруге тура келеді. Бұл жеке адамға да, жалпы қоғамға да қатысты.

Иә, біздің қасиетті еліміз Сыр бойы сан ғасырлар жүзінде құлдырау мен өрлеудің талайын бастан өткеріп, қазіргі күнге жетіп отыр. Үш жүз мыңға жуықтап қалған халқы бар, қазақтың бұзылмаған қаймағы, ардақтаған дәстүрі мен салты бар ежелгі Ақмешіт, кешегі ел ордасы, бүгінгі Сыр бойының бас қаласы Қызылорданы бір жылдары басқарып, өзіндік қолтаңбамды қалдырғанымды өмір жолымдағы абыройлы жылдарым деп санаймын.

Менің негізгі мамандығым – құрылысшы. 2004 жылы «ПетроҚазақстанда» істеп жүрген кезімде, «сегментация» деген болады, сол бойынша кәсіпорын бөлініп, мен Жобалау институтына кеттім. Мұрат Үдербаев жол-құрылыс басқармасының басшысы болды. Ол да бөлек шығып кетті. 2004 жылы Мұратты қаланың әкімі етіп тағайындауға Икрам Адырбекұлы шақырды. Содан Мұрат келіп маған:

– Кел, бірге істейік, – деп өтінді.

Мен оған айттым:

– Менің өз жұмысым бар, шаруам бар, қалай болар екен? – деп.

Елуден асқан кезім. Мұратпен көптеген жылдан бері серіктес, сырлас, жақсы жолдас едік. Құрылыс саласында кеңес заманынан бірге істеген ескі көз, есті жігіттердің бірі.

– Сен бармасаң, мен де бармаймын, – деп жолдас-тық базына жасаған соң, құжаттарымды тапсырып, жаңа келіп жатқан облыс әкімі Икрам Адырбекұлының қабылдауында болып, қызметке кірісіп кеттік. Міне, өмір белесінде кездесіп, танысатын сан жүздеген адамның бірі, бірі болғанда да, бірегейі Икрам Адырбекұлы Адырбековпен осылайша таныстық.

Ол кезде қаланың тыныс-тіршілігі адам төзгісіз жағдайда-тын. Жылу нашар, ауыз су мәселесі де ушығып тұрған уақыт, кәріз жүйелері тозығы жеткен.

Қарапайым халықтың тұрмыс жағдайынан бөлек, қаланың ішкі жағдайы да өте төмен болды. Бұрын ішіне етене кіріп араласпағаннан кейін көп дүниені білмейді екенбіз. Әлеуметтік саладағы ең қажетті, ең нәзік – ауыз су мәселесі жеке біреудің қолына өтіп кеткен. Көшедегі кәріз суы әр жерде жарылып, сыртқа адам төзгісіз иіспен ағып жатқан кезең болатын. Су құбырларының да жағдайы ешқандай сын көтермейді. Жағдайдың тамырын басып, бәрін түсініп-біліп отырған Икрам Адырбекұлы салалық мамандармен ақылдасып, мұны қалай қалыпқа келтіреміз дегенді ортаға салды.

Ақыры, бұған үлкен инвестиция салмаса, жағдайдың түзелмейтіндігіне анық көзіміз жетті. Икрам Адырбекұлы шұғыл шешім қабылдады да, коммуналдық кәсіпорынды қайтарып алу жөнінде жұмысты бастап кеттік. Содан «Водоканал» деген мекемеге қайтарып, облыстық бюджет есебінен ол мәселе шешілді. Ол кезеңде бюджеттің тапшылығы тым ауыр, облыстың барлық қаржысы 30 миллиардтай ғана. Оның өзі мемлекеттік мекемелердегі қызметкерлерге уақытында айлық беру мен мекемелердің өзін ұстап тұрудың айналасында ғана болатын.

Содан қаладағы кәсіпкерлерді жинап, қалаға көмек беру туралы үйлестіру жұмыстарын жүргіздік. Жиналған қаржыны ауыз су мен кәріз жүйесіне жұмсап,

біраз ретке келтірген болдық. Бұл енді үздіксіз процесс, біреуін түзесең, екіншісі қайтадан жарылып кетеді дегендей.

Сол жылы күзде Премьер-министр Даниал Ахметов келді. Істеліп жатқан жұмыстарды үлкен плакаттар түрінде дайындап, жұмыс басында көрсеттік. Икрам Адырбекұлы сол кезде жақын жердегі көпқабатты үйге Премьер-министрді алып барып, жертелесін көрсеткен еді. Жертөле топы су, өйткені кәрізді жөндеу кезінде қысымға шыдамай, жертөле астындағы құбырлар жарылып кеткен-ді. Қаланы оңтүстік және солтүстік екі жылу қазандығы жылумен қамтамасыз ететін. Қаладағы бірінші бу қазандығының жанынан жаңадан газтурбиналық станция салынып жатты. Құрылысы сол жылы басталғанымен, әлі бітпеген. Он бесінші қазанда жылу бере бастағанымен, жылудың жетіспеуінен температура алпыс градустан аспайтын. Ол су қаланы аралап келгенше, қырық градус емес, тіпті жиырма градусқа түсіп кететін. Жылу мәселесі жалпы өте күрделі жағдайда тұрды. Оған дейінгі әкімдер де қарап жатпағаны белгілі, бірақ шешімдері мүлде бөлек болғаны рас. Бұл түбегейлі шешілмеген проблема ретінде қала берген еді. Жылу трассасындағы үлкен құбырлардың бәрі қаптаусыз, ашық жатты. Мұның бәрі Үкімет басшысына көрсетілді. Нәтижесінде аэропорттың басында Үкімет мүшелерімен үлкен талқылау болып, 200 миллион теңгеден астам қаржы қосымша берілетін болды.

Бірақ қыс басталып бара жатыр, жұмысты тездету керек. Ақша аударылды. Мұны жылдам игеру үшін облыстық мәслихаттың шешімі шығуы керек, жұмыс келесі жылға дейін бітуі керек. Үкімет басшысының беріп кеткен қаржысын игермесең, қайтып қаржы ала алмайсың. Біз «Осының қолынан келеді-ау» деген, жөндеу жұмысымен айналысатын барлық мекеме-

лерді жинап алдық. Оларға: «Жергілікті кәсіпкерлер ретінде, мысалы, сметалық құны елу теңге болса, сендер қырық теңгеге істейсіңдер, себебі бұл қаржы толық жетпейді, ең бастысы, Жаңа жылға дейін үлгеру керек» деген талаппен жұмысты бөліп бердік. Барлық участоктерді нақтылап, міндеттедік. Солай жасамасақ, уақыттан ұтылып бара жатырмыз.

– Мен білмейтін шаруалар аз болмаған екен ғой, – дейді Икрам Адырбекұлы, бір жолы әңгімелескенде. Енді оның бәрін облыс әкіміне айта бермейсің ғой. Бұл жұмысты негізі тендер арқылы заң жүзінде өткізіп барып бастау керек болатын. Бірақ біз оны осылай шешуге мәжбүр болдық. Икрам Адырбекұлы мұны мақұлдады. Өйткені халықты қалай да жылумен қамтамасыз ету керек.

Сөйтіп, жылу маусымына да сол жылы қолымыздан келгенше дайындалдық. Ол Кеңес Одағы құлағаннан кейінгі, алғаш экономика көтеріліп келе жатқан кез. Халық та нарықтық экономикаға біршама бейімделіп қалған. Басшыларға деген елдің сенімі де нығая бастады. Бірақ үйінде жылуы жоқ болса, жұрт наразылығын білдірері сөзсіз ғой.

Сол жылғы қыс, шынында да, ауыр тиді. Жылуға, жарыққа қаржы жинау мәселесі де толық жолға қойылмаған. Бұл мәселе әлі де толық шешілді деп айта алмаймын. Негізгі жылу беретін, су беретін, жарық беретін мекемелердің бәрі бізге көмек сұрап қарап отыратын. Осы және көптеген проблемаларды шешудің жолы – жаңағы жылу беру коммуналдық кәсіпорнын мемлекет тарапынан қаржыландыру деп танылды.

Жылу трассасына қатысты да көптеген мәселелер бар-тын. Жеке адамдар мен мекемелер өздерінің үйіне, мекемесіне жылу құбырын тартып енгізе бергендіктен, трассада гидравлика, қысым жоқ. Толыққанды айналым жоқ. Жылу жетпей тұрған аудандарға

ыстық суды айналдырып келтіру үшін жеті жеке бу қазандығын салу керек болды. Сондықтан да осының бәрін қайтадан есептетіп, «Бірінші бу қазандықтан шығатын жылуды (бұл әжептәуір жылу береді) ұлғайтып, газдандыру арқылы мәселені шешу керек» деп шешілді. Бу қазандықтары көп болғанымен, толық жұмыс істемегендіктен, оларды орталықтандыру қажет еді.

Әрине, бұл мәселелерді талқылауға бұрынғы істеген бу қазандықтарының мамандары, басшылары, ертеректе қаланы басқарған адамдар, құрылысшылар қатысты. Көбі біздің шешімге бірден келісе қойған жоқ. Оған дейін техникалық мүмкіндіктер талай есептелді ғой. Олардың алдына бірінші рет шығарып отырмыз.

Сол жерде басшы ағаларымыздың бірі:

– Қаланың жағдайын жақсартуға қатысты мұндай мәселені осы қалада тұрған адамдар ғана шешім қабылдауы керек. Сырттан келген адамдар шеше алмайды. Келіп-кететін адамдар шешім қабылдаса, Қызылорда оңбайды! – деп айтып қалды.

Бұл сөз тап бір Икрам Адырбекұлына айтылған сөз сияқты болып қалды. Ыңғайсыз жағдайда қалдық. Сондықтан мен тұрып айттым:

– Бұл «келімді-кетімді» деген әңгіме емес, бұл – талдап, сарапталған техникалық шешім.

Бірақ құлағымыз естіп қалғаннан кейін, шыны керек, Икрам Адырбекұлынан қатты қысылдық. Шешімді ертең қабылдап, ол тиімділігін көрсетпей жатса, қанша айтсаң да, команда болып жұмыс істегенмен де, сөз бірінші басшыға келеді. Сондықтан да қайтадан егжеп-тегжеп, осындай болуы керек деп шештік.

Сол жылы желтоқсанның аяғында Икрам Адырбекұлы мені шақырып алды. «Неге шақырды екен?» деп түрлі ойға қалдым. «Осындай сенім білдіргенде нәтиже шығара алмады» деп шешімге келді ме екен, «Жасаған есептеулерімізге көңілі толмады ма» деген сияқты.

Барған соң ол кісі облыс әкімінің орынбасары қызметіне тағайындау туралы ұсынысын білдірді.

– Енді, қалай болғанда да, осы облыстың жағдайын жақсарту жолындағы жұмыс қой, – деп келісімді бердім.

Сөйтіп, құжаттарымды реттеп, жоғары жаққа жіберді. Содан 2005 жылы қаңтардың жетісінде Қызылорда облысы әкімінің орынбасары болып тағайындалдым.

Сол кез Сыр өзені тарапынан қауіпті жағдайлар туындады. Су жалпы желтоқсанда, қаңтарда қауіп төндіретіні болады. Облыс әкімінің басшылығымен ол қиындықтарды да еңсердік.

Қала біртіндеп өзгере бастады. Кеңес Одағы дәуірінен кейін бірінші рет қалада үй құрылысы басталды. Құрылыс салуға қаражат бөлініп, оны игеру қажет болды. Қала аумағындағы бос жерлердің бәрі таратылып кеткен. Инфрақұрылым өте әлсіз. Бізге дейінгі басшылардың жұмыс істемегендігі емес, жалпы ел бойынша жағдай солай еді.

Газдандыру мәселесі осы кездері басталған-тын. Ресейдің бір компаниясы газдандырумен айналысып жатыр екен. Біраз егжей-тегжейіне қарап тексеріп көрсек, қаражат бөлініп жатқанымен, ісі баяу, сөзі көп көрінді. Бір мөлтек ауданды салып бастап, оны бітіріп, газға қосып кетіп, жұмысты ары қарай жалғастыру керек болатын.

Негізгі тәртіп осы болса да, бұлар жалпы жүйесіз, нәтижесіз жұмыспен айналысып, тек магистральдық құбырларды бастан-аяқ сала берген. Оған бөлінер қаражаты көп. Игеруге жақсы. Ал ұсақ жұмыстары қалып бара жатыр. Мұның игілігін халықтың көруі екіталай. Бұл облыста бірінші рет жүргізіліп жатқан жұмыс, пәтерлердің техникалық жағдайы нашарлығы тағы бар. Газдың иісі шықпауы керек, ал газ кеткен жерлерді анықтайтын арнайы индикаторлар орнатылуы тиіс.

Сонымен қатар жаңадан желдету каналдарын жасау керек. Осындай ұсақ-түйекке байланысты мердігермен қатты сөзге барысып қалып жүрдік. Олармен ары қарай жұмысты жалғастыру мүмкін емес еді, жағдай өте ауыр болатын. Сондықтан Икрам Адырбекұлына барып:

– Мына компания Мәскеудің бір атышулы компаниясы екен. Осылармен келісімшартты бұзайық. Бұған қалай қарайсыз? – дедім.

Ол кісі ойланып қалды. Өйткені жалғыз газ емес, жылу, су, жарық, халықтың жағдайы – барлығы осы жобаға қарап тұр. Уақыт болса кетіп барады. Ойланатын да уақыт жоқ. Екі-үш күннің ішінде Икрам Адырбекұлы компанияның басшыларын Мәскеуден шақырып алып сөйлесті. Біз де қатыстық. Талқылау болды. Жағдайды баяндадым. Оларды алдында шақырып алып жеке кездесу өткізген едім.

– Сіздердің 2004 жылдың басында мынадай мүмкіндіктеріңіз болған, қаржы жеткілікті берілген. Қаржыны игеру бар да, тиімділік жоқ. Сіздердің жұмыс істеу ырғақтарыңыз бізді қанағаттандырмайды, – дедім.

Сонда бір басшысының сөзі маған қатты тиіп кетті.

– Газ – арнайы білікті, білімді қажет ететін жұмыс. Бұл қазақтардың қолынан келмейді! – деді.

Өзім мынадай адамдармен қалай жұмыс істеймін деп отырған адам, ана сөз жанды жерге пышақ ұрғандай болды.

– Бұл не деген сөз? Қазақ білімді маман емес пе? Оған қандай дәлелің бар? – дедім.

Содан басқаларды шығарып жібердім де, басшысына:

– Сіз бұл жұмысты орындаудан кетесіз не мен өз орнымнан кетемін, бұдан әрі болмайды! – дедім.

Сол жиналыста Икрам Адырбекұлы мені қолдап шықты. Сөйтіп, ескі келісімшартты бұзып, Қызылорданың барлық құрылысшыларымен бірге күндіз-түні

жұмыс істеп, (сол жылы бізге төрт миллиард қаржы бөлінген еді, әлгілермен келісімшартты бұзып, жұмысты қайта жандандырғанша біраз уақытымыз кетіп қалды) бірінші қарашада бәрін игеріп, салатынын салып біттік.

– Енді үйлерге кіретін газды шешуіміз керек, – деді Икрам Адырбекұлы. Сол жылы осы кісінің ашық жолы ма екен, біршама жұмыстың басын қайырып, газ турбинаны да, бу қазандықтарын да іске, электр энергиясымен бірге қосып тастадық. Екінші бу қазандықты жаңғыртудың жоспарын жасап, Италиядан жабдықтарын алдырдық. Сөйтіп бұл жұмысты да аяқтадық. Сол жылы бу қазандықтары 95 градусқа дейін жылу беретін қуатқа жетті. Халық тіпті желдеткішті ашып тастайтын болды, рахметін айтты.

Басқа жағын да жөндеп, жеті бірдей бу қазандығын салып, бітірдік. Елу мегаваттық қосымша электр энергиясын, қосымша жылу көздерін өндіре бастадық. Сол жылы Қызылорда қаласы үшін су, жылу, жарық, коммуналдық қызмет мәселесі жөнінде кішігірім революция жасалды деуге болады.

Қалаға қатысты көптеген жұмыстарды атқаруға өз басым біршама үлес қостым деп айта аламын. Икрам Адырбекұлының тұсында қала сәніне де баса назар аударылды. Мысалы, қала орталығында қатар тұрған сегіз үй бар еді. Балкондардың бәрі ілініп-салынып, қалқиып, көріксізденіп көрінетін. Осының бәрін әрлеп, қайтадан жөнге келтірдік. Балкондарды да қайта жөндеп, ішіне болмаса да, төбесіне, сыртына жөндеу жұмыстарын жасап бердік.

Икрам Адырбекұлының жиналыстарда да айта-тыны – басты мақсат – ешкімнен артық ештеңе талап етпеу, сұрамау, алмау. Ал ірі кәсіпкерлер жағдайына қарай, арнайы құрылған қорға, «Игілік» қорына өз еркімен қаржы аударып беріп отырды. Сонымен көп жұмыстар жасалды.

Әрине, қаражаттың жеткіліксіздігі ол тұста үлкен көлемде болды. Соған қарамастан қаланың көркіне де мән беріліп отырды. Соның бірі – түнгі жарық мәселесі. Облыс орталығын көркейту үшін осыны тәжірибеге енгізейік деп шештік. Содан мені Икрам Адырбекұлы Астанаға жіберді. Алматыға да, басқа қалаларға да бардым. Түнгі жарықтандырудың ерекшелігі, өзгелердің қандай шешімдері бар, қай көшенің бойына қандай үлгіні қоюға болады дегенге ой қорытып, пісіріп дегендей, ақыры мұны қалада сәтті жүзеге асырдық. Бұл да болса, қала үшін жасалған игілікті іс.

Қаланың күндізгі келбеті болсын, түнгі келбеті болсын, сәулетін жарқыратып аша білу деген маңызды дүние ғой.

Айтайын дегенім, ол кісінің талғамы жоғары еді. Мұны дизайндық безендірудегі пікірлерінен, түстік үйлесімді келістіру бойынша талғамынан байқайтынбыз. Және де бір нәрсені жылдам қабылдап алатын зеректігін де көріп, көз жеткізгенбіз.

Жылу қазандықтарын италиялық технология бойынша салдық дедім ғой. Кейіннен Астанадан, басқа жерлерден басшылар, қызметкерлер келгенде мен соларды ертіп жүріп таныстыратын «гид» болдым. Қарасам, бір-екі келгеннен кейін Икрам Адырбекұлы өзі сайрап тұр: «Жаңа жылу қазандығы мынадай принциптерде жұмыс істейді, мынаның орнында бұрын мынандай құрылғы болған, қазіргі жұмыс істеу тәртібі мынадай», тағы басқа мәліметтерді зулатып, жете меңгеріп айтып беретіндігіне риза болдық.

Икрам Адырбекұлының тұсында қаланың бас жоспары қайта қаралды. Бұл бұрыннан келе жатқан, ертеде жасалған жоспар еді. Ол кісі бізді шақырып алып, қалай жасау жайын да тапсырма берді, ол көп талқылаудан өткен соң Үкіметке бекітуге ұсынылды.

Мұнда басты назарға алынған – сол жағалау еді. Өйткені оң жағалауда, біріншіден, кеңінен көсіліп құрылыс салуға жер тапшы, екіншіден, ескі ғимарат көп. Ескіні қанша сырлаганыңмен, ескінің аты ескі ғой. Бұл жерде Астананың тәжірибесі де ескерілген-ді. Қаланың архитектурасын көркейту үшін қайтадан жаңа жоба жасалды. Өзенге көпір салынып, жиырма шақты үй түсуі керек еді. Кейінгі әкімдер де «бастаймын» деп талаптанғанымен, әлдебір себептерден осы жоба жүзеге аспай келді. Сол мақсат биылғы жылдан бастап Қырымбек Көшербаевтың тұсында жүзеге асып отыр. Қазір сол жағалаудағы қала құрылысы қарқын ала бастады.

Икрам Адырбекұлы облысқа инвестиция тартуға да көп көңіл бөлді. Осы бойынша кереметтей бір форум өткізгені есімде. Инвестиция тарта отырып, инвестициялық жобаларды іске асыру көзделген бұл форумның нәтижесінде көптеген келісімдерге қол қойылған болатын. Бәрі әр түрлі әңгімені айтып жүр ғой қазіргі күні, мынау Қызылорда қаласында салынып жатқан әйнек сауытының жобасы сол Икрам Адырбекұлының тұсындағы инвестициялық жоба еді.

Мен Икрам Адырбекұлының орынбасары ретінде, ағылшындарды шақырып, солармен шыны зауытын салуға келісімшарт жасасып жатқан кезде:

– Икрам Адырбекұлы, мынау қападан (менің ойлап жүргенім әлі қала ғой) бұлардың жарық тартатын, газ тартатын жерлері бөлек болуы керек, – дедім. Ондағы ойым – солардың қаржысы аясында қала инфрақұрылымының біраз бөлігі жаңадан жасалып қалсын дегенім...

Икрам Адырбекұлының күш салуымен басталып, ол кісі кеткенше аяқталмай қалған дүниелер де баршылық. Солардың бірі – орталық мешіттің жобасы мен

мешіттің құрылысы. Оның Икрам Адырбекұлының таза еңбегі екенін халық та, мамандар да біледі. Құрылысы аяқталғанда сол кездегі облыс әкімі Болатбек Қуандықов Икрам Адырбекұлын арнайы шақырды. Ол кісі өзі келіп, жаңа мешітті ашты. Осыған байланысты мына жағдай есіме түсіп отыр. Қаланың ортасындағы ескі орталық мешіт 1861 жылы салынған, апаттық жағдайда болатын және сыйымдылығы да тар еді. Қала тұрғындарының көбі облыс әкіміне хат жазып, осы мешітті күрделі жөндеуден өткізуді қайта-қайта сұрап жатты. Мешітті жан-жақты тексеруден кейін, тұрған орнының тарлығына байланысты, жаңа мешіт салу туралы Икрам Адырбекұлы шешім қабылдады. Үлкен жолдың бойынан төрт гектардан астам арнайы жер бөлді. Облысымыздың белгілі азаматы Болат Жәмитұлы Өтемұратовпен бірнеше рет кездесіп, сөйлесіп, нәтижесінде тиісті қаржы бөлуге келісімін алды. Арнайы жобаны таңдау үшін конкурс өткізілді. Алматы орталық мешітін сызған архитекторлар жеңімпаз болып танылды. Сол кезеңде облыс әкіміне жаңа мешіттің атын әр өңірдің қасиетті бабаларының атымен атау туралы көптеп хаттар түсе бастады. Осы мәселелерді түбегейлі шешу үшін Икрам Адырбекұлы ел ағаларының Болат Жәмшитұлымен бірге басын қосып, «Ақмешіт» деп атын ұсынып, батасын алып, қаржы иесіне шапан жауып, үлкен іс атқарған еді. Содан тез арада құрылыс жұмысы басталып кетті.

Жалпы көп тіршілігіміз көктемгі, күзгі сумен арналысу болатын еді. Су тасу қаупі жиі орын алды сол тұста. Әсіресе қыс айлары ауыр болды. Бірде су мәселесіне қатысты күтпеген жағдай орын алып, зор апатқа жеткізерліктей магистральдық құбыр жарылды.

30 градус аяз. 35 метр секундтық жел, дауыл. 12 шақырымдай магистральды құбырдың дәп ортасынан жарылыпты. Икрам Адырбекұлына қоңырау ша-

лып, мәселені айттық. Жағдай өте қиын. Азынаған жел, сақылдаған аяз, ана жерді ашсаң да, мына жерді ашсаң да су бұрқырап жатыр. Жан-жағын әрекет жасап, жауып жатырмыз, сонда да күш берер емес.

Ақыры, жігіттердің ерлікке тең еңбегімен, күшімен суды ауыздықтадық, құбырды бітедік. Адамдар, шындығын айтқанда, мұзды суға сүңгіді. Ертесіне, апаттың беті қайтқан соң, Икрам Адырбекұлы барлық бригада мүшесін кабинетіне шақырып алып:

– Ерлікке тең еңбектеріңізге үлкен рахмет! – деп өз қалтасынан әрқайсысына сыйлықақы ұсынған болатын.

Міне, қала шаруашылығын жүргізуде осындай игілікті істер мен жанкешті тірліктер де болып тұрғандығына тарих куә.

Икрам Адырбекұлы – өз саласында тәжірибелі елші, көп жылдар ғылыми жұмыс атқарған кісі. Ал енді мына қала, облыс – бұл тірі организм, бұл мүлде басқа сала. Техникалық, өндірістік жағдайы ауыр сала, әрине, басқаруға қиын тиер еді. Оны түсініп, дұрыс шешім қабылдау үшін, қолынан келеді-ау деген жергілікті маман кадрларды тани біліп, жұмысқа шақырып, сенім көрсеткені осындай жетістіктің кілті деп білемін.

Бізге қателесуге де болмайтын еді. Ешқандай «бармақ басты, көз қыстысыз», заңды түрде, дұрыс шешімді, нақты іс-шараны тез қабылдау керек болатын. Мақсатымыз – Икрам Адырбекұлының сенімін ақтау және ісіміздің дұрыстығына халықтың көзін жеткізу.

Осы ауқымды жұмысты істеу барысында бөлінген миллиардтаған қаржыны игеруге әркімдер қызығушылық танытты. Солардың кейбірі келіп ол кісіге де айта-тын көрінеді:

– Мұны үш жыл салу керек. Қазір, міне, наурыз, сәуір болып қалды. Күрделі жұмысты істеу үшін кімге сеніп жүрсіз? – деп.

Икрам Адырбекұлының көзін жеткізу, сенімді болу үшін жобаның әрбір бөлігін қашан іске қосатынымызды, қай күні қай жабдықты орнататынымызды тәптіштеп, сызба-жоспарлап қойғанбыз. Нәтижесінде жұмыс осы арқылы жүйелі жүргізілді. Бюджеттен бөлінген қаржы облыс әкімінің толық бақылауында болып, тиынына дейін мақсатты жұмсалды, сапалы құрылыс жүргізілді.

Жалпы, Икрам Адырбекұлының басшылық еткен жылдарында облыста көптеген игілікті істер басталды, атқарылды. Жаңа жұмыс көздері көптеп ашылды. Оның негізгі себебі – Икрам Адырбекұлы шетелдік мұнай компанияларының қаржылай мүмкіндігін барынша облыстың әлеуметтік мұқтаждығын шешуге бағыттады, мәжбүрледі. Ол кісіге дейін шетелдік компаниялардың басшылары облыс әкімшілігінен тәуелсіз екендігін білдіретін, болмашы нәрсеге қаржы бөлсе, оны үлкен көмек есебінде көрсететін.

Икрам Адырбекұлы соны алғашқы күннен бастап тыйды, ымыраға келмеді. Кезінде қол қойып жіберген «контрактілерді» алдырып, жіті қарап шығып, бір-бірден сотқа бере бастады. Басында әкімге қатты қысым болды барлық жақтан. Бірақ ол кісі талабынан қайтпады. Нәтижесінде шетелдік мұнай компаниялары көптеген қаржыны облыстық бюджетке аударуға мәжбүр болды, әкімнің талабымен санасатын, оны орындайтын жағдайға жетті.

Сонымен қатар ілеспе газға төлейтін айыппұлды да Икрам Адырбекұлы облыстық мәслихат арқылы он есеге арттырып жіберді. Сол кезеңде «Демеу», «Игілік» қорлары құрылды. Әлеуметтік жобаларды әкімшілік осы қорларға жіберетін, ал қаржыны бөлуді, жұмсалуын кәсіпкерлер өздері шешетін және қадағалайтын. Қала тұрғындарына газды да тегін беруді мұнай компанияларынан талап етті. Тек өңдеу мен тасымал шығындарын өтеуге келісіп, арнайы он жылдық келісімшартқа қол қойғызды.

Ол кісінің бұл өнегелі істері, Қызылорда облысына, қаласына сіңірген еңбегі ешқашан да ұмытылмайды деп ойлаймын.

Көп жылдар мәртебелі қызметте – Қазақстанның елшісі болып, мемлекет мүддесін өзге мемлекетте терезесі тең дәрежеде қорғағандықтан шығар, облыстың мүддесін сақтауда, қорғауда, алға жылжытуда тайсалмай, ешкімнен ықпай, тіресіп тұрып алатын қасиетін байқаған едік. 2006 жылы тамызда «Протон» зымыраны Қармақшы ауданының жеріне құлап, халықты үрей билегенде, елмен бірге, күндіз-түні басында жүріп, Үкіметтен тиісті шаралар қолдануды талап етумен болды. Кейін белгілі болғандай, сол кездегі Үкімет басшысымен қатты-қатты сөздерге барып, ақыры нәтиже шықпаған соң Президентке арнайы хат жазып, онда барлық халыққа, елге, жерге, табиғатқа келер зиянды, шығынды көрсетіп, шешу жолдарын баяндап, соңында Үкімет басшысының сөзіне, іс-әрекетіне төзбейтінін жеткізіп, қызметінен босатуын сұраған.

Мемлекет басшысының Икрам Адырбекұлын қолдауынан кейін көп мәселелер шешіле бастағаны белгілі. Шынында да, Икрам Адырбекұлы осы сындарлы сәтте ел мүддесін өзінің қызметінен, болашағынан жоғары қойғанын байқайсыз. Бұл нағыз елге жанашыр, шынайы басшыға ғана тән қасиет дер едім. Сол жылы күзде облысқа Қаржы министрлігінің барлық бақылаушы органдары келіп, бір ай бойы бюджет қаржысының мақсатты пайдаланылуын кезектен тыс толық тексеруден өткізді. Облыстағы қалыптасқан қаржылық тәртіптің қатаңдығынан, мамандардың біліктілігінен, жариялылықтан, тазалықтан болар, ешқандай заңбұзушылық анықталмады. Нәтижесінде облыс әкімі сол жылы «Құрмет» орденімен марапатталғаны көпшілікке аян.

Өзіміз де біраз жасқа келіп, өмірден көрген-түйгеніміз бар болса да, ол кісіден көп нәрсені үйрен-



Оңғарбаев Имамадин 1953 жылы 21 ақпанда Қызылорда облысы Арал ауданының Ақбасты ауылында дүниеге келген.

1975-1992 жылдары учаске шебері, аға инженер, топ жетекшісі, бас конструктор, жобаның бас инженері, шеберхана бастығы қызметтерін атқарған. 1992-2003 жылдар аралығында мұнай саласында еңбек етті. 2003-

2004 жылдары – «Казнефтегазконсалтинг» серіктестігінің директоры, 2004-2008 жылдары – Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары, облыс әкімінің орынбасары, қала әкімі, облыс әкімінің кеңесшісі. 2008-2012 жылдары – «Казнефтегазконсалтинг» серіктестігінің басқарушысы, «Казатомпром» акционерлік қоғамы күкірт қышқылы зауытында бас директордың бірінші орынбасары. 2012 жылдың сәуір айынан «Қазсушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорны «Арал СЖКБД» филиалының директоры болып қызмет атқарып келеді.

VI шақырылған Қызылорда облыстық мәслихатының депутаты. Қызылорда қаласының Құрметті азаматы.

дік. Қарамағындағы жанның барлығына қамқорлықпен, сыйластықпен қарайтын Икрам Адырбекұлының парасатты тұлғасы – ол кісіні білетін адамдардың құрмет көкжиегінде әрқашан биікте. Солай бола да береді. Икрам Адырбекұлы Қызылорда облысында қызмет істеген жылдар – біздің рухани, әлеуметтік, экономикалық өсу жылдарымыз болды.

Бекмырза ЕЛАМАНОВ

ЕЛГЕ ЖАСАҒАН ҚЫЗМЕТІ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

Сырдың ерке суынсыз Қызылорда облысын да, өзенді жағалай қонған самала жарықты қалалары мен елді мекендерін де елестету тіпті мүмкін еместей. Себебі екі бірдей ұлы құмның, шөлді алқаптың қаңсығын жібітіп, тамырына қан жүгіртіп, нәр беруші, асыраушы алып ана – ол Сыр, Сыр-Ана! Сырдың бойында туған соң, Сыр-Ананы мен де сүйемін, Сырдың бойын гүлдендіруге өзімнің перзенттік үлесімді қоссам деген арманның жетегінде өмір сүрген азаматтардың бірімін.

*Сыр десем, сырғып шығар жүректен сөз,
Маған да бата беріп, түлеткен тез.
Алашым ақ ордасын саған тіккен,
Су кешіп маңдайынан күн өткен кез.*

*Сыр десем, еске түсер есіл ерлер,
Ерлігін шежіре ғып көшіре бер.
Сыр саған сырласа алсаң, сырын айтар,
Уақыттың ергің келсе көшіне егер, –*

деп жерлесіміз, қайраткер азамат Бақытбек Смағұл бауырымыз жырлаганындай, жан дүниеңізбен жақын тартып сырласа білсеңіз, Сыр-Ана да, Сыр-Ананың бойында өскен қызылордалықтар да сыртқа теппей, жылы шырай білдіріп, бауырына басады. Тек Сырға деген шынайы ниетіңіз бен көңіліңіз болса болғаны. Сыр еліне басшы болып келіп, бірнеше жыл жұмыс істеген Икрам Адырбекұлы Адырбековті мен сол Сыр-Анамен, Сыр елімен сырласа біліп, сырмінез болып, өз ұлына айналған азамат деп танимын. Ол кісімен қызметтес

болған кезеңдегі атқарылған істер жөнінде жазбас бұрын шағын кіріспеге кезек берейін.

Менің азаматтық өмір жолым Сыр бойында қалыптасып өтіп жатқан еді. Алты жыл аудан әкімі болып жұмыс істеген соң, әлдебір себептермен қызметтен кеткен едім. Содан жеке шаруашылықпен шұғылданып жүргенде 2001 жылы бір інілеріміз үйге келіп, ұсыныс білдірді:

– Тереңөзек, Сырдария аудандарында бір фирма ашып жатырмыз, соған жұмысқа келсеңіз. Онсыз да үйдесіз ғой, бірге жұмыс жасайық, шаруашылықтарға бас-көз болыңыз, өзіңіз бұрын шаруашылық басқардыңыз, – деген соң, қарсылық танытпадым.

2004 жылға дейін сол фирмада жұмыс жасадым. Мұндағы еңбегіміз жаман болған жоқ. Қарамағымызда он шақты шаруашылығымыз бар, бір ауданның күрішін егеміз, жағдайымыз жақсы, көлік те сай, бәрі дұрыс дегендей. Өніміміз де мол әрі өтімді еді, шаруашылықтар да қалыпты жұмыс істеп жатты.

Сөйтіп жүріп жатқанда Қызылорда облысының сол кездегі әкімі Серікбай Нұрғисаев ауысты да, орнына әкім болып Икрам Адырбеков келді. Икрам Адырбекұлымен бірінші танысуым сол 2004 жылдың басында болды.

Бір күні ауданымыздың әкімі:

– Сізді облыс әкімі шақырып жатыр, – деген хабарды жеткізді.

Содан бардым белгілеген уақытында. Амандасып, танысқаннан кейін облыс әкімі:

– Шаруашылығыңыз қалай, жағдайыңыз жақсы ма? – деп сұрады.

– Жақсы, шаруашылығымызда бәрі ойдағыдай, жүріп жатырмыз, – дедім.

Тағы да біраз сөйлескен соң Икрам Адырбекұлы шақырған себебін айтып:

– Жаңа құрамда жұмыс істегіңіз келе ме? – деп сұрақ қойды.

Біраз жыл мемлекеттік қызметте істеген адамды, жеке шаруашылықта жағдайың қанша жақсы дегенмен, әкімшілік басқару жұмысы тартып тұратын бір сезім болады екен. Сондықтан да шығар, бірден келістім:

– Сіз сенім білдірсеңіз, істеймін, – дедім.

– Жақсы, хабар өзімнен болады, – деді.

Сөйтіп, Икрам Адырбекұлы өз таңдауымен шақырып алып, бұйрық шығарды да, орынбасары етіп тағайындады.

Сонымен Икрам Адырбекұлы осы қызметтен ауысып, Қытайға елші болып кеткенге дейін үш жылдай бірге қызмет атқардым. Икрам Адырбекұлына дейінгі үш-төрт облыс әкімімен жұмыс жасағанмын. Бұдан кейін Мұхтар Құл-Мұхаммед және Болатбек Қуандықовпен де осы лауазымда жұмыс жасадым.

«Алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай шабады» деген мәтелді облысты басқарған адамдарға да айтуға болатын шығар деп ойлаймын. Олардың қызметіне тікелей баға беріп, салғастырмасақ та, былайша, өмірлік тәжірибе арқылы бағамдаймыз ғой. Соның ішінде Икрам Адырбекұлының өзгелерге қарағанда бір ерекшелігі – ортаға бейімділігі дер едім. Бұл кісі көп жыл дипломат болып жұмыс жасаған кәсіби маман ғой, тек қатаң тәртіпке сай қызмет жасайды. Осы күнге дейін елдің аузында жүрген қызмет тәртібіне жұртты тәрбиеледі және оны сақтауға қатаң болды. Кез келген отырыс, жиын не басқосу, кездесу болсын, ол кісі ешқашан да бір минут кешікпейді. Керісінше, үш-төрт минут ерте келіп, шолып қарап тұрады. Біз де соған қалыптастық. Қандай үлгермей жатқан жағдай, қандай қиын сәт болып жатса да, жиналысты мезгілінде бастайды. Және ұзаққа созбайды, нақты-нақты тапсырмалар береді де жібереді. Міне, осы бір дәлдікті ол кісі елге үлгілеп кетті.

Екінші бір қасиеті – басшы қызметкерлерге жұмыстағы шешім шығару, басқару еркіндігін беруі. Барлық орынбасарлардың жеке басқаратын өз саласы бар ғой. Бізге осы тұрғыда:

– Бар мүмкіндік, еркіндік тікелей өздеріңде. Түсінбейтін мәселелер кездессе, қысылмай сұраңыздар. Бірақ көрсеткіштерге, орындалмай жатқан жұмыстар болса, өз бастарыңызбен жауап бересіздер, – дейтін тапсырма беріп.

Мұндай жағдайда бастама көтеріп, миыңды жұмыс істетуің керек бопары сөзсіз емес пе! Өзің үшін жаныңды салып жұмыс істейсің. Ел бар, жұрт бар қарап отырған. Ол алып тастайтын цифр емес, жұрттың көзіндегі жұмыс қой. Соған барымызды салып, жинақтаған тәжірибеміз бен білімімізді сарқа пайдаланып, жұмыс жасадық. Жаман болған жоқпыз ол жылдары. Облыстың экономикасы жақсы көтерілді, бюджеті көлемді толықты. Ең бастысы – елдің арасында алдында наразылыққа ұласқан көңіл басылып, мемлекеттік билікке деген сенім қалыптасты.

Сөздің реті келгенде айта кетейін, бұл кісінің елмен, қарапайым адаммен, үлкен-кішімен, жалпы халықпен сөйлесуде оңтайлы тәсілдемесі, қарым-қатынас жасаудағы өзіндік ерекшеліктері болды. Барлық кісінің тілін таба білетін, қиын жағдайларда да амал табатын.

Ауыл шаруашылығы жөніндегі орынбасар болғандықтан, жер мәселелері маған қарайтын. Соған қатысты кішігірім болса да бір оқиғаны айтайын. Соғысқа қатысқан бір үлкен ақсақал бар еді, қаламыздың тұрғыны. Сол тұста сексеннің үстінде. Міне, сол кісі Икрам Адырбекұлының қабылдауына келді. Келгенде, ақсақал науқастанып жүр ме, бір жағдай болатын, күз бен көктемде. Келетін себебі, сонау 1938 жылдары алған тұрғылықты жерінің жарты метр аумағын 40-жылдары көршісі өзіне шамалы шегеріп алған екен. Үлкен кісінің

38-жылдардағы құжаттарының бәрі дұрыс. Сонан бері қаншама уақыт өтіп кеткен. Бірнеше рет соттасқан. Сот көршісінің пайдасына шешкен. Себебі талап қою мерзімі өтіп кеткен. Ақсақал әкімшілікке келеді, хатын береді. Икрам Адырбекұлы қолын қойып, бізге жібереді. Біз мамандарға тапсырамыз, жер комитетіне, қаланың әкімшілігіне, ал олар: «Соттың шешімі бар екен. Бұл ақсақалдың жалпы айтып тұрғаны рас. Бірақ сонау 38-жылдардың мәселесі болғандықтан, ешқандай шешудің мүмкіндігі жоқ» деп жауап береді.

Сосын мен анықтаманы жазамын да, Икрам Адырбекұлына беремін: «Ақсақалдың айтқанының бәрі дұрыс, бірақ ол мәселені шешу мүмкін емес. 60 жыл өтіп кеткен іс» деп. Сөйтіп, ақсақалға жыл сайын жауап береміз, өзіміздің атымыздан. Солай шамалы тынышталып жүреді де, көктем, күздерде қайта бастайды. Бір жылы 9 мамырдың алдында тағы келді. Ол кісі жай келген жоқ. Әкімшіліктің алдына келіп:

– Әкім қабылдасын мені, қабылдамаса, ертең тоғызыншы мамыр күні айқай-шу шығарамын, – депті.

«Жазған құлда шаршау жоқ» демекші, ол кісіні маған жібереді, ал менің айтарым белгілі.

Бір кезде облыс әкімі ақсақалды қабылдайтын болды, қабылдау бөлмесіне орынбасарлардың барлығын шақырып жатқанын айтты. Бәріміз бардық. Икрам Адырбекұлы отыр, қария отыр.

– Қайсысы бұл кісілердің сіздің мәселеңізді шешпей жүрген? – деді Икрам Адырбекұлы.

– Мен, – дедім жылдам жауап беріп.

– Ия, осы. Осы бала, – деді жаңағы қария.

– Неге шешпейсің? – деді әкім.

– Кеше сізге жазып бердім ғой. Отыз сегізінші жылғы үй. Шешім қабылдау мүмкін емес, – деймін.

Икрам Адырбекұлы бас салып маған ақсақалдың көзінше ұрысты:

– Қалайша сендер осы айтқан мәселелерді шешпейсіңдер! Дұрыстап айналыспайсыңдар! Құжаттың бәрін қайта қарап шығыңдар! Қанша уақыт керек, сонша уақыт тексеріңдер! Ақсақал, міне, мына жігітке тапсырамын, өзім қадағалаймын. Соңынан тағы кездесеміз! – деді.

Қария мәз:

– Айналайын, рахмет! Осы өзің айтпасаң, болар емес. Сенің айтуыңа қарап тұрған екен ғой! Әй, жігіттер, естідіңдер ме, қанеки, іске кірісіңдер, әкім айтты ғой, – деп жадырап сала берді.

Біз де кеттік. Шамалыдан соң әкімге кіріп:

– Икрам Адырбекұлы, түсінбей қалдық? Енді қапай шешеміз бұл мәселені? – деп сұрадым.

Сонда Икрам Адырбекұлы:

– Енді қайтесіңдер! Амал жоқ, көктемде, күзде менің бір айқайыма шыдайсыңдар енді! – дейді жымыйп.

Сөйтіп, сол ақсақал қайтып мазаламады, шама-сы жақындары түсінген болар жағдайды. Ол кісінің әр адамға, әр оқыс оқиғаға осындай тәсілдемелері болатын. Тағы бір осыған ұқсас оқиға еске түсіп отыр.

Икрам Адырбекұлы жаңа қызметіне келгенде, өңірде жергілікті билік пен халықтың арасында біршама сенімсіздік пайда болған еді. Ол кісінің халықпен алғашқы кездесулері үш-төрт сағатқа созылатын, билікке наразы қатты-қатты сөздер айтылатын. Әсіресе көп қиыншылық мойнына түскен аналар мен келіншектер белсенділік танытатын.

Сондай бір жиналыс Қазалыда өтті. Халық көп жиналды. Икрам Адырбекұлы екі-үш сағат тапжылмай отырып, айтылған сөздерді, реніштерді тыңдады. Сөз бастайын десе, қайтадан айқай-шу көтеріледі. Содан отырған ел де, біз де шаршадық. Ал ол кісі ешқандай ренішін көрсетпей, халық бәрін айтып, тынышталған соң жайлап, қойылған сұрақтарға рет-ретімен жауап бере бастады. Соңында:

– Мен әрі қарай да сіздерді тыңдауға даярмын, отыра беремін. Бірақ Сырдың арғы бетіндегі ауылдарда халық мені күтіп отыр еді. Бар десеніздер, барайын, болмаса отырысты жалғастыра берейік, – деді.

Жиылған жұрт ыңғайсызданып:

– Бара беріңіз, бара беріңіз! Бәрі түсінікті, жолыңыздан қалмаңыз! – деп жатыр, бірімен бірі жарысып.

Сондай шыдамдылығының арқасында елдің бетін тез арада өзіне бұрып алды. Ол кісіге деген халықтың сенімі артты. Кейінгі жиналыстарда көп өзекті мәселелер жүйелі шешіле бастаған соң, мақтау сөздер айтыла бастады. Ондай жағдайларда Икрам Адырбекұлы келген мәселелерді нақты талқылап, жиналысты тезірек аяқтауға тырысатын.

Шынында, ауыл шаруашылығына қатысты мәселелер бойынша Икрам Адырбекұлымен бірге елді көп аралайтынбыз. 2004 жылдары экономика әлі қазіргідей көтеріле қойған жоқ. Әсіресе ауылдарда қиын, инвесторлар енді-енді келіп жатқан кез. Елдің арасында түсінбестік көп, сол кезде кеңшар, ұжымшардың бәрі тарап, меншікке өтіп кеткен.

Икрам Адырбекұлы шаруашылықтарды, елді мекендерді толық аралағаннан кейін, ақыры бір байламға келген болуы керек, селолық тұтынушылар кооперативі дегенді құруға шешім қабылдады. Мұндағы мақсат: әр ауылда кооператив құрып, оған бюджеттен қаржы бөліп, ең болмағанда трактор мен сүйретпесін, қи-қоқыс артатын жүк тиегішін алып беріп, өздерімен өздері тіршілігін жасасын, ауылға қызмет етсін деген ниет болғаны анық. Коммерциялық ұйым емес, елге қызмет жасау үшін құрылған көмекші ұйым болды. Соған бюджеттен азды-көпті ақшасын беріп қозғалысқа енгізді. Сол тың қозғау, үлкен қолдау болды қиын кезеңде. Жақында Парламентте «Ауылшаруашылық кооперативі туралы» заң қабылданды ғой. Ол кезде

де, яғни Икрам Адырбекұлының бастамасымен құрылған кооператив те сол принципте жұмыс істеп еді. Өз тұсында барлық мәселелерді шешіп жібермегенімен, сол қадам халыққа жақсы қолдау болды.

Бұл кісі заңға, тәртіпке, үкіметтің мүддесіне берілген адам. Заңға сәйкес шешілетін мәселелерге сол мезетте тапсырмалар беретін, бірақ соның қай-қайсысында болсын облыстың мүддесін қорғауды басты мақсат тұтатын. Мәселен, Арал теңізі сол кезде суға топа бастаған еді. Арал теңізі толғаннан кейін, бірінші рет балық аулауға квота берілді. Теңіз сегіз аймаққа бөлінді, сол сегіз аймақ бойынша Кіші Аралға конкурс жарияланды. Осы Ауылшаруашылық министрлігі өткізетін конкурсқа Қазақстанның барлық облыстарындағы балық шаруашылықтары қатысуға құқығы бар-ды. Оның үстіне, конкурстың талаптарын бекіткенде кімнің зауыты бар, қуатты қайығы мен ау-құралы бар – соларға басымдық берілген.

Баяғыда Арал тартылып кеткенде қалып қойып, қайта толуына тілекші болып жүрген жергілікті байырғы балықшылар да конкурсқа түсуге ниетті. Бірақ ол кісілердің қолында еш нәрсе жоқ. Ал конкурсқа Шардарадан, Қапшағайдан, Зайсаннан ірі компаниялар келіп қатысты. Оларда конкурс талабына сай барлық құрал-жабдық бар. Мен әкімнің атынан конкурстық комиссия мүшесімін. Республикадан Ауыл шаруашылығы министрлігіндегі балық комитетінің басшысы Юрий Ромашов деген жігіт бар, комиссия төрағасы, тағы басқа қызметкерлер, заңгерлер бар.

Сонан бірнеше рет жиылып қараймыз: біздің балықшыларда қажетті құрал-сайман жоқ, ал сырттан келгендердің үлкен қайықтарымен бірге балық зауыттары бар.

– Мына конкурстың талабына қарайтын болсақ, біздің балықшыларға еш нәрсе тимейді екен! – дедім Икрам Адырбекұлына баяндап.

– Сен оның құрамында неғып отырсың, – деді маған, – тек өзіміздің аралдықтар алуы керек бәрін. Зарығып күтіп отыр олар ата кәсібін, бала-шағасымен, қанша жылдан бері ешқайда көшпей, үміттеніп. Көшіп кеткендер де бізге сеніп отыр. Басқаша шешім болуы мүмкін емес, – деп қатты толқыды.

– Тендердің шарты бар ғой, бұзылса қайтем, – деп едім:

– Саған шара қолданатын мен. Тек біздің балықшыларды жақтай бер. Мен Ахметжан Смағұлұлымен (Ауылшаруашылық министрі) сөйлесемін, жағдайды айтып түсіндіремін. Мәселені қалайда шешуге тиіспіз, – деді. Түсінікті ғой енді содан кейін.

Комиссия мүшелеріне келіп айттым:

– Мына Арал кетіп қалғалы отыз жыл болды, соны күтіп отыр біздің халық. «Теңіздің суы оралады, сумен бірге балық келеді, кәсіп келеді» деп үміттенген жергілікті балықшылар. «Елбасымызға рахмет, суымызды әкелді, балығымызды әкелді, енді жұмысқа кірісеміз!» дегенде, оларға берілмесе, мына халықтан ұят емес пе?

Сөйтіп, комиссия мүшелерімен айтысып-тартысып жүргенде, сырттан келген компаниялар конкурсқа түскен құжаттарын аяқ астынан алып, қайтып кетті. Мен кейіннен білдім, облыс әкімінің өтініші бойынша Ахметжан Смағұлұлы Есімов өзінің беделімен оларды қайтарғанын. Екі басшының арасындағы ескі достық қатынас пен сыйластық та шешуші рөл атқарғаны сөзсіз, қиын кезеңде.

Осылайша, сегіз учаскенің барлығын өзіміздің балықшыларға бөліп бердік. Сол Аралдағы балықшылар осы кезге дейін рахметін айтады.

Қазір әрқайсысының балық зауыты, қуатты қайықтары бар, жақсы дамып келеді.

– Заңға салсақ, біз ала алмаймыз. Бірақ Арал халқының пайдасына шешу парыз, – дедік.

Ел мүддесі тұрғысында ережелерді аздап бұзған осындай жағдайларымыз болды.

Икрам Адырбекұлы жақсы психолог еді. Көп нәрсені үйрендік. Мен енді бір оқиғаны айтайын. Әкімдіктің ағымдағы жиналысы үстінде бір әріптесіммен сөзге келіп, пікір таластырып қалдым. Жұмыс бабында ғой, ешқандай жеке мүдде жоқ. Дауысымыз көтеріліп, әр түрлі сөздер пайда болғанда Икрам Адырбекұлы:

– Тоқтатыңдар, қазір отырыс біткеннен кейін қалып, екеуің маған келіңдер, – деді.

Пікірталасымыз қаралып жатқан күн тәртібіндегі мәселеге байланысты еді.

Отырыс аяқталғаннан кейін кірдік екеуіміз. Әкім әріптесіме айтты:

– Сенікі дұрыс емес. Бекмырзаның айтып жатқаны дұрыс, өзің біле тұра, сонда да қоймайсың, – деді.

Содан мені қолдады ма деп, қопандай бастап едім:

– Сенікі дұрыс, бірақ сенің бір жаман мінезің бар, адамды ұрысқа, жанжалға, дауға шақырып тұрасың, – деді.

Иә, табиғатымнан шамалы қызулауым. Әділетсіздікке төзбеймін.

– Сен осы мінезіңді шамалы азайтсаңшы, өзіңе пайдасыз дүниені, – деді Икрам Адырбекұлы маған. Ақырын айтты, бірақ қатты әсер етті.

Жаңағы мінезімнен бұрын да таяқ жеп жүргенмін. Ана жағдайда «Істіктің екі басы бірдей ыстық» дегендей, екеуімізді бірдей сабамызға түсірді.

Ауыл шаруашылығына қатысты бір жаңалық – сырттан мал әкелу туралы бағдарлама жасадық. Солтүстік Қазақстаннан сүтті сиырлар әкелдік – «Ақжарма» деген шаруашылыққа жүз бас, Жаңақорғанға жүз бас. Соған бюджеттен арнайы ақша бөлініп, кәсіпкерлерге көмек жасалды. Содан бұл жұмыс Қазалыға дейін

жалғасып кетті ғой. Ауыл шаруашылығының әр тарапына халықтың бейімделуіне оң себеп болды. Осындай бастамалар бүгіндері Қазақстанның барлық жерінде жүзеге асырылып жатыр.

Икрам Адырбекұлының бір ерекшелігі – ақпарат құралдарында көріне беруге сараң-тын. Үлкен саяси мәні бар шараларды өзі бастайды, ал шаруашылық сипаттағы шараларды, бізге тапсыратын.

Ол кездегі ең үлкен проблема – облыстық бюджетке қаржы табу болды. Экономистермен бірлесе отырып, шетелдік мұнай компанияларының экологиялық зардаптарын есептеуді әкім қайта қарап шықты. Сол кездегі облыстық табиғат қорғау басқармасының басшысы Шайхислам Ноғажевты шақырып алып:

– Сен осы бағытты терең зертте. Әр цифрын, экологиялық зардаптарының көлемін дұрыстап қара, қандай заңбұзушылықтар бар екенін баянда. Егер болған жағдайда экологиялық талапқа қандай өзгерістер енгіземіз, ұсыныс жаса, – деп тапсырма берді.

Икрам Адырбекұлы ерінбей барлық шетел компанияларымен жасалған келісімшарттарды қайта қарап, танысып шықты. Нәтижесінде оларды сотқа бере бастады. Алғашқы төрт миллиард теңге «ҚазГермұнай» компаниясынан түсті. Төрт миллиард теңге деген шаш етектен мол ақша еді онда.

Елді мекендердегі мәдениет ошақтарын жөндеуден өткізуге бюджетте қаржы қарастырылмайтын. Өйткені қаржы тапшы. Икрам Адырбекұлы алғаш түскен қаржыға қаңырап бос жатқан көптеген елді мекендегі мәдениет үйлерін жөндеуден өткізді, жаңылмасам, саны жетпістен астам. Қызылорданың біраз көшесіне асфальт төселді. Елді мекендер біршама көркейіп, көтеріліп қалды. Ол кезде облыстың бюджетінің өзі 30 миллиард теңгенің төңірегінде ғана болғандығын есептей беріңіз. Содан кейін шетелдік мұнай компанияла-

ры әкімнің ұстанған бағытынан қайтпайтынын білді. Барлық төлемдерді, айыппұлдарды уақытында төлеп тұратын жағдайға келді, әкімнің ұсынысына сәйкес, өз еріктерімен қаржы бөліп, арнайы «Демеу» атты қор құрылды. Сол қор арқылы біраз әлеуметтік мәселелер шешілді, жастар шетелге оқуға жіберілді, аз қамтылған отбасыларға көмек берілді.

Икрам Адырбекұлымен отбасымызбен де жақын араластық. Жалпы адам ретінде тұйықтау болып көрінеді. Бірақ үйренісе келгенде жарқын, ашық жан екенін сезесіз. Тыңдауды жақсы көреді. Көп ашылып сөйлемейді.

2007 жылдың қаңтарында біз шығарып салып жатырмыз ол кісіні. Қытайға елші болып тағайындалды. Шығарып саларда барлық орынбасарлар арнайы шай іштік. Отырыс үстінде: «Икрам Адырбекұлы, сізден көп нәрсе үйрендік, бұл үшін сізге рахмет» дегендей, түрлі әңгімелер айтылды. Сондай бір әредікте Икрам Адырбекұлына әзілдеп:

– Ай, Икрам Адырбекұлы, үш жыл бірге жұмыс жасағанда бір ашылмай кеттіңіз-ау! – дедім күліп.

Ол кісі күлді де қойды.

– Сіз енді дипломатсыз ғой, барлаушысыз. Тыңдап-тыңдап кеттіңіз! – десем, жұбайы Ләззат Ерсұлтанқызының:

– Бекмырза, айналайын, үш жыл бірге істеген сендер түгіл, отыз жыл бірге тұрған маған да әлі толық ашылған жоқ қой! – деп әзілдегені есімде.

Икрам Адырбекұлы, шынында, барынша қарапайым кісі болатын. Кісілік пен мәдениеттілікті шынайы ұштастыра білген зиялы адам. Жүріс-тұрысы, киім киісі, барлық жағынан да өзгешелігі бар.

Ол кісі жаяу жүргенді жақсы көретін. Елмен танысып, бой үйреткеннен кейін, осы әдетіне сай, Икрам Адырбекұлына ұсыныс жасадық:

– Бізде керемет табиғат бар, аралап көруге болады, әрі аң-құстар кездесіп қалуы мүмкін, – деп.

Сонымен негізінен қыс айлары табиғатқа шығып тұратын болдық. Он-он бес шақырымға жүріп келе жатып айтатын әңгімеміз де жұмыс төңірегінде. Көп сұрақ қоятын, облыстың барлық мәселелерін терең білгісі келетін. Жаяу жүруге мықты еді, кейбір кезде тіпті ілесе алмай қалатынбыз.

Әдебиетті көп оқитынын да білемін. Әсіресе суретшілердің туындыларын жиі сатып алатын. Жалағашта Батырбек Тұрабаев деген суретші бар-ды. Ауданға бір барғанда Икрам Адырбекұлы Мәдениет үйінде ілулі тұрған Батырбектің суреттерін көріп қалып, бірден сұрады:

- Мынаны кім салған?
- Тұрабаев деген жергілікті суретші салған.
- Қазір сол жігіттің үйіне соға кетейік, – деді маған.

Барсақ, қарапайым, кішкентай үйде тұрады екен. Сол үйдің бір бөлмесін шеберхана жасап қойған. Суреттерді қоятын да жер жоқ. Үйіліп-үйіліп жатыр. Икрам Адырбекұлы оларды ашып көрді де:

- Қаншадан беріп жатырсың? – деді.
- Көп сұрамаймын, адамдар біртіндеп алып жатыр, – деді суретші.

Жұмыстарының бағасын айта алмады. Сосын суретшіге Икрам Адырбекұлы:

– Мен мына картиналарыңа осынша ақша берейін. Жаңа туындыларың болса, маған көрсетіп тұр, – деді.

Сөйтіп, суретшінің біраз суретін алды. Содан әлгі суретшінің облыстық музейде арнайы көрмесін ұйымдастырып, өзі қатысып, сөз сөйледі. Кейін Батырбектің жағдайы жақсарып, елге аты шығып, өнердің орталығы Алматыға көшіп кетті. Әкімнің үйінде сол суретшінің үлкен коллекциясы жиналды, елден кетерінде сол суреттерді, басқа да өнер туындыларын облыстық музейге сыйлап кетті.



Еламанов Бекмырза – Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты.

1950 жылы 1 қаңтарда Қызылорда облысы Қармақшы ауданының Қорқыт станциясында дүниеге келген.

1974 жылдан Қармақшы ұжымшар аралық бордақылау алаңшасында зоотехник, бас зоотехник; аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, хатшысы қызметтерін атқарған. 1987 жылдан – «Қуандария» кеңшарының директоры, 1990-1992 жылдары – Қармақшы аудандық халық депутаттары кеңесі төрағасының орынбасары, 1994 жылы – «III интернационал» ұжымшарының төрағасы, Қармақшы ауданының әкімі. 2004 жылдан – Қызылорда облысы әкімінің орынбасары, 2008 жылдың тамызынан – Қызылорда облысы ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы, 2008 жылдың қарашасынан 2014 жылдың қазанына дейін – Қызылорда облысы Жаңақорған ауданының әкімі.

2012-2014 жылдары – Қызылорда облыстық мәслихатының депутаты, хатшысы, 2014 жылдан Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты.

«Құрмет» орденімен, медальдармен марапатталған.

Икрам Адырбекұлының осындай адамгершілік қасиетке бай, жан-жақты адам екендігін біз облыс әкімі болып келген кезден бастап сездік, сыйластығымыз ерекше болды. Ол кісінің өмір жолы көре білген адамға нағыз зиялы да мемлекетшіл тұлғаның үлгісі дер едім.

Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ

БИИК АБЫРОЙ ИЕСІ

Жыры да, сыры да мол ежелгі Сыр өңірінің арғы-бергі тарихында талай ел басшылары болғаны анық. Тарихты тереңнен қозғамай-ақ, өз заманымыздың тәуелсіздік жылдарындағы облыс басшылығында болған азаматтар жайлы ой қозғау игі іс болары сөзсіз. Өйткені көп жағдайда облыстың даму тарихы сол азаматтардың атқарған ісімен, қалдырған ізімен ұштасып жатады.

Икрам Адырбекұлы біздің облысқа, ұмытпасам, 2004 жылдың сәуір айында келді. Елбасының өзі алып келіп, облыс активіне таныстырғаны әлі есімде.

Ел алаңдап қалды. Бәрінің көкейінде бір ой: «Елдің жағдайын жақсартпа апар ма екен?» деген. Өйткені бұл кезде облыстың әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен халықтың тұрмысының күйіп тұрған өзекті мәселелері көп еді. Әсіресе адам баласының шаруашылық мақсат үшін өз қолымен жасаған тағылық қарекеттерінің салдарынан Арал қасіретінің адам қасіретіне айналып, ушығып тұрған шағы болатын. Сыр өңірінің экологиялық жағдайы өз елімізді былай қойып, әлем назарына іліне бастағанды. Тіпті небір белсенді ақпарат құралдарының беттерінде Қызылорда облысының ахуалын құрдымға жіберген, адам үркетіндей етіп, орынды-орынсыз дүниелер айтылып, жазылып жататын.

Қазақ елінің ең бір тарихи жері, сонымен бірге тұрмыс жайының толып жатқан күрделілігі мен ерекшелігі де бар Қызылорда облысына басшылыққа келген адамдар өзін үлкен бір сынаққа салуға жіберілгендей сезінетін. Және де бір асқан сақтықпен келетін. Өйткені жергілікті халықтың бәрі дерлік осы өңірдің тумасы, тұтасып отырған қалың ел болғандықтан ба, сырттан келген басшыға, лауазым иесіне үлкен сынмен қарайтын да,

бағасын да лезде беріп, кімнің кім екендігін жазбай танып отыратын тағы бір мінездері бар.

Сол кезде Үкімет Қаулысымен Қызылорда облысындағы қалыптасқан күрделі экологиялық жағдайға байланысты жергілікті тұрғындарға төленіп тұратын белгілі бір бекітілген коэффициент бар-ды. Әркімнің айлық еңбекақысына үстеме есебінде төленетін осы коэффициент Арал мен Қазалы аудандарындағы бюджеттік мекемелерде елу пайыз мөлшерінде болды да, ал қалған бес аудан мен облыс орталығында ол отыз пайызды құрады.

Шындығына келгенде, Арал қасіретіне байланысты бекітілген бұл экологиялық коэффициент жергілікті халықтың біраз жыртығына жамау болғаны да рас. Арал теңізінің табаны тартылып, теңіз түбіне шөккен тұз құмды даланың шаң-тозаңын бірге көтеріп, ақ боран болып бұрқырап жататын. Содан барып, көптеген түрлі індет асқынып, жергілікті халықтың арасында ауру-сырқау да көп болатын. Жаңағы үстеме коэффициент сондай жандарға таптырмайтын көмек еді. Өйткені емделу үшін де аз қаржы жұмсалмайды.

Сол Арал қасіретіне байланысты коэффициенттің бір Қызылорда облысының әр аймағында әр түрлі болуы 2002-2003 жылдары бұқаралық ақпарат құралдарында жиі-жиі айтылып та жүрген-ді. Соған орай, «Облыс біреу, ал коэффициент неге әр түрлі болуы керек?» деген қоғамдық пікір де қалыптасып қалған болатын. Бұл жағдай сол кездегі облыс әкімі мен жергілікті зиялы қауым арасында түрлі көзқарас тудырды. Осы мәселе талқыға түсе қалса болды, көзқарас қарама-қайшылығы ешкімге абырой бермес текетіресті жағдайға да әкеле бастаған еді.

Осының әсері болды ма екен, 2004 жылдың ақпан айында сол кездегі Қазақстан Республикасының вице-премьері Григорий Марченко мен Қазақстан Рес-

публикасының Табиғатты қорғау және экология министрі Айткүл Самақова Қызылорда облысына арнайы келіп, жиын өткізді. Сол үлкен жиынға өз заманында қызмет істеген, бірі облыс, бірі аудан басқарған көптеген ел ағалары мен ел азаматтары түгел келгенді. Жиынға мен де қатыстым. Жалпы халықтың басым көпшілігі әкімнің жұмысына, экологиялық мәселелерге байланысты өздерінің наразылығын бүкпей, жасырмай айтты. Бұл жайтты ақпарат құралдары жарыса жазып, беріп жатты.

Міне, сол жиын өткеннен кейін бір айдан соң Қызылорда облысына әкім болып Икрам Адырбекұлы тағайындалды. Қызылорданың сол кездегі қалыптасып қалған аса күрделі жағдайынан және де осыған орайғы дау-дамайлардан Елбасы да хабардар болса керек. Міне, сондықтан да өңірде қалыптасқан күрделі жағдайдың күрмеуін ақылмен, сабырмен жайлап отырып шешетін, халық пен биліктің арасын жалғастыра алатындай лайықты адам қарастырылған сәтте Елбасының таңдауы Икрам Адырбекұлына түсті ме деп ойлаймын. Және де бұл өзі дәл уақытында жасалған таңдау болатын.

Қызылорда облысының әкімі ретінде, бар билікті өз қолына алған Икрам Адырбекұлы келе салып кадрларға тие де қойған жоқ. Көп өзгеріс жасамады. Сол кадрлық ауыс-түйістің көп бола қоймағанының өзіндік себебі де бар шығар. Біріншіден, жаңа әкімнің Қызылорда облысында таныс-тамырлары аз еді деген де болар еді. Сондықтан да жергілікті кадрлармен бірлесе жұмыс жасаймын деген берік ұстанымы болуы керек. Сол кезде өз өтінішімен тек қала әкімі және бірер орынбасарының ғана ауысқаны болмаса, өзгелері өз орнында қалды. Мысалы, идеология, ауыл шаруашылығы, әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасарлары өз қызметтерінде жүрді. Бір атап өтерлік

жай сол, Икрам Адырбекұлы жергілікті кадрларға сенім білдіре отырып, әр азаматтың әр мен жан тазалығына барынша назар аударып отыратындығын аңдаған едік. Өз төңірегіне мемлекеттің қаржысына қол сұқпайтын адал мамандарды топтастыруға баса мән беріп, соған тырысты. Әкімнің бұл абзал қасиетін, әрине, халық та аңғармай қалған жоқ. Елбасының сенімін ақтау үшін өзінің бар білімі мен тәжірибесін, адами қасиетін ел мүддесіне толық жұмылдыра білді.

Өзінің әкімдік міндетін жақсы ниет, ізгі ой, сенімді қадаммен бастаған Икрам Адырбекұлы облыста басшы болып аса көп те емес, 2004-2007 жылдар аралығында, яғни екі жарым жылдан аса істеді. 2007 жылдың қаңтар айында Қытайға елші болып тағайындалды. Сол екі жарым жыл ішінде Икрам Адырбекұлының соңынан бір жаман сөз ермегенінің өзі – адалдықтың ақ жолынан айнамағандығының айғағы. Икрам ағаның өмірдегі де, қызметтегі де адалдығына, әр ісі мен сөзіне мұқияттылығына, уәде берсе, соны орындайтын мінез тұрақтылығына, ең бастысы, қарапайым адамдармен барынша жылы сөйлесіп, елмен ынтымақтаса отырып, тығыз жұмыс жасайтындығына халықтың көзі жетіп, Сыр бойы халқы риза болды.

Икрам Адырбекұлының көптеген жақсы қасиеттері ел есінде мықтап сақталып қалған. Расы керек, көп жылдан бергі жұмыс барысында көріп келгеніміздей, облыс әкімі немесе өзге бір лауазымды басшы адамдар әлдебір шаруашылыққа, болмаса әлдебір кәсіпорынға баратын болса, алдын ала дабыл қағылып, әбігершілік жасалып, сол лауазым иесі келіп тоқтайтын жерге, мейлі ол дала болсын, қала болсын, сол ара айнадай қылып тазартылып, басшының аяғының астына кілем жайып тастайтын үрдіс бар еді. Икрам Адырбекұлы осы бір астамшылық пен жарамсақтыққа бірден тыйым салды.

Қалың елмен, оның игі жақсыларымен, жергілікті зиялы қауым өкілдерімен, әсіресе ақын-жазушылармен, журналистермен, мәдениет саласының қызметкерлерімен жақсы қарым-қатынастағы түсіністік орнатып, олармен тіл табыса білді. Бірақ Икрам Адырбекұлы сол шығармашылық топтың өкілдерімен өте сыйлас болғандығын пайдаланып, өзін орынсыз дәріптетуден, бос мадақтатудан бойын аулақ ұстады. Жүрген, барған жерін, жасап жатқан жұмысын көрсетіп жергілікті теледидар мен газет беттерінен де жиі көріне бермейтін-ді.

Сол кездері облыстық ресми газеттер жарты форматта, ұстасаң, қолыңа жұғатын қара бояумен, реңсіз болып шығатын. Оны келе сала түрлі түсті бояумен, толық форматқа көшірді. Арнайы баспасөз клубын ашып, онда басқарма басшылары, аудан әкімдері журналистермен тұрақты кездесу өткізетін болды.

Осы өңірде өзіне дейін жұмыс жасап, қызмет атқарған байырғы кадрлардың барлығымен пікірлес, сыйлас бола жүріп, ел ақсақалдарының да ақыл-кеңесіне жиі жүгініп отыратын тағы бір кісілік ерекшелігі болды. Солардың көпшілігі Икрам Адырбекұлының жақсы қасиеттерін осы күнге дейін айтып, сүйсініп отырады. Елді, аудандарды аралап, сапарға шыққанында да белгіленіп қойылған ресми жиынға бірден бармай, ең әуелі сол елдің үлкендеріне сәлем беріп, халықпен тікелей жүздесетін. Кейін әкімнің бұл өнегесі өзгелерге де үрдіс болды. Халықтан оқшауланбай, өзін өзгеден зор санамауды, қарапайым болуды үлгі тұтты. Барынша кішіпейіл болу, халықпен бірге жүру, олардың арасында көбірек болып, ой-пікірімен санасып отыру ол кісінің шынайы болмысы екенін көрдік.

Сыр өңірінің шешуін күтіп, күйіп тұрған мәселелері аз емес еді сол шақта. Қар да мол жауды. Сырдарияның мұзы да ерте бұзылып, дарияның жоғары жағынан келетін су мөлшері өте көп болды. Қызылорда

қаласының біраз жерін су алып кету қаупі туындады. Бұл – облыс басшысы үшін үлкен сын. Икрам Адырбекұлы сонда дария суы алып кетеді-ау деген қауіпті аймақтарда күні-түні жүрді. Өзінің жоғары беделі мен ілкімділігінің арқасында үкіметтен дер кезінде тиісті көмек те алып отырды.

Сырдарияның көктем сайынғы жайылма суының көп зардабы болды ма екен, сол кезде «Көксарай» су қоймасын салу мәселесі жиі көтеріліп, қызу талқыланып, түрлі пікірлер айтылып жатқан-ды. Біреу қарсы, біреу жөн санайды. Осы бір екіұдайлы пікір таластары кезінде Икрам Адырбекұлының тағы бір қайраткерлігі танылды. «Көксарай» контррегуляторы, яғни су реттеуіш қоймасында суды уақытша сақтайды да, қажетті кезінде босатып жібереді деп жобаланған.

Міне, осы мәселеге келгенде Икрам Адырбекұлы өзіндік пікір ұстанды. Су қоймасын салу керек дегенді қолдайтын Үкіметтің пікірі мен салуға қарсы жақтардың уәжін терең зерделеген облыс әкімі осы контррегуляторға қарсы пікірде болды. Неге дейсіз ғой, Икрам Адырбекұлы жергілікті ең білімді әрі тәжірибелі деген су мамандарымен, бұрынғы мұраптармен, қалың жұртшылықпен кеңінен кеңесіп, байыппен ақылдаса отырып, «Көксарайдың» дәл осы қазіргі кезеңде өңірге қажеті жоқ, оның орнына мына Қызылорданың айналасындағы су бөгеттерін биіктетіп, барын жөнге келтіріп, үлкен каналдардың табанын аршыық, барлық көл жүйелеріне су толтырайық» деген халықтың ортақ пікірінің жағында болды.

Бұл облыс әкімінің «Халық айтса, қалт айтпайды» деген қағиданы өз өмірінің берік ұстанымы етіп алғандығы еді. Жергілікті халықтың және көпті көрген су мамандарының пікірімен санасып, 2005 жылдары салынуға тиісті болған нысанға байланысты өз көзқарасын сол кездегі ҚР Премьер-министрі Даниал

Ахметовке дәлелдеуін және де «Көксарайды» салу мәселесін біразға дейін кейінге қалдыруға ықпал етуін ел үшін жасалған ізгі қадам деп есептеймін. Қызылорда облысы аумағындағы Сырдарияның жайын Астанадағы министрліктегілерге қарағанда, жергілікті жердегі мұраптар жақсы білетіндігін әкім жақсы түсінді. Өйткені сол мұраптар ғасырлар бойы осы дарияның бойында өмір кешкен өз бабаларының бай тәжірибесіне сүйенетін. Сырдария ежелден жыл сайын көктем мен күзде таситын. Сырдария бір тасып алып, көптеген өзен-көлдің, арық мен сай-саланың барлығын кемеріне келтіріп, толтырып барып, қайтатын. Кейін су жүрген жердің бәрінде жайылма су қалатынды. Сосын сол су жатқан жердің тереңінде балығы қалатын, жағасына көкмайса шөп қаулап өсетін, мал жайылуға өте қолайлы шүйгінді алқап болып шыға келетін-ді. Мұраптар осыны білді және соны ойлағанда еді. Өкінішке қарай, шыны керек, «Көксарай» қалай салынды, қазір осының бірі де жоқ, біз осыдан көз жазып қалдық. Сырдария өзені Қызылорда аумағында бұрынғыдай тасымайды. Сол көлдер бүгінде жоқ. Жалпы жеке басым, осы «Көксарай» су қоймасының, артықшылықтары да бар шығар, бірақ кемшіліктері де өте көп деп есептеймін. Бұл орайда кезінде Икрам Адырбекұлының осы «Көксарайға» байланысты айтқан: «Көксарайды» салуға бөлгелі отырған сол қаржыны облысқа берсе, біз осы Сырдария арнасын толық реттеп, экологияны түбегейлі жақсартатын едік» деген пікірі әлі де есімізде, солай жасағанда жөн болатын еді.

Қазір «Көксарайға» су бір мезгілде ғана жинап алынады да, сосын Сырдарияға жіберіледі. Біздің аймақта күннің ерекше ыстық болуы себепті, судың булануы да өте жоғары. Буланып босқа кетіп жатқан сол судың негізі Кіші Аралға барып құйылуы керек-тін, соның несібесі еді. «Көксарай» өз арнасына үш миллиард

текше метр суды жиып алып жатса, бес жүз миллиондай текше метр су жер астына сіңіп, қаншама алқапты батпақты далаға айналдырды. Былай қарағанда, экономикалық та, экологиялық та шығынға жол берілді. «Көксарайдың» бүгінгі ақиқаты тұрғысынан келгенде сол кезеңдерде Икрам Адырбекұлы айтқан уәжінің орынды екендігін дәуір өзі дәлелдеді және де ол кісі күні бүгінге шейін өзінің сол азаматтық пікірін сақтап қалғанына сенімдімін.

2004 жылы Икрам Адырбекұлының облысымызға әкім болып келуімен Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің сайлауы да қатар болды. Ол кездегі Мәжіліс депутаттарын сайлау қазіргідей партиялық тізіммен емес, бір мандатты округтер бойынша өтетін. Мұның өз ерекшеліктері, көптеген қиыншылығы да болды.

Қызылорда облысы бойынша қазақтың тұңғыш ұшқыш-ғарышкері Тоқтар Әубәкіров пен көрнекті ақын Мұхтар Шаханов сайлауға түсті. Екеуінің де абыройы асып тұр. Екеуі екі сайлау округінен, бірі – Қызылорда қаласынан, екіншісі – Жалағаш, Сырдария, Шиелі, Жаңақорған аудандары округінен. Екеуі де мемлекетіміздің саяси, рухани өмірінде өзіндік орны, ұстанымы мен билікке деген өз көзқарасы бар қайраткер тұлға, беделді азамат. «Таяқтың екі ұшы бар» дейтіндей жағдай еді және облыс әкімі үшін де шынымен сындарлы кезең болатын. Соған қарамастан, Икрам Адырбекұлы осы сайлауды өте бір шеберлікпен, ел, халықтың мүддесіне сәйкес өткізе алды. Тоқтар Әубәкіров те, Мұхтар Шаханов та осы өңірден депутат болып сайланып кетті.

«Екеуі де Қызылорда облысының азаматы емес. Неге қызылордалықтар болмасқа?» деген сыңайлы реніштер де болмай қалмады. Бұл, былай қарасаңыз, орынды сөз. Дегенмен, бұл арада жергілікті

мүддеден гөрі жалпыхалықтық, ұлттық мүдде жоғары тұрғаны жөн болды деп есептеймін. Депутат болып сайланған Токтар Әубәкіров Байқоңырға, Сырдария аумағындағы экологиялық жағдайға, Арал қаласының күрделі мәселелеріне байланысты үлкен-үлкен сұрақтар, талаптар айтып, көтеріп жүрді. Сондай-ақ ақын Мұхтар Шаханов ұлттық рухқа, ділге, тілге байланысты мәселелерге биліктің назарын аударды. Олар қызылордалықтардың сенімін толық ақтады, сол шақырылымдағы депутаттардың арасында ең танымал, мәселелерді тіке қоя алатын халық қалаулыларының қатарында болды. Сондықтан да Икрам Адырбекұлының сол жолғы саяси бағыттағы көзқарасы да, таңдауы да барынша дұрыс болды ғой деп есептеймін.

Осы сайлауға дайындық барысында Икрам Адырбекұлының мені шақыртқаны бар. Әңгіме барысында бірнеше қызметтер де ұсынған еді. Бірақ бизнес саласында жүргендіктен, өз кәсібіммен қала берейін деп едім, Икрам Адырбекұлы:

– Өзіндік көзқарасыңыз бар азаматсыз, сайлауға көмектесіңіз, атсалысыңыз. Осы бағытта бір қозғалыс құру керек, – деді. Қозғалыстың мәні мен мақсаты туралы да ойын ортаға салды.

– Бұл қозғалыс осы сайлаудың ойдағыдай өтуіне ықпал етіп, халықты, барлық қоғамдық ұйымдарды соған жұмылдыра алатындай болуы керек, – деген еді.

Көп ұзамай «Туған жер» атты қозғалыс құрдық. Қозғалыстың аты Икрам Адырбекұлының көңілінен шықты, бірден мақұлдады. Мен төрағасы болдым. Бұл қозғалыс қазірге дейін бар, жұмыс істеп тұр. «Туған жер» барлық көзқарастағы азаматтардың басын біріктіретін қоғамдық ұйым болғандықтан, осы қозғалыс арқылы жағдайы төмен отбасыларға, басына іс түскен жеке азаматтарға, мүмкіндігі шектеулі тұрғындарға

тиісті қолдау көрсетіп, көмек жасау мәселесін басты мақсат етіп, сайлау кезінде осы ізгілікті іспен тұрақты айналыстық.

Әлі есімде, 2004 жылдың жаз айының күйіп тұрған аптап ыстығында дәл сайлау қарсаңында Арал ауданында тұз шығаратын «Аралтұз» атты ауылдың бір топ азаматтары наразылық ретінде аштық жариялады. Облыс әкімі Икрам Адырбекұлы бұл жайдан хабардар болатын. Бір амалын жасау керек. Мені шақырып алып:

– Сіз мемлекеттік қызметте жоқсыз ғой, қоғамдық ұйым төрағасы ретінде сол жаққа барып, жағдайды өз көзіңізбен көріп, халықпен тілдесіп, мән-жайды біліп, талап-тілектерін тыңдаңыз, не айтады екен? – деді.

Содан Икрам Адырбекұлының тапсырмасымен «Аралтұз» жұмысшыларымен кездестім, олардың пікірін тыңдадым. Аралдықтар бір-ақ мәселені – айлығының төмендігін, соны көтеруді алға тартты. Тұрмысқа қатысты өзге де мәселелердің бар екендігін аңдадым. Тұз ғана шығарылып жатқан бұл жерде мал ұстауға да, егін егуге де ешқандай мүмкіндік жоқ екен. Тұздан басқа кіріс көзі мүлдем жоқ. Жергілікті халықтың қарап отырғаны – бір ғана тұз өндірісі болғандықтан да, осы ауылдағы әр отбасынан бір адам қайткен күнде де жұмысқа алынуы қажет деген талап болыпты. Сол талап бұзыла бастаса керек. Халықтың талап-тілегін тыңдаған соң, осы тәртіпті қалпына келтіру керек деген ұйғарымға келдік. Өйткені үйге кіріс кіріп тұруы үшін әр отбасынан бір адам жұмыс істеуі тиіс қой.

Міне, осылайша нақты жұмыстар жасалып, жергілікті халықтың талабы ескеріліп, тұз шығаратын зауыт жұмысы реттеліп, белсенділер аштық жариялау райынан қайтты, «Аралтұз» халқы сайлауға белсенді қатысты. Бұл – Икрам Адырбекұлының биліктің өктемдігінсіз-ақ алдын алу шараларын терең ойластыра білуі мен басшылық мәдениетінің биік деңгейін көрсетеді.

Икрам Адырбекұлы облыста жетекші болған үш жылдай уақыт аралығында көп жылдың еншісіне татитындай істер тындырып, елдің құрметіне бөленіп, халықтың есінде қалды. Елмен де, түрлі сала басшылары мен қарапайым қызмет атқарып жүрген азаматтардың барлығымен жақсы қарым-қатынаста болып, қоян-қолтық жұмыс жасады. Жайлы болды. Өз қарамағындағыларға қаттылау айтып, сөккенін де, ақылын ашуға билетіп, артық сөз айтқанын да көрген емеспіз. Барлық қарым-қатынасты тек өзара сыйластық негізінде құра білді. Икрам ағаның тұла бойындағы кішілігі мен кісілігі, мәдениеттілігі өзіне жарасып тұратын.

Сыр өңірінің экономикасын дамытуға Икрам Адырбекұлының қосқан үлесі зор. Бұл жайында айтқанда, оны облыста мұның алдында жұмыс жасаған өзге әкімдермен сабақтастық тұрғысында қарастыру жөн. Өйткені газ мәселесі шешімінің негізі бұрындары да біршама қаланған-ды. Осы істі Икрам Адырбекұлы тиянақтап, аяғына жеткізді. Сөйтіп, 2005 жылы Қызылорда облысы бойынша алғаш рет табиғи газ үй-үйге кіріп, беріле бастаған еді. Қаншалықты газ бен мұнайдың үстінде отырсақ та, Қызылорданы газдандыру мәселесін шешу мүмкіндігі болмай келген еді. Икрам Адырбекұлының басшылығы тұсында Қызылорда қаласының көп қабатты тұрғын үйлеріне Қазақстандағы ең арзан газ келді. Алғашқы кезекте қаланың көп қабатты үйлерінің санаулы бөлігі, кейіннен қаланың көпшілік, соның ішінде жеке сектор да қамтылды. Бұл жағдай Икрам Адырбекұлының ерекше назар аударған мәселесі болды да, осылайша, үлкен бір әлеуметтік мәселе өз кезінде оңтайлы шешімін тапты.

Осы бір әңгіме барысында тағы бір ерекше айтарым, жалпы Икрам Адырбекұлы – жан тазалығына, ізгілікке құмар адам. Адам баласына жамандық жасамақ түгілі,

біреулерді жазықсыз жәбірлеуге, тіпті даланың аң-құсын да орынсыз атуға қарсы еді. Сол абзалдылығына да талай куә болғанбыз. Қызылордада қызмет жасаған кезінде жергілікті азаматтарға сүйеніп, сенім арта білді. Әрине, сенімін ақтамағандар да кездесті. Мұндайларды Икрам Адырбекұлы жарға апарып қойғанымен, кеуделерінен итеріп жіберген жоқ. Обалына қалғысы келмеді. Әділетсіздікке жол бермеу, біреудің ала жібін аттамау, әрдайым жақсылыққа жаршы болу бойына табиғатынан біткен, ата-анасынан дарыған тәлім-тәрбиемен қалыптасқаны анық. Осы бір абзал қасиеттер Икрам Адырбекұлының әр іс-әрекетінен, жүріс-тұрысынан әрдайым аңғарылып тұрады.

Ағамыздың сол адами қасиеттерін білімділігі мен оқымыстылығы да толықтырып тұрар еді. Бірнеше елде дипломаттық қызмет атқарғандықтан ба екен, өзі жүрген-тұрған мемлекеттерден көрген-түйгені де көп екендігін әңгіме барысында анық аңғарасыз. Әсіресе Малайзия мемлекетіндегі елшілік қызметі және сол Малайзияның халқы жайлы сүйсіне әңгімелейді, соларды үлгі ретінде көп келтіреді.

Өз ұлтына деген жанашырлығын Икрам Адырбекұлының қазақ тілінің мәселесіне бейжай қарамайтындығынан аңғарар едіңіз. Оған үлкен мән беретін. Түрлі жиын-жиналыстарды көп жағдайда қазақ тілінде жүргізетін. Әр оқу орнында қазақ тілі пәнінің дұрыс оқытылуына, қазақ мектептерінің, мұғалімдердің жағдайын жақсартуға ерекше қамқорлық жасайтын. Халықтың пікірін тыңдайтын, халықтан түскен хат, қойылған мәселелерге – бәріне көңіл аударып, дер кезінде тиісінше шаралар қабылдайтын.

Қолымда билік бар екен деп, сол биліктің бишігін асыра сілтеуге ешқашан жол бермеген Икрам Адырбекұлы айналасындағы адамдардың жай-күйіне немқұрайды қарамайтын, ерекше бір сезімталдығы және

бар-ды. Өзгелердің басына түскен небір қиыншылықты өз жүрегінен өткізіп, көмек көрсетіп, қайырымдылық та жасайтын. Сондай ізгіліктің көп мысалының бірі ретінде Икрам Адырбекұлының алдына қиналып келген жасы үлкен ақжаулықты ананың айтқаны күні бүгінге шейін ел аузынан қалмай келеді. Ол әңгіме мынау: отбасында бір ауыр жағдайға тап болған ана амалы құрып, облыс әкімі Икрам Адырбекұлының қабылдауына кезексіз шұғыл барса керек. «Басымдағы қиын жағдайымды айтып едім, сөзге де келместен маған өз қалтасынан ақша беріп, көңілім орнына түсетіндей жылы сөзін айтып, шығарып салды» деп әкімнің қабылдауынан кейуананың риза болып шыққанына бүкіл жақындары қуанған екен.

Кейін облыс әкімінің орынбасары болып жүрген кезімде өмірден, тұрмыстан небір қиыншылықтарға тап болған адамдардың көз жасын көру, олардың жан күйзелісі мен сезімін тыңдаудың, өзіңнен қайыркөмек күтіп тұрған соларға бір ауыз жылы сөзіңмен бірге, қолдау жасап, жәрдемдесудің қаншалықты қиындығы барын көрдік, түсіндік. Сондай сәтте Икрам Адырбекұлының алдына келген адамдардың айтқанының бәрін сабырмен мұқият, асықпай тыңдап алатындығын, қолынан келгенінше қамқорлық жасайтындығын, тиісті басқармаларға тапсырма беріп, соның орындалуын өзінің жіті бақылап, қадағалап отыратындығын біз де өнеге тұттық.

Икрам Адырбекұлы жұмыс таба алмай жүргендерді орналастыруға да үлкен мән беріп отыратын. Өйткені ағамыз әр адамның жан күйзелісін жүрегімен қабылдайтын да, «Мен осы бір адамға не көмек көрсете аламын?» деп сол адам үшін өзі де қатты қиналатын. Біреулерге бір ауыз жылы сөзін айтып, кейбіреуге қолындағысын беріп, әйтеуір айналасындағыларға жүрек жылуын арнап жүретін тамаша адами қа-

сиетін Сыр өңірінің халқы күні бүгінге шейін аса бір ризашылықпен айтып отыратыны рас.

Осындай ізгілігімен Сыр өңірі халқының жүрегінде үлкен із қалдырды. Күні бүгінге дейін «Адырбековтей адал, жұмысын таза істейтін әкім болса екен!» деп тілеп отыруы – қызылордалықтардың жүрегінде қалған сыйластық пен терең құрметтің белгісі болса керек-ті. Біз осы бір адал ниетті шынайы көңілдің куәсіміз.

Тағдыр жазып, Икрам Адырбекұлымен 2013 жылы Парламент Сенатының қабырғасында тағы да табыстық. Елбасының Жарлығымен Сенат депутаты болып тағайындалған ағамыз сенатор ретінде бір жолы Қызылорда облысына арнайы іссапармен келді. Алыстағы Арал ауданынан бастап, Қызылорда қаласы бар, басқа да бес ауданды аралады. Сапарлас болып, еріп жүрдім. Сол сапар кезінде қарапайым халықтың, жасы келіп қалған қариялардың Икрам Адырбекұлын құшақ жая адал көңіл, адал ниетпен қарсы алғандығының куәсі болдым. Халық Икрам Адырбекұлының алдынан ешкімнің нұсқауынсыз-ақ өз жүрек қалауымен шығып, ақ тілектерін айтып, баталарын беріп, емен-жарқын жадырап, суретке түсіп, кәдімгідей мәре-сәре болып, сол күні қуаныштан асып-тасып жатқан-ды.

– Үйде ауырып жатыр едім, сізбен кездесу болады дегенді естіп, сәлем берейін, көріп қалайын деп келдім, – деген егде қариялар болды.

Көп уақыт өткендігіне қарамастан, Сыр өңірінің халқы мен Икрам Адырбекұлы арасындағы сыйластықты шынайы көңіл мен адал ниет жалғап жатыр деп айтуға болар еді.

Парламентте кездесіп қалсақ:

– Ел аман ба, не жаңалық болып жатыр? – деп, елдің жайын, ел үлкендерінің жай-күйін, аттарын атап тұрып, ана ақсақал қалай, мына ақсақал ауырып қалды деп еді деп, жағдайын сұрап жатады.

Икрам Адырбекұлы өзі де:

– Қызылордадағы қызмет жасаған жылдарым – өмірімдегі ең бір қайталанбас, жүрегіме жылы, қымбат кезеңдерім, – деп, кейде елге деген шынайы қимас көңілін жасырмай айтып отыратыны да бар. Өйткені ол кісінің Сырелінде өткізген жылдарынан айқын да жарқын із қалды, ең бастысы, ел аузында жақсы сөз қалды. Бұл ардақты ағамыздың адалдығына, жан тазалығына берілген ел бағасы болса керек-ті. Елбасының саясатын Сыр бойында өзіне ғана тән іскерлігімен табысты жүргізе алды.



Бақтиярұлы Мұрат – ҚР Парламент Сенатының депутаты.

1958 жылы 17 маусымда Қызылорда облысының Шиелі ауданында дүниеге келген.

Тарих ғылымдарының кандидаты, саяси ғылымдар докторы, профессор. Ұзақ жылдар Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде оқытушы, кафедра меңгерушісі,

факультет деканы және Қазақ мемлекеттік заң университетінің Қызылорда филиалында директор болып қызмет атқарды.

1999-2003 жылдары Қызылорда облыстық мәспихатының депутаты болып сайланды. 2008 жылы Қызылорда облысы әкімінің орынбасары қызметіне тағайындалды. 2011 жылы қыркүйек айынан Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты.

«Құрмет» орденімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен, «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі», «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгілерімен марапатталған.

300-ден аса ғылыми, публицистикалық, танымдық еңбектері жарық көрді. 10-нан астам ғылыми монография мен оқулықтың авторы.

Күні бүгінге шейін қалың елдің «Адырбековке алғыстан басқа айтарымыз жоқ!» деп айтып отыратын осы бір ауыз ықылас-ниеті де жақсы адамды халық ешқашан ұмытпайтындығының айғағы болса керек. Сондай-ақ қызылордалықтар Еркін Нұржанұлы Әуелбеков сынды басшыны да аузынан тастамайды. Қызылорда облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болған тұста Еркін Әуелбеков, кеңес заманының қиындығына қарамастан, адал еңбек етіп, ел жүрегінде қалды. Қызылорданың дәл ортасында Әуелбеков тұрған үй бар. Сол бес қабатты үйдің атаулы көшесі, нөмірі барлығына қарамастан «Әуелбековтің үйі» дейді халық. Міне, бұл да халықтың құрметі емес пе!

Сыр өңіріндегі «Әуелбековтің үйі» және «Адырбековтің адалдығы» сияқты халықтың аузында қалған сөз ұрпақтан ұрпаққа жалғаса берері сөзсіз. Өйткені «Әуелбековтен кейінгі бір жақсы, адал қызмет істеген басшылардың бірі – Адырбеков» дегенді халық тегін айтпаса керек. Сыр бойы халқының есінде әр кез ұмытылмай, жадында сақталып қалатын басшылар ғой бұлар! Абзалында ел жақсылары көп болғанға не жетсін?!



Марапаттау сәті. 2006 жыл, желтоқсан



*Арал қаласына келген таза суды ел Президенті
Н.Ә. Назарбаевтың салтанатты ашуы 2005 жыл, сәуір*



Ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Арал ауданына іссапары.
2005 жыл, сәуір



Байқоңырдағы кездесу. 2006 жыл. тамыз

Нұрлыбек НӘЛІБАЕВ

ТӘЛІМГЕР

Ежелден алты Алашқа, күллі түркі жұртына ақ бесік болған Сыр өңірінің тарихы бай, тамыры тереңде. Арғы сақ, ғұн дәуірін айтпағанда, беріректегі Сауранды, кешегі Ақмешіт, XX ғасырда елдіктің туы тігілген, Алаш зиялыларының ізі қалған Қызылорданың өзінде қаншама қатпарлы тарих жатыр! «Сыр – Алаштың анасы!» деп Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы айтқандай, расымен, Сыр бойының қазақты ұлт болып ұйытудағы орны әрқашан биік саналған.

«Сыр елі – жыр елі» деп әспеттелген, ғибратты жыр-термені көмейінде бүлкілдетіп, тыңдаған жанның құлақ құрышын қандырып, көкірегіне сәулелі ой тастаған сүлейлер мекені жеке облыс аталып, бөлек түтін түтеткелі де талай заманды бастан өткеріп, небір сұңғыла саясаткер мен дана тұлғалардың еңбек жолына куә болған екен. Солардың қатарында белгілі саясаткер тұлға, мемлекет қайраткері Адырбеков Икрам Адырбекұлы да бар. Және біз Икрам Адырбекұлын облыс өміріндегі жаңа ғасырда қол жеткізген көптеген жетістікке негіз қалаған іскер басшы, Сыр өңірі азаматтарына басқарушылық тұрғыда үлкен үлгі көрсетіп кеткен тәлімгер тұлға деп танимыз. Осы тұрғыда мен де Икрам Адырбекұлы туралы ізгі ой, шынайы пікірімді естелік ретінде келтіруді өзімнің азаматтық парызым деп санадым.

Біздің Сыр еліне Икрам Адырбекұлы 2004 жылы сәуір айының басында облыс басшысы болып келді. Ол кезде мен бизнес саласында, мұнай өндіруші «ПетроҚазақстан» компаниясының Қызылордадағы филиалының директоры қызметін атқарып жүргенмін.

Икрам Адырбекұлы келгеннен кейін жастарға қолдау көрсете бастады. Қолынан іс келер-ау деген білімді жастарды жұмысқа тартты. Елімізде кадр саясаты жөнінде жариялылықты қолға алып, жаңа тәртіпті орнатты. Бұдан бұрын, жасырып не керек, түрлі алыпқашпа әңгімелер болатын-ды. Яғни жайлы орынға біліктілігі мен қабілетіне қарамастан туыстарын қою, басқа да жағдайлармен кадр тағайындау дегендей. Икрам Адырбекұлы ондай мәселелерге келгеннен қатаң тыйым салды. Атын айтпай-ақ қояйық, бірнеше азаматты қызметке қойғанымен, бір-екеуі сондай мәселемен аздап әңгімелі болып қалғанда, бірден қызметтен босатты. Біз ол кезде үлкен қызметте болған жоқпыз, дегенмен елдің арасында жүргендіктен, еститінбіз. Ал негізінен сол Икрам Адырбекұлымен бірге қызмет жасаған ағаларымыз, басқа да әріптестеріміз таза жұмыс жасауға тырысты. Өйткені ол кісі соның бәрін қадағалап, байқап отырды. Икрам Адырбекұлы жиналыстарда, жеке қабылдауларда үнемі ескертіп айтып отыратын:

– Таза болыңдар, аяғы былыққа бастайтын, болашағыңа кесір келтіретін нәрсеге араласпаңдар! – деп шегелейтін.

Бізді де қызметке тағайындаған кезде айтты:

– Ертең тендер өткізесіңдер (тендер дегеннің енді шығып жатқан кезі), оған жөнсіз араласатын болсаңдар, онда қызметтен бірден кетуге тура келеді!

Бұл 2005 жылдың тамыз айы еді, облыс басшысының келісімімен мен Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары қызметіне тағайындалдым.

Біз Икрам Адырбекұлының сенімін ақтауға тырыстық. Сол кезде қала әкімі Айтпай Көшербайұлы Көшербаев еді. Ол кісімен бес-алты ай жұмыс жасадық. Одан кейін қала әкімі болып Имамадин Зәкірұлы Оңғарбаев

тағайындалды. Ол кісі оған дейін облыс әкімінің орынбасары қызметін атқарған болатын.

Жалпы алғанда, Икрам Адырбекұлының қоятын талабы өте жоғары еді. Өйткені бұл кісі дипломат ретінде Еуропаның бірнеше елінде жұмыс жасап, ондағы тазалық пен реттілікті көріп, әбден көзі үйреніп кеткеннен кейін, біздің қаланың сол кездегі көрінісі тіпті сүреңсіз көрінген болар. Мысалы, ол кісіге дейін біз бордюрлерді қара, сары, ақ, көкпен бояй беретінбіз. Қызылорда көшелерінің мұндай қалпын көрген Икрам Адырбекұлының:

– Жоқ, бұл жарамайды. Бордюрлер не ақ, не сұр, яғни бір түсті болуы керек. Адамның көзі демалатындай түс болуы тиіс қой! – дегені бар.

Әр заттың, оның түріне, түсіне дейін қатты мән беретін. Бұған дейін бояп жүргеніміз, эстетикалық тұрғыда дұрыс емес еді, әрине. Осыдан кейін бордюрге де жіті мән беретін болдық. Ұсақ-түйек болса да, әрбір дүниенің өз орнында тұру керектігіне жөн сілтеп отыратын.

Ол уақыт, расында да, қиын кезеңдер еді. Әбден тозығы жетіп тұрған «Оңтүстік» жылу қазандығы 2004 жылы істен шығып, өте қиын жағдай туындады. Икрам Адырбекұлы өзі басында жүріп, кейіннен облыс әкімінің орынбасары Имамадин Закирұлын да осы мәселеге тікелей жауапты етіп, ескінің орнына италиялық жаңа қазандықтар алдырды. Солар қазірге дейін жақсы жұмыс жасап тұр, жемісін – жылуын ел көріп отыр. Бірде-бір рет сыр берген емес, он екі жыл уақыт өтті, қазандықтар үзіліссіз жұмыс істеуде. Ол кісінің тұсында мұнан да өзге көптеген игілікті істер жүзеге асты.

Бірінші, Қызылордаға газ жүйесін тарту мәселесі қолға алынды. 2005 жылы қалаға алғашқы газ келді. Соның арқасында қазандықтың бәрі газға көшірілді. Газ көп нәрсені өзгертті. Бағасы да өте арзан болып

бекітілді. Мұнай компанияларын соған міндеттеді. Бұрын қазандықтың барлығы көмірмен, мазутпен жұмыс істеген еді. Мазут өте қымбат. Көмір деген қолайлы болғанымен, таза отын емесін жұрттың бәрі біледі. Икрам Адырбекұлының тұсында қаланың жетпіс пайыздан астам бөлігі газбен қамтамасыз етілді. Қазіргі таңда тоқсан бес пайызға жетіп отыр. Одан кейін де бірнеше жыл уақыт өтті ғой.

Икрам Адырбекұлы өте талапшыл болатын. Әсіресе қаланы өзі аралап, күнде таңертең және кешке тапсырма беретін. Біз ол кісі кеңсесінен шығып, үйіне барғанға дейін бақылап, дайын отыратынбыз: «Икрам Адырбекұлы қандай ескерту жасар екен, не деп қалады екен?» деп ойлаймыз ғой. Жолда тазалық болмаса, қоңырау шалады. Бір тал сынып жатса да қоңырау соғады: «Мынау жер неге мынандай, неге тазаланбаған?» деп ескертеді.

Икрам Адырбекұлы тұрғындардан келіп түскен арызға да жіті мән беретін. Бір күні есімде, «Шанхай» деген әр қалада бар ғой, сол біздің «Шанхайдың», теміржолдың арғы бетіндегі «Коммунизм» деген шет аумағының бір тұрғыны «Үйімде көптен бері жарық жоқ» деп арыз жазған екен. Арыз бойынша Икрам Адырбекұлы бізді ертіп, әлгі аумаққа өзі барды. Сонда:

– Неге мына кісінің үйінде жарық жоқ? Неге тұрақты бақыламайсыңдар? Осындай мәселені уақытылы шешсеңдер, бұл кісі маған арызданбайтын еді ғой. Енді бұл кісі амалсыз осыған барып отыр! – дегені бар.

Қала әкімі Имамадин Зәкірұлымен бірге сол үйге барып, жарық мәселесін жылдам шешіп бергенбіз. Суға, жылуға байланысты техникалық проблемалар болады ғой неше түрлі. Сондайдың бәріне ол кісі қатты мән беретін. Қызылорданың «Титов» деген мөлтек ауданы бар. Оның да жағдайы нашар болды. Бүкіл желісі ескірген, жылу, кәріз жүйелері де тозығы жеткен хал-

де еді. Сол кездегі Үкімет басшысы Даниал Ахметов келгенде ол кісіні дайындалған бағыттан бөліп әкетіп, жертелесін су басқан үйлерді көрсетіп, проблеманың өте ауыр екендігіне көзін жеткізді. Ештеңе жасырмады.

Осылайша Икрам Адырбекұлының тұсында қаланың инфрақұрылымын нығайтуға республикадан да, облыстан да көп көмек берілді. Су, жылу жүйелерінің барлығы тозығы жеткен дедік қой. Бір күні бір қиын жағдай орын алды. Қалаға кіреберісте үлкен су жинағыш бар. Күндізгі сағат он екілерде сондағы жеті жүздік құбыр жарылды деген хабар келді. Қазіргі жаңа мешіттің қасында. Қыстың ең бір қиын әрі суық кезі. Қаңтар айы. Сол жылы қыс өте қатты болды, 2006 жылы болуы керек. Отыз-отыз бес градус аяз. Біздің тағы желіміз бар, қосымша соғып, аязды қатайтатын. Көп жерде апат болып жатты, тозығы жеткен құбырлар бірінен соң бірі сыр беріп, жағдай қиындай түсті.

Сонымен шұғыл апат басына бардық, қасымда қалалық әкім аппаратының басшысы Серік Сермағамбетов деген жігіт бар. Үстімізде пальто, мойнымызда галстук. Содан біз кетсек тағы қалай болады деп, сол апат болған жерде тұра бердік. Күн деген қатты суық, жұмыс жүргізіп жатқан мамандарды қарасаңыз, аяйсыз. Олар ана екі метр тереңдікте жатқан құбырды қазып, суын ағызып, су ішінде соны қайта дәнекерлеуі керек. Енді айтуға болатын шығар, жігіттер ауырып қалмасын, үсіп қалмасын деп, будка әкеліп, сол арада «жылытатын сусыннан» шақтап беріп отырдық. Қала жүйелері қатып қалмас үшін, жұмысты түнгі екі-үштерге дейін бітіру керек болды. Үйге барып қалыңдау киінуге де уақыт жоқ, кетпестен апаттың басында тұрдық екеуіміз.

Икрам Адырбекұлы күндіз екі-үш рет келіп кеткен. Түнде тағы келді. Бір кезде бәрін көріп, кетіп бара жатып қала әкіміне:

– Мына екеуі жұмыс істемейтін адамдар ғой! – деді, біздің пальто, галстугімізді меңзеп.

Біз ол кісіге «Үйге бара алмай тұрмыз, кетіп қалсақ, жұмыс баяулап қалуы мүмкін» деп айта алмаймыз. «Күндізгі он екіден бастап жаурап тұрғанымыз қайда қалды, мына түнгі екіге дейін» деп ренжудеміз. Кейін бәрін білген соң, арнайы шақырып алып, бізге ризашылығын білдірді.

Апат болған уақытта біздің «Оңтүстік» жылу орталығының жаңа қазандығы Италиядан жеткізіліп, газға ауыстырылып жатқан. Біз сол жүйе тоқтап қала ма деп қорыққанбыз. Жүйеде су азайып барады, кетіп барады. Енді бір жарты сағат болғанда ол қатып қалуы мүмкін еді. Бұл – қаланың жартысы жылусыз қалады деген сөз. Бірақ қазандық дер кезінде қосылып, жүйе қайтадан жұмыс істеп кетті. Сол жылы қыстың қаттылығынан осындай апаттар көп болды. Оның барлығының басында Икрам Адырбекұлы өзі жүретін. Халық сусыз қалды, жарықсыз қалды десе, өзі қолға алып, мәселелерін шешуге ұмтылатын. Қала әкіміне тапсырса да болады ғой. Бірақ ол кісі өзі келетін. Өзі қадағалап отыратын.

Тағы бір жайтты айта кеткен орынды шығар.

Орталық «Айтпай» мешітінің ғимараты шағындау әрі ескі екені елге белгілі болатын. Жерлесіміз Болат Жәмитұлы Өтемұратовқа Икрам Адырбекұлы ұсыныс айтып, елге қолдау ретінде орталық мешіт салып беруін сұраған. Ол кісіге де мың да бір рахмет, қаланың орталығына үлкен ақ мешіт салынды. Соған негізгі ұйытқы болған, барлық тиісті мәселелерді шешкен Икрам Адырбекұлы еді.

Болат Жәмитұлын арнайы шақырып, жаңа мешіттің орнын көрсетті.

– Жақсы, мен көмектесемін, енді осыған жақсы жоба жасаңдар, – деді ол кісі.

Алматыдағы орталық мешітті салған жігіттер осы мешіттің эскизін жасап, арнайы конкурста жеңімпаз атанды. Одан соң Икрам Адырбекұлы эскизді Болат Жәмитұлына көрсетіп, ақыры жоба бекітіліп, оған көп қаражат жұмсалды. Сөйтіп, жаңа, еңселі Ақмешіт салынды. Кейін ашылуына да Икрам Адырбекұлы өзі келді. Шынында да, бұл ол кісінің үлкен еңбегінің бірі болды.

Айта берсек, Икрам Адырбекұлы жайлы тарам-тарам тарқатылып кететін тарих көп. Икрам Адырбекұлының тұсында ауылдарға да көп мән берілді. Ауылдарда көп жерде көпір жоқ болатын. Паром қатынайтын, әсіресе адамдарға қыста қиын. Менің ауылым да сол Сырдың арғы бетінде. Икрам Адырбекұлы облыс басшысы болып тұрғанда Жаңақорғанның тұсынан жаңа көпірді салдырды, тез бітті. Ол өзі көп жылдан бері шешілмей келе жатқан мәселе еді. Қазір халық өткен сайын рахметін айтып, игілігін көріп жүр.

Икрам Адырбекұлы қалаға қатысты:

– Біз мына жердің астын алдымен дұрыстап алайық. Әбден тозығы жеткен жылу, су, кәріз жүйелері бар, соларға бірінші кезекте қаржыларды бағыттайық, – деп айтатын.

Жердің астын емес, бетін жылтыратып, халыққа көрсетуге болар. Бірақ елге керегі – жылу мен су ғой. Жылу, су болмаса, онда жылтыраған нәрсенің не керегі бар. Осы маңызды мәселелерге ол кісі өте көп мән берді. Осы күнгі модернизация дегендер сол кезде басталды. Көп жылу мен су жүйелері, кәріз жүйелері жөнделді. Икрам Адырбекұлы ақшаның жетпей жатқанына қарамастан, осы қадамға барды. Есімде, Сырдарияның жағасында «Мерей» деген мөлтек аудан бар, соған екі жүз миллиондай ақша бөліріп, сондағы үйдің ішкі жылу жүйелеріне дейін жасап берген еді. Оған негізі бюджеттік қаражатты

бөлуге болмайды. Ол үй жекеменшікте. Әр тұрғын өзі жасап алуы керек. Қазіргі жаппай қолданыстағы пластикалық құбырлардың енді шығып жатқан кезі. Оны да жасап бергенбіз ретін тауып. Ол кісі: «Тұрғындардың жағдайы белгілі. Мүмкіндігінше көмектесейік, қол ұшын берейік» дейтін еді.

Осы ретте Икрам Адырбекұлы мұнай өндіруші компанияларын қатаң заң шеңберінде ұстады. Мұнайшылар, шынында, бұрындары әкімдерді жүре тыңдап жүрген кездері болған. Бұл кісінің тұсында ол мәселелер тыйылды. Икрам Адырбекұлы – тәжірибелі дипломат, тек облыс емес, елдің мүддесін қорғаған азамат. Кімге де болса талап қоюды біледі. Біздің аумақта жұмыс істейтін «ҚазГермұнай» деген бір үлкен компанияның өзінен төрт миллиардтың үстінде ақша түсірткен еді. Ол кезде төрт миллиард теңге деген өте көп қаржы. Соған қаншама көшені, атап айтқанда, Қорқыт ата көшесі бар, жөндеп алдық. Облыста көптеген мәдениет, білім ошақтары күрделі жөндеуден өтті.

Ол кісі қызметіне кіріскенде жаңа мектеп салмақ түгілі, ел жалақысын енді-енді уақытылы беріп жатты. Жаңа мектептер салу да осы Икрам Адырбекұлының тұсында басталды. Жаңағы төрт миллиард теңгенің қалаға бөлінген көлемін төрт-бес айда игереміз деп, күндіз-түні жұмыс жасадық. Қаланың 185 жылдығы келе жатқан, соған орай көптеген жұмыстар атқарылды, жаңа жолдар салынды. Ол кезде республикадан трансферттер аз. Қазір Елбасының арқасында, Үкімет көп көмек беріп жатыр ғой, жаңа бағдарламалар қабылдануда.

Облыс орталығы болғандықтан, қала бұл кісінің назарында тұрды. Мен ойласам, қаланың қазіргі басшысы ретінде, Икрам Адырбекұлы қала тіршілігіне күнделікті ақыл-кеңесімен де көмектесетін, қаржылай да қолдау жасайтын.

Жалпы мұндай кісілігі мол, іскер басшыдан не үйренуге болады? Мен ол кісіден нені үйрендім?

Бізге, сөзімнің басындағыдай, ол кісінің үйреткені – тазалық.

– Жігіттер таза болыңдар! Жаман аттан аулақ болу керек, болашақтарың алда. Оның үстіне сендер бұрын кәсіпте болдыңдар. Жағдайларың жаман емес. Өздеріңе жететін тұрмыстарың бар. Біреудің ала жібін аттамаңдар, тендердің әңгімесіне мүлде араласпаңдар, араласты дегенді естісем, онда ренжімеңдер, – дейтін. Бір-екі жас жігітті білем, басқарма басшысы, тағы бір-екі ауданның әкімі осындай әңгімелерге бола жұмыстан босап кетті. Ол анықталған жағдай ғой, елге белгілі. Бақылаушы органдар емес, Икрам Адырбекұлы өзі естіп, қызметтерінен бірден алып тастады. Сосын, әрине, басқа ойы барлар тартынып қалды. Бәріміз де барынша таза жұмыс істеуге талаптандық.

Қаланың әкімі Имамадин Зәкірұлы да бұрын мұнай сапасында жұмыс істеген. Мен де сол сападан келдім. Біздегі жазылмаған тәртіп – бірде-бір қонақты қарамағымыздағы адамдарға күткізбейтінбіз. Икрам Адырбекұлы да солай болатын. Өзіне келген қонақ үшін қаланың әкіміне ақшасын беріп жатқанын талай көрдім:

– Мынаны менің атымнан төле, – деп тапсыратын

Икрам Адырбекұлының ерекшелігі – бұл кісінің дүниеге де, басқаға да қызықпайтындығы, кадрлық, тағы басқа да жағдайларда туыс, тамырлыққа қарамайтындығы – талай буын кадрға үлгі болуы тиіс деп ойлаймын. Адамды тек жұмыспен, еңбекпен бағалайтындығы да өнеге әрі әділдік жол болатын.

Икрам Адырбекұлының тағы бір ерекшелігі – жиналысты үнемі уақытында бастайтын. Он бір ме – он бірде келеді. Ешқашан күттірмейді. Біз енді қалыптасқан дәстүрімізге сай, шамалы созылып жүріп қаламыз ғой кей кездері. Бұл кісінде ондай болмайтын. Уақытты

қадірлейді. Соған біз де үйреніп, басшыдан ерте келіп отыратын болдық.

Және де байқағанымыз, берген уәдесін орындайды. Бізге бұл кісі уәде бермейді ғой, әрине. Бірақ қала бойынша мынадай жұмыстар жасаймыз деп халыққа уәде береді. «Қанеки, жоба жасандар» дейді бізге. Кейін міндетті түрде қаражатын бөледі, көмектеседі, өзі қадағалайды. Алғашқы кезде жолдың қалыңдығына, еніне дейін өлшеп жүрген кезіміз болған. Бізді тексергені болуы керек. Өзі барып өлшететін еді. Сапасына қатты қарайтын. Осындай талап бізге үлкен жауапкершілік жүктеді.

Тағы бір қасиеті, қанша ашуланса да, намысқа тие-тін сөз айтпайтын. Өзіміз де кейде бір айқайды саламыз ғой, сол айқай болмаса жұмыс бітпейтін сияқты, қарамағындағы адамдар сенен аяғын тартпай тұрған сияқты көрінетіні бар. Бұл, былай қарасаңыз, қате түсінік екен. Онсыз да, яғни айқай-ұйқайсыз да жұртты басқаруға болады екен. Біз мұны Икрам Адырбекұлының тәжірибесінен көрдік. Бірақ бір қарағаннан сұсы бар еді. Әріптестерімнен сұраймын ғой, олардың барлығы Икрам Адырбекұлының сұсынан именеді екен. Былай шолып бір қарайды, сұсы дейміз бе, мысы дейміз бе басады. Ешкімге дауыс та көтермейді, жиналыстарда залда шыбынның ызыңы естілердей болып тұрады, көп сөйлеп, ұзаққа созбайды. Соның барлығы күні бүгінге дейін бізге үлкен сабақ, үлкен тәрбие.

Икрам Адырбекұлының адамгершілігіне, азаматтығына байланысты тағы бір мысал келтірейін. Икрам Адырбекұлы Қытайға елші болып кетті. Мен шамалы уақыттан кейін Шиелі ауданына әкім болып бардым. Ол кісі облыс орталығындағы, барлық аудандағы ардагерлермен ерекше сыйластықта болған еді. Сол Шиеліде Константин Васильевич Хван есімді үлкен ардагер ақсақалымыз бар-ды. Ол кісі де керемет мықты

адам, шаруашылық жағын өте жақсы білетін. Кеңес дәуірінде бірнеше шаруашылықты басқарған. Икрам Адырбекұлын ерекше құрметтеп, жақсы көретін. Икрам Адырбекұлы да ол кісіні қатты сыйлайтын.

Сол ардагер өмірден озғанда Икрам Адырбекұлы Қытайдан маған қоңырау соғып:

– Қадірлі ақсақал дүниеден озған екен. Мен бара алмаймын, жұмыстың жөнін білесің ғой. Сенен өтініш, сол кісіні жақсы құрметтеп шығарып сал соңғы сапарына. Елге еңбегі сіңген жақсы қария еді, – деді.

Өкінішке қарай, ол кезде облыстағы басшылар осы жағдайға дұрыс көңіл бөлген жоқ. Константин Васильевич елге де беделді, маған да көп көмегін тигізіп, жол көрсеткен кісі еді. Өсіресе су тасыған кезде көп көмегі тиетін. Қай жерді су алады, қай жерді бұзып кетуі мүмкін екендігін білетін аса білгір маман. 2004-2005 жылдары Шиелі мен Жаңақорған аудандарын су алады деген үлкен қауіп болған. Икрам Адырбекұлының қасында жүріп, талай өзінің білікті ақылын айтқанына куә болғанбыз. 2008 жылдары Шиелі ауданының тұсында тасқын болғанда маған да көп көмек көрсетті. Сондай құрметті ақсақалды аудан орталығындағы Мәдениет үйінен қадірлеп шығарып салдық. Ұзамай іссапармен Астанаға келген Икрам Адырбекұлы әйеліне, балаларына көңіл айтып, ерекше ықылас білдіргенін жақсы білемін.

Осыдан екі жыл бұрын демалыс кезінде Икрам Адырбекұлымен кездейсоқ Словенияда кездесіп қалдық. Сонда тағы да бір керемет қырына куә болдым. Осындағы Қазақстаннан келген азаматтардың барлығын жинап, сол елдің жергілікті басшыларымен келісіп, бізді сондағы белді шаруашылықтармен таныстырып шықты. Словенияның әр түрлі шаруашылықтарын көріп, үлкен әсер алдық. Ол жақта алманы қалай өндіріп жатыр? Ет өнімдерін қалай өңдеп жатыр? Жү-



Нәлібаев Нұрлыбек 1976 жылы 13 қазанда Қызылорда облысының Жаңақорған ауданында туған.

1997-2004 жылдары мұнай және мұнай өндірісі бойынша басшылық қызметтер атқарған. 2005-2007 жылдары – Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары, бірінші орынбасары, 2007-2008 жылдары – Қызылорда облысы әкімі аппаратының басшысы,

2008-2013 жылдары Шиелі ауданының әкімі болды. 2013 жылдың 13 ақпанынан Қызылорда қаласы әкімінің қызметін атқаруда.

«Құрмет», «Парасат» ордендерімен, бірнеше медальмен, «Қазақстанның Құрметті құрылысшысы» төсбелгісімен марапатталған.

Шиелі және Жаңақорған ауданының Құрметті азаматы.

зімдіктерді қалай күтіп-баптап жатыр? Солардың бәрін аралатып көрсетіп шықты. Сонда: «Сіз мына жақта жүрсеңіз де демалмайды екенсіз» дейміз ол кісіге. Көптеген депутат, мемлекеттік қызметкер, кәсіпкерлер бірге болды. Сол кездесудің өзін ұтымды пайдаланып, үлгі алсын деген ниетпен Словенияның жетістіктерімен бізді таныстырып, көрсетіп жүруін Ислам Адырбекұлының жаңа қыры ретінде танып, одан ары құрметім арта түсті. Сондықтан біз бұл кісіден тек үлгі аламыз. Бұл кісімен мақтанамыз. Ол – тек менің пікірім емес, Сыр өңіріндегі көптеген азаматтың шынайы ықыласы.

Ибрагим АБИБУЛЛАЕВ

БҮГІНГІ ЖЕТІСТІКТЕРІМІЗДІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАДЫ

«Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық — әурешілікті көре-көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық, жасап жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал енді қалған өмірімізді қайтіп, қалай өткіземіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын» деуші еді ғой хакім Абай бірінші қара сөзінде.

Абай дана айтпақшы, бұл жасқа келгенше шамамызша қоғамға, елге, жерге қызмет жасап бірталай өмірімізді өткізіп, бүгіндері ел ағасы болатындай жасқа жетіп отырған жайымыз бар. Екі бірдей қоғамның ыстық-суығына қарпылып-шарпылып, өмірлік тәжірибе жинақтадық, шынықтық, шындалдық. Қызмет жасап, ел басқаруға да араластық. Осы жолда қаншама жақсы, жайсаң азаматтармен сапарлас, дәмдес, сырлас, сыйлас болдық. Олардың әрқайсысының өз орны, өз бағасы бар. Солардың бірі — Икрам Адырбекұлы Адырбеков. Ол кісі облысымыздың әкімі қызметін атқарған тұстағы өзім куә болған, көріп-білген жағдайлар туралы ой бөлісуді жөн көрдім.

Өзім туралы аздап кіріспе жасап кетейін. Жалпы мамандығым — инженер-механик, 1970 жылы Алматының ауыл шаруашылығы институтын бітіргенмін. Содан өзімнің мамандығым бойынша туған ауылымда еңбек жолымды бастадым. Ата-анам қарттау кісі болғандықтан, алыстап шыға алмадым. Елге келіп сол кісілердің қолында, осындағы Жамбыл кеңшарында мамандығым бойынша жұмыс істегенмін. Екі-үш рет

мені ауданға қызметке шақырды. Сол бір себеп – кемпір-шалды тастап кете алмадым. Біз үлкен отбасы болдық, оны асырау ол шақта оңай емес-ті.

Сонымен үшінші рет шақырғанда ауданның партия ұйымына келіп, нұсқаушылық қызметке орналастым. Одан кейін бөлім басшысы болдым. Кейінірек өзімнің елімде кеңшардың директоры болып бес жылдай жұмыс істедім. Сөйтіп жүргенде қайтадан ауданға шақырылып, ауылшаруашылық бөлімінің басшысына тағайындалдым. Одан кейін атқару комитетінің төрағалығына бекітілдім. Ол кезде облысты Тәкей Есетов басқарды. Жалпы облыстың жеті бірінші басшысымен қызметтес болыппын. Т. Есетовтен соң Еркін Әуелбеков келді. Еркін Әуелбеков кеңшардың директоры кезімде бізге келді де, төрт-бес айдан соң ауданға қызметке шақырды.

Сөйтіп, тоғыз ай істегеннен кейін ауылшаруашылық басқармасынан аудандық атқару комитетінің төрағасына бекітті. Сол тұста облысты Сейілбек Шаухаманов келіп басқарды. Сол кісінің шешімімен мен Жаңақорған ауданына партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайландым. Одан кейін сол ауданға әкім болдым. Бұдан соң Шиелі ауданына әкімдікке тағайындалдым. Облыс басшылары өзгерген сайын осындай өзгерістер болатыны белгілі. Содан облыс әкімі болып Бердібек Сапарбаев келді. Ол кісі мені әкімдіктен басқа жұмысқа, облыстық бір басқарманы басқаруға шақырды. Бірақ ол жерде сыйлас жолдасым жұмыс істеп жатқалы бес-алты-ақ ай болып еді. Сол себептен, бармайтынымды айтып, басқа, облыстық орман, аң, балық шаруашылығы аумақтық басқармасына келгенмін. Сол басқармада 1996 жылдан 2004 жылға дейін – сегіз жыл жұмыс жасадым.

Міне, осылай қызмет атқарып жүргенде, 2004 жылдың басында облысымызға әкім болып Икрам Адыр-

бекұлы келді. Ол кісіні мен бұрын білмейтінмін, облыс активімен таныстыруға Елбасы Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі алып келгені есімде.

Икрам Адырбекұлы қызметке кіріскеннен кейін, мамыр айының 5-6 жұлдызы болуы керек, мені өзіне шақырды. Бардым. Танысып, әңгімелескеннен соң:

– Мен Сыр еліне келіп жатырмын. Сіз осындағы көп жыл жұмыс істеген тәжірибелі басшылардың бірі екенсіз. Сізді бір ауданға әкім болып тағайындауға ойланып отырмын, соған келісім берсеңіз, – деді.

– Аудан әкімінде қызығарлықтай жағдай қалған жоқ мен үшін. Үш ауданды басқардым. Мына жұмысты бір жүйеге келтіріп едім. – Менің жауабым солай болды. – Мен ойланайын, – дедім.

– Сіздің үлкен тәжірибеңіз бар, оны тиімді пайдаланған орынды болар. Мен сізге ойлануға мүмкіндік бермеймін. Сіз келісім беріңіз, – деді облыс әкімі.

– Ойлануға уақыт бермегеніңіз қиын болды, бірақ сіз туралы жақсы лебіздер естудемін, ұсынысыңызды қабыл алайын, – деп, 11 мамыры күні Сырдария ауданына әкім болып кеттім.

Икрам Адырбекұлы сол сәуір айының 5-інен бастап 2007 жылдың 12 қаңтарына дейін біздің облыста әкім болып қызмет атқарды. Мен жоғарыда айтып өттім ғой, облыстың жеті бірдей бірінші басшысымен қызметтес болдым деп. Әр әкімнің, әр басшының өзінің басқару стилі болады. Халықпен араласуы, жалпы елдің келешегі туралы жоспарлары, облыстағы сол кезеңде болып жатқан ситуацияларға мән беруі және заманауи өзекті мәселелерге көңіл аударуы деген сияқты. Сондай-ақ облыстың экономикалық ахуалын, әлеуметтік жағдайын өзгерту үшін қандай мәселелерді бірінші қолға алған дұрыс дегенге өзінің ұстанымы, көзқарасы болады.

Икрам Адырбекұлы дипломат адам болғандықтан, ол жағынан барынша сұңғылалық танытты дер едім.

Бізге, халыққа ұнағаны – барынша кішіпейілділігі, сыпайылығы, жоғары деңгейдегі мәдениеттілігі. Қызметті талап ету, тапсырма берудегі өзгеше бір стилі дейміз бе, әдісі дейміз бе, соны орындау тәсілі ерекше екенін байқадым. Бір-екі мысал келтіре кетейін. Аралдың жағдайы нағыз үлкен проблемаға айналып тұрған шақ. Оның үстіне су тасқыны да қиын мәселеге айналды. Үлкен арпалыс болды, екі жыл, үш жыл қатарынан, бұл мәселе қажытарлық бейнетке айналды деуге де болады. Су жыл сайын тасып, Сырдария арнасына сыймай буырқанды.

Бірінші тасығаны – 2004 жылдың күз айы. Қараша айында басшының келісімін алып, облыстан сыртқа демалысқа кетіп қалғанмын. Барғаннан кейін үшінші күні: «Осындай да осындай, су тасқыны аудан орталығына үлкен қауіп туғызып жатыр» деген мазмұнда орынбасарымнан хабар келмесі бар ма! «Облыс әкімі дарияның жағасында, барлық жұмысты өзі ұйымдастырып жатыр» дегенді де естідім. Демалысымды тастадым да, дереу ұшаққа отырдым. Бірден дарияның жағасына барсам, Икрам Адырбекұлы өзі тұр екен.

Мені көрді де, аман-сәлемнен кейін:

– Сіз неге келдіңіз? Демалыста емес пе едіңіз? – деді.

Қараңызшы, мінеки! Ауданға су тасқынының қауіпі төніп тұрған кезде сол кісі басында жүріп, аудан басшысы менің демалысымды тастап қайтып келгеніме жаны ашып тұр ғой.

– Сіз демалыстасыз, орынбасарларыңыз бар, жігітеріңіз бар, мамандарыңыз бар, неге әурелендіңіз? – деп өзіме сауал қойып тұр.

Таңғалдым. Басқа адам болса: «Неге кеш келдің, мына халық қиналып жатыр» дер еді ғой. Бұл кісі сол халықтың қиналғаны бар, өзінің қиналғаны бар, бар-

лығын тастап, ауданға барып, сол жаңағы проблеманы өзі қолға алып тұрғанда, маған қойған сұрағына таңғалғаным бар. Бұл не деген адамгершілік? Басшы болса да, қосшы болса да, қара болса да, төре болса да, жалпы адамның адамгершілік қасиеті судың тереңдігіндей көрініп тұрады ғой. Мұндайдан соң сен онан сайын жұмыс істеуге, онан сайын ынталы болуға құлшынасың. «Мына кісіні ұятқа қалдырмайын» деген ой туады. Осындай шынайы қасиеттерін көріп, ары қарай бұрынғыдан да түсіністікте жұмыс істеп кеттік.

Жоғарыда айтып өттім, жалпы табиғатқа байланысты салаларды – орман, аң, балық, су шаруашылығы – осылардың барлығын сегіз жыл басқарғаннан кейін бе, облыс аумағындағы бұл салаларға қатысты мәселелерден толық хабардар едім. Менде жылдар бойы жинақталған көптеген ақпарат бар болатын. Яғни облыстағы 263 елді мекен, 147 әкімшілік аумақтың бәрінің проблемасын жүз пайыз түгел білем дегенмен, көпшілігінен хабарым болды. Мысалы, Аралға, Сыр бойы табиғатына қатысты дегендей.

Жалпы шаруашылық бағыты тұрғысында облысымыздың айналысып отырғаны – күріш егісі. Өзге өндіріс саласы онша дамымаған. Табиғи ресурстар: уран, мұнай, газ, тағы басқалар өндіріле бастағанымен, бұлар облыс экономикасына енді-енді ғана екпін енгізіп, жаңадан көтеріліп жатқан тұсы. Бірақ сонда да облыстың бюджеті анау айтқандай көп болмады. Отыз-отыз бес миллиард теңгенің ғана көлемінде. Бұл бізге, расымен, еркін көсілуге мүмкіндік берген жоқ. Сондықтан әр аудан, әр елді мекен өзінің мүмкіндігінше облыстың азын-аулақ берген көмегімен, өздерінің тапқан табысымен күн көріп жатты. Қиын кез болатын. Мектептерде жылу өте нашар, терезенің көбінде әйнек жоқ, клеенкамен қапталған, балабақшалардың тоқсан пайызы жұмыс істемейді. Есік-терезесі жабылған.

Мәдениет үйлерінің барлығы тозған. Біреуінің ішінде жылу жоқ. Бұл кісі, міне, сондай қиын шақта келді. Әр аудан өзінің мүмкіндігінше, өзінің жағдайына қарап қимылдап жатқан кез. Бірақ, дегенмен, ол күнделікті мәселелерді шешуге ғана қауқарлы еді.

Жалпы алғанда, үлкен проблемалардан не бар еді? Облыстың бүкіл проблемасы күріш егістігі болған соң, екі жүз мың гектардай тегістелген жер бар. Соған нәр беретін бес мың шақырымдай су жүйесі, мыңға тарта су тоспасы, қашыртқылар бар. Күрішке пайдаланған суды сыртқа шығаратын 300-ге тарта көл бар, олардың шамамен 200-ге жуығы кеуіп кеткен. Міне, осындай жағдай қалай пайда болды? Себеп белгілі: экономикалық қиын жағдайдан туындаған.

Бірақ, екіншіден, адами фактор да болды – алдыңғы өңір басшысы біздегі су жүйелерінің барлығын облыстың коммуналдық меншігіне алған-ды. Міне, үлкен қателік осы. Бұл жағдай сол кезде республика бойынша екі облыстың басында болды. Павлодар мен Қызылорда облысында. Қалған облыстардың барлығында да су шаруашылығы республикалық баланста еді. Ондағы проблемаларды есептегенде жұмысты жолға қою үшін қырық миллиард теңгеден астам қаржы керек екен. Оны жергілікті бюджет қайдан көтереді! Облыстың жалпы бюджеті отыз-отыз бес миллиардтың көлемінде ғана. Бұл тек білім, денсаулық сақтау, мәдениет саласы, тағы басқалармен қатар, аппаратты ұстау, толып жатқан проблемалар бар ғой, соларға жетпей жатқанда, суға қайдан ақша бөлінеді? Ол мүмкін емес еді.

Бізге Шардарадан орта есеппен жылына он екі миллиард текше метр су келеді. Соның үш миллиард бес жүз миллион, үш миллиард жеті жүз миллион текше метрін егістікке пайдаланамыз. Қалған суды Аралға қарай ағызып жібереміз. Сол су егістікке жіберіледі де, белгілі мөлшері сыртқа шығарылуы керек. Су ай-

налымы болуы керек қой. Күрішке суды пайдаланады да, қайтадан шығара береді. Қашыртқы-коллекторлардың барлығы жабылып, тазартылмай қала берген, ал істеп тұрганының су шығару қабілеті барынша азайып, арнасы тарылып қалған. Соңғы рет сазын шығарып тазалағаннан бері жиырма жылдай уақыт өткен болар. Оған барып тұрған жарық пен ашылып-жабылатын қақпалардың бәрі тозған. Міне, сондай жағдайда, су шықпағаннан кейін жерасты суы көтеріледі. Жерасты суы көтерілгеннен жер астындағы тұздың барлығы жердің бетіне шығады. Нәтижесінде егіннің өнімділігі төмендейді және арамшөп көбейеді. Содан кейін мынау еккен ағаштың бәрі тұншыға бастайды. Еккен ағаштың, мысалы, он ағаштың екеуі ғана көгеруі мүмкін. Қалған жеті-сегізі көгермейді. Осындай ауқымды проблемалар туындаған-ды.

Бұл мәселені бірінші Икрам Адырбекұлының алдына қойдым, барлығын түсіндіріп:

– Біздегі экологиялық ахуалдың нашарлап бара жатқандығының мынадай-мынадай үлкен себептері бар... Сондықтан сіз осы мәселеге мән берсеңіз, – дедім.

Ойымды бірден қабылдады. Әңгімелесіп, асықпай тыңдады да:

– Тағы қандай ойларыңыз бар? – деп сұрады.

Осыдан кейін біз арнайы екі-үш рет кездестік. Сосын бұл кісі «Осыны шешудің қандай жолдары бар» дегенді мамандармен ақылдасуға ұйғарды. Менің қорытындылауымша, бұл кісінің бір қасиеті – егер білетін адам, білетін мамандар сондай бір құнды пікір айтып жатса, тез қабылдап, қағып алады екен. Соны ойласып, ақылдасып толықтырады. Бұған бірінші не шара қолдану керек. Мұны қалай оңтайлы шешуге болады? Шешудің өзге тиімді жолдары қандай? Барынша аз қаржы шығарып, барынша тиімді, тез шешетін жақтары бар ма? Міне, осыларды байыптай келе, тиісті орындарға мәселе қойып, уақытылы шара қолданады.

Әкім жаңағы проблема бойынша ішпен де, сыртпен де: республикалық органдармен, министрліктермен, мамандармен талқылау жасай білді.

Жалпы бұл кісі ғалым адам ғой, сол жағы анық байқалатын. Ақыры ақылдаса келе мынадай шешім қабылданды. Мұны, біріншіден, облыстық баланстан алып, республикалық меншікке өткізу керек. Ол үшін біз жаңағы су жүйелерінің барлығының есебін шығарып, бірінші кезекте қандай жұмыстарды істеу қажеттігін анықтауымыз керек. Және соған сметалық, жобалық құжаттар дайындауымыз керек. Оны дайындау үшін қаржы бөлу керек. Егер де құжаттарымыз дайын болатын болса және де оның өте қажеттілігіне, тиімділігіне көз жеткіздіріп, дәлелдей алатын болсақ, оны республика мақұлдайды.

Ол кісі осылайша өте жақсы шешімдер қабылдады. Қабылдады да, экономика басқармасына, бюджет басқармасына тапсырма берді, облыстық су шаруашылығы басқармасына да тиісті міндеттер жүктеді. Сонымен жұмыс жүріп кетті де, керекті қаржы есептеліп, сессияда бұл кісі арнайы қаражат бөлгізді. Сөйтіп, Икрам Адырбекұлы республиканың бетін біздің облысқа қаратып, осы су жүйелері проблемаларын шешуге байланысты ең бірінші құжатты қабылдатты. Және оны республикаға бекіттіріп, осы мәселеге назар аудартқан да Икрам Адырбекұлы болатын. Бұл бір оңынан шешілген үлкен мәселе болды. Бізде қазір, мысалы, рекордтық өнім алынып жатыр. Соның бәрі, міне, мәселе шешілгеннен кейін барып осындай жағдайға жетіп отырмыз. Демек, мұнда Икрам Адырбекұлының үлкен қажырлылығы мен еңбегі жатқанын кейінгі буындықаншылар біле ме екен?

Нәтижесінде, каналдар аршылып, тұздық төмендей бастады, егістіктегі арамшөп көлемі азайды. Егер ыза шығатын болса, ол не ексең де өндірмейді. Доңызқоға

деген арамшөп бар, тек қана гербицидпен құртасың. Құртқанмен ол өнімді көбейтпейді. Бірақ ол кісі жұмысты аяқтағанша ауысып кетті. Келесі әкім келді, оған да кіріп айттым:

– Мінеки, істі бастаған – Икрам Адырбекұлы. Бұған жобалық-сметалық құжат жасалды. Және миллиондаған сома бөлінді. Басқа салаларда қиын болып жатса да, мұның маңызын ескере отырып, осы игілікті шаруа ары қарай жалғасын тапса екен, – дедім.

Жаңадан келген Мұхтар Құл-Мұхаммед мырза да дұрыс деп қабылдады. Бірақ әкім 2008 жылдың бесінші айына дейін ғана істеді. Ол кісі де жоғарылап, республикаға министр болып кетті.

Одан кейін үшінші әкім – Болатбек Қуандықов келді. Бұл мәселені көтеріп ол кісіге де кірдім.

Сөйтіп жүргенде, облыс әкімі мені аудан әкімінен босатып, дәл осы саланы басқаратын басқармаға әкелді. Содан кейін бұл мәселелердің барлығын облыстық мәслихаттың сессиясына қойдым. Негізгі авторы әрі кураторы, осы мәселені қолға алуға күш салған, жобалық-сметалық құжаттың алғашқы нұсқасын жасауға қаржы бөлген Икрам Адырбекұлы екенін дәлелдеп айттым. Адамның жасаған еңбегін лайықты айтып отыру – адал өмір сүрудің бір көрінісі емес пе?

Жердің санағын жүргізу тұрғысында, үш жылдан өтіп кетсе, қайтадан есептеуді қажет етеді екен. Үш жыл әлдеқашан өтіп кеткен. Қайта есептеу жасауға он сегіз миллион теңге ақша қажет. Ол да үлкен қиындықпен бөлінді. Сөйтіп барып, ақша бөлінген соң, құжатты дайындап, республикаға тапсырдық. Республика бірден үш жарым миллиард теңге ақша бөліп, қашыртқының барлығы қайтадан канал болып қазылды. Су тоспалары жөнделе бастады. Каналдардың жетпіс пайызға жуығы республикалық меншікке өтті. Осылайша бұл мәселенің оңтайлы жолға қойылуына, істің ілгері басуына негіз

қалаған бірінші қозғаушы тұлға – Икрам Адырбекұлы болатын.

Жалпы бірқатар басшылар кей жағдайда «Өзім білем» дей береді. Өзінің білетіні бар шығар, бірақ өзімбілемдікке тым салынбауы керек қой. «Білетінің – бір тоғыз, білмейтінің – тоқсан тоғыз» демеуші ме еді халқымыз. Білетін адамдармен ақылдасқан жақсы емес пе? Міне, бұл тұрғыда Икрам Адырбекұлының тағы бір артықшылығы – үлгілі өмір көрген, тәжірибесі мол, қаншама жыл кешегі Кеңес Одағының кезінде аудан, облыс, басқармаларды басқарған ардагерлермен санасты, сыйласты. Облыста ізі бар, өз саласында білікті, елге еңбегі сіңген, тәжірибелі маман, білікті басшы ретінде шындалған адамдарды бұл кісі зерттеді, танып білді. Зерттей отырып, қорытындыға келгеннен соң, сол кісілерді жеке-жеке қабылдап, ұсыныстарын, ойларын, пікірлерін тыңдайды. Осы жағына қатты мән берді. Мәдениет саласы болсын, білім саласы болсын, іскер, қабілеті бар адамдардың басын осылайша қоса білді.

Мысалға білім саласын алайық. Білім саласында кімдер бар? Білім саласында кімдердің еңбегі осы облысқа сіңді? Кімдер сол проблеманы жақсы біледі? Міне, осылайша ол кісі облыстағы білім саласының ұңғыл-шұңғылын, бүге-шігесіне дейін біліп, тиімді шешім қалыптастыру арқылы нәтижелі жұмыстар жүргізу мүмкіндігіне ие болғанын байқауға болады.

Бұдан бөлек, су шаруашылығын да жоғарыда айттым. Денсаулық сақтау саласында кімдер бар? Әрине, бізде Тұрғанбай Маханов, Ернияз Омаров деген ақсақалдар бар. Қызылорда облысының денсаулық сақтау саласының майталмандары. Соларды бұрынғы басшылар кейде тыңдады, кейде тыңдамады. Әлеуеттерін дұрыс пайдаланған жоқ. Ал бұл кісі соларды бірден шақырып алып, өзімен бірге осы саланың пробле-

маларын зерттеп, барып бірге көріп, сосын онда қандай мүмкіндік бар екенін қарастырып, ақылдасып шешті. Бұл да Икрам Адырбекұлының бір артықшылығы. «Алпысқа келгеннен ақыл сұра» демеуші ме еді қазақ даналығы. Ол кісі осы даналықты жақсы ұстанатын басшы еді. Өзімен шынайы ақылдасу үшін шақырып отырса, ол ел ағалары да аянып қалсын ба!

Осы кісінің алдындағы басшылардың кейбірімен, расы керек, кей тұстарда тіп табыса алмай, арамыз нашарлау жүрген кез де болды. Өйткені кейбірінің білмейтінін айтып қалсаң, жек көреді, айтқан ұсынысыңды қабылдай бермейді. Ал Икрам Адырбекұлы ондай емес. қайта өзі іздеп шақырып алады, қажет болса, бірлесіп талқылау жасайды.

Икрам Адырбекұлы кабинетте көп отыра бермеді. Одан гөрі аудандарға барып, елді арапап, кездесу өткізіп жүруді тиімдірек деп білгенін біз іс-әрекеттерінен жиі байқадық.

Шынында жағдай күрделі. Барлығы қаржымен шешіледі, ал қаржы болмаған жағдайда түсінісудің өзі де қиын ғой. Кездескен адамдар қаржылық проблеманың шешілуіне көмек сұрайды. Ол адамдардың ішінде де тереңнен толғайтын ойлысы бар, көз алдын ғана ойлайтын тайызы бар, ақылдысы бар, ақылсызы бар дегендей. Кейбір кісілер, мысалы, мәселені төтеннен, қабырғадан қояды. Қаржының мүмкіндігі келе ме дегенді ойға ала бермейтіні бар. Ондай кісілерге мәселені түсіндіріп жатсаң, онша-мұнша қабылдай да бермейді. «Соны істеу керек, соны жөндеу керек» деп отырып алады. Осының бәрін көрді. Икрам Адырбекұлы дипломат адам, сондай қисық, қыңыр адамның өзімен де тіл табысып кететін қасиетін талай көрдік.

Жақсы мінез, қарымды қабілетінің арқасында Қызылорда халқына беделді болды. Шындығында, осы облысты басқарған кей кісілердің біздің елге еш қым-

сынбай келуі қиын қазір. Себебі не екенін өздері де біледі, осы елдің қарасы да, төресі де біледі. Ал Икрам Адырбекұлы келсе, басқаша. Анау Аралдан бастап мына қаланы басып Жаңақорғанға дейінгі халықтың кез келгені ол кісіні қонаққа шақыруға ынталы. «Жігіттің жүрген жері – Мысыр шаһары» немесе «Өзі жақсыға



Абибуллаев Ибрагим – қоғам қайраткері.

1947 жылы 1 маусымда Қызылорда облысы Сырдария ауданының Қоғалыкөл ауылында дүниеге келген.

Еңбек жолын 1970 жылы Сырдария ауданындағы Жамбыл атындағы кеңшарда механик болып бастап, «МТС» меңгерушісі, инженері; аупартком нұсқаушысы, ауылшаруашылық бөлімінің меңгерушісі, кеңшар директоры, аудандық өнеркәсіп бірлестігінің басшысы, ауатком төрағасы қызметтерін атқарған.

1991-1994 жылдары – Жаңақорған аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, кеңес төрағасы, әкімшілік басшысы, әкімі, 1994-1996 жылдары – Шиелі ауданының әкімі, 1996-2004 жылдары облыстық орман, аң, балық шаруашылығы аумақтық басқармасының басшысы болды.

2004-2008 жылдары Тереңөзек, Сырдария аудандары біріккен Сырдария ауданының әкімі қызметін атқарған. 2008 жылдың маусымынан бастап табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы, 2011 жылдан Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация төрағасының орынбасары қызметтерін атқарды.

Кеңес Одағының «Құрмет белгісі», Тәуелсіз Қазақстанның «Құрмет» ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. Жаңақорған, Шиелі, Сырдария аудандарының және АҚШ-тың Аризона штаты Туссон қаласының Құрметті азаматы, Қазақ ұлттық аграрлық университетінің құрметті профессоры.

қай жерде де бір кісілік орын бар» дейтін нақыл сөздер дәл осы кісіге арналғандай. Сыр бойы халқы Икрам Адырбекұлының қолын алып, сәлемдескеннің өзіне қуанып қалады. Өйткені кешегі күрделі кезеңде келіп, ел үшін аянбай еңбек етіп, жүректерінен орын таба білген бұл кісінің биік адамгершілік қасиетінің, шынайы мәдениеттілігінің жоғары деңгейде екенін Сыр халқы өте жақсы біледі және бағалайды.

Орыстың белгілі педагогі К.Д. Ушинскийдің мынадай бір сөзі бар: «Жақсы әдет пен мінез – өсімге берген ақша, адам өмір бойы соның жемісін пайдаланады, жаман әдет пен мінез – борыш, адам өмір бойы сол борыштың өсімінен азап шегеді». Біз жоғарыдағы базбіреулермен Икрам Адырбекұлына қатысты іштей салыстырып ойлағанда, осы бір айтылым еріксіз еске түсетіні бар. Жақсы әдет пен мінездің иесі Икрам Адырбекұлына осы ізгі қасиеттерінің жемісін көріп, халқымен бірге жасай беруін тілеймін!

Нәжмадин МҰСАБАЕВ

ЖОЛЫ ҚҰТТЫ, «ҚОЛЫ ТАЗА» ӘКІМ АТАНДЫ

1971 жылы Шымкент Қазақ химия-технологиялық институтын инженер-құрылысшы мамандығы бойынша бітіріп, осы оқу орнында кіші, аға ғылыми қызметкер болып екі жыл жұмыс істедім. Отбасы жағдайыма байланысты өзім туған Қызылорда облысына қайта оралып, қырық жылға жуық уақыт мекеме, аудан, облыс басшылығы қызметінде болдым. Сол кезеңдерде облыстың онға жуық бірінші басшысымен бірге жұмыс істеген екенмін. Солардың барлығы өзінің білімі, тәжірибесі, іскерлігі арқасында облыстың өсіп-өркендеуіне өз үлесін қосты.

Қызылорда облысының оңтүстік ауданы Жаңақорғанда бес жылға жуық аудан әкімі қызметін атқарып жүрген кезімде облысқа жаңа басшы болып Икрам Адырбеков тағайындалды.

Әлі есімде, Елбасы жаңа әкімді облыс активіне таныстырған жиыннан кейін аудан әкімдерімен болған бірінші кездесуде Икрам Адырбекұлы:

– Мен әрбір ауданды аралап, әкімдердің жұмысымен танысамын, халықпен кездесемін, соның қорытындысымен шешім қабылдаймын. Ешбір әкімді ретсіз қызметінен босатпаймын. Осы облыстың кадрларымен жұмыс жасаймын, алаңсыз жұмыстарыңды атқара беріңдер, – деді.

Әкімдер қатысқан жиында әдептілік сақтап, ештеңе демей шығып кеттім де, жарты сағаттан кейін қайта қабылдауын сұрадым.

Оның себебі ұлым үйленетін болып, облыстың бұрынғы әкімімен келісіп, аудан әкімдері мен облыстық мекеме басшыларын тойға шақыруға ұлықсат алып,

шақыру билетін таратып қойған едім. Той 2004 жылдың 21 сәуіріне белгіленген. Жаңа әкімге де шақыру билетін беріп, тойға шақырып, жағдайды түсіндірдім. Сонда менің өмірбаяныммен танысқанын айтып, ол кісі былай деді:

– Екеуіміз құрдас екенбіз. Бәріміз де бала-шағамыздың жағдайына, өсіп-өнуіне жауаптымыз. Той тойға ұлассын! Балалар бақытты болсын! Мен елді аралауды Арал ауданынан бастаймын. Сіздің ауданға кезекпен келем дегенше тойыңызды өткізіп, көңіліңізді демдеп алыңыз, – деді.

Икрам Адырбековпен алғашқы танысуым осылай басталған еді.

Арал ауданынан бастаған облыс әкімінің сапары Жаңақорған ауданымен аяқталды. Облыс басшысын Шиелі ауданының шекарасынан күтіп алып, Жаңақорғанның тұсындағы қалқымалы көпірден өткізіп, Сырдарияның арғы бетіндегі Түгіскен массивінде орналасқан шаруашылықтарды түгел аралаттым. Сырдарияның Ақтас тұсындағы көпірінен асып, тау беткейіндегі шаруашылықтарды көрсетіп, кешкілік аудан активімен кездесу ұйымдастырдық.

Облыстың жаңа әкімімен кездесу аудан әкімдігінің мәжіліс залында өтті, халық көп жиналды. Мен ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына байланысты хабарлама жасап, облыс, республика арқылы шешілетін проблемалық мәселелерге тоқталдым. Шығып сөйлеушілер атқарып жатқан жұмыстарға оң бағасын берді. Арасында ауданға белгілі бір азамат жаңа әкімге пікір тудырғысы келіп:

– Мұсабаевтың іскерлігіне қоятын кінәміз жоқ, уақытпен санаспай, жиырма төрт сағат жұмыс істеуге дайын адам. Алайда соңғы аудан, облыс депутаттарын сайлау кезінде ел жік-жікке бөлінді, оған аудан әкімінің де қатысы бар деп есептеймін. Сондықтан ауданға жаңа әкім тағайындау керек! – деді.

Бұл сөздің астарындағы мәселені мен жол-жөнекей әкіммен аудан аралағанда хабардар еткенмін. Мәселенің мәнісі осының алдындағы облыстық мәслихат сайлауы дау-дамайға айналып, кейін облыстық соттың шешімімен осы округтегі сайлау заңсыз деп танылған болатын.

Жаңағы азаматтың сөзінен кейін Икрам Адырбеков былай деген еді:

– Жаңағы сөз сөйлеген азамат мені осы аудандағы елге қатысы бар деп айтып отырса, қателеседі. Мен кадрларды тек іскерлік қабілетіне қарап таңдаймын. Мұсабаевтың жұмысына басқа аудандарға қарағанда оң баға беремін, – деді.

Шынында да, Икрам Адырбеков біздің облысты басқарғанда осы сөзінен бірде-бір рет ауытқыған жоқ.

2004 жылғы 9 мамыр мерекесі қарсаңында мені Икрам Адырбекұлы жеке қабылдады. Өзіне тән сыпайылығы мен парасаттылығына сай былай деді:

– Барлық аудандарды аралап болдым. Енді біраз кадрлық өзгерістер жасамақшы ойым бар. Сіздің жұмысыңызға қоятын көп кінәм жоқ. Өткендегі аудандық активте айтылған сөзге бола емес, бұл ойымды дұрыс түсініңіз, осы ауданда жұмысты жалғастыра беруіңізге болады. Бес жылдай қызмет жасаған екенсіз. Сізге Арал ауданының әкімдігін ұсынғым келіп отыр. Жаңа ауданға барсаңыз, менің командама кіресіз, – деп сыпайы әзілдеді.

– Икрам Адырбекұлы, сіз екеуміздің зейнетке шығуымызға әлі он жылға жуық уақыт бар. Сондықтан қайда жіберсеңіз де, сізбен бірге жұмыс жасауға әзірмін, – дедім мен де.

– Тек бір ғана тапсырма бар, – деді облыс әкімі. – Облыстағы жеті аудан әкімінің бесеуі ауданға көшіп бармаған екен. Қалай жаңа жұмысыңызға кірісесіз, бір апта көлемінде сол аудан орталығына көшіп барып, елге сыйлы ардагерлердің батасын аласыз, – деді.

Икрам Адырбекұлының осы шынайы ықыласының, адал пейілінің арқасында мен Арал ауданында он жылдай әкім болып, 2013 жылы абыроймен зейнетке шықтым. Қазіргі таңдағы облыс көлеміндегі әкімдік қызметтен абыроймен зейнетке шыққан алғашқы әкімін және облыста, әр аудандарды қосқанда, әкімдік қызметте ең көп істеген әкім болып есептелемін.

Икрам Адырбекұлымен қызметтес болған кездегі байқағаным, кадрлар жөнінде асығыс шешім қабылдамайды. Қойған мәселеңіз ойынан шықса, шұғыл шара қолданады. Кез келген тапсырманы илеуін қандырып, ой елегінен өткізіп, нақты, тиянақты береді.

Икрам Адырбекұлы менің есімде жолы да, қолы да, ары да таза әкім болып қалды. Басқаны айтпағанда, Аралға әкім болып тағайындалғаннан кейін, облысқа келгенімде реті келген бір кездесуде:

– Икрам Адырбекұлы, әр ауданның өзіндік ерекшелігі бар. Біздің Аралдың шұбаты – облыстағы ең дәмді шұбат. Айына бір-екі рет шұбат жіберіп тұрайын, – дегенімде:

– Наке, не керек, босқа әуреленіп, біз үйде жұбайымыз екеуміз ғана. Балалар жеке тұрады. Шұбатты керек кезінде жүргізушім қалаға жақын жерден әкеле алады, рахмет! – деп, келіспегеніне таңғалғаным бар. Міне, осындай болмысын көре тұра. Икрам Адырбековті қолы да, ары да таза әкім болды деп қалай баға бермейсің.

Өмірімдегі есте мәңгілік қалатын сол тұстағы бір жайды айтайын. Ол – 2005 жылғы Президент сайлауы қарсаңында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Арал ауданына арнайы іссапары. 2005 жылғы наурыз айының басында облыс әкімі үлкен жиналыстан кейін аудан әкімдерін бөлек шақырып кеңес өткізді. Сол кеңесте Икрам Адырбекұлы:

– Үстіміздегі жылы сәуір айында Қызылорда облысына Елбасының арнайы іссапары жоспарланып отыр. Елбасы іссапарының алғашқы жобасы бойынша бір ауданды аралап, халықпен кездесіп, іссапар соңында облыс орталығының жұртшылығымен кездеседі деп белгіленген. Сондықтан Елбасын қай ауданға апарғанды дұрыс деп есептейсіздер? – деп, бізге, аудан әкімдеріне сұрақ тастады.

Әрине, әрбір әкім өзінің ауданын ұсынатыны белгілі. Мен облыс әкіміне:

– Икрам Адырбекұлы, егер сіз қолдасаңыз, біздің Арал ауданына Елбасының іссапарын ұйымдастыруға болады, – дедім.

– Ел Президентіне ауданда не көрсете аласыз? – деп сұрады облыс әкімі.

– Биыл Ұлы Жеңістің 60 жылдығы. Ұлы Отан соғысында қаза болғандарға арналған ескерткіш басқа аудандардың бәрінде бар, тек біздің Арал ауданында ғана жоқ екен. Арал ауданының әскери комиссариатынан 11 мың адам майданға шақырылып, солардың 6 мыңы елге оралмаған. Солардың аттарын мәрмәр тасқа жазып, ауданның орталығынан «Тағзым» алаңын салуды ауданға басшы болып барғалы ойластырып жүр едім. Қазір мамандармен жоспарлап жатырмыз. Осы «Тағзым» алаңын жеделдетіп бітіріп, Елбасына лентасын қидыруға болады.

Екінші, Арал қаласында Кувейт қорының қаржыландыруымен қала халқын таза ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында су құбырының құрылысы басталды. Осы құрылысқа қарқын тудырып, Елбасының келуі қарсаңында алғашқы бір көшеге салынып біткен су құбырының тұсаукесерін жасауға болады.

Үшінші, қазіргі Арал тағдыры, Арал проблемасы бүкіл ғаламды алаңдатып отырған кезде Елбасының қолдауымен биыл Сырдария өзенінің арнасын реттеу,

Солтүстік Арал теңізін сақтау (САРАТС) жобасының бірінші кезеңі басталды. Елбасын Кіші Аралға апарып, Көкарал бөгетінің құрылысымен, сонда салынып жатқан алып гидротехникалық құрылыстың жағдайымен таныстыруға болады, – дедім.

Икрам Адырбекұлы:

– Пікіріңіз дұрыс, бірақ лентасын қиып, тұсауын кескелі отырған «Тағзым» алаңының құрылысы әлі ойыңызда екен. Оны екі ай көлемінде бітіре аласыз ба? – деді. Сонымен қатар: – Құрылысы енді басталған таза су құбырын көше тұрғындарының үйіне жеткізіп, әрбір үйдің ішіне су есептегіш орнатып толық аяқтап, бітіре аласыз ба? – деген сұрақ қойды.

– Егер облыс тарапынан көмек болса, үлгеруге болады, – дедім мен.

Жиналыс соңында маған қарап:

– Ойланып көрейік, – деді облыс әкімі.

Жиналыстан кейін дереу Арал қаласына қайтып кеттім. Таңертең ерте Икрам Адырбекұлы телефон соқты:

– Нәке, сіздің кешегі ұсынысыңызға сәйкес, Президент Әкімшілігімен ақылдасып көріп едім, сіз айтқан нысандар сәуір айының бірінші жартысына дейін аяқталатын болса, Елбасының іссапарын Арал ауданынан бастауды қолдайтынын білдірді. Сондықтан бүгін түстен кейін менің орынбасарым Имамадин Оңғарбаев ауданға барады. Соған жаңа ауыз су жүйесі мен «Тағзым» алаңының сызба-жобасын, құрылысты бастау мен аяқтау жөніндегі кестесін түсіндіріп, қолына беріңіз, қалған мәселелерді сосын талқылармыз, – деді.

Айтылғандай, түстен кейін облыс әкімінің орынбасары Имамадин Оңғарбаев келді. Оған салынатын «Тағзым» алаңының орнын, жобасын, басқа да нысандарды таныстырдым.

– Бұл құрылысты 45 күндей ғана уақытта бітіру қиын болмай ма? – деп әкім орынбасары сәл сенімсіздік танытты.

Мен:

– Имеке, өзің осы Арал ауданының тумасысың. Елбасының арнайы іссапарын Арал ауданына ұйымдастырсақ, ол осы елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлкен пайдасын тигізетіні сөзсіз. Ал мына басталғалы тұрған «Тағзым» алаңының құрылысын жиырма төрт сағат бойы, үш ауысыммен жүргізіп, Елбасы сапары қарсаңында аяқтаймыз, – деп сендірдім.

Екі күннен кейін Икрам Адырбекұлы облыс әкімінің орынбасары И. Оңғарбаевты ертіп ауданға келді. Елбасының іссапарына байланысты нысандарды аралап, Көкарап бөгетінің құрылысында болып, аудандағы жағдайлармен толық танысты. Аудан активімен кездесіп, Елбасының келетіні туралы хабардар етті.

Сапар соңында:

– Нәке, Елбасының іссапарын Арал ауданына ұйымдастыру – облыстың жаңа әкімі маған да, ауданның жаңа әкімі сізге де, аудан халқына да үлкен сын. Сондықтан жобаларды дер кезінде аяқтап, Елбасының алдында ұятқа қалмаудың барлық шарасын қарастыруымыз керек, – деді.

Ертеңінде облыс орталығынан телефон соғып:

– Елбасының іссапарын Арал ауданынан бастауға шешім қабылдадым. Енді Аралдың ардагерлері, тұрғындары атынан Елбасына арнайы хат жіберейік. «Аралдың экологиялық проблемаларын шешудегі атқарылып жатқан жұмыстарды өз көзіңізбен көріп, Арал халқының жағдайымен танысыңыз» деп Елбасына жазайық. Егер осы ұсынысымызды қабыл алса, бұл Елбасының тарихи іссапары болады, – деді.

Сонымен Елбасының Арал ауданына іссапарына байланысты дайындық қызу басталып кетті. Әсіресе

жаңадан салынып жатқан «Тағзым» алаңына облыс әкімі көп көмек көрсетті. Елбасының іссапары алдымен сәуір айының бірінші жартысына белгіленгенімен, кейін нақтыланып, 27 сәуірге ауыстырылды. Ол, әрине, көп мәселенің уақытылы шешілуіне септігін тигізді.

Елбасының іссапарын ұйымдастыруға байланысты, ауданға сол кездегі Президент сайлауын ұйымдастыру жөніндегі республикалық штабты басқарған, Президент Әкімшілігі басшының орынбасары Нұрлан Нығматуллин облыс әкімімен бірге келіп, жағдаймен танысты. Бұдан кейін біз жұмысымызға қосымша қарқын туғыздық. Елбасының сапары жақындаған сайын әкім ауданға жиі келіп, Елбасы іссапарының әрбір сұрағын нақтылап, қосымша тапсырмалар беріп отырды.

Елбасы Байқоңыр қаласына ұшақпен қонып, сол жерден үш тікұшақпен Арал қаласына келетін болды. Содан кейін Қамыстыбас көлі жағасындағы Қосжар балық питомнигімен танысып, сондағы көлде арнайы тігілген үйде түскі ас ішуі белгіленді. Арал қаласында және Қамыстыбас көлінің жағасына тікұшақ қонатын алаңдар салынып дайындалды. Елбасының орталық алаңда халықпен кездесуінің әрбір деталі нақтыланды.

Сонымен Елбасының Қызылорда облысына іссапары басталды. Аралдықтардың жадында 2005 жылдың 27 сәуірі күні естен кетпестей болып жатталып қалды. Сәрсенбінің сәті болған бұл күні табиғат та ерекше елжіреп тұрды. Арнайы жұмыс сапарымен келген Елбасы «Халықаралық Кувейт қоры» арқылы салынған, халықтың асыға күткен таза суының құбырын өз қолымен іске қосып берді. Президент дидарына нұр шашып, судың дәмін татты. Сосын:

– Ең таза су аралдықтарда, – деп ағынан жарылды.

Арал халқы бүгінде сол таза судың рахатын көріп отыр. Елбасы таза судың тұсауын кескен күнді мәңгі

есте қалдыру мақсатында, аудан әкімдігі С. Сейфуллин көшесінің бойына стелла орнатты.

Мемлекет басшысы осыдан кейін Ұлы Жеңістің 60 жылдығына орай алты мың аралдық боздаққа арнап салынған «Тағзым» алаңының лентасын қиып, алғашқы гүлдестесін қойды. Бұл кезде Сырдария арнасын реттеу және Солтүстік Арал теңізін сақтап қалу (САРАТС) жобасының бірінші кезеңі басталып, елдің әлеуметтік тұрмыстық жағдайы жақсара түскен еді. Бұл үміттің оты маздай түскен кез.

Төбіренген Президент осы жерде өзінің:

– Мен Аралға көмектесемін деген арманыма жеткеніме қуаныштымын! – деген тарихи сөзін айтты.

Қазір осы сөз қаладағы көрнекті жерден көрініс тапқан. Осы сапарында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Көкарап бөгетінде болып, түс ауа Қамыстыбасқа тікұшақпен қонды. Сол күні тынымсыз соққылаған жел, күнделікті түс ауа басталатын құм дауылы әп-сәтте тыйылып, аспан жарқырай ашылды. Ақжал толқын сәл тыныстап, көлдің беті айнадай жарқырап шыға келді. Шыны керек, жиналғандардың бәрі бұл құбылысқа таң-тамаша болды. Мемлекет басшысы көлдің осы бір ғажап көрінісіне қарап отырып, әңгіме-дүкен құрды. Елбасы балық өсіріп жатқан Қосжар питомнигінде қазақы ырым жасап, аралдық зергер Құдайберген Құлмамбетов соққан күміс сырғаны аталық, аналық қос бекіреге салып, көлге жіберді. Бір қызығы, осыдан кейінгі уақыттары Арал өңіріндегі су айдындарынан балық аулау көлемі жыл сайын өсе түсті. Арал теңізінде бұрын болып, кейін жойылып кеткен 32 түрлі балықтың қазір 28 түрі қайта ауланып жатыр. Көлдің шетінде арнайы дайындалған орынға тігілген ақбоз үйдің ішінде Елбасы керегеде ілулі тұрған домбыраны көріп, қолын созды. Екі ішекті қағып-қағып жіберіп, өзінің әдемі қоңыр үнімен ән бастады. Қазір Елбасының қолы тиген

сол домбыраны ырымдап, отбасымдағы ең бір кәделі бұйым ретінде сақтап қойдым.

Осы сапарында Нұрсұлтан Назарбаев бір топ ғалым мен жобалаушыға:

– Сіздер ұсынып отырған «САРАТС» жобасы жүзеге асқан кезде Арал теңізінің суы қалаға жақындай ма? – деп сұрақты төтесінен қойған еді.

Бұл сауалға мамандар теңіз жиегінің қалаға 25-30 шақырым жетпей тұратынын айтып, жауап берді. Сол сәтте Нұрсұлтан Әбішұлы:

– Ендеше, Кіші Аралды Ұлы теңізден бөліп алып, жағалауды қалаға дейін жеткізуіміз керек. Ол үшін «САРАТС» жобасының екінші кезеңін бастау қажет, – деп кесіп айтты.

Қазіргі кезде дүниенің сегізінші кереметі аталып жүрген ғасыр жобасы осылай басталып еді. Бұл Икрам Адырбекұлының облыс басшысы болған кезіндегі атқарылған айтулы жобалардың бірі болып тарихта қалды.

Президенттің осы іссапарынан кейін республикаға ұсынылған айтулы төрт мега жоба Арал ауданының территориясынан өтіп, іске қосылды. Олар. Жезқазған – Сексеуіл теміржолы, Кеңқияқ – Құмкөл мұнай құбыры, Батыс Қытай – Батыс Еуропа тасжолының, Бозой – Шымкент газ құбырының құрылысы. Сонымен қатар Қосаман – Бердікөл, Арал – Қазалы тораптық су құбырының құрылыстары аяқталып, пайдалануға берілді. Қазір ел осы ірі жобалардың игілігін көріп отыр.

Мен Икрам Адырбекұлымен бірге қызметтес болған тұста, бұл кісінің азаматтардың еңбегін әділ бағалайтынына көзім жетті. Облыс әкімі Икрам Адырбекұлының ұсынысымен Тәуелсіздіктің 15 жылдығы қарсаңында, аудан әкімдері арасынан алғашқы болып «Құрмет» орденімен марапатталдым. «Қазақстанның құрметті құрылысшысы» атағын алдым. Икрам Адыр-



Мұсабаев Нәжмадин — қоғам қайраткері.

1950 жылы 2 ақпан күні Қызылорда облысының Қазалы ауданындағы Майпыбас ауылдық кеңесінде дүниеге келген.

Еңбек жолын 1971 жылы Қазақ химия-технология институтында кіші, одан соң аға ғылыми қызметкер болудан бастаған.

1973-1991 жылдары Қазалы ауданында №64 жылжымалы механикалық колоннада аға инженер, аупартком ұйымдастырушысы, ауыл шаруашылығы бөлімінің нұсқаушысы, бөлім меңгерушісі, аупарткомның екінші хатшысы, ауатком төрағасы қызметтерін атқарған.

1991-1995 жылдары – Халық депутаттары Қызылорда облыстық кеңесі атқару комитеті төрағасының орынбасары, облыс әкімінің бірінші орынбасары, 1995-1997 жылдары – Қазалы ауданының әкімі, 1997-2000 жылдары – Қызылорда қаласы әкімінің бірінші орынбасары, 2000-2004 жылдары Жаңақорған ауданының әкімі болды. 2004 жылдың мамыр айынан 2013 жылдың ақпанына дейін – Арал ауданының әкімі. 2013 жылдан «Шалқияцинк» АҚ басқарма төрағасының кеңесшісі.

Қазақстан Республикасының «Құрмет» орденімен, бірнеше медальмен марапатталған.

бекұлы облыс әкімі кезінде республикада өткен аудан әкімдерінің эксперименттік сайлауына қатысып, төрт жылға Арал ауданының әкімі болып қайта сайландым. Соның арқасында Арал ауданында әкімдік институты басталғаннан бергі он жыл абыройлы қызмет атқарып, зейнетке шықтым. Бүгінде өзім бұрын қызмет атқарған Жаңақорған ауданындағы Шалқия мырыш-қорғасын кен орнындағы «Шалқияцинк» АҚ басқарма төрағасының кеңесшісі қызметін атқарып келемін.

Республикалық «Жалаңтөс баһадүр» қоғамдық қорының президентімін. Икрам Адырбекұлымен сыйласып, бірлесіп, түсіністікпен бірге жұмыс атқарған жылдарды сағынышпен еске алып отырамын. Білікті басшы, шебер ұйымдастырушы, адал азамат Икрам Адырбекұлына алдағы уақытта да мықты денсаулық, ұзақ өмір, отбасына береке-бірлік тілеймін.

Нұрлыбек ЖОЛДАСБАЕВ

ӘДІЛДІККЕ АРАША ТҮСЕТІН

«Адам сөйлескенше, жылқы кісінескенше» дейді атам қазақ. Икрам Адырбекұлындай қазақтың жайсаң, жақсысымен мен бұрын таныс емес едім. Ол кісі 2004 жылдың басында біздің облысқа бірінші басшы болып келді. Мен облыстық ауылшаруашылық басқармасының басшысы едім.

Келгеннен кейін облыс әкімі Арал ауданынан Жаңақорғанға дейінгі елді аралап танысты, Сыр бойындағы шаруашылықтардың хал-жағдайына, жұмыс барысына, еңбек ырғағына қанықты. Сонда бірге жүріп, ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы ретінде, барған жерімде ауылшаруашылық құрылымдарды таныстырып жүрдім.

Қызылорда облысы – ежелден ауылшаруашылық өңірі. Осылай таныстықтан соң, яғни осы облысқа әкім болып келгеннен кейін бір жарым айдан соң мені Икрам Адырбекұлы күтпеген жерден мамыр айының басында қабылдауына шақырып алды.

– Нұреке, мен сіздің бүкіл еңбек тарихыңызды оқыдым. Сіз ауыл шаруашылығының тәжірибелі маманы екенсіз. Арал немесе Жаңақорған ауданына қайтадан әкім болып баруыңызды сұраймын, – деді.

Әуелі Арал ауданын айтты. Менің Арал ауданына онша барғым келген жоқ. Себебі ол жерде балық шаруашылығы басты орында тұрады ғой. Бұрын да екі ауданды басқарған адаммын. Облыс әкімінің орынбасары да болдым. Сол кезде әлдебір себептермен облыстық ауылшаруашылық басқармасына ауысқан кезім болатын. Икрам Адырбекұлының қабылдап отырған кезі – ауысқаннан төрт ай өткеннен кейін, яғни тоғызыншы мамыр күні еді...

Мен ізеттілік танытып, байыппен «Ойланайын» деп кеткен болатынмын. Екінші рет тағы да шақырып алып:

– Мен сізді екінші рет шақырып айтып тұрмын. Жаңақорған ауданына әкім болып барасыз, – деді.

Мен келісімімді бердім. Икрам Адырбекұлымен бірге аудандарды аралап жүргенде маған ұнағаны – ол кісінің ерекше мәдениеттілігі мен қарапайымдылығы. Кездескен адамдармен өте сыпайы, жан дүниесімен сөйлесетін кісі екені білініп тұратын. Сондықтан айтқан сөзін қабыл алып, мамыр айында Жаңақорған ауданына әкім болып бардым.

Осы күнгідей емес, заманның қиын кезі. Қаржы тапшы, сондай бір қысылтаяң уақытта жұмысты бастап кеттік. Икрам Адырбекұлынан нұсқау-кеңес ала отырып, аудандағы атқарылатын істің барлығын – саяси, экономикалық, әлеуметтік жұмыстарды ол кісінің өзімен тікелей бірлесе отырып шештік. Жаңақорған ауданы сол шақта өсу, өрлеу үстінде болғанына халық куә.

Әрине, барша халықтың иығына түскен көптеген қиыншылық болды.

*Толарсақтан саз кешіп,
Тоқтамай тартып шығарға,
Қас үлектен туған қатепті
Қара нар керек біздің бұл іске, –*

деп, Махамбет ақын айтпақшы, осы жылдары облыстың екі тізгін, бір шылбырын қолға алу бір басқа, оның толып жатқан экономикалық, әлеуметтік проблемалары қамыт болып киілген соң, оны қара нардай қайыспай сүйреу де қажет болды.

Ол қиыншылықтарды Икрам Адырбекұлы өмірлік тәжірибеге сүйене, адамгершіліктің биік деңгейін таныта отырып шешті. Осыған байланысты бастан өткен бір қиыншылықты айтайын. 2005 жылдың наурыз айында

Сырдарияда сең жүріп, ел абыржыды. Жаңақорған ауданында Төменарық деген ауыл бар. Сең жүрген кезде сол ауылды су шайып кетті. Бөгет жарылды да, ауыл аумағының елу пайызын су алып, қаншама отбасының үйі мен малы суға кетті. Икрам Адырбекұлына мен мұны телефонмен түнгі бір кезінде айттым.

– Икрам Адырбекұлы, осындай қиындық болып тұр, енді не істейміз? – деген едім, ол кісі өзінің бүкіл командасы – орынбасарлары, төтенше жағдайлар басқармасы мен прокуратураның, ішкі істер басқармасының азаматтары бар, солардың барлығымен келіп, таң атқанша арпалысып, содан екі күн жүрді. Бірақ біздің қолымыздан апатты тоқтату келмеді, су жығылып кетті. Су апаты – бұл да бір тіпсіз дүлей жау.

Сонда Икрам Адырбекұлы су басқан ауылдың халқын жинап алып, былай деп айтты:

– Ағайындар, не болса да болар іс болды, көздеріңіз көріп тұр, жағдай ауыр. Енді өкінгенмен пайда жоқ. Мен осы облыстың әкімі ретінде, сіздерге екі айдың ішінде осы бұрынғы үйлеріңіздей үй салып беремін деп уәде беремін!

Сол кездегі елдің Премьер-министрі Даниал Ахметов ауылға ұшып келіп, барлығын өз көзімен көріп кетті. Біз сол ауылдың клубында бірлесе отырып шешім қабылдадық. Барлық үйді аралап жүріп, қандай қиыншылыққа тап болды – дүниесі кетті ме, малы кетті ме, үйі кетті ме дегеннің бәріне есеп жүргізіп, Үкімет басшысы мен мүшелерінің алдына қойдық. Әлі есімде, бесінші наурыз күні біз сол арада шешім қабылдадық. 250 адам малсыз, баспанасыз қалды. Баспанасыз қалғандарды әр жерге қоныстандырып, орналастырдық. Икрам Адырбекұлы әрбір үйдің жағдайымен жіті танысып, қиындыққа ұшыраған адамдармен сөйлесіп, қолдау көрсетті. Көмекке мұқтаж жандардың ең бірінші кезектегі мәселесін сол арада шештік.

Уәде етілгендей, сәуірдің жиырмасында құрылысты бастадық. Қазір қарасаңыздар, сол Төменарықта кәдімгі осы заманғы жобамен салынған үйлерден тұратын екі көше бар. Екі жарым айда сол қырық үйді салып, тұрғындарды кіргіздік. Қуанған халық облыс әкіміне ризашылығын білдіріп жатты. Икрам Адырбекұлы апат кезінде сол қиналып жүрген адамдармен тіл табысып, күні ертең осындай қуаныш боларына сендіре білді. Одан кейін де, қазіргі кезде де Қазақстанның талай жерінде елді мекендерді су алып жатты, алып та жатыр. Солардың кейбірінде екі жарым ай түгілі, алты айлап, жылдап баспанасыз қалып, аяғында уәделері орындалмай қалғанын бұқаралық ақпарат құралдарынан естіп, көріп жүрміз. Осыған қарасаңыз, басты мәселе басшылықтың жергілікті халыққа деген шынайы қамқорлығында екендігі белгілі емес пе?

Икрам Адырбекұлын халық неге жақсы көреді?! Неге ризашылық танытып, шын көңілмен сыйлап тұрады?! Оның себебі ол кісінің қарапайым, сосын әділ адам екендігінде болса керек. Әділдігімен, тазалығымен, адами болмысымен, әр адамның мәселесін өз қиындығындай сезінгендігімен Икрам Адырбекұлы көптеген азаматты жан тазалығына үйретті. Кімнің қолы таза – сол азаматтарды қызметке көтерді. Міне, басты қағидасы осы болды. Қағидасы бар адам – мәртебесі жоғары жан.

Ол кісінің тазалығына қатысты бір оқиғаны айтайын. Бұл – өзімнің қатысуыммен болған оқиға. Икрам Адырбекұлы қасиетті Түркістанның азаматы ғой. Қызылордадан Икрам Адырбекұлының ата-баба мекеніне, кіндік жұртына апаратын жол біздің Жаңақорған ауданы арқылы өтетін еді. Бірер рет туған ауылына бірге барғаным бар. Сонда ертеде әкесіне арнап мешіт салдырған екен. Сол елдің тумасы ретінде жергілікті халықтың қалай сыйлайтындығын

көрдім. Бір күні сондай келіс-барыстың бірінде жолшыбай Жаңақорған ауданындағы шаруашылықтарды араладық. «Түгіскен» деген шаруашылыққа аялдап, сондағы алма бағында болдық. Күз кезі болатын. Икрам Адырбекұлының қасында зайыбы Ләззат Ерсұлтанқызы бар. Шаруашылық бағы ішінен орын дайындап:

– Икрам Адырбекұлы, мұндағы елдің азаматтарымен бірге шай ішейік, – дедім. Сонымен бәріміз бірге отырып, ел азаматтарымен әңгіме-дүкен құрдық.

Алма бақты аралап жүргенде Икрам Адырбекұлы:

– Мына алма қысқа сақтауға жақсы алма екен, – деді.

Шаруашылықтағы жұмысшылармен сөйлесіп: «Иә, хал-жағдайларыңыз қалай? Айлықтарыңыз қалай? Бақтың өнімділігі қалай? Қанша адам істейсіздер?» деген сияқты сұрақтар қойып, жылы әңгімелесті. Сөздерін ден қойып тыңдады. Осылайша, аз аялдағаннан кейін ол кісілер қоштасып, Қызылордаға аттанып кетті.

Содан менің ойымда облыс әкімінің «Мына алмаларыңыз қысқа сақтауға жақсы екен» деген сөзі қалып қойды. Тікелей басшым ғой. Сыйластығыңды білдіргің келіп тұрады. Не де болса, бақтағы алманың әдемі-әдемісінен жинақтатып, жәшікке сапып, он шақты жәшігін Икрам Адырбекұлына деп салып жібердім де, көмекшісіне:

– Икрам Адырбекұлы осы алмаларды ұнатып қалып еді. Алда қыс келе жатыр. Жеңгейге апарып берсеңдер, – дедім.

Содан екі күннен кейін маған Икрам Адырбекұлының көмекшісі қоңырау шалып тұр:

– Икрам Адырбекұлына сіз жіберген Түгіскеннің алмалары келген екен. Ол кісі «Қанша килограмм екенін өлшеп, базардағы бағасын біліп, соның ақшасын есептетіп беріп жібер» деп еді, – деді.

Мен таң-тамаша күйде қалдым. Япыр-ай, бұл қалай?! Міне, қызық! Көмекшісінің әңгімесін тыңдаған соң, Икрам Адырбекұлына хабарласамын ғой:

– Икрам Адырбекұлы, он жәшік алмаға құдіретім жетпейтін қандай әкіммін? Сіз қызықтыңыз, мен беріп жібердім емес пе? Сізге көрсеткен сый-сияпатым ғой? – дедім.

– Жо-жоқ. Рахмет! Мен сізге ренжігенім жоқ. Сол алманы өсіруге қанша адамның тері төгілді. Соған апарып беріңдер деп отырмын. Сізге емес ол ақша, – деді.

Содан ақшаны алып, алма өсіретін адамдарға бергіздім. Міне, адалдық, міне, көрегендік, қарапайымдылық! Басшымыздың бұл әрекеті маған өмірлік сабақ болып қалды.

Түрлі тендер, басқа да қаржылық жағдайлар көп болатын. Міне, осыларға қатысты мәселелерде Икрам Адырбекұлы әділ шешімін айтатын. Сол тұста Қызылорданың мен білетін талай іскер азаматтары тендерді әділдікпен алды, осы арқылы жақсы жұмыс істеді.

Әділеттің ақ жолымен жүру қандай қиын десеңізші. Менің өзім осы тұрғыда Икрам Адырбекұлының принципін ұстаймын деп жұмыстан кеткен адаммын. Ол туралы айта кетуім керек.

Сол кезеңде бізде мынадай бір жағдай болды: Жаңақорған ауданында бір мектеп ғимараты жаңадан салынатын еді. Жалпы құны – 700 миллион теңге. Міне, осыған облыстың «погон» таққан бір үлкен шендісі араласты.

– Осыны біздің бір кісіге беріңіз, – деп тікесінен айтты. Ықпалды кісі еді. Ол кісінің айтқан адамын көру керек болды да, былай дедім:

– Жарайды, әлгі адамды жіберіңіз, мен әңгімелесіп көрейін, мүмкіндігін білейін, – дедім.

Сосын ол адамы келді. Мен де осы Қызылорданың азаматымын ғой. Кімнің кім екенін жақсы білемін. Қолынан дым келмейтін, әр түрлі жерге орынсыз ұрынып жүретін бір адам келді, «погон» таққан адамының айтып, жол сілтеуімен.

Содан бірден бетіне басып айттым:

– Бұл сенсің бе? Кім айтса да, мен сені бұл жұмысқа жібермеймін! Не тындырып жүргенінді жақсы білемін. Ренжіме, бар, бара бер! – деп қуып жібердім.

Екі сағаттан соң әлгі «погон» таққан күштіміз маған қоңырау соқты:

– Сенің берген уәдең қайда маған? – деді.

– Мен сізге уәде берген жоқпын. Жіберген адамыңызды көрейін, мүмкіндігін білейін дедім. Басқа қолынан іс келетін кімді болса да жіберіңіз. Бірақ мен сіз жіберген адамның іскерлік жағдайын білемін, ол адамға бере алмаймын, – дедім.

Содан ақыры ол адамға тендерді берген жоқпыз. Тиісті заң бойынша тендерді басқа кәсіпкерлер жеңіп алды. Осылайша мектеп сапалы салынды.

Міне, осыдан соң менің үстімнен қылмыстық іс қозғалды. Он жыл бұрын өтіп кеткен нәрсені тексерді. Со-сын мен бірден Икрам Адырбекұлына келдім.

– Икрам Адырбекұлы, осындай да осындай болды. Мен бір кісіге мүмкіндік бермеп едім, маған қысым көрсетіп жатыр, – дедім.

Ол кісі маған ара тұрды. Қылмыстық іс қозғалғаннан соң он төрт ай үйде жұмыссыз отырдым.

Икрам Адырбекұлы ол кісіні шақырып алып айтыпты:

– Мен бір адамды білсем, мына аудан әкімі – таза азамат. Шынын айтып отыр. Сіздің не үшін осыған барғаныңызды білемін, арты сізге жақсы болмайды. Сондықтан мына қысымыңызды тоқтатыңыз, – деп.

Бірақ ол адам тоқтатқан жоқ, менің үстімнен іс қозғады.

Икрам Адырбекұлы маған:

– Сенің таза екенінді мен біліп, сезіп отырмын. Қорықпа, мен сенің жағыңда боламын. Елбасына дейін осы мәселені жеткіземін! – деді.

Он төрт айдан кейін іс сотта қаралып, толық ақталып шықтым. Икрам Адырбекұлы осы жағдайды елден кеткеннен кейін де, Қытай елінде елші болып жүрген кезінде, бір әңгіменің реті келгенде Елбасына айтқан екен. Оны маған Астанада лауазымды адамдар айтып берді. Елбасының тапсырмасымен істің бәрі қайта тексеріліп, ана азамат ақыры жұмысынан кетті. Мен қызметіме қайтадан бардым. Әділеттілік пе? Иә, әділеттілік!

Икрам Адырбекұлының адами болмысын, биіктігін Сырдың азаматтары көп айтады. Көптеген басшылар осы тазалықтан сүрініп, қу дүниеге қызыққанынан, қиянат көп жасағандықтан, өзінің қызмет еткен еліне бара алмайды. Бәрі демей-ақ қояйын, арасында ондай адамдар бар. Бұл да болса, бір кем дүние ғой. Ал Икрам Адырбекұлы Сыр елінің бір баласындай болып кетті.

Өткен жылдары сенатор қызметінде елге келді. Сол кезде ол ағамызға деген жұртшылықтың құрметін, шынайы қошеметін көзімізбен көрдік. Адалдығының, адамгершілігінің арқасында елге еркін келді, еркін жүрді. Халық та осы жерде туып-өскен қимас бір төл баласындай етіп қабылдады. Қасында еріп жүріп, соған куә болдық. Риза болдық, сүйсіндік.

Икрам Адырбекұлына мен бір кезеңде қызметтес болған адам ретінде адамгершілігіне, ұйымдастырушылық қабілетіне, адалдығына, шыншылдығына өте жоғары баға беремін, өте тәнті боламын. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дегендей, жақсы адамның жақсылығын айтқан жөн.

Кадр таңдауға қатысты бір жағдайды да айтпақшымын. Облыстық спорт комитетінің басшысы кетті ауысып осы өңірден. Орны бос тұрды. Менің туған нағашым Алматыда жасөспірімдерді олимпиадалық

даярлау мектебінің директоры болып қызмет істеп жүрген еді. Сол жігіт елге оралғысы келді. Сосын мен оған:

– Облыс әкіміне айтып көрейін. Талас көп болады бұл орынға, – дедім.

Ақыры бір орайы келгенде нағашым туралы айттым. Ол кісі жиырма күндей хабар айтпады, олай-былай ойланып дегендей, бәрін зерттеген болар. Содан бір күні Икрам Адырбекұлы Жаңақорған ауданына іссапармен келді. Қасында облыстық мәслихаттың хатшысы бар. Сосын кездесуден кейін, шығарып саларда мен ол кісіге айттым:

– Икрам Адырбекұлы, мынау спорт комитетінің басшылығына бір азаматты өзіңізге айтып едім. Сіз онша мән бермедіңіз. Сол жігіт сіздің сеніміңізді ақтайды, осы Қызылорда облысының спортын сөзсіз биікке алып шығады. Бірақ оның туған нағашысы екенім рас. Қабылдасаңыз, ол жігіт лайықты екендігіне көзіңіз жетеді. Мен сізге қолынан іс келмейтін бөтен адамды орынсыз ұсынбаймын! – дедім.

Шындықты айту керек, кейін білсем, тек менің ұсынысым ғана емес, тағы да бірнеше үміткердің білімін, тәжірибесін, республиканың спорт қоғамындағы беделін жан-жақты зерттеген екен. Сондай тексеру кезінде спорт саласына жауапты министр менің ұсынған кандидатурамды қолдап, жақсы мінездеме беріпті, барынша қолдау көрсететіндігіне сендіріпті. Содан жұмысқа алынған Садық Мұстафаев, міне, он екі жыл бойы облыс спортын басқарып келе жатыр. Әлемге, республикаға танымал көптеген белгілі спортшыларды шығарды. Қызылорданың спорты қазір республикада жоғары орында тұр.

Бұл – бір. Тағы бірде ауданға келгенде ұсыныс айтқан болатынымын:

– Икрам Адырбекұлы, қазір мен ауданда қызмет істеп жүрмін, облыста да қызмет істедім, өзіңіз білесіз.



Жолдасбаев Нұрлыбек 1955 жылы 5 наурызда Қызылорда облысы Жалағаш ауданының Мәдениет ауылында дүниеге келген.

1972 жылы – Жалағаш ауданы «Мәдениет» совхозында аға жұмысшы, 1984-1998 жылдары – аталған совхозда бас зоотехник, директор, 1998-2008 жылдары Жалағаш ауданы әкімінің орынбасары, Жалағаш ауданының әкімі, облыстық ауылшаруашылық басқармасының басшысы, Жаңақорған ауданының әкімі, жер қатынастары басқармасының басшысы қызметтерін атқарған.

2008 жылдан Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Бақылау және әлеуметтік қорғау комитетінің облыс бойынша бақылау және әлеуметтік қорғау департаменті директоры қызметін атқарып келді. 2013 жылдан Қызылорда облысының жаңадан құрылған еңбек саласындағы бақылау басқармасының басшысы қызметін атқарды. 2017 жылдың сәуір айынан бастап Қызылорда облысы табиғи ресурстарды басқару және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының басшысы.

Ауданда кадр тапшылығы бар. Мысалы, кейбір кадрларды қызметтік орынға қоямын. Бірақ олар оны алып кете алмайды. Сол сияқты, облыста да аудандық кадрлар жауапты жұмысты бірден алып кете алмайды. Мен сізге осы Жаңақорған ауданынан жас кадрларды жіберейін. Сіз соларға қолдау көрсетсеңіз. Үлкен паузым болмай-ақ қойсын, бірақ облысты көрсін. Содан кейін ауданға жіберсеңіз, жақсы бопар, – дедім.

– Мына ойыңыз дұрыс екен. Азаматтарыңызды жіберіңіз, – деді.

Мен екі азаматты жібердім. Ол кісі өзінің аппаратына алып, аппарат әкімінің орынбасары, басқа да

қызметке қойды. Сол азаматтардың бірі Ақтөбе облысында белді ауданның әкімі болып қызмет істеп жатқан Мейрамбек Шермағамбетов деген азамат еді.

Икрам Адырбекұлы сол практиканы тек Жаңақорғанда ғана емес, басқа аудандар бойынша да жүзеге асырды. Қызылорда облысындағы басқармаларға да осы үрдісті іс-тәжірибеге енгізді. Сөйтіп, Икрам Адырбекұлының тұсында негізі қаланған мықты-мықты кадрларымыз бүгінде үлкен дәрежелерге жетті. Бұл жергілікті кадрларға деген үлкен қамқорлық қой.

Сондықтан да Икрам Адырбекұлының Қызылорда облысында қызмет еткен жылдарын Сыр бойы жұрты қимастықпен еске алып отырады. Игі-жақсы әңгімесін айтады. Осы елдің азаматы ретінде мен де ол кісіге өте ризамын, үлгі тұтамын.

Сұлтанбек ТӘУІПБАЕВ

СЫР СУЫНЫҢ ПАЙДАСЫН АСЫРДЫ

Сырдария – қазақ даласындағы өзі де, тарихы да терең өзеннің бірі. Аргысы парсының Кир, Дарийдей патшаларының тұмсығын тасқа тіреген Тұмар, Шырақ сынды ұл-қыздарының ерлікке толы аңызы қалған өлке бұл. Мәңгіліктің күйін тартып, қобызын сарнатқан Қорқыттың сарыны қалған сырлы Сыр бұл.

Екі жағасында ерте заманнан күні кешеге дейін бір дәуірлеп, бір дәурені кетіп отырған көне қалалардың шерлі сырын бүккен Сыр бойы осы далада өткен көсемдер мен шешендердің, батырлар мен билердің, сүлейлер мен ахун-ишандардың аңызға толы тағдырымен тамырланып, шымырлай ағудан бір танған емес.

*Неге маған жырламасқа
Сырда туган елімді.
Ел анасы – менің анам,
Сырдың сұлу өзені, –*

деп жерлес ақынымыз Әбділда Тәжібаев тамсана жырлаған Сыр-Анаға қызмет ету – менің де тағдырыма жазылған еншім екен. Өйткені осы өңірде туып-өскен көптеген азамат сияқты, менің де мамандығым, өмірлік кәсібім Сыр суымен байланысты. Мұны кіріспе ретінде жазып отырмын.

Өзге аймақтарға қарағанда, Сыр бойы елінің жалпы тыныс-тіршілігі осы өңірдің күретамыры іспетті ұлы дарияның қас-қабағына байланысты ғой. Тіпті облысымызға келген басшының өзін қызмет істеген жылдардағы судың аз-молдығына қарап бағалап жататынымыз бар. Бұл тұрғыдан алғанда, 2004 жылы

Қызылорда облысына басшы болып келген Икрам Адырбекұлы ақжолтай басшы болған сияқты-ау.

Ойлап қарасам, Икрам Адырбекұлының балалық, жастық шағы менімен көп жағдайда ұқсас екен. Өйткені ол кісі де Ғылым академиясының биология институтында жетекші маман, аспирант, одан соң кіші ғылыми қызметкер, одан аға ғылыми қызметкер, зертхана меңгерушісі болған. Сосын ары қарай партком болып ұйымдастырушылық қызметке ойысқан. Одан ары мемлекеттік қызметке кеткен екен. Сол парткомға дейінгі жастық шағында жасаған қызметі менімен бірдей деп айтуға болады. Ол кісінің өмірбаянына қарап отырғанда келген ой ғой.

Біз өзі дәл соғыстан кейінгі ұрпақтан соң дүниеге келген толқынбыз. Бүгінде алпыстың үстіне шықтық.

Мен осы күнге дейін университет қабырғасында екі ректормен, облыста бес бірдей басшымен қызметтес болып келе жатыр екенмін. Соның бірі – осы Икрам Адырбекұлы.

Икрам Адырбекұлы Қызылорда облысына әкім болып келген кезде мен облыстық коммуналдық су шаруашылығының директоры болып қызмет етіп жүргенмін. Бізде, Сыр бойында, су шаруашылығы деген елдің экономикасына, ауыл шаруашылығының дамуына үлкен үлес қосып келе жатқан сала. Мен су шаруашылығында жұмыс істегенде, аудандардың барлығында филиалдары бар, 470 адам қызмет жасайтын ұжым еді. Үлкен сала. Қазіргі күнде де дәл сол қалпы, облыстағы үлкен салапардың бірі болып келе жатыр.

Енді Икрам Адырбекұлы келген тұстағы облысымыздағы су мәселесіне қатысты жалпы жағдайға тоқтала кетейін.

Ол кісі келген кезде су саласының дамуы қиыншылық заманға сәйкес шамалы кешеуілдеп қалған кез еді. Бұл енді экономикаға тікелей байланысты.

гидротехникалық құрылыс қысқа мерзімде салынды ғой деп есептеймін.

Икрам Адырбекұлының сол техникалық күрделі құрылысты осылайша жедел салдырғанына су маманы ретінде мен риза болып жүремін.

Мен оған дейін бес әкіммен қызметтес болдым деп айттым ғой, жұмыста жүрсең де, өзге ортада жүрсең де, басшы адамдардың қызметіне іштей қорытынды жасап, пенде ретінде баға беріп жүресің. Бұл – заңдылық. Біреудің ісін іштей жақсы көріп отырасың. Біреудің ісін іштей жақтырмай отырасың. Біреудің жүріс-тұрысына, айтқан сөзіне, сөйлеу шеберлігіне риза болып отырасың.

Осы тұрғыдан алғанда, Икрам Адырбекұлынан қызмет бабында мен көп дүниелер үйрендім деп айтуыма болады. Мысалы, ол кісіден басқарудағы мәдениеттілікті үйрендім, шыны керек, жұрт алдында басшы ретіндегі жүріп-тұруды, дұрыс отыруды үйрендік көп жағдайда.

Ол кісіден біз әділеттілікті, адалдықты үйрендік.

Ол кісіден абайлап сөйлеуді үйрендік. Қызметтес жолдастарымызды қадірлеуді үйрендік.

Ол кісіден мен жершілдікке, рушылдыққа салынбауды үйрендім. Трайбализм дейді, басқа дейді, біздің қазақта бар ғой. Қазірде де бар, жасыратын ештеңесі жоқ. Ол кісі бәрімізді бірдей көрді. Өзінің айналасындағы адамдарға тек қызметіне байланысты баға беріп жүрді.

Бұл кісіден үйренген бір мінез – сабырлылық. Не нәрсені де байыппен, асықпай сабырлылықпен шешуді үйретті. Осы сабырлылыққа қатысты бір жағдай есіме түсіп отыр.

«Қараөзек» гидротехникалық суағарының салынбаған кезі. 2005 жыл болуы керек. Ақпан айының аяғы. Дариядан сең жүріп, тасып жатыр. Судың молдығы

сонша, Тереңөзек елді мекенін су басу қаупі туды. Маған телефонмен әкімшіліктен кезекші қызметкер қоңырау соқты:

– Сағат бестің кезінде Тереңөзектің тұсындағы понтонға сізді облыс әкімі шақыртып жатыр. Сол жерге келіңіз, – деді.

Онсыз да дарияның жағасында жүргенбіз.

Содан кешкі бестің кезінде айтылған жерге бардым. Барсам, Икрам Адырбекұлы тұр екен. Су саласына қатысты және қатысы жоқ көптеген ел ағалары да бар. Алдында біраз күн бұрын жарылғыш затпен «Қараөзектің» басына салған бөгетті бұзып, су тастау мәселесі күн тәртібінде тұрған еді. Соған су мамандары қарсылық білдіргенбіз.

– Олай жарамайды, өйткені оған суды тастайтын болсақ, біз дариядан айырылып қаламыз. Барлық су сол Қараөзекке ауып кетеді. Өйткені оның деңгейі дариядан сегізден он метрге төмен тұр, – деген едік.

Біз солай айттық, алайда «Дарияны Тереңөзектен төмен бұзу керек» деген біраз кісілер қарсылық білдірген-ді. Сол кезде республикалық Су комитетінің төрағасы Анатолий Дмитриевич Рябцев те жүрген болатын осы жақта. Ол кісі де ана бөгетті бұзуға қарсылығын білдірген. Қасымда Арал-Сырдағы бас басқарманың басшысы Әділхан Қарлыханов бар.

Икрам Адырбекұлы көптеген кісілердің көзінше маған қарата:

– Сұлтанбек, не істейміз мынаны? Ана «Қараөзекті» бұзбасақ, Тереңөзекті су алып кететін түрі бар ғой, – деді.

Су өте көп, шынымен де, қорқынышты жағдай болып тұр. Пікірді нақты айту керек, сол кездегі су саласының басшысы мен, маманмын, инженер-гидротехникпін, бұл жұмыспен ғылыми түрде де айналысқанмын. Сосын өзімнің жеке көзқарасымды айттым:

– Жоқ, Икрам Адырбекұлы! Бұзуға болмайды, егер бұл бөгетті бұзатын болсақ, жалғыз Тереңөзек емес, төменгі елді мекендерді, Жалағаш, Қармақшы – бәрін су басып кетеді. Бұл – бір. Екіншіден – дариядан айырылып қаламыз. Себебі «Қараөзекті» бұзсақ, су бізге бой бермей кетеді. Мен қарсымын, пікірім осы, – дедім.

Бірлі-жарым ағалар тағы да:

– Жоқ, сен дұрыс айтпай тұрсың! Бұзу керек! – деп қарсы уәжін айтып жатты.

Сол жерде біздің алдымызда қызмет істеген Ержігіт Бозғұлов деген кісі, бүгіндері марқұм болды, кезінде су саласы бойынша тресте басшылық жасаған аға тұрғанды. Сол кісі Икрам Адырбекұлына айтты:

– Икрам Адырбекұлы, сіз мына бізден судың жағдайы туралы сұрап жатырсыз. Осы мамандармен ақылдасып, солардың сөзіне құлақ асып шешкен дұрыс болар, – деді.

Икрам Адырбекұлы содан маған:

– Сұлтанбек, енді бара бер, жұмысыңмен айналыса бер, – деді.

Кеш болды. Судың арыны әлі қатты, деңгейі де жоғары. Содан кетіп бара жатқанда Икрам Адырбекұлы қайта шақырып алып:

– Мен жұмыста боламын, қай кезде болса да, маған жағдайды айтып, хабарласып тұр, – деді.

Сондай кезде ұйқы қайдан болсын, таң атқанша жүресің. Аяғыңда дәу резеңке етік, үстінде күпәйке. Сөйтіп алаңдаумен жүргенбіз.

Содан кешке дейін су саласының мамандары түгел дарияны қарауылдауға шықтық. Сағат таңғы бес болды. Мен қалаға келіп, кабинетте отырғанмын. Сол кезде Тереңөзек аудандық су бөлімінің басшысы Серік Аяганов маған қоңырау шалып:

– Сұлтеке, мынау судың деңгейі шамалы түскен секілді, – деді.

– Қарасаңшы енді, қанша сантиметр түскен екен, өлшедің бе? – деп едім:

– Жоқ, айта алмаймын, – деді.

– Жарық салып қараңдар, көріңдер, – деп едім, біраздан соң қайтадан қоңырау соқты:

– Су деңгейі төмен қарай түсіп бара жатыр, – деді.

Икрам Адырбекұлының: «Мен қай кезде де жұмыста боламын, қоңырау соқ» дегені есімде.

Алдында, он екілерде бір телефон соққанмын. Ол кезде ешқандай өзгеріс жоқ болатын. Сағат таңғы бес жарым болды. «Қоңырау соқсам ба екен, соқпасам ба екен?» деп ойланып отырдым да, не де болса, жұмысына қоңырау соғайыншы деп, жұмыс телефонын тердім. Икрам Адырбекұлы таңғы бес жарымда өзі көтерді телефонды:

– Ия, не болды? – деді.

– Су төмен қарай түсті, қауіптің беті сөйілді, – дедім.

– Жарайсың, Сұлтанбек, жақсы хабар айттың! Таңғы сағат жетіде кешегі жерде, судың басында кездесейік, – деді. Сөйтіп телефонды қойды.

Таңертең жетіге қарай барсақ, Икрам Адырбекұлы да келіп қойған екен. Біздің кешегі келіспей, табандылық танытқанымызға ризашылығын білдірді.

Менің бұл жерде айтпағым: «Облыс әкімі жұмысында таңғы беске дейін отырған жоқ шығар» деген ой болғанын жасырмаймын. Сол кезге дейін біздің қоңырау шалуымызды күтіп отырғаны, «Су басып кете ме, қандай жағдай болады?» деп іштей ойланып, алаңдағаны мені таңғалдырды, шыны керек. Бірінші басшының елге жаны ашып, осылай жүргені бізге сабақ болды.

Қарамағымдағы адамдардың бәрін жинап алып:

– Сіздер ренжімеңіздер, бүгін де, кеше де түнімен жүрдіңіздер, дегенмен арасында шамалы болса да тынығып алуға мүмкіндік болды ғой. Мына сіздер түгілі,

облыстың басшысы Икрам Адырбеков те ұйықтамады. Таңғы сағат бес жарымда қоңырау соққанымда ол кісі кабинетінде күтіп отырды, – деп үлгі етіп, көпшілікке айттым.

«Мен дәл сол кісі сияқты, облыс басшысы болсам, сол таңға дейін күтіп отырар ма едім, – деп те ойлаймын. – Он екіде бір сөйлескеннен кейін, мысалы, үйге барып демалар ма екенмін».

Икрам Адырбекұлының сондай тиянақтылығымен, ұйымдастырушылығымен керекті жұмысты жүргізіп, барлық су мамандарының басын қосуы арқасында осы мол суды еш шығынсыз аман-есен өткізіп жібердік. Бірде су мол, бірде азайып дегендей, он жылда бір рет қайталанып отырады өзі. Табиғаттың ғылыми тұрғыда дәлелденген заңдылығы бұл.

Ал Қараөзектегі бөгетті бұзған жағдайда дарияның арнасы ауып кетуші еді. Оны кейіннен барлығы да мойындады. Ол жерді біздің алдымыздағы басшылар су алып кете берген соң бөгеген ғой. Тереңөзекке баратын асфальт жол бар, сол жолға күні-түні топырақ төгумен болдық. Су топыраққа барып тіреліп тұрды.

Сол қатерлі жерге кейіннен жоғарыда айтылған 300 текше метрлік су өткізу кешені салынды. Нәтижесінде қыс айларында мұз жүріп, қиын жағдай қалыптасқан кездерде, суды «Қараөзекке» еркін тастап жіберіп отырамыз. Ол бір жағынан су тасудан құтқарады, екінші жағынан жүз сексен бес шақырым жердің табиғатын жақсартуға орасан зор септігін тигізеді. Он екі көлді суға тоқтырады, ал ол үш ауданның экологиялық жағдайын жақсартады. Жерге су келген соң шөп шығады, шөп шыққан соң аң келеді, құс келеді, малға азық мол болады. Міне, соның рахатын ел көріп отыр қазір.

Икрам Адырбекұлы басшылық еткен тұстағы тағы бір мәселе – 2006 жылы тамыз айында Қармақ-

шы ауданының жеріне құлаған «Протон» зымыраны болды.

Зымыран құлаған түні маған әкімшіліктен кезекші қоңырау шалды:

– Таңғы сағат жетіде Қармақшыға, Жаңақалаға баруыңыз керек. Осындай жағдай болып жатыр, сол жерге келіңіз, – деді.

Таңертең барсам, Икрам Адырбекұлы бірнеше кісімен, ішінде экологияға қатысты адамдар бар, сонда екен. Менің баруым – Жаңақаланың қасынан Қуандария деген канал өтеді. Соған байланысты шақырған екен. «Протон» Жаңақалаға бір жарым шақырымдай қашықтықта құлапты. Айнала қаптаған әскер жүр. Халық у да-шу, әр түрлі мәліметтер гулеп жүр: «Гептил көп төгілген, бәрің уланасындар, бәрің қырыласындар» деген сияқты үрейлі сөздер айтылып жатты. Икрам Адырбекұлы өзі түске дейін жүріп, халыққа айтып, түсіндіріп жұмыс жасады. Айқай-шу басылғандай болды. Содан түсте Икрам Адырбекұлы қайтатын болды да, мұндағы жағдайды бізге тапсырып кетті. Үш-төрт жігіт сол жерде қалдық. Кетерінде облыс әкімі:

– Осында болып, қараңғы түскенде қайтасындар, оған дейін ешқайда кетпеңдер, – деп пысықтаған болатын.

Біз ауылда біраз болдық та, халық тынышталған соң, ойымызда ештеңе жоқ, қайта берейік деп шештік. Елде мал сойылып, тамақ асылып жатты. Елдің тамағына ортақ болмай-ақ қояйық деп те ойлаған едік. Әрі аудан басшысы да алдында:

– Аудан орталығында дәмхана бар, тамақ дайындатып кеткенмін, сол жерден барып ас ішесіздер, – деген болатын.

Сонымен біз де ауылдан қайтып кеттік. Ойымызда ештеңе жоқ.

Үйге келіп жатсам, телефоным шырылдайды. Әкімшіліктен екен:

– Таңғы сағат алтыға Икрам Адырбекұлы шақырып жатыр, кешікпей келетін болыңыз, – деді.

– Ой, не болып кетті? Тыныштық па? – десем:

– Сіздер Қармақшыдан кеше нешеде қайтып кетіп едіңіздер? – деп сұрайды.

– Түстен кейін қайтқанбыз, – дедім. Мәселе осыған байланысты екендігін аңғардым.

Содан не болып қалды екен деп таңертең алтыда бардық. Барсақ, Икрам Адырбекұлы отыр жұмыста. Ол кісі айқайлап, жекіп ұрыспайды ғой. Жайымен, бірақ қатаң дауыспен:

– Мен сіздерге кешке дейін сол елді мекенде болыңыздар дегенім қайда? Неге кетіп қалдыңыздар ол жерден? – деді.

Бәріміз тып-тынышпыз. Сосын былай деп шегелеп тапсырма берді:

– Қазір жолға шығындар да, сол жаққа барындар! Мені сонда күтіндер. Халық «Көшеміз, кетеміз» деп реніш білдіріп жатыр, – деді.

Сөйтсек, халық біз кетіп қалғаннан кейін түрлі ойға кеткен көрінеді:

– Көрдіндер ме, басшылардың өзі біздің тамағымызды да, суымызды да ішпей кетті. Бұл жердің бәрін у жайлап кеткен екен, – деп гуілдесіпті.

Біреу барып айтқан ғой:

– Ойбай, су да ішпеңдер, тамақ та ішпеңдер! Бұл жердің бәрі у. Ана басшылардың бәрі кетіп қалғаны сол! – деп.

Содан халық қобалжыған. «Көшеміз, кетеміз» деген айқай-шу осыдан басталып кеткен. Икрам Адырбекұлы – төтенше жағдайдың басшысы бар, мен бар – үш-төрт жігітке:

– Таңертеңгі асты сол ауылдан ішіндер, түскі тамақты да ішіндер, кеште де сол жақта болып, халықтың алаңдауын сейілтіндер! – деді.

Кінәліміз ғой, кетіп қалдық. Бізде енді «Ел дәл солай ойлайды, қобалжиды» дегендей ой болған жоқ қой.

Таңғы шайымызды сегізде сол жақта іштік. Түскі асымызды да әдейі сол жақта іштік. Аудан әкімі де сонда жүр екен. Түстен кейін Икрам Адырбекұлы да келіп жетті. Халыққа айтып, түсіндіріп, бірге жүріп мал сойдырып, суын ішіп, бір табақтан ет жеп дегендей, түн ортасында облысқа бірге қайтқанбыз солай.

Айтпағым: Икрам Адырбекұлы өзінің қарбалас жұмысы болып, бізді тастап кетіп тұрғанда, біз оның арғы мәнісін ойланбаған екенбіз. Ондай болады екен деген ой үш ұйықтасақ түсімізге енбепті де.

Икрам Адырбекұлы зымыранның құлауына байланысты комиссия шақыртып, халыққа өтемақы төлетеміз деген мәселені жоғарыға күн тәртібіне қойды. Осы тұрғыда көптеген іс-шараларды бастап, жоспар жасаған. Бірақ кейіннен ол кісі кеткен соң бұл шаруа онша шешіле қойған жоқ. Мүмкін, әлдеқалай кедергілер болған да шығар.

Икрам Адырбекұлы сенбіліктерге өзі белсене қатысып, бірге ағаш егетін едік. Қазіргі мынау облыстық әкімшілікке бара жатқандағы мешіт пен екі ортадағы ағаштар – Икрам Адырбекұлының өзі еккізген төл ағаштары. Сосын мынау Қызылорда мен Тасбөгеттің арасы бар, сегіз шақырымдық. Ол кезде бұл екі ара қосылмаған, иен дала. Тасбөгет өзі бөлек болатын. Сол екі ортаға ағаш еккізген де Икрам Адырбекұлы еді. Басы-қасында өзі қадағалап жүріп, су, табиғат қорғау департаменттері бар, солардың жұмысын үйлестіріп, ұйымдастырды. Әуежайға барар жолға ағаш ектіре бастады.

Осының бәрі қазіргі күні сол жерден өтіп бара жатқанда ойға оралады. Басқа жақта қайдам, біздің жақта күрделі экологиялық жағдайда ағаш өсіру деген үлкен мәселе ғой. Ол Тараз немесе Шымкент тасжолының бойы сияқты шыбық шаншысаң шыға қоймайды. Оған су әкелу керек, топырағын жөндеу керек. Ол кісі соның барлығына үлкен табандылық жасады. Өсетініне көзі жеткен соң барып, облыс басшысы ретінде қоймай қаржы шығарып жүріп, нәтижесін көрді. Қазір тасжолдың бойы қандай тамаша! Сол жұмыстар қазір де жалғасын тауып жатыр. Қазір де сондай ағаштарды егіп жатыр.

Сол кездегі Қызылорда мен қазіргі Қызылорданы салыстыруға да болмайды ғой. Мысалы, егемендік алмай тұрғанда, жиырма бес жыл бұрын қандай еді? Қазір қандай болды Қызылорда?

Әр уақыттың өз еншісі бар. Бірақ әр уақыттың еншісіндегі Құдайдың беріп тұрған несібесін халыққа, елге алып беретін басшы болуы керек екен. Ал оны алып келетін, ұйымдастыратын басшы болмайтын болса, ол талан-таражға салынып, желге ұшып кетеді.

Қызылорданы, мысалы, мемлекеттен өз үлесін алмады деп ешкім айта алмайды. Бірақ соны елдің игілігіне лайықты жұмсай білу керек. Сондай басшылардың бірі болған – Икрам Адырбекұлы. Облыс басшысы болу оңай емес қой, оның артында үлкен жауапкершілік жатыр. Халықтың көзқарасы, тілек-талабы жатыр. Міне, сондай екі жарым жылдан астам уақытта Икрам Адырбекұлы халыққа өте жақсы қызмет жасады деп бағалаймын. Екі жарым жыл деген, былай қарасаң, аз уақыт. Икрам Адырбекұлын бізден де маңызды жұмысқа қажет болған соң Елбасы алып мемлекет Қытайға елші ретінде жіберді ғой. Оған да Икрам Адырбекұлы сияқты білікті де тәжірибелі елші керек болды деп ойлаймын. Аз уақыттың ішінде көп нәрсені іске қосып, бірнеше

игілікті істі бастап, кейбіреулерін болашаққа жүйелеп кетті.

Мен Икрам Адырбекұлының кезінде облыстық мәслихаттың депутаты болдым. Облыстық мәслихат жиналысы жүріп жатқанда ол кісі барлығының сөзін байыппен тыңдап отыратын. Жиынды соңына дейін күтетін еді. Барлығынан кейін өзінің тиянақты шешімін айтатын. Депутаттардың жұмысы өздерінің округтеріне ақша тарту ғой негізі. Қаржы жетімсіз. Азғантай қаражатқа таласып жататынбыз. Әрқайсымыз өзіміздің мәселемізді дәлелдеуге тырысатынбыз. Икрам Адырбекұлы бәрімізді тыңдап болған соң, ретіне қарай әрқайсысы өз уақытымен шешілетінін айтып, ең өзектісін алға тартып шешім шығаратын. Қызылорда облысының экономикалық, әлеуметтік дамуына осылайша облыс басшысының үлкен септігі тиді.

Тағы бір күрделі мәселе, «Көксарай» салынды ғой. Мен өз басым, су маманы ретінде «Көксарайды» салуға қарсы болған адаммын. Неге? Бізге дейін де «Көксарайдың» Сыр бойындағы гидроқұрылым ретінде қажетсіздігі кеңес заманының өзінде ғылыми түрде дәлелденген. Кезінде мұнымен Мәскеуде «Совинтервод» деген мекеме арнайы айналысқан еді.

Екіншіден, Қазақстандағы География институты да терең зерттеген бұл мәселені. Олардың қолдағаны, қазір біз «САРАТС-1», «САРАТС-2» деп жүрміз ғой, сол жобалар еді. Бұл жобалардың негізгі мақсаты – суды Арал теңізіне молынан жеткізу. Ал оны қалай алып бару керек, не істеу керек? Осының бәрі сол «САРАТС» жобасында белгіленген. Менің ғалым есебінде, әрі су маманы есебінде «Көксарайға» қарсы болғаным сол еді.

Жалпы өз басым, ғылым деген қазіргі күннен 15-20 жыл алда жүруі керек деп білемін. «Көксарай» су қоймасына ұсынылған екінші нұсқа – артық суды мына «Қараөзекке» пайдалану және Сырдария өзені-

нің табанын тазарта отырып, суды Аралға апару керек деген жоба болды. Осыған қатысты кейбіреулер айтады: «Оңтүстік Қазақстан облысына су қоймасы қажет, ол жақтың халқы 120 мың гектар жерге қосымша егін екпекші. Соған Қызылорда облысының халқы қарсылық білдіріп жатыр» деген сөздер болыпты. Ол мүлде олай емес еді. Біздің көздеген мақсатымыз – суды аяғына дейін бөлшектемей жеткізу. Кіші Аралды сақтап қалу болатын. 46-абсолютті белгіде Кіші Аралды ұстап тұру қажет болатын. Осыны Икрам Адырбекұлы шақырып алып, менен бірнеше рет сұрады. Айттық, түсіндірдік.

Егер біз барлық суды жоғарыда ұстап қала беретін болсақ, не жағдай туындайды? Алпысыншы жылдардан бері Әмударияны солай жасағандықтан, Үлкен Арал не болды қазір? Әмудариядан төменге су түспейді. Сондай су қоймаларын қаптатып сала бергендіктен, қазіргі күні Қарақалпақстанға мүлде дерлік су бармайды. Соның салдарынан Үлкен Арал тартылып кетті. Біз бұл жөнінде кезінде «Егемен Қазақстанға» мақала да жазғанбыз.

Сонымен Икрам Адырбекұлының тұсында екі-жақты осындай ашық талқылаулар болды. Бірақ біздің мемлекетімізге сол кезде «САРАТС» жобаларын бір мезгілде үлкен ауқымда жүргізуге қиын соқты ғой деп ойлаймын. Сондықтан уақытша болса да «Көксарай» су қоймасын салу арқылы елді мекендерді су басу қаупінен сақтау мәселесі шешілген шығар. Бірақ бұл – уақытша үрдіс.

Болашақта «САРАТС» жобасының екінші кезеңін жүзеге асыру мәселесі қазір қаралып жатыр. Кезінде Сырдария өзені арқылы 1000–1200 текше метр су өтіп отырған ғой. Қазір, мысалы, Қызылорданың тұсында 12,5 шақырымдық бөгет көтерілді. Екінші жағын көтерейін деп жатыр. Міне, осы жасалған іс «САРАТС»

жобасында бар еді. Біз осылай жасау керек деп айтқанбыз, есептеулерді жасағанбыз.

Қазір бұл жұмыстардың нәтижесі Қызылорда қаласын су басу қаупінен толықтай құтқарды деуге болады. Алдағы уақытта да сол жоба жалғасын табуы керек, сөйтіп, Кіші Арал теңізін 42-абсолютті белгіден 46-белгіге жеткізу мақсатын орындауымыз керек. Бұл – ғылымда дәлелденген, ықтималды белгі. Осы белгіде ұстап тұратын болсақ, аймақтың барлық гидроэкологиялық ахуалы жақсарады. Елді мекендердің әлеуметтік тіршілік жағдайы көтеріледі. Сол кезде біз қарсы болған «Көксарай» су қоймасының қажеттілігі болмай қалуы да мүмкін. Ол да ғажап емес. Міне, Икрам Адырбекұлы бұл мәселені түсіне отырып, бізді, жергілікті су мамандарын қолдаған еді. Онысына біз рахмет айтамыз әр кез.

Икрам Адырбекұлымен кейбір демалыс күндерінде де араласып жүрдік. Сол сәттерден қалған естеліктер арқылы ол кісінің адами қасиеттерін, қарапайымдылығын айтпақпын.

Бекмырза Қайыпұлы Еламанов Икрам Адырбекұлының орынбасары болатын. Біз бұрыннан әріптес, қызметтес едік, демалыс күндері, кейбір кезде, әсіресе қыс айларында аң аулауға баратынбыз. Кейде қар жауғанда, балаларымызды ертіп баратын едік. Сөйтіп, он шақты шақырымға дейін жаяу жүріп қайтатынбыз.

Содан бір күні Бекең қоңырау шалды:

– Осы аптада барайық. Икрам Адырбекұлын да шақырып едім, келісіп отыр, – деді.

– Өте дұрыс, ендеше, дайындалайық, барайық, – дедім.

Сонымен, демалыс күні бардық аңшылыққа. Облыс әкімі келетін болған соң дайындалдық, ол кісіден ұят қой деп. Аңға барғанда біз от жағып қоятынбыз. Қара терге түсіп жүріп-жүріп келген соң оттың басы-

на демімізді басып отырып шөй-пәйімізді ішетін едік. Бұрындары үш жігіт баратынбыз. Икрам Адырбекұлы төртінші болып қосылды осы жолы. Бұрынғыдай отынды маздатып жағып қойып, қазанымызды асып дегендей, отырдық далада. Бір-екі қырғауыл атып алғанбыз.

Барғаннан кейін Икрам Адырбекұлы:

– Қырғауыл атсаңдар, тек қоразын ғана атыңдар! – дейді.

Бір-бірімізге аңтарыла қарадық. Ол қырғауылды ату деген оңай емес қой, пыр етіп атқып шыққанда, қоразы екенін, мекиені екенін қарап тұра алмайсың. Қырғауыл көрінді бітті, ұша бере атып саласың. Бәріміздің төленген лицензия-қағазымыз, мылтығымыз, аңшылық билетіміз бар, тегіс заңды. Сөйтіп, далада түскі ас ішіп отырдық, жылыну үшін (жасыратыны жоқ, от басына келген соң жылыну үшін үшеуіміз «ақтан» бірер рюмке алып қоятынбыз), осы жолы тек қызыл шарап құйдық.

Сосын кетерде Икрам Адырбекұлы:

– Мынау демалыстарың жақсы екен. Ең бастысы, көп жаяу жүруге болады екен. Бірақ ендігі жолы мұндай дайындық болса келмеймін, – деді. Біз аң-таң болыңқырап қалып едік, өзі ары қарай мәнісін айтып түсіндірді. – Сендер бүйтіп аста-төк дайындалатын болсаңдар, мен келесі жолы келмеймін. Тек ол үшін бір шарт қоямын, – деді. – Ендеше былай, аңшылықта құс атып алатын болсақ, соны пісіріп жейміз, одан кейін тек ішетін су ал, жейтін нан ал – болды, сонымен келеміз. Қырғауыл ата алмайды екенбіз, аш қайтамыз. Ал, ендеше, осыған келісеміз бе?

Енді, бастық айтып тұрған соң, қалай келіспейсің! Сонымен келісімге келіп, жаяулатып қайттық. Жалпы осындай сыртқа шыққан демалыстарда Икрам Адырбекұлының қырғауылды атып алғаны есімде жоқ. Түсінгенім, ол кісі аң атуға құмар емес, тек жаяу жүргенді ұнатады. Міне, сондай әзіл-күлкімен, анда-

санда демалысқа барып жүрдік. Ол кісімен барып демалған жақсы еді. Икрам Адырбекұлымен басында үйренісе алмай жүрдік. Кейін ғой, өзімізді біршама еркін сезіне бастағанымыз, бірақ еркінсу болмайтын. Ол кісі өзін алыс та емес, жақын да емес ұстайтын.

Икрам Адырбекұлына да аңшылық куәлік алғанбыз. Куәлікті ақша төлеп аласың ғой. Содан барғаннан кейін куәлікті алып келген адамнан сұраған екен:

– Қане, куәлік алдың ба? – дейді.

– Иә, алдым.

– Неше теңге төледің?

– Шамалы төледім.

– Қанша төледің?

Әлп адам сомасын айтады.

– Мінеки, ақшаң, – деп Икрам Адырбекұлы ақшасын береді. Ана кісі «Алмаймын» деп азарда-безер болғанына қоймай, қолына береді. Бұл да болса кісі ақысын жемеушілік, қарапайымдылықтың көрінісі емес пе?

Бізге «Қораз ғана атыңдар» дегені шатақ болды. Мекиен атып алатын болсақ, көрсетпейтін болдық кейін. Бірақ ол жерде біз көп қырғауыл атпаймыз. Көп болса, алған лицензиямызға сай үш-төрт қырғауыл аулаймыз. Содан соң жаяу жүреміз. Жеті-сегіз шақырым жаяу жүру ол кісі үшін маңызды еді. Далада отырып, әңгімемізді айтамыз. Негізінен облыстағы шешімін таппай жатқан проблемалар туралы әңгімелескенді дұрыс көретін еді.

Аңшылық дегенге қатысты бір қызық жағдай болды. Оны да айта кетейін. Аңшылықта бізге жолбасшы болып жүретін кәріс жігіті бар болатын. Қырғауыл үркіту, әкелу деген сияқты істерге пайдаланатын итін үнемі ертіп жүреді. Команда бергенде, шақырғанда үнемі орыстың алуан түрлі «ащы» сөздерін пайдаланатын. Біздің құлағымыз әбден үйренген іс. Икрам Адырбекұлымен



Тәуіпбаев Сұлтанбек 1956 жылы 27 ақпанда дүниеге келген.

1976 жылы Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтын инженер-гидротехник мамандығымен бітірген. Осы институттың Қызылорда қаласындағы филиалында 1997 жылға дейін оқытушы, аға оқытушы және қосымша институттың қабылдау комиссиясы жауапты хатшысы, кафедра меңгерушісі,

факультет деканы қызметтерін атқарған.

2003-2008 жылдары – облыстық «Қызылордасушаруашылығы» кәсіпорын директоры, 2008-2015 жылдары – Сырдария, Жаңақорған аудандарының әкімі.

2015 жылдан И. Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық жоғары колледжінің директоры.

Техника ғылымдарының докторы, профессор. 60-тан астам ғылыми еңбектің, оның ішінде 1 монография және 3 оқу құралының авторы. 2005-2007 жылдары Қызылорда облыстық мәслихат депутаты болып сайланған.

«Құрмет» орденімен және бірнеше медальмен марапатталған.

жүргенде әлгі жігіт үндемейді, тек қайта-қайта итінің құлағын бұрап қыңсылата береді. Мұнысы несі деп мәнісін білсек, Икрам Адырбекұлынан ұялғанынан әлгі «тұздық сөздерін» айта алмай, иттің құлағын бұрап келе жатқаны екен.

Міне, Сыр топырағындағы осындай сыйластыққа толы сәттерді қазіргі күні үлкен бір қимастықпен еске алып, қызық сәттерге күлісіп отырамыз. Икрам Адырбекұлының жұмыс барысындағы, жұмыстан тыс кезіндегі іс-әрекеттері айналасындағыларға, біле білсе, таптырмас үлгі еді. Сондай бір сыпайы сырбаздықтың, мәдениетті зиялылықтың лебі ескен қазақтың осы бір марғасқа азаматымен сыйлас,

қызметтес болғанымды өмір жолымдағы үлкен мәртебе санаймын. Икрам Адырбекұлы – қай жерде, қандай қызметте жүрсе де, Отаны, халқы үшін қалтқысыз қызмет етудің тамаша үлгісін көрсеткен мәртебелі азамат.

Жаңыл ЖОНТАЕВА

БІЛІМ МЕН ӨНЕРГЕ ШЫНАЙЫ ҚАМҚОРЛЫҚ ЖАСАДЫ

«Мұғалім – мектептің жүрегі», «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деген сияқты, мұғалім мамандығына қатысты қаншама айшықты сөз бар. Әрине, мұның бәрі мұғалімге деген құрметтен, ұстаздың адамзат қоғамындағы алар орнын жоғары бағалаудан туындағаны сөзсіз. Мұны айтып отырғаным – менің таңдап алған өмірлік мамандығым – мұғалімдік. Осы салада қарапайым мұғалімдіктен бастап білім беру ісінің барлық сатысынан өттім деп есептеймін өзімді. «Мұғалім», «ұстаз» деген атау бір мағынаға ие сияқты болып тұрғанымен, былай алып қарасаңыз, арасы жер мен көктей демей-ақ қояйын, тау мен төбенің айырмашылығындай десем, артық айтпаған болар едім. Ұстаз болуы үшін міндетті түрде мектепте әлде орта немесе жоғары оқу орнында сабақ берудің қажеті жоқ. Тіпті өмір бойы сабақ беріп жүріп те ұстаз бола алмай кететіндер қаншама!

Өмірдің сан тарау жолында ұшырасып, тіпті аз уақыт болса да рухани, білімдік тұрғыда зор ықпал жасап, өз көңіл көкжиеңізде шынайы Ұстаз деуге лайықты деңгейге көтерілетін тұлғалар болады. Менің өмірімдегі сондай тұлғалардың бірі – Икрам Адырбекұлы Адырбеков. Бұлай деуімнің де өзіндік себебі бар. Икрам Адырбекұлы Қызылорда облысына басшы болып қызмет атқарған екі жарым жыл ішінде біз, қызылордалық кадрлар, ол кісіден көп нәрсені үйрендік, тәлім, тағылым алдық.

Яғни Икрам Адырбекұлы біздің тәлімгер ұстазымыз болды деп толық сеніммен айта аламын. Бұл тек менің ғана пікірім емес, сол жылдары Қызылорда облы-

сында болған барша әріптестер мен қызметтестерім де осы ойға қосылады деп білемін. Сондықтан да Икрам Адырбекұлымен Қызылордада бірге қызмет еткен жылдар жайлы естелік жазуға әріптестерім ұсыныс білдіргенде, қуана қабылдадым.

«Бүгінгі күнді түсініп-түйсіну үшін де, болашақтың дидарын көзге елестету үшін де кешегі кезеңге көз жіберуіміз керек» деп Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай, кешегі күні жүріп өткен жолымыздың қиындығы мен қуанышты сәттерін қазір еске алып, ертеңгі күнге ғибратты тарих қылып қалдыру – дұрыс қадам.

Жалпы, мен Қызылорда облысында Икрам Адырбекұлына дейін бірнеше әкімнің тұсында қызмет атқарған едім. Білім, мәдениет саласында жұмыс жасадық. Әрбір басшының жұмысын салыстырмасақ та, басқару ерекшеліктеріне көз жүгіртеміз ғой.

2004 жылға дейін облыстық мәдениет басқармасын басқарып жүрген едім. Сол жылы Икрам Адырбекұлы облысымызға басшы болып келді. Облыста бюджеттен қаржыландыратын көптеген сала бар ғой, олардың ішінде облыс әкімі мәдениетке қатты мән берді. Мәдениет, оның ішіндегі театр, музейлер, өнер ұжымдары дегендей, барлығына көңіл бөлді. Әр басшының эстетикалық құндылықтарға деген өзіндік таным көкжиегі, ерекшеліктері болады ғой. Икрам Адырбекұлы көркемсурет өнеріне, суреттер галереясына ерекше ықылас танытты.

Кітапхананың дамуына, олардың көркем әдебиеттермен толығуына назар аударды. Сонымен қатар жалпы көпшілік халықтың демалатын орындарына жөндеу жұмысын жүргізуді қолға алды. Мәдени шараларға, оның ішінде қарттарға, мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған іс-шараларға аса мән беретін.

Қаладағы музейлерге жиі баратын. Сол жылдары Сыр елінің суретшілерімен кездесіп, олардың шығармаларын сатып алып, жинақтау жұмысы жүзеге асырылды. Ол кісі барған жерінде өнерге қатысты қандай да бір жылт еткен жаңалық бар, қандай суретшілердің еңбегі бар, соларды үнемі жинақтап жүретін. Мен: «Осы суреттердің барлығынан жеке бір картиналар галереясын жасай ма, қайтеді екен» деп ойлайтынмын. Сөйтсем, ол кісі басқа қызметке ауысқан кезінде, сол өз қаржысына жинақтаған жұмыстың барлығын облыстық орталық музейге тапсырып кетті.

Икрам Адырбекұлы жергілікті өнерге, соның ішінде қолөнерге ерекше мән берді. Мен өзім ол кісінің өнерді сезінуіне қарап: «Бұл кісі өнертанушы емес, осы картиналарды қалай жақсы сезінеді екен» деп таңғалатынмын.

Музейлердің халыққа ашық болуына, кітапханаларда кітаптың мол болуына мән беріп, жеткілікті қаржы бөлгізді. Өнерге тағы бір көңіл бөлушілігі, облыстық драма театрдағы барлық қойылымдарға өзі барып тамашалайтын.

Сол кезде бізде «Сыр елі – жыр елі» деген үлкен бір бағдарлама бар еді. Соның бағдарламасына сәйкес, жыршы, жыраулардың, өзге де өнер адамдарының шығармаларына қатысты іс-шараларға мүмкіндігінше қатысатын. Өзі қатысумен қатар, жұбайы Ләззат апаймен бірге баратын. Рухани байлықты осылай құрметтейтіндігіне талай куә болғанбыз.

Икрам Адырбекұлы Қызылорда қаласында М. Шоқайға, Т. Жүргеновке, С. Қожановқа ескерткіш қоюға, «Сыр бойының батырлары» ескерткіш кешенін орнатуға, Жалағаш ауданында Бұқарбай батыр ескерткішін ашуға ұйытқы болды.

Одан бері он жылдан астам уақыт өтті ғой, әлі есімізде, жалпы ол кісі өнер адамының әрбірін үлкен бір

мекеме ретінде қарайтын. Мысалы, бір әнші тұлға болса, соған бір үлкен мекемеге мән бергендей, ерекше көңіл бөлетін. Сол жылдар біздің облыстағы мәдениет саласының ең бір гүлденіп дамыған кезі болды. Ақшаның тапшы болғанына қарамастан, жаңа мәдениет ошақтарын салуға, ескісін күрделі жөндеуден өткізуге қаржы бөлді.

Сөйтіп жүргенде, бір жылы Икрам Адырбекұлы мені өзіне шақырды, қыстығүні болатын. Мәдениет басқармасында қызмет істеп жүрген кезім. Мұнда да жаман жұмыс істеген жоқпын, бірақ өзімнің мамандығым ұстаз болғаннан кейін, осы жаным қалайтын салада еңбек етім келетін. Икрам Адырбекұлы менімен біраз әңгімелескен соң былай деді:

– Сіз білім саласының маманысыз ғой, осы салада жұмыс істесеңіз дұрыс болар еді, – деп ұсыныс білдіргені.

Жаңағы айтқанымдай, білім саласы өзім ұнататын, бес саусақтай білетін мамандығым болғандықтан:

– Сіз сенсеңіз, мен алып жүруге әрдайым дайынмын, қолымнан келеді, – дедім.

Сөйтіп, Икрам Адырбекұлының командасында білім саласын басқару жұмысын атқара бастадым. Біз жаңа көптеген бағдарлама ұйымдастырдық. Мониторинг жүргіздік. Талдаулар жасадық. Сөйтіп білім саласында ерекше бір серпіліс кезеңі басталды. Өйткені Қызылорда облысы үш ауысыммен оқитын балалары ең көп, апатты жағдайдағы ескі мектептердің саны да мол өңір болатын.

Осылардың барлығына сараптау жүргізіліп, оңтайлы шешім табу ойластырылды. Икрам Адырбекұлы білім мен оқытудың сапасына, мазмұнына қатты мән беретін. Өзі елші болған Малайзия, Эстония елдеріндегі білім саласының ерекшеліктері жайлы бізге үнемі айтып отыратын. «Біздің еліміз сол дамыған елдерге қарап үйренуі керек» дейтін.

Жалпы, сөзден сөз туындайды: мені білім саласының маманы ретінде танып, қазіргі Білім министрлігі деңгейінде лауазымды қызмет атқаруыма тікелей себепкер болған адам Икрам Адырбекұлы деп білемін.

Сол кезде информатикаландыруға біз бірінші болып көштік. Икрам Адырбекұлы, әсіресе, мүмкіндігі шектеулі балаларға баса назар аударды. Ол балалар мектепке сабаққа келе алмайды ғой. Бірақ информатика сабағында скайпты қосып (скайп қолдану қазір жеп-жеңіл сияқты, ол кезде жаңа дамып келе жатқан) білім алуына мүмкіндік берілді. Қаладағы мүмкіндігі шектеулі әр балаға компьютер алып бердік. Әлі есімде, қалада осындай 33 бала бар еді. Балалар үйінде отырып, сабағын жасасын деген мақсатпен әлгі компьютерлерді бағдарламалармен қамтамасыз етіп, орнаттық. Сол 33 бала интернет бойынша үйінде отырса да, сабаққа қатысатын мүмкіндікке ие болды.

Қазіргі күні ойлаймын, отыз үш компьютер деген біреу үшін түкке тұрғысыз дүние де болар. Бірақ ол балаларға тұлға ретінде қарап, қоғамнан бөлмей, тікелей білімге араластырудың өзі үлкен маңызға ие емес пе? Мүгедек балаларға осындай жағдай жасау дегеннің өзі әлі де толық қолға алына қоймаған кез ғой деп ойлаймын. Сол жылдардан кейін барып республикада бұл үрдіс жолға қойыла бастады. Демек, біз осы бастама қимылымызбен осы істің басында тұрдық деуге де болар. Бүгінде дәл осыған байланысты үлкен-үлкен бағдарламалар бар. Ал мұның бастауын Икрам Адырбекұлы сол кезде-ақ салып кеткен болатын.

Сол Икрам Адырбекұлы басшылық еткен тұста оқушыларға тегін оқулықтар таратып беруді бастаған болатынбыз. Барлық аудандарды аралап, мектептерге баратынбыз.

Сол кездерде менің бір таңғалатыным – Икрам Адырбекұлы түрлі есеп берулерді тыңдау кезінде мінберде емес, жалпы халықпен қатар отыра беретіндігі еді.

Ол кісі алдына келген әр ұстаз бен шәкірттің ата-анасын мүмкіндігінше асықпай тыңдап, олардың проблемасына көңіл бөлетіндігіне талай рет куә болғанбыз. Сондықтан да біздің облыстағы білім беру саласы сол кезеңде үлкен серпілісті кезеңді бастан өткергені анық болатын.

Тағы бір есімде қалғаны – Икрам Адырбекұлының ел үшін ұстанған бағытынан таймайтын бірбеткей табандылығы. Оған мынадай мысал айтар едім: Асқар Тоқмағамбетов атындағы театр ғимаратында Тамыз кеңесі болып жатқан. Сол жазда Қызылорда облысына «Протон» құлаған болатын. Ол кісі қасымда президиумда отырған. Жиналысты мен жүргіздім. Ол кісіге бірнеше рет телефон соғылды. Сәлден соң шетке қарай шығып, арғы жақпен сөйлесіп жатты. Сонда дауысы әдеттегіден тыс қаттырақ шығып кетті. Сөз мәміне қарап, «Протон» зымыранының Қызылорда халқының денсаулығына зияны жоқ дегенге қарсы болды-ау деп топшылады. Өйткені осы мазмұнда қатты-қатты айтып жатты. Біз ол кісінің ешқашан да дауыс көтергенін естімеген едік.

Сол зымыран құлаған ауылға да Икрам Адырбекұлымен бірге бардық. Қойдың жүні сыпырылып түскенін де көрдік сондағы қасіретті тажалдың уынан.

Икрам Адырбекұлы:

– Мына ауылдағы адамдар не ішеді, біз де соны ішеміз, – деді.

Халықтың сенімін орнықтыруы керек қой. Білім және ғылым министрі де келді. Мектеп салып беретін болып келісілді.

Қызылорда қаласының көркейіп дамуына да көңіл бөліп, 1200 орындық мектеп құрылысы сол кісінің тұсында шешілді. Қазір, ұмытпасам, №264 мектеп болуы керек. Тура әкімшіліктің қасында тұр. Жалпы, ол кісінің басшы ретіндегі ерекше көзге түсерлік қасиеті

адамгершілігі дер едім. Адамды терең тани білетін аңғарымпаздығы байқалып тұратын.

Меніңше, сол жылдары біздің облыс барлық жағынан алғанда жаңа бір деңгейге көтеріле алдық. Экономика, білім, мәдениет және басқа да салалар өскендігін көрсетті. Білім саласы ең көп жетістікке жетті деп есептеймін. Атап айтқанда, мұғалімдердің штаты көбейді, жаңа мектептер салынды, қосымша білім беруге мән берілді. Жетім балаларға көңіл бөлінді. Балабақшаларға автомобильдер берілді.

Икрам Адырбекұлы білім саласының тұрақты даму жолына түсуге шынайы жаны ашыған басшы болды. Жалпы, бюджетті жоспарлаған кезде бірінші – білім саласына беретін.

Икрам Адырбекұлы жиналыстарда: «Экономиканың ең негізі – білімде. Білім болса, экономика бар. Білім жоқ болса, экономика да жоқ. Барлық жетістіктің негізі – білім. Ең бірінші, білім болуы керек» деп айтып отыратын. Біз бұрын тек экономиканы айтушы едік. Ал ол кісі болса: «Білімге қаржы аямау керек, біздің болашағымыз осы балалар» деп, қаржыны осы салаға жеткілікті бөлдіртетін. Шетелдік мұнай компанияларын міндеттеп құрғызған «Демеу» қорының есебінен көптеген қызылордалық жастар шетелге оқуға жіберілді.

Міне, облысымыздың жаңа ғасыр басындағы әлеуметтік дамуына баспалдақ болған, кейінгі қадамына серпін берген осындай игілікті істердің бастауында Икрам Адырбекұлы тұрғандығын айту орынды ғой деп білемін.

Икрам Адырбекұлының жұбайы Ләззат апай да керемет жан. Сондай бір жарасымды отбасы ретінде де көпке үлгі болатын. Икрам Адырбекұлы қаншалықты жоғары дәрежелі басшы болса да, кей тұстарда қарапайымдылықтың асқан бір үлгісін танытқанда, таңғалатынбыз.

Бір күні қызық жағдай болды. Мен ол кісінің кезінде «Құрмет» орденін алдым. Ол кісіге де «Құрмет» ордені берілген. Басқарма басшылары бәріміз бірігіп, осы оқиғаға орай құттықтауға жиналды. Бір картина дайындап алдық, осы өнерді жақсы көретінін білеміз ғой. Содан ол кісі кіріп келгенде: «Бұл картинаны қайдан, қаншаға алып келдіңдер?» дегені ғой. «Жоқ,



Жонтаева Жаңыл – қоғам қайраткері.

1958 жылы 6 шілдеде Қызылорда облысы Жалағаш ауданының Калинин ауылында туған.

1975 жылдан – кеңшар жұмысшысы, 1981-1991 жылдары – орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, мектептен тыс және сыныптан тыс жұмыс ұйымдастырушысы, мектеп директоры, 1992 жылдан – Жалағаш аудандық білім беру бөлімінің меңгерушісі, 1993 жылдан – Арал ауданы әкімінің орынбасары, 1996 жылдан – Қызылорда облысы әкімінің аппаратында ішкі саясат және әлеуметтік сала бөлімінің меңгерушісі, 1998 жылдан – Қызылорда облыстық мәдениет басқармасының басшысы, 2005 жылдан – Қызылорда облыстық білім беру департаментінің директоры, 2007 жылдан – педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының директоры, 2008 жылдан – Қызылорда қалалық білім беру бөлімінің басшысы, 2009 жылдан – Қызылорда облыстық білім беру басқармасының басшысы, 2011-2017 жылдары – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Мектепке дейінгі және орта білім департаментінің директоры.

«Құрмет» орденімен, бірнеше медальмен марапатталған.

Педагогика ғылымдарының кандидаты. Көптеген оқу әдістемелік еңбек пен ғылыми мақалалардың авторы.

ешқайдан, бұл өзіміздің арамыздағы жергілікті суретші» дейміз. Сол кезде Икрам Адырбекұлы жүзі жылыұшырап: «Несіне әуре боласындар? Қажеті жоқ, осыншама уақыттарыңды бөліп» дей отырып, рахметін айтқан болатын. Қарапайымдылық пен кісіліктің бір таусылмайтын қайнар көзіндей, қазынасындай десем, артық болмас. Кез келген мәселені ешқашан да «Өзім білем» деп шорт кеспейтін. Жұртты тыңдайтын. Бір қызығы, Икрам Адырбекұлы Қызылордадан кеткеннен кейін де, бірге қызмет істегендер ол кісімен өзінің ойын бөлісіп тұратын.

Ол кісі нақты тапсырма береді, нақты нәтижесін сұрайды, созбалақтап отырмайды.

Икрам Адырбекұлы біздің облыстың өсіп-өркендеуіне үш жылдай ғана жұмыс істесе де, қосқан үлесі өте зор екенін жақсы білеміз, бағалаймыз. Ол кісінің бастап кеткен, аяқтап іске қосып кеткен игі істерінің жемісін облыс халқы қазір де көріп отыр.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев үстіміздегі жылы жариялаған «Бопашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Жастар өмірге шынайы көзбен қарап, өз тағдырына өзі иелік ете алатын азамат болуы үшін оларға үлгі ұсынуымыз керек» деп атап көрсеткен болатын. Міне, Икрам Адырбекұлының азаматтық бейнесі, ұстаздық, тәлімгерлік тұлғасы – Елбасы атаған талаптарға сай және еліміздің болашағы – жас кадрларға Икрам Адырбекұлындай азаматтардың өнегелі жолын үлгі ретінде ұсыну керек деп білемін. Икрам Адырбекұлының іс-қызметі бұған әбден лайық деп санаймын.

Балжан ШӘМЕНОВА

ӘР ҚЫЗМЕТКЕРІН БАҒАЛАЙТЫН

Мен Сыр елінің тумасымын, сол елден түлеп ұшып,
қазіргі күні ел ордасы Астана қаласында еңбек етіп,
қызмет жасап жүрген жайым бар.

*О, менің қасиетті туган жерім,
Сенде тудым.
Көріп өстім аққу мойын таңыңды.
Бауырың сенің түлетті,
Сұңқар тектес, тұлпар тектес
Мөрәлідей сан ұлды.
Кеудеңнен шалқып асқақ ән,
Қызылордам – астанам.
Кеңтүбегім – ырысым,
Шынар көлім – айдыным,
Тұңғиығыңнан сыр тарттым,
Қыз жүрегі сағынды...*

Жерлесіміз, қазақтың ақын қызы, әнші-сазгер қызы Елена Әбдіхалықованың толғау жырынан алып отырған осынау үзіндіде аты аталған Мөрәлі – менің әкем, еліне елеулі кісі еді. Жалағаш ауданындағы туып-өскен ауылы сол кісінің есімімен аталады. Біздің Кеңтүбек өңірі – қазақтың талай-талай марғасқа ұлы мен қызын бесігінде әлдилеген киелі өлке. Мұны мен өзімді, өлкемді қысқаша таныстыру ретінде айтып отырмын.

Икрам Адырбекұлы Адырбеков – осындай қасиетті өлкеге басшы болып келіп, жемісті еңбек еткен тұлға. Ол кісімен қызметтес болғаным жайлы естелік жазу мен үшін үлкен мәртебе деп білемін.

Икрам Адырбекұлы біздің облысқа басшы болып келіп, қызмет жасаған жылдар – Сыр елі тарихындағы

ең бір жарқын кезеңдердің бірі деп сеніммен айта аламын. Ол кісі біздің облыстың экономикалық, мәдени-рухани тынысына үлкен бір жаңалық ала келді. Жаңару, жаңғыруға жол ашылды. Мен ол кезде облыстық бюджетті жоспарлау бөлімін басқаратынмын.

Икрам Адырбекұлы келгеннен кейін кадрларды бірден тастаяқтай қағыстырып, ауыстырған жоқ. Бұрынғы кадрлардың жұмысын сырттай зерттеп, бақылап, қорытынды жасаған болуы керек. Жаңа тағайындау кезінде қызметімді жалғастыруға ұсыныс білдірді. Осылай бірге жұмыс жасай бастадық.

Икрам Адырбекұлы облысқа басшылық жасаған жылдар бюджет тапшы, ақша жетіспейтін кез еді. Сондықтан да түрлі қордаланған мәселелерді шешу үшін қосымша қаржы көздерін іздеп табу қажет болды. Икрам Адырбекұлы бірде Қызылорда облысы аумағындағы шетелдік мұнай компанияларының ауаға босқа жағып жатқан алауын көріп, жауапты адамдардан сұрады:

– Мына компаниялар экологияға зиян келтіргені үшін облыстық бюджетке қаншалықты көлемде өтемақы төлеп жүр?

Бұл тұрғысында мақтанарлық ештеңеміз жоқ еді. Себебі мұнай компаниялары түрлі сылтаумен біздің бюджетке ештеңе төлемейтін.

– Ендеше, осымен айналысыңдар, – деп тапсырма беріп, экологияға жауапты басқарма басшысы Шайхислам Ногаевты шақырып алып, арнайы осы мәселе бойынша жұмыс істеуді тапсырды. Нәтижесінде шетелдік мұнай компанияларының облыс ауасын, жалпы табиғатын ластағаны үшін бюджетке құюға тиісті қаражатты жылдар бойы төлемей келгені анықталды. Ақыры соттасу басталып, түпкі нәтижесінде біз жеңіп шықтық. Әр қилы қитұрқы жолмен жылдар бойы төлемей келген өтемақысын есептеткеннен кейін, солардан

жинақталған 4 миллиард теңгені облыстық бюджетке түсіртті. Бұл Икрам Адырбекұлының облыс басшысы ретіндегі үлкен жеңісі еді. Біздің облыс үшін бұл, әрине, өте үлкен қаражат болатын. Түскен қаражатты тезірек игеру мақсатында мәслихат жиналысын жылдамдатып шақырып, қаржының сметасын жасап, бюджетке отырғыздық. Ақшаны игеру бойынша жұмыстар қыс түскенге дейін қарқынды жүргізілді. Әсіресе Қызылорда қаласы мен аудандар, ауылдардағы қанша жыл жөндеу көрмей, жабылып қалған мәдениет үйлері қайтадан күрделі жөндеуден өткізіліп, халық игілігіне ұсынылды. Мұны халық ешқашан ұмытпайды.

Жалпы, көп жағдайда жаңадан келген үлкен-кіші лауазымды басшылар өзінен жоғары жақ пен халықтың көз алдында жұмыс істеп жатқандығын көрсету үшін көбінесе қаланың көшелеріне, ғимараттарға мән беріп, әдемілеп, әрлетіп, жаңадан салдырып жатады ғой. Ал Икрам Адырбекұлы мұндай көз алдау қадамға ешқашан барған жоқ. Керісінше, көзге көрінбейтін, жердің астындағы проблемадан бастады. Ол проблема – біздің Қызылорда қаласының орталық жылу магистралі болатын. Сонау кеңес заманынан бері қарай күрделі жөндеу көрмегендіктен, жыл сайын қыста құбырлар жарыла беретін, барлығының тозығы жеткен еді. Міне, осыны жөндеуге шешім қабылданды. Сонымен қатар қаладағы шағын жылу қазандықтарын салу және бұрыннан жұмыс істеп тұрғандарының қуаттылығын арттыруға көңіл бөлді. Икрам Адырбекұлы сондай-ақ қаладағы мектеп, балабақша мен ауруханалардың жылумен уақытында қамтамасыз етілуіне қатты мән берді. Сол үшін де жаңағы ақшаға қаланың әр тұсындағы осындай мемлекеттік мекемелерге автономды жылу қазандықтарын салдырды. Қазір Қызылордадағы сол орталықтандырылған жылу жүйесі де, қазандықтар да халыққа қызмет етіп тұр. Бұл да болса көреген басшының елге жасаған игі істерінің бірі.

Аурухана демекші, Икрам Адырбекұлы аурухананың мінсіз қызметіне де ерекше көңіл бөлді. Оған да айтар мысалдар көп-ақ. Қызылорда облысында болгарлық мамандар салған жақсы аурухана кешені бар. Алайда тетігін тауып, іске қосып, игілікке жарата қоятын кәсіби білікті мамандар тапшы болғандықтан, ондағы талай құрал-жабдықтар босқа тұрған. Икрам Адырбекұлы сол кездегі денсаулық сақтау басқармасының басшысына осы мәселені қойған болатын.

– Ауру-сырқаудың азаюын құрал-жабдық аппаратуралар шешпейді, оларды меңгерген сапалы мамандар шешеді. Қанша қаражат керек, берейік, шетелге ме, қайда барасыздар, дәрігерлердің білімін жетілдіруге аттандырайық, – деген ұсыныс жасағаны есімде.

Бұл күндері дәрігерлердің отандық, шетелдік клиникаларға барып тағылымдамадан өтіп, білімін жетілдіріп келіп жатқандығын көргенде, сол кездегі Икрам Адырбекұлының бастамасы есіме оралады.

Икрам Адырбекұлымен бірге қызмет жасау барысында біз көптеген нәрсені үйрендік деп айтуыма болады. Ол кісі қарамағындағы қызметкерлерді бағалай білетін және олардың жұмыс істеуіне қолайлы жағдай жасауға көңіл бөлетін. Өз басымнан өткен бір мысалды айтайын. Біздің жоспарлау бөлімі жұмысына облыс әкімі ризашылығын білдіріп, оң баға берген еді. Мұндайда, бұрынғыдан да жақсы жұмыс істеуге тырысып, қанаттанып қалатының рас қой. Әрине, адам болған соң ауырып-сырқамай тұрмайды. Бірде облыстық мәслихат сессиясы шақырылуға таяған қарбалас алдында қатты тұмауратып қалдым. Сонда да төсекке жатып қалмай, сүйекке қарысып жұмыс істеп жүргенмін. Дайындық кезінде Икрам Адырбекұлы ауырып отырған түрімді көріп:

– Балжан Мөрәліқызы, сіз ауырып отырсыз ғой. Маған дені сау кадрлар қымбат. Барып емделіңіз, – деді.

Мен айтамын:

– Икрам Адырбекұлы, ауырып үйде жатуға уақыт жоқ қой. Сессияға құжаттарды дайындау керек, әлі қаншама жұмыс жатыр.

Икрам Адырбекұлы үндеген жоқ. Отырыс соңында тұмаудан сауығудың жолдары туралы әңгімелей отырып, өзінің кабинетіндегі жалғыз ноутбукті маған берді. Ноутбукті ұстатып тұрып:

– Осы ноутбукпен үйге барып емделіп жатып та күйіп тұрған жұмысты жалғастырып, аяқтауға болады, – деген еді.

Сөйтіп, әлгі құжаттарды уақытында аяқтап шықтым. Ақыры, Икрам Адырбекұлы сол ноутбукті әкім кеңсесінің балансынан біздің бөлімнің балансына аудартып, біржола менің пайдалануыма бергізді. Бұл жердегі айтқым келгені – Икрам Адырбекұлының кеңпейілдігі, адамға деген шынайы қамқорлығы еді. Өзінде тұра берсе де, бірінші басшыға ешкім ештеңе демейді ғой. «Қалай үлгерсең олай үлгер, жұмысты уақытында аяқтап шықсаң болды» дейтін талай басшыны көргенбіз де. Бірақ Икрам Адырбекұлы олай жасаған жоқ. Қазіргі күні ғой, ноутбуктің күнделікті дүниеге айналып, қызмет барысына әбден енгені. Ол заманда, яғни 2004 жылдары қызметте ноутбук ұстау деген Астана, Алматыны қайдам, біздің Қызылордада таңданарлықтай қат әрі қол жетпес дүние болатын.

Осы ноутбуктің арқасында кез келген уақытта жұмысымды бітіріп алатын болдым. Бюджетті жоспарлау мәселелері бойынша Астанаға іссапарға жиі шығатынымын. Ондағы министрліктер мен тиісті мекемелер әдетте ана құжатты, мына құжатты сұрап дегендей, үлкен дайындықты талап ететін. Әрі мұндайда талап еткен құжаттарын бір-бірден тауып бере отырып, облыстық бюджетке сұрап отырған қаржының қажеттілігін дәлелдеп, көз жеткізіп шығуың керек. Мұның өзі қаншама қағазды өзіңмен алып жүруің

керек деген сөз. Шамамызша жұмыс істеуге тырысып, соншама көп қағазды Қызылордадан Астанаға қағаз нұсқасында шығарып алып, көтеріп барып жүрдік.

Әлгі ноутбуктің арқасында бұл жүктен құтылдым. Барлық құжаттарды ноутбукке электронды түрде енгізіп алып, Астанаға ұшамын. Ондағылардың сұраған құжатын принтерден өткізіп аламын да бере қоямын. Рахат болды.

«Кез келген жағдайда солай жасап жүрген дүниені неге айтып отырсыз?» деп таңданарсыз, қазірде балабақша оқушысы да білетін, меңгеріп алған процесс екені рас. Бірақ ол замандағы облыстан келген маманның мұндай ілкімділік жасауы әдепкі жағдай емес. Менен көріп, өзге облыстардан келетін әріптестерім де ноутбук алып келетін. Міне, бұл да іскерліктің белгісі емес деп кім айтар?

Икрам Адырбекұлы облысымызды үш жылдай ғана басқарды және сонда біз ол кісінің көптеген тың идеяларын алып кетуге дайын болмағанбыз ба деп ойлаймын кейде. Мысалы, Икрам Адырбекұлы сол кездің өзінде электронды құжат айналым туралы мәселе қойып, осы жұмысқа қозғау салып, бастатып еді. Құжат демекші, денсаулық сақтау саласына қатысты мынадай ой айтатын: «Дәрігерлер бастырылып қағаз жазып отырмауы керек. Пациент анализдерді арнайы қабылдайтын зертханаларға тапсырады. Ал зерттеу нәтижесі дәрігердің алдындағы мониторға келіп түсуі керек. Міне, сонда бәрі дұрыс болады. Біз осы тұрғыда жұмыстарды қолға алуымыз қажет».

Осыны айтқан кезде, біз шынымен де мұны мүмкін еместей көріп, онша түсіне қойған жоқпыз. Қазіргі күні дәл осы жүйе қазақстандық денсаулық сақтау саласында жүзеге асып жатыр емес пе! Икрам Адырбекұлы көп жылдар шетелдерде елші болып қызмет істеу барысында, сол елдердің озық тәжірибесін қа-

рап, зерттеп жүрген екен ғой. Және соны біздің мемлекетіміздің күнделікті өмірінде қолданысқа енгізуді мақсат еткендігі сөзсіз.

Икрам Адырбекұлы басшылық еткен тұста облыстың су шаруашылығына көп көңіл бөліп, қазіргі қарқынды дамуына негіз қалаған еді. Біздің Қызылорда облысы халқының үштен екі бөлігі ауыл шаруашылығымен айналысады. Жалпы алғанда, облыс халқының тіршілігі көп жағдайда сумен байланысты. Сырдарияның бойындағы Қараөзек, Әйтек коллекторларының су өткізу мүмкіндігін арттыру жолын тиісті мамандармен ақылдаса отырып, оңтайлы шешудің, оны жоғары басшылық алдына күрделі де маңызды мәселе ретінде қойып, қаржы бөлдіртудің арқасында облыс аумағындағы бірнеше мың гектар алқапқа су жайылып, ол жайылған жерлердегі көл мен шабындықтар Сыр халқына қаншама игілік сыйлады. Бұл облысымызда мал шаруашылығын дамытуға да оң әсерін берді.

Осы суға қатысты Икрам Адырбекұлының бір бастамасы – балық шаруашылығын жолға қою болған еді. Осы мақсатта бекіре балықтың шабақтары әкелініп, питомникке жіберілді. Бұл шабақтар сегіз-тоғыз жылдан кейін ғана өнімділікке жарайды екен. Икрам Адырбекұлы бар кезде қолға алынған осы игі бастама кейіннен, ол кісі кеткен соң қаржы бөлінбеуіне байланысты аяқсыз қалып қойды. Маңғыстау, Атырау облыстарындағы бекіре питомниктеріне қатысты жұмыстарды естіп, көріп отырып, Икрам Адырбекұлының сол кездегі бастамасы еске түседі. «Иә, сол жұмысты жүйелі түрде жалғастырғанда, Қызылорда облысы да бұл күндері бекіре экспорттап отырар ма еді!» дейміз ғой. Бастамашылдық, пайымдылық деген осы емес пе! Қу медиен шөлге дәнді дақылдар мен жеміс-жидектің көптеген түрін өсіріп, өзін ғана қамтамасыз етіп қоймай, әлемге сатып отырған Израильдің тәжіри-

бесі қажырлылықтың, табандылықтың көрінісі іспеттес. Икрам Адырбекұлы осындай жаңашыл бастамаларды енгізуге құштар адам болды.

Облыс әкімінің басқарушылық қырынан біз, қызылордалықтар, өте көп ізгі қасиетті көріп, үйренгенімізді әр кез ризашылықпен айтып жүреміз. Жұмысқа уақытында келу, жиналыстарды уақытылы бастап, аз сөзбен жүйелеп, қорытындылап, шешім шығару тұрғысында өте мұқият еді.

Шетелде жүріп, көпті көрген, сол елдердің мәдениетімен танысып, бойға сіңіріп келген Икрам Адырбекұлы шетелдік, жалпы өзге жерден келген қонақтарды қабылдауда алдымен шағын дастарханда шай ішкізіп алып, содан кейін келісім жасап, жиналысты бастайтын салтты енгізген-ді. Бұл енді аста-төк ысырап күту емес, келген қонаққа деген жылы шырай белгісі ретіндегі жарасымды, шағын қарсы алу болатын.

Икрам Адырбекұлының облысымызда қызмет жасаған екі жарым жыл ішінде ешкімге дауыс көтеріп, зілдене ұрысып жатқанын естімеппін. Қандай да бір қателікке бой алдырып, кемшілік жасаған адамға көзәйнегінің астынан тесіле қарайтын. Осының өзі біз үшін соншалықты ауыр сезілетін. Кейде жұмысымызда осындай бір жағдайлар болғанда, кабинетімізге барып бір-бірімізге айтатынбыз:

– Өттең, Икрам Адырбекұлының осындай көз қарасына ұшырағанша, ол кісі бізге осылай қарағанша, сөзбен неге ұрсып-ұрсып алмайды екен! – деп. Міне, айғай-ұйғайға баспаса да, осы бір ғана көз қарасы жетіп жатыр. Өйткені ол сенің ұятыңды, намысыңды оятатын еді.

Тәртіптілік, реттілік пен жинақылық, қол тазалығы мен жалпы айналадағы тазалық Икрам Адырбекұлының өмірлік қағидасы еді деп айтсам, артық болмас. Қарамағындағы қызметкерлердің қолы таза болуын



Шәменова Балжан 1962 жылы 18 наурызда Қызылорда облысы Жалағаш ауданының «Коммунизм» кеңшарында дүниеге келген.

1979 жылдан Қызылорда облысы №27 «Күрішкеншарқұрылыс» тресі кәсіпорнының жұмысшысы, 1980 жылдан Алматы халық шаруашылығы институтының студенті, 1984 жылдың тамызынан Қызылорда облыстық қаржы басқармасы мемлекеттік кірістер бөлімінің аға инспекторы, 1984 жылдың желтоқсанынан 1997 жылдың қаңтарына дейін жоғары оқу орындарында білім беру қызметін атқарған.

Экономика ғылымдарының кандидаты. 1997 жылдан Қызылорда облыстық экономика басқармасының басшысы. 1997 жылдың қыркүйегінен Қызылорда облыстық экономика және сауда комитетінің төрайымы, 1998 жылдан Қызылорда облыстық экономика басқармасының басшысы, 2005 жылдан Қызылорда облысы экономика және бюджетті жоспарпау басқармасының басшысы, 2013 жылдан 2014 жылға дейін «Рем-Қызылорда» серіктестігінің директоры, 2014 жылдың тамызынан 2016 жылдың қазанына дейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі жұмыспен қамту департаменті директорының орынбасары, 2016 жылдан «Нұр Отан» ХДП Орталық аппараты басшысының орынбасары. «Ерен еңбегі үшін» медалімен, мерекелік медальдармен марапатталған.

қатты ескертетін. Сондықтан да ол кісі жұмыс істеген жылдары қаржыға байланысты оқиғалар болған емес және қазіргі күнге дейін де Икрам Адырбекұлымен жұмыс жасаған команда туралы ешбір жаманат сөз шыққан да, естілген де емес.

Тазалық демекші, Икрам Адырбекұлы қызметтегі қол тазалығына ғана емес, қаланың тазалығына да

қатты көңіл бөлді. Қоқыс полигоны мәселесін қарастырып, көшедегі шашылып жатқан қалдықтарды жинастыру жөнінде қатаң тапсырма беріп, өзі бақылап отырды. Бір қызық жағдай – қаланың әр тұсында, мектептердің маңында пісте (шөмішке) сататын әжейлер саудасын қыздырып отыратын. Шетел қалаларының мұнтаздай тазалығына үйренген Икрам Адырбекұлы үшін бұл көріністер тым ерсі көрінген болуы керек, ойлап отырсам. Сол кезден бастап мұндай көзге қораш жағдайларға талапқа сай тыйым салынды. Осының нәтижесінде Қызылорда қаласында қазіргі күні көше тазалығына қатысты бір ізгі дәстүр қалыптасты деуге болады. Бүгінгі Қызылорданың жайнап, жасарған, жаңғырған көркіне Икрам Адырбекұлының қосқан үлесі аз емес. Қызылорда қаласы мен облысының әр тұсында, әр қиырында ол кісінің жарқын қолтаңбасы бар, әрбір қызылордалықтың жүрек төрінде Икрам Адырбекұлына деген үлкен құрмет пен сыйластық сезімі бар. Мен мұны үлкен сеніммен айта аламын. Икрам Адырбекұлының елге сіңірген қызметі бұған әбден лайықты.

Қылышбай БИСЕНОВ

ТАҒЫЛЫМДЫ ТҰЛҒА

Тәуелсіздік алған ширек ғасырдан астам уақыт ішінде Қызылорда облысының әкімі лауазымына тағайындалған азаматтар Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуына барынша атсалысып, қоғамдық-рухани өмірінде өзіндік ізін қалдырды. Бұл қатарда Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Алаштың анасы» деп атаған өңірді 2004-2007 жылдары басқарған Икрам Адырбекұлы Адырбековтің еңбегі елеулі. Өйткені Сыр өңірі ежелден талай жұртқа пана болған қасиетімен қоса, дүйім жұртына жетерлік қасіреті де бар киелі мекен. Қойнауы тарихқа толы Қызылорда облысындағы Арал теңізін қалпына келтіру, Байқоңыр ғарыш айлағының экологиялық зардаптары, ауыз судың тазалығына байланысты қордаланған мәселелерді шешу кез келген басшының оңай атқара салатын шаруасы емес.

Қазақта «Елдестірмек – елшіден, жауластырмақ – жаушыдан» деген сөз бар. Икрам Адырбекұлы туралы сөз бастағанда, оның есімімен тығыз байланыстағы елшілік қызметіне тоқталмай кету мүмкін емес. Өйткені Икрам Адырбекұлының азаматтық тұлғасы елшілік қасиеттерімен астасып қалыптасқан. Елші – бүтін бір мемлекеттің өкілі, оның бейнесі. Елші болу – бүкіл бір мемлекеттің аманатын жауапкершілікпен арқалау. Аманатқа адалдық танытып, өз елінің мүддесін шетте жүріп қолдау, қорғау, қажет жағдайда күресу – елшінің басты міндеті. Бұл орайда Икрам Адырбекұлының әрбір ісінен өз еліне адалдықты, азаматтық ұстанымның беріктігін сезінеміз.

Икрам Адырбекұлы әкімдік қызметте де кәсіби қабілетін көрсете білді. Адамның айнасы – оның мінезі. Мінез – әр адамда туа бітті қалыптасатын дүние. Мі-

минимбастов атындағы Мәдениет үйіне қайта қалпына келтіру жұмыстары маңында Ақыл-заңдылығын жаңаша өндірістік қатынастарға келісі, әдістер жүзеге асыр бастады. Сонымен бірге аймақты газдандыруға ороқшо мән берілді. 2004 жылы 1-востанция іш есеге ұнсайып, 12 млрд теңгені құрады. Ақыл, сапасын жақсартуға мән берілді. Дария іст не- құрылыс құны 2 млрд теңге тұратын көпір салынды. Сол жылы «Мерей» мөлтек ауданындағы көпқабатты үйге тартылған алғашқы газ құбыры іске қосылды. Қаладағы жылу, қуат көздерін және тұрғын үй секторын ілеспе газға көшіру жобасының бірінші кезеңінде 7.4 млрд теңге игерілді. Ол қаржының басым бөлігі республикалық бюджеттен, қалғаны «ПетроҚазақстанҚұмкөпРесорсиз» АҚ-нан бөлінген. Екі жыл ішінде облыс халқының үштен бір бөлігі қоныс тепкен қалада газдандыру жұмыстары қарқынды жүргізілді. Ал тұрғын үй мәселесін шешу мақсатында атқарылған істер де аз емес.

Қызылорда қаласы мен ауылдарды көркейту, сәулеттендіру бағытында, әсіресе облыс орталығының инфрақұрылымын дамытуда біршама жұмыстар қолға алынды. «Жол картасы» бағдарламасы аясында да көптеген істер атқарылды.

Осы атқарылған қыруар істің басында Икрам Адырбекұлы болды. Облыс басшысының байсалды мінезі, салмақты азаматтық болмысы мемлекеттік қызметкерлер үшін үлкен тағылымды, өнегелі өмір мектебіндей еді. Үш жылға жетер-жетпес кезеңде өңірдің экономикасын, мәдениеті мен ғылымын дамыту, қоғамды демократияландыру ісінде айшықты қолтаңбасын қалдырды. Икрам Адырбекұлы, әсіресе аймақтағы бірден-бір іргелі жоғары оқу орны – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің заман талабына сай ғылыми-инновациялық дамуын ерекше назарында ұстап, бұл бағыттағы барлық бас-

тамаларына қолдау көрсетіп отырды. Облыс әкімі ретінде аймақтағы еңбек ұжымдарымен ұйымдастырған алғашқы кездесулерінің бірін университет Ғылыми кеңесінің мүшелерімен өткізгені – сөзіміздің бір ғана дәлелі. Сол жылдары университеттің материалдық-техникалық базасы үздіксіз дамыды. Оқу ғимараттары мен жатақханаларға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бүгінгі күні қала халқының игілігіне айналған «Сейхун» спорттық-сауықтыру кешені мен оқытушы-профессорларға арналған 40 пәтерлік тұрғын үйдің іргетасы қаланды.

2004 жылы қазан айының бас кезінде Икрам Адырбекұлы аудан әкімдері мен шаруашылық басшыларының, ғалымдар мен мамандардың қатысуымен облыс ауыл шаруашылығының өзекті мәселелеріне арналған кеңес өткізді. Аталған жиында бас баяндамашы ретінде ауыл шаруашылығының әр түрлі салаларына қатысты университеттің ғылыми-зерттеу жұмыстарына тоқталып, ғылыми жаңалықтарды енгізудің тауар өндірушілерге, өндіріс технологиясын жетілдіруге, өндірілетін өнім түрлерін көбейтуге, оның сапасы мен бәсекелестік қабілетін арттыруға тигізетін ықпалын жан-жақты ашып айтып, облыс экономикасының осынау маңызды секторын дамытуға байланысты терең талқылау жасалды. Икрам Адырбекұлы университет ғалымдарының ұсыныстарын ауыл шаруашылығының тиімділігін арттыру үшін басшылыққа алу қажеттігіне баса назар аударып, кезең-кезеңмен жүзеге асыруды тапсырған болатын. Кезінде аймақтағы ауыл халқының әл-ауқатын көтеруге септігін тигізген бұл жұмыстар бүгінде жүйелі жалғасын тауып келеді.

2005 жылы 5 қаңтарда облыс әкімінің тікелей қолдауымен университет жанынан «Қызылорда технологиялық паркі» ЖШС құрылды. Технопарк аймақ экономикасы үшін маңызды құрылыс материалдары,

мұнай химиясы, ауыл шаруашылығы өндірісі мен машиналары, табиғат қорғау технологиялары бағыты бойынша ғылыми жобаларды дайындап, қаржыландыру көздерін іздестірумен айналысты. 2005 жылы технопарк базасында «Альянс» ЖШС тапсырысы негізінде «Күл және жергілікті шикізат негізінде керамикалық кірпіш құрамы мен технологиясын негіздеу мен жасау» жобасы бойынша зерттеулер жүргізіліп, құрылыс өндірісі саласына аса қажетті ғылыми-техникалық ұсыныстар берілді.

Икрам Адырбекұлының тікелей бастамасымен 2006 жылы тұңғыш рет облыстық бюджеттен инновациялық жұмыстарға қолдау көрсету мақсатында алты жобаға қаржы қарастырылды. Осы қамқорлықтың арқасында университет ғалымдарының «Жергілікті шикізат ресурстары негізінде арболит өндірісін ұйымдастыру» және «Күріш қауызынан кремний алу өндірісін ұйымдастыру» тақырыбындағы ғылыми жобалары орындалды.

Аймақ экономикасы мен ғылымында шешімін таппай келе жатқан өзекті мәселелерді талқылауды ұйымдастыру, әдебиет, мәдениет және тарих салаларындағы ізденістерді қорытындылап, ғылыми айналымға ендіру шаралары Икрам Адырбекұлының басшы ретінде де, ғалым ретінде де назарында болғанын айтқанымыз жөн. Бұл тұрғыда 2004 жылы 3-4 маусымда академик Н.К. Надиров, профессорлар Г.Ж. Жолтаев, Х.Х. Парагульгов, З.А. Мансуров, К.С. Надиров, М.С. Ахметов, О.И. Егоров, К.А. Кенжеғалиев, Э.Г. Теляшев, т.б. есімдері халықаралық ғылыми қауымдастыққа кеңінен танымал ғалымдардың қатысуымен өткен «Мұнай-газ кешенінің ғылыми-технологиялық дамуы» атты халықаралық II Нәдіров оқуларының тұтастай мұнай-газ кешенін ғылыми-техникалық дамытуда, мұнай-газ өнеркәсібі үшін аймақта инженерлік

және ғылыми кадрлар даярлауда орны ерекше болғанын айтсақ жеткілікті. 2004 жылғы 6 қыркүйекте өткізілген «Қазақстандық өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін әрі қарай арттыру» семинар-кеңесі, 2005 жылғы 22 қазанда өткізілген Қызылорда облысы кәсіпкерлерінің VII форумы аймақ экономикасының, кәсіпкерлік пен шағын бизнестің дамуына оң ықпалын тигізді.

2004 жылғы 15 мамырда өткізілген Қазақстандағы Ресей жылына және Әлкей Марғұланның туғанына 100 жыл толуына арналған «Арал өңірі археологиялық зерттеулерінің жетістіктері мен перспективалары» атты халықаралық конференцияда сөз сөйлеген Ресей археологтері И.А. Аржанцева, Э.Д. Зиливинская, З. Галиева, Е.Б. Баринаова, қазақстандық ғалымдар Ж. Құрманқұлов, А. Айдосов, Ш. Әбдібаевтар Арал өңірінің мәдениеті мен тарихи ескерткіштерін археологиялық зерттеудің қазіргі уақыттағы өзектілігін айқындап берді. Конференция аясында Арал маңының ежелгі және ортағасырлық тарихын кешенді зерттеу мақсатында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты және Ресейдің Н.Н. Миклухо-Маклай атындағы Этнология және антропология институты арасында үшжақты келісімшарт жасалды.

2005 жылғы 14 қазанда Қызылорда қаласының ҚазАКСР астанасы болғанына 80 жыл толуына орай өткізілген «Сыр өңірі: өткені, бүгіні және болашағы» атты республикалық ғылыми-теориялық конференцияға ҚР Мемлекеттік хатшысы О. Әбдікәрімов, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Ұ. Қараманов пен М. Шаханов, академик М. Жолдасбеков және белгілі профессорлар М.Қ. Қойгелдиев, І. Айтымбет, Т. Қоңыратбаев сынды көрнекті ғалымдар қатысып, баяндама жасады.

2006 жылғы 21-22 қыркүйекте өткен «Түркі халықтарының дәстүрлі музыкасы: бүгіні мен келешегі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда шетелдік ғалымдар Феза Тансу (Түркия), Хироми Лоррейн Саката (АҚШ, Лос-Анджелес), Дитер Кристиансен (АҚШ, Нью-Йорк), Янош Синан (Венгрия) және отандық ғалымдар Р. Бердібай, Ү. Жұмақова, Б. Кәрібозұлы баяндама жасады. Баяндамаларда түркі тілдес халықтар мен басқа елдер музыкасының мәдени және тарихи ұқсастықтары, аспаптық музыкадағы ежелгі түркі дәстүрлері, Қорқыт мұрасынан бастау алған жыраулық-күйшілік өнер, қазақтың дәстүрлі музыка өнерінің қазіргі таңдағы дамуының ғылыми негіздері, жыршы-жырауларды кәсіптік даярлау және халықаралық деңгейде ғылыми, мәдени байланыстарды нығайту мәселелері талқыланды.

Міне, осы шаралардың бәрінің ұйытқысы болған әрі өзі белсенді қатысқан Икрам Адырбекұлының Сыр өңірі руханиятының дамуына қосқан үлесі ерекше екенін айта кетуіміз керек. 2005 жылғы 23 желтоқсанда түркітанушы-ғалым Ә. Қоңыратбаевтың 100 жылдық мерейтойына орай өткізілген «Ежелгі түркі өркениеті және Қорқыт ата мұраларын зерттеудің өзекті мәселелері» атты ғылыми-тәжірибелік конференция барысында академик Р. Бердібай, профессор Д. Ысқақ, Қ. Ергөбек, Ж. Құрманқұлов, Т. Қоңыратбаев, түркиялық ғалымдар Адыгюзель Мухаммет Сани, Вехви Бас Қапан, Гүнхан Қайқан сөз сөйледі. Конференция қарсаңында университеттің қолдауымен Ә. Қоңыратбаевтың ғылыми мұрасы жинақталған еңбектерінің 10 томдық жинағы жарық көрді. 2005 жылғы 4 қарашада жазушы А. Тоқмағамбетовтің 100 жылдық мерейтойына орай өткізілген «Қазақ әдебиетінің тарихы: Асқар Тоқмағамбетов шығармашылығының орны мен рөлі» ғылыми-теориялық конференциясы, 2006 жылғы 27 қа-

занда өткізілген «М.К. Байділдаев: Сыр бойындағы халық шығармашылығының зерттелуі» облыстық ғылыми-тәжірибелік конференциясы да аймақ өміріндегі елеулі мәдени оқиғалар еді.

Кез келген мемлекеттің рухани дүниесі дамымай, ол мемлекет алға жылжымайды. «Мәдени мұра» бағдарламасы қазақстандық қоғам мен мемлекеттің мәдени құндылықтарын сақтап, көбейтудің өзіндік үлгісі болып табылады. Елімізде «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асырудың алғашқы кезеңі (2004-2006 жж.) бұрынғы дәуірлердегі рухани құндылықтарды сақтау мен оны одан әрі дамытуға мемлекеттің үлкен қамқорлығының қажеттілігін көрсетті.

2004-2006 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру барысында «Мәдени мұра» облыстық бағдарламасы қабылданып, оны іске асыру кезінде жаңа тарих және мәдениет ескерткіштерін қайта қалпына келтіру жұмыстары қолға алынып, археология және тарихи-мәдени ескерткіштер жайлы танымдық кітаптар шығарыла бастады.

Республикалық бюджет есебінен облыс көлеміндегі сақ дәуірінің Шірік-Рабат қала-қорымында ортағасырлық Сығанақ, Жанкент қалаларына, Аралдың кепкен табанынан табылған Кердері кесенесіне археологиялық зерттеулер жүргізілді. Сырлытам, Айқожа, Ақтас, Асан ата, Сараманқоса, Оқшы ата кесенелері, 2007 жылы Қарасопы, Мақұлтам, Мүлкалан кесенелері және Қалжан ахун мешіт-медресесі қайта қалпына келтірілді. Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының мамандарымен бірлесіп «Ұлы Жібек жолы кітапханасы» атты экспедиция ұйымдастырылды. Бағдарлама аясында облыстық бюджет есебінен Қармақшы ауданындағы Қорқыт ата ескерткіш кешеніне, Шиелі ауданындағы Нартай мұражайына, Қызылорда қаласындағы А. Тоқмағамбетов атындағы мәдениет

орталығына, бұрынғы әскери комиссариат үйінің ғимаратына қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп, Қызылорда қаласының Қазақ АКСР-інің астанасы болғанына 80 жыл толуына орай бұрынғы желілік ішкі істер бөлімшесінің ғимараты қайта қалпына келтіріліп, облыстық мұражайдың филиалы «Ақмешіт» музейі ашылды. Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты ғалымдарымен бірге Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ғалымдары «Шірік-Рабат археологиялық экспедициясы» құрамында Шірік-Рабат, Баланды, Сеңгіртам және Іңкәрқала ескерткіштерінде және белгілі археолог К. Байпақовпен бірге Арал ауданындағы Кердері кесенесінде археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді.

«Ежелгі Жанкент қаласының археологиялық зерттеулері» тақырыбы бойынша бірқатар жұмыстар атқарылды. Дала зерттеулері кезінде табылған заттар коллекциясы б.з. I мыңжылдық соңы мен II мыңжылдық басына сай келеді.

Айта кетуіміз керек, осы уақытқа дейін Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтымен және Ресейдің Н.Н. Миклухо-Маклай атындағы Этнология және антропология институтының ғалымдарымен бірлескен ортағасырлық Жанкент қаласында кешенді археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп келеді. Зерттеулердің аралық қорытындысы іспетті «Материалы Джанкентской археологической экспедиции», «Ежелгі қала Жанкент» атты монографиялар жарық көрді.

2005-2007 жылдары бірлесе жүргізілген Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті мен Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының ғылыми-зерттеу жұмыстары «Қазақстан Республи-



Бисенов Қылышбай 1957 жылғы 21 шілдеде Қызылорда облысы Жалағаш ауданының Мәдениет ауылында дүниеге келген.

1979 жылы Қазақ политехникалық институтын бітіріп, 1980-1990 жылдары Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтының Қызылорда филиалында оқытушы, аға оқытушы, факультет деканы, директордың орынба-

сары қызметтерін атқарған.

1990-1998 жылдары Ы. Жақаев атындағы Қызылорда агроөнеркәсіп өндірісі инженерлері институтының оқу ісі жөніндегі проректоры, бірінші проректоры, ректоры қызметтерінде болды. 1998-2007 жылдары Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін басқарды.

2006-2007 жылдары – «Нұр Отан» ХДП Қызылорда облыстық филиалының төрағасы болды. «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы саяси кеңесінің мүшесі.

2007-2011 жылдары – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты. 2011 жылдан Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректоры. Профессор. Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, Ұлттық инженерлік академиясының, Ресей Сәулет және құрылыс ғылымдары академиясының академигі және оның шетелдік мүшесі.

240-тан астам ғылыми еңбектің, оның ішінде 11 монография, 3 кітап, 32 патент, 23 оқулық пен оқу құралының авторы. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

«Құрмет» орденімен, бірнеше медальмен марапатталған. Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері. Қазақстанның құрметті инженері.

касы тарихи және мәдени ескерткіштерінің жиынтығы Қызылорда облысы» атты ұжымдық энциклопедиялық еңбектің ғылыми айналымға келуіне негіз болды.

Бір сөзбен айтқанда, аталған кешенді жұмыстардың нәтижесінде Сыр өңіріндегі астаналар тарихы жазылды. Әлі күнге дейін бұл жұмыстар жүзеге асырылып, қазақ тарихының сан ғасырлар бойы жер қойнауында жатқан құпиясы жария етілуде.

Сонымен қатар Икрам Адырбекұлы Қызылорда облысы әкімі қызметін атқарған жылдары Қызылорда қаласында мемлекет және қоғам қайраткерлері М. Шоқайға, Т. Жүргеновке, С. Қожановқа ескерткіш мүсін қойылды және Қызылорда қаласында «Сыр бойының батырлары» ескерткіш кешені, Жалағаш ауданында Бұқарбай батыр ескерткіші ашылды. Осыншама кешенді жұмыстардың атқарылуы өлшеусіз қажырлы еңбекті талап етті. Сол кезеңнен бастау алған игі істер бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып келеді.

Әрбір азамат елінің дамуына қосқан үлесін өз міндетім деп қарап, Отанын сүюдің, ұлтына қызмет етудің үлгісін Икрам Адырбекұлындай көрсете білсе, онда біз өркениетті елдердің қатарында болатынымыз анық.

Халқы үшін қызмет атқарып келе жатқан абыройлы азаматымыздың білімі мен қайрат-жігерін өз елінің мүддесі үшін жұмсап, мәртебелі биіктерден көріне беруіне тілектеспіз.

Қорғанбек ҚАЙРОЛЛАЕВ

АДАМНЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫН АЙТУ ПАРЫЗ

«Азамат болып туған соң, бекініп белді буған соң, атаның жолын қуған соң» дегендей, жастайымыздан еңбекке араласып, жарғақ құлағымыз жастыққа тимей жұмыс істеп, елге хал-қадірімізше еңбек сіңірдік деп ойлаймын. Бүгіндері құрметті еңбек демалысына шығып, өткен өмірге көз жүгіртіп, жақсы-жаманды еске түсіріп, жүріп жатқан жайымыз бар.

Икрам Адырбекұлы Адырбековті облысымызға басшы болып келгеннен бастап жақынырақ танып біле бастадым. Ол кісінің біздің облысқа әкім болып келуі үлкен бір серпіліс кезең болды десем, бұрынғы-соңды басшылардың еңбегін жоққа шығарғандығым емес. Бұл, расында да, сондай жағдай еді. Оған барша Сыр өңірі, халқы куә болары анық. Сондықтан да жақсының жақсылығын реті келген жерде айту, жазып хатқа басу ләзім деп ойлаймын.

Осы облыста түрлі қызметке араласқалы бері үш обкомның бірінші хатшысымен, төрт облыс әкімімен бірге жұмыс жасаппын. Әрқайсысы өз заманында, әл-қадірінше осы елге қызмет етті. Өз басым «Ана кісі былай жасады, мына кісі былай жасады. Анау артық еді, мынау одан кем еді» деп, әркімге баға беруден аулақпын.

Әрине, осындай үлкен лауазымға келгеннен кейін, елдің бірінші басшысы болғаннан кейін, қай басшы «елге жақсылық болмасын» деп келсін, бәрі де «жақсылық болсын» деп келеді. Қолынан келсе, осы елді биікке шығарамын, көгертіп, көктетемін деп келеді. «Бес саусақ бірдей емес» демекші, солардың арасында әрқайсысының бала күнгі тәрбиесіне, өмір жолында қалыптастырған танымына, біліміне, көргенділігіне

сай, адамгершілік әлемі де әр түрлі болатыны анық қой. Адамның ішкі дүниесіне байланысты жағдайларды жанымен түсінетін бір бөлек зиялы кісілер болады. Ол басшының айтқанымен жүру – өзгеше. «Мың қосшыға бір басшы» болғаннан кейін, кім-кім де болсын, басшының айтқанын орындау – қарамағындағы қызметкерлердің міндеті. Солардың бәрін орындай жүріп, кейде ішіңнен: «Шіркін-ау, бұл олай емес, былай болса ғой» дейтін ойға келетін кездеріміз де болады емес пе? Оны жасыратын не бар, пендеміз ғой. Кейде басшылардың сондай жөнсіз қылықтары мен жөнге сыяр сара жолдарын салыстырамыз да.

Икрам Адырбекұлы келгенге дейін мен аппаратта жұмыс жасағаным жоқ еді, «аттан түсіп», «басқа атқа мініп», әкімшілік жүйесінен кеткенімде, яғни 2004 жылдың көктемінде ол кісі біздің облыстың тізгінін қолына алған еді.

Сол келгеннен кейін бір апта өткен жоқ, бір күні жаңа әкіммен кездесіп, танысудың сәті түсті. Облыс әкімдігінің қарама-қарсысында «Қарагөз» дейтін студенттердің демалатын орны бар болатын. Сонда елге танымал, атақты бір ағамыздың зайыбының 75 жылдығы болып жатты. Ол кісінің бізге жақындығы бар еді. Сонда тойда отырғанымда Икрам Адырбекұлының аппарат басшысы келді. Мені тауып алып:

– Қорғанбек аға, осындай да осындай, облыс әкімі сізге жолығам деп еді, – деді.

Демалыс күні болатын. Бірінші рет көруім сонда болды. Ол кісі кабинетінде орнынан тұрып келіп, амандасты. Сондай иманжүзді, адамды іштей тартып тұрады екен. Амандасып, хал-жағдай сұрасып, біраз жайланып алғаннан кейін шақырған бұйымтайын айта бастады:

– Қореке, – деп бастады сөзін, – сіз туралы көп естіп едім, сосын көріп танысым келді, – деді.

Мен туралы кім, не деп айтқанын сұрау ыңғайсыз болды. Жақсы сөйлестік. Араластығымыздың басы сол болды да, содан елші болып кеткенше жиі-жиі, телефон арқылы болсын, қызмет бабында болсын, кейде қызметтен тыс болсын, сұхбаттасып, сөйлесіп, тілдесіп тұрдық. Қарамағындағы кісіге бірінші басшы сондай лауазымда отырып, шынайы құрмет көрсету дегеннің өзі, шындығында, өмірде некен-саяқ болады ғой. «Бидайдың масағындағы дәні көп болған сайын сабағы салбыраңқы, аз болған сайын көтеріңкі» деген осындайдан айтылса керек. Біз де енді сол қызметтің жілігін шағып, майын ішкен адамның бірі іспеттіміз ғой. Нұсқаушы, бөлім меңгерушісі болдым, облыстың бір емес, екі басқармасының басшысы болдым. Облыстық кеңестің төрағасы, әкімнің орынбасары қызметтерін атқардым. Соның ішінде әлгі «Көре-көре көсем боласың, сөйлей-сөйлей шешен боласың», «Тоғай аралаған үйші болады, ел аралаған сыншы болады» дегендей, сол тұрғыда іштей бағамдап, қорытынды бере алатынымыз белгілі ғой.

Жалпы ет өліп кетті ме, келген, билік үстеліне отырған кейбір солақай басшыларға: «Әй, мұның не?» деп төтесінен сұрақ қояр ерлер де аз ғой қазір. «Не жасасаң, оны жаса!» деп қарап отыратын болдық па?

Міне, сондайларға қарама-қарсы сипаттағы Икрам Адырбекұлы маған парасат-пайымы жағынан, жүріс-тұрысынан ерекше әсер қалдырған адам екенін айтуым керек.

Өңгіменің барысында «Бірдің басынан екіншісінің аяғына кетіп қалды» деген болмасын, дегенмен ілгері кетіп қалайын. Икрам Адырбекұлы басқа қызметке ауысып, Сыр елінен көтерде, «Керуен» деген кешенде қаладағы сыйлас адамдарға дастархан жайып, шай берді. Мені де шақырды, бардым. Жаңа әкім Мұхтар Абрарұлы Құл-Мұхаммед те бар екен. Облыстың бұ-

рынғы басшылары, жалпы осы өңірдегі аса сыйлы ел ағалары екен жиналғандар. Сонда бір ауыз сөз айттым, қатысқандардың есінде болар: «Туды бітті осы елдің азаматы бола тұра, қызметтің ең алғашқы сатысын осы жерден бастай тұра, елге келген талай басшыларды көрдік. Бәрі де өзінің хал-қадерінше еңбек сіңірді, із қалдырды, жұмыстарына халық куә. Олардың атқарған жұмыстарын бір-бірімен салыстыруға болмас, сірә. Бірақ ол кісілерден ерекшелігіңіз, сіз қай уақытта келсеңіз де, Қызылорда халқының төрінде отыратын боласыз. Қай уақытта келсеңіз де, Сыр елінің құшағы да, есігі де ашық. Мен солай деп баға беремін сіздің жасаған еңбегіңізге» дедім. Сол сөзімді отырған жұрт бірауыздан қолдап, қошемет көрсетті, қол соқты.

Өзім байқағандай, мінез жағына келсек, өте сабырлы, сырбаз, сыпайы, бір адамның бетіне жел бол тиейін деген ниеті жоқ кісі. Лауазымды қызметте отырып бұл кісіде ешқандай бір өзінен төменге көзін аларту, нұқынқырап қатты айту болғанын көрмеппіз. Жиналыстың бәріне болмаса да, көбіне қатыстық қой. Әкімдермен жиналыс болып жатады, елмен кездесу өтеді, өзге де жиналыстар орын алады, сонда ол кісінің аузынан адамға ауыр тиетін артық-ауыс сөз шыққанын біршама жыл қасында жүрген уақытта естіген емеспін. Мұндай мінезді мәдениеттіліктің үлгісі деп көрсетуге болады, соған толық лайықты адам. Сондықтан да болар, Сыр өңіріне Икрам Адырбекұлы қашан келе қалса да, жаңағы менің сөзім расқа шығып, қай уақытта да ол кісінің қасында қаншама адам еріп жүреді. Оны Икрам Адырбекұлы осы елге келген кезде көріп жүрміз. Менің байқағаным, қайтып елге келе алмай, беті күйіп жүргендер де баршылық. Бұған себеп – олардың осалдық жағы, жеке кінәраты.

Бірінші басшының алдына қойылатын ең бірінші талап – тиімді ұйымдастырушылық жұмысы ғой. Еш-

кім де облыстың бірінші басшысына: «Қолыңа кетпен не күрек алып жұмыс істе!» демейді, мәселе – облыс басшысының айналасындағы халықты топтастырып, іске жұмылдырып, ұйымдастыра білуінде. Оның түйіні – халықпен тіл табыса білуінде. Осы облыста көп жылдар Сейілбек Шаухаманов ағамыз басшылық қызмет жасады. Мен ол кісінің әрі үзеңгілес досы, әрі қарамағында орынбасар болдым. Сейілбек ағамыздың жұмыс істеуі де ерекше, қызметкерлерді «айналайынмен» жұмсайтын еді. Өзі айтатын «Бір колхоздың төрағасын мысалға келтірейін» деп.

Сондай бір кісі (аты-жөні есте қалмапты) 20 жыл колхозға бастық болыпты. Үш-ақ сыныптық білімі бар. Жиырма жыл бастық болғанда, ең кесір, ең кежір дегенді де бабын тауып жұмсайды екен. «Айналайын-ау, мынаны тек қана саған сенгеннен ғана, саған тапсырып отырмын» деп жұмсартып жібереді екен сөзінің аяғын. Сол сияқты, Икрам Адырбекұлы да ешкімді жекімей, зекімей, кейімей, түсіністікпен жұмыс жасады, оған өзін куәмін. Мысалға, әкімдермен тым жақындата да бермей, алыстата да бермей жасаған қарым-қатынасын да білемін ол кісінің.

Анда-санда Икрам Адырбекұлы мені шақырып алып:

– Қореке, бір мәселелер бойынша ақылдасқым келеді, – дейтін еді.

Ақылдасқанда, өз ақылы өзіне жетіп жатыр ғой. Шақыру – мен үшін мәртебе. Облыстың жаңа әкімі үшін елде таңсық, сырына жете бермейтін мәселелер болады ғой, мысалы, әр жердің әдет-ғұрпы, салт-санасы басқа, өзгеше болады. Соны сұраймын дей ме, әйтеуір. Қазақта бір мақал бар ғой: «Өзің білме, білгеннің тілін алма» деген. Бұл мақал да емес, негізі шамалы қарғысқа жата ма, қалай? Ол кісі болса, осылай орынды әдеппен, білмеген жерлері болса, елдің ақсақалдарынан сұрап алуға ешқашан арланбайтын,

айып көрмейтін. Оны ұятқа санамайтын. Біле білген адамға – оның өзі үлкен ақылдылық, парасаттылық, пайымдылық.

Сондай-ақ ол кісі өте биязы мінезді. Алдына келген адамдардың көбісі жай шаруа адамдары, аналар, ақсақалдар – алуан түрлі мәселемен барады. Бәрі де түрлі өтініш, арыздарын жеткізеді. Сол өтініштердің барлығын жүз пайыз орындап тастайды деп айта алмаймын. Жүз пайыз орындап тастау да мүмкін емес қой мына өмірде. Бірақ арыз-тілегі орындалмағандар да ренжіп шықпайтын. Осының өзі көп нәрсені аңғартпай ма!

Алдына келген адамды басшы қалай қарсы алады? Жай-күйін ұға алды ма? Мәселе осында. Проблемасын айтқан адамның жанын түсініп, мүмкін болса қол ұшын беріп, мүмкін болмаса жағдайын айтып, оны да разы қылып шығара білу – ол да өнер. Әйтпесе, дүңк еткізіп, «жоқ» десе, не істейсің? Ол адам саған өмір бойы наразы болып қалады, назалы болып кетеді. «Әй, алдына барып едім, япырмай, жылы сөзін де қимады ғой» дейді. Біздің қазаққа жылы сөздің өзі көп нәрсе, көңілге медеу ғой. Әлгі «Жақсы сөз жан семіртеді» деген бекерден-бекер айтылмаған. Сондықтан Икрам Адырбекұлы халқымыздың осы мінезін жақсы түсінген жан болуы керек, алдына келген адамдардан жылы сөзін, ықылас-лебізін аяған жоқ.

Мен мұны түсіндіре алмаймын, бірақ білетінім – сол кісінің кезінде Алла Тағаланың мейірім-шапағаты ерекше түсті ме, дарияда жылда ерекше тасқын болды. Қызылордада кей жылдары су тапшылығын сезінген сәттер болды. Мұндайда қазақ «Қойшының таяғынан, келіннің аяғынан» деп, немесе «Сұмырай келсе, су құриды» деп ырымдап, айтып жатпай ма! Сол кездегі су мол болып, тасқыннан тасқын, қарбаласып жатамыз. Икрам әкім сол тасқындарда резеңке етікті киіп алып, батпақтың басында жүрді өзі.

Кейде айтамын кездесіп қалғанда:

– Икрам Адырбекұлы, сіздің басқа жұмысыңыз жетеді ғой, мұны бізге-ақ істетіңіз. Былайша айтқанда, менің жеп отырған наным ғой бұл. Сушылар бар, мен бармын, бізге сеніңіз, – деп, ол кісінің алаң көңілін басамын.

Сонда Икрам Адырбекұлы:

– Енді көзбен көріп кетейін де. Әрі өзіме де көңіл жұбатарлық жағдай, әрі осында мен жүрсем, сіздерге де арқа, демеу ғой, – дейтұғын.

Мінеки, ол кісінің еш нәрседен осылай шеттемейтіні, кекірейіп тұрмайтыны, шалқайып жүрмейтіні бізге ұнайтын. Барынша әдептілікпен қарым-қатынас жасайтын. Бұл да мінездегі ізгі қасиеттен ғой.

Тағы бір өнегелі істі айтайын. Икрам Адырбекұлы алпыс жылдық мерейтойына шақырды бізді. Елден төрт-бес кісі бардық. Сонда мен ол кісіні екінші қырынан таныдым. «Ұлық болсаң, кішік бол» дегенді көрсеткендей болды. Ондай үлкен дәрежедегі қызмет еткен адамның мерейтойында отырысты басқаратын асаба деген болады ғой. Сонда мынаны қараңыз: Астанадан Қасым-Жомарт Тоқаев басқарған делегация, Астана әкімі Иманғали Тасмағамбетов, Алматы қаласының әкімі Ахметжан Есімов, облыс әкімдері, басқа да лауазымды азаматтар бар. Асаба да бар.

Басталғанда Икрам Адырбекұлы тұрып, өзі ортаға шығып, қонақтарына айтты:

– Менің өмір жолымды өзімнен артық кім біледі! Осында жиналған қонақтардың барлығының да менің өмірімде өзіндік ерекше орны бар, өмірдің әрбір белесінде маған қамқор болған, тіреу болған, тілектес болған азаматтар. Бүгін, міне, сол үшін сіздерге алғысымды білдіруге мүмкіндік туып отыр. Мен бүгін сіздерге қызмет жасаймын, өзім сөйлеймін, әрқайсыңыз-



Қайроллаев Қорғанбек – қоғам қайраткері.

1943 жылы 25 қазанда Қызылорда облысы Сырдария ауданының «1 Мамыр» кеңшарында дүниеге келген.

Қазақ мемлекеттік университетін, КОКП ОК Қоғамдық ғылымдар академиясын бітірген. Мамандығы заңгер, саясаткер.

1960-1962 жылдары «1 Мамыр» кеңшарында механизатор, 1962-1965 жылдары – Кеңес армиясы қатарында, 1965-1967 жылдары – Қызылорда локомотив депосында слесарь-дизелист, тепловоз машинисінің көмекшісі, 1967-1972 жылдары – Қазақ мемлекеттік университеті заң факультетінің студенті, 1972-1974 жылдары – Қызылорда облыстық кеңесі атқару комитетінің заңгері, 1974-1986 жылдары – Қызылорда облыстық партком нұсқаушысы, бөлім меңгерушісі, 1986-1989 жылдары – Қызылорда облыстық халықты әлеуметтік қорғау басқармасының бастығы, 1990-1994 жылдары – Қызылорда облыстық кеңесі төрағасының орынбасары, төрағасы, 1994-1996 жылдары – Қызылорда облысы әкімінің орынбасары, 1996-2005 жылдары – Қызылорда облыстық төтенше жағдайлар жөніндегі басқарма басшысы, 2005-2016 жылдары – Қызылорда облыстық сайлау комиссиясының төрағасы.

Төрт мәрте облыстық кеңес депутаты болып сайланған, облыстық партия комитетінің мүшесі, бюро мүшесі. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қызылорда қаласының Құрметті азаматы.

дың жасаған жақсылықтарыңыз туралы айтамын, ал мен туралы мақтау сөздерді бүгін айтудың қажеті жоқ, оны кейінгі мерейтойларда айта берерсіздер, – деді.

Содан отырған жоқ қой, сабаздың баласы. Екі сағат жарымнан кейін ұшағымыз ұшатын болып, біз

ертерек аттандық. Сол екі жарым сағатта ол кісінің бір отырғанын көрмедік.

Мен де келдім біраздан соң жетпіске. Жетпіске келгенде мен де сол өнегемен:

– Мен сіздерге қызмет жасайын, осындағы ағалар мен інілер. Осындай бір азамат осылай жасап еді, – дедім.

Біле білген адамға бұл үлкен сабақ екен ғой. Негізінен жас болсын, кәрі болсын – мерейтой иесі отырады ғой сонау төрде. Міне, Икрам Адырбекұлын мәдениеттіліктің, ізеттіліктің үлгісі дегенім осы еді. Бірге қызметтес болған, сырлас болған жылдарды әрдайым ыстық ықыласпен еске аламын.



Жұмыс кабинетінде. 2016 жыл, желтоқсан



Ақшабұлақта газэлектр станциясын іске қосу салтанаты.
2005 жыл, мамыр



«Ақмешітті» ашу. 2008 жыл, қыркүйек

Әбдіманап ҚҰТЖАНОВ

АР ТАЗАЛЫҒЫНЫҢ ҮЛГІСІ

Өркімнің де маңдайына жазған бір кәсіп болады ғой. Сол кәсіптің қыр-сырына жетсем, шыңына шықсам деп бүкіл ғұмырыңды соған арнайсың. Мен өмір бойы сумен айналысқан су шаруашылығы маманымын. Қазақтың ескі тілімен айтқанда, мұраппын. Қырық бір жыл жұмыс істегендегі еңбек өтілімнің тоқсан пайызы осы су шаруашылығымен байланысты болған екен. Екі ауданның құрметті азаматымын. Қоғамға еткен адал еңбектің арқасында «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағын алдым. «Ерен еңбегі үшін» медалімен және «Құрмет» орденімен марапатталдым. Қазір құрметті еңбек демалысындамын.

Икрам Адырбекұлы жайлы естелігіме кіріспес бұрын, ол кісі келгенге дейінгі өзімнің жұмыс жайым туралы айтып өтсем деймін.

*Саргая ақтың сан ғасыр,
Сағына бізді күткендей.
Аралға барып айттың сыр,
Дүркірей таудан үріккендей, –*

деп, қазақтың дауылпаз ақыны Қасым Аманжолов Сыр-анамыз туралы тамаша айтқан ғой. Расымен де, бастауын Памир мен Алатаудан алатын Сырдария Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Қазақстанның алқаптарын асықпай аралай, 2212 шақырым ағып отырып, Арал теңізіне құяды.

Осы төрт мемлекет қатар суын ішіп, шаруашылыққа пайдаланып отырғаннан кейін, Сырға қатысты мәселелерді, түйткілді проблемаларды да бірлесе шешуге деген ұмтылыс – өмірдің өзінен туындаған талап.

Мен 2005 жылы Тәжікстан астанасы Душанбе қаласында Халықаралық Аралды құтқару қорының атқару комитетінде Қазақстан Республикасынан Өкілетті өкілі болып қызмет атқарып жүрген едім. 2003 жылға дейін 11 жылдай Қызылорда облысының су шаруашылығын басқарған болатынмын. Шыны керек, алдыңғы бір әкіммен жұмыс тәсіліне байланысты келісе алмағандықтан, сол жаққа кеткенмін. Сол кезде Аралды құтқару қорында бес-алты ай бас инженер болып істеген едім. Сөйтіп, дәм жазып Душанбеге баруға тура келді. «Адам айдаса бармайсың, дәм айдаса қалмайсың» деген осы ғой.

Бұл ұйым, жоғарыда айтып өткеніміздей, бес мемлекеттің су шаруашылығына қатысты мәселелерін ортақ шешу үшін 1996 жылы құрылған. Әмударияға қатысты Түркіменстан да міндетті түрде осы ұйымның мүшесі болып саналатын.

Тәжік елінде қызмет етіп жүргенде: «Қызылорда облысында бұрынғы әкім ауысты, орнына жаңа әкім Икрам Адырбеков деген кісі келді» деген жаңалық жетті. Мен ол кісіні бұрын танымайтынмын. Сөйтіп жүргенде 2005 жылы Икрам Адырбекұлы қабылдауына шақырды. Мен туралы жергілікті адамдардан сұрап-білген шығар деп ойладым. Бардым. Әңгімелесіп, танысқаннан кейін ол кісі:

– Сізге су шаруашылығы жөніндегі кеңесші болсаңыз деген ұсыныс айтпақшымын, – деді.

Енді, облыстың бірінші басшысы өтінген соң, қалай жоқ дейсіз. Сөйтіп келісімді беріп, дәм-тұз айдап, елге қайтып келдім. Осылайша туған жердегі, Қызылордадағы жұмысымның келесі парағы ашылды.

Қызылордаға келгеннен кейін еңбекке белсене кірістім. Бұл енді бұрыннан өзіме етене таныс, жаныма жақын жұмыс, өзім жағасында туып-өскен Сырдың сыры мәлім ғой.

Су мәселесі бойынша Икрам Адырбекұлымен түсіністікте жұмыс жасадық. Ойлап отырсам, сегіз бірдей облыс басшысымен бірлесе еңбек еткен екенмін. Бірақ сол сегіз әкімнің әрқайсысымен қызметтік тұрғыдағы байланыс та әр түрлі деңгейде болғаны рас. Кейбірінің әкімдік жиналыстарына анда-санда қатысып отырдым. Ал кейінгі төрт-бесеуімен жұмыс барысында тікелей кездесіп жүрдім. Ол кездері лауазымды қызметім болды. Сол сегіз әкімнің ішінде есімде қалғаны – Еркін Әуелбеков, Бердібек Сапарбаев және Икрам Адырбеков десем, өзге басшылар ренжімес деп ойлаймын. Бұл, былайша айтқанда, менің ғана емес, барша қызылордалықтардың да ой-пікірімен үндес боларына сенімдімін. Ендеше, олар несімен есте қалды?

Мысал келтіре кетейін. Қызылорданың жүрегінде қалған Еркін Нұржанұлын, Еркін Әуелбековті алайықшы: Ерекең кепгеннен бастап-ақ адамдармен түсіністік қарым-қатынас орнатты. Тазалықтың, адалдықтың жақтаушысы болды. Елдің дамуына, жердің, қаланың көркеюіне үлкен үлес қосты. Сол Еркін Нұржанұлы да, мына Икрам Адырбекұлы да, бәзбіреулер сияқты, қолды сабалап немесе айқайлап-ұйқайлап, үркітіп-қорқытпай-ақ елді басқарды. Олар осылай әкімгерлік даңғазасыз, салиқалы сабырмен-ақ кәдімгі үлкен жұмыстарды ың-шыңсыз атқаруға болады екен ғой дегенді баршамызға көрсетіп кетті.

Икрам Адырбекұлының облысымызда атқарған ісі көп, соның ішінде ең басты табысы ретінде мен бізде қазірге дейін жегі құрттай жеп бара жатқан сыбайлас жемқорлықты тыюы деп айтар едім. «Мүлде тыйылды» деу жаңсақ айтқандық болар. Бірақ есіріп-еркінсіген көнігі жемқорлар аяғын тартып, бірден бой тартып, аяғын аңдап басатын астыртын жағдайға көшкені анық еді. Бұрынғыдай емін-еркін ұрлық барынша азайды. Адамдардың ары тазаланды. Жұртты орынсыз өсекке

айналдыратын адамдар жымысқы әрекеттерін қойып, аңдап сөйлейтін болды. Икрам Адырбекұлының тұсында біздің психологиямыз тазарды, басшылық қызметте жүргендердің, сонымен қатар халықтың ойы тазарды. Мен Қызылорда облысындағы қызметі барысындағы Икеңнің ең үлкен жеңісі осы деп ойлаймын.

Жаңадан келген адам болған соң, өмірбаянын оқымыз ғой, кейбір кездесулерде өзі айтады. Сонда біліп-танығанымыз – бұл кісі ұзақ жыл дипломатиялық қызметте болғандықтан болар, жұмыс барысында ешбіреудің «терісін тесіп, қанын шығарған» жоқ. «Жүйкесіне ши жүгіртіп», намысына тиген жоқ. Талай әкімнің, әкімшіліктің отырысына, лездемелерге, жиналыстарға қатысып жүрдік. Ол кісі жай сөзбен ғана биік жардың шетіне апаратын адамды. Құлағы еститін, басында түйсігі бар адам «жер болады». Жай сөзден-ақ ұғады. Бірақ жардан итермейтін. Жардан бері тартады: «Сен құлап қаласың, ұятқа қаласың, енді былай істе!» деп айтатын. Сондай жай сөзбен ұқтырып, жай ғана леппен айтқан сөздері санаға серпіліс әкеледі. Жөн сөзді естіген жұрт өте жақсы көріп тыңдап, тиісті жұмысын ынтамен атқарды.

Екінші, трайбализм деген дерт бар ғой. Өкінішке қарай, барлық сапаларда бұл орын алады. Туысқандарын, таныстарын жұмысқа алу, солардың мүддесін қорғау деген сияқты жағымсыз мәселе ғой. Икрам Адырбекұлының бір рет болса да ондай қадамға барғанын ешкім көрген жоқ. Ондайды өзі жек көрді. Таза жүрді. «Мен сияқты істеңдер» деген ұлағатты тағылым бар ғой. Міне, ол кісі осыны ұстанды.

Сенат депутаты болып жүріп, елдің алдында есеп беру үшін, бір жылдары құрамында Икрам Адырбекұлы бар делегация облысқа келген еді. Үлкен театрда, халық алдында есеп берілді. Сонда жұрт ол кісіні орнынан тұрып, қол соғып қарсы алды. Үлкен залдағы көптің арасынан сөйлеп жатты елдің белгілі азаматтары.

– Мен тазалықты мына Иекеңнен үйрендім, рахмет, – деп айтқаны есімде бір кісінің.

Адамның көңілін қобалжытатын сөздерге толы, ықыласты қарсы алу болып жатты. Ол кісіге халықтың шынайы ризашылығы осылай көрінді.

Өңір халқына сыйлылығының тағы бір жарқын мысалы – басқа қызметке ауысып, Сыр елінен аттанатын кезі. Өмірдің өзі ауысады ғой, адамның қызмет жолы да солай. Икрам Адырбекұлы біздің облысты үш жылдай басқарғаннан кейін қайтадан дипломаттық қызметке ауысатын болып, орнына Мұхтар Абрарұлы Құл-Мұхаммед келді. Икрам Адырбекұлының ұшаққа билет алып, Алматыға ұшайын деп жатқан кезінде елдің көптеген белгілі азаматтары аэропортқа барып, алған билетін тапсыртып, қаржысын өздері төлеп, чартерлік рейс алдырып, зайыбы Ләззат екеуімен қимай қоштасып, шығарып салды. Мен, міне, жетпіс үштегі адаммын, басшыны сондай құрметпен шығарып салғанды бірінші рет көрдім. Азаматтардың ол кісіні ерекше сыйлайтыны анық аңғарылып тұрды. Икрам Адырбекұлының тәлім-тәрбиесі, жұмыс барысындағы қарым-қатынасы, соның бәрі жүрегінде қалады екен ғой халықтың.

Облысты басқару тізгіні Икрам Адырбекұлының қолында болғанда аймақта ауыз толтырып айтарлық толымды жұмыстар атқарылды. Енді мен су шаруашылығына қатысты сөз қозғайын.

Біз Сырдария бойының ең аяғында орналасқан облыспыз. Басында толып жатқан бөгеттер, Шардара, тағы басқа су қоймалары бар дегендей. Бізге келетіні – Арал теңізінің несібесі. Қазақта бір сөз бар ғой: «Судың сағасындағы су ішеді, аяғындағы у ішеді» дейтін. Бізге бүкіл тәжік, қырғыз, өзбек бауырларымыздың канал сарқындылары, Ташкент сияқты үлкен қалалардан өткен су Сыр арқылы келеді. Су аз жылдары ластану

қатты білінеді. Сырдың суы құммен өтеді. Құммен өткен су біршама таза дегенімізбен, жазда кейде секундына 100-150 текше метр ғана жібергенде жасыл су ағатыны болады. Құдай сақтасын. Оны мал ішеді. Ол малдың сүтін ішеміз, етін жейміз. Соның бәрі адамға үлкен зиян.

Икрам Адырбекұлы басшы болып келген тұста су мәселесі жөнінде үлкен дау-дамай болды. Негізінен тартыс-талас «Көксарай» су қоймасына қатысты еді. Бұл қойманы, кәсіби тілмен айтқанда, қарсы реттеуші (контррегулятор) дейді. Шардарада су көп болса, 3 миллиардтай суды сонда алып қалып, қалғанын төмен жібереді. Осындай жағдайда Қызылорда облысының елді мекендері су басудан, тасқыннан аман қалады деген есеп болды. Онысы дұрыс. Бірақ менің және де облысқа белгілі су мамандары бар, осы өңірде қызмет істеген, екі-үш аудандарды басқарған кадрлар бар: «Су деген жайылуы керек, шабындық, көкмайса, тоғайлар, жайылымдар өсуі керек. Біз экологиялық апатты аймаққа айналғанбыз. Алдында 25 жыл бойы су жіберілмегендіктен осындай жағдай қалыптасты. Сол «Көксарайдың» бізге керегі жоқ» дедік бірауыздан. Бірақ оңтүстікқазақстандық бауырлар мықты ғой, қайта-қайта мәселені көтеріп, Үкімет басшысына жеткізіп, уәж айта білген. Содан кейін «Көксарай» сапынды. Бірақ біз сол пікірімізде қалдық. Біздің күмәніміз – дарияда қайтадан кері үдеріс бастапады. Бұл Көксарай реттеуші суды ешқайда жібермейді, жайылым жерлерді, тоғайларды су баспайды, қайтадан құмымыз шығып, жаздағы ыстықта сырқатымыз көбейеді.

Айтайын дегенім, сол кезде, Икрам Адырбекұлы осындай мазмұндағы біз дайындаған хатқа қол қойып Үкіметке жіберді. Мен өзім куәмін, Икрам Адырбекұлы Даниал Кенжетайұлымен сөзге келіп те қалғандай болды. Мен кабинетінде отырғанмын. Ана кісі де бір нәрсе деген болуы керек, «Сіз неге қарсысыз?»

деді ме? Бұл кісі де бір нәрсе деді, қатаң дауыспен. Сондай принципті мәселелерде еш уақытта алған бетінен қайтпайтын. Облыс халқы үшін қажет болса, кіммен де болса тіресуге дайын еді.

Мен енді сол кездің экономикалық-әлеуметтік дамуы жөніндегі цифрларын келтіре алмаспын. Қазір біраз жыл өтіп кетті ғой. Бірақ облысымыз ешкімнен кем болған жоқ. Құрылыста, басқа да салаларда, зейнетақы, әлеуметтік жәрдемақы төлеу, салық жинау деген сияқты жұмыстар мерзімімен жүріп жатты. Міне, осындай іскер басшы бола білді Иекең.

Жақсы адамның қай жерде де алтын тұғыры, ерекше орны бар ғой.

Басқару ерекшелігіне қатысты айтарым: Икрам Адырбекұлы өте сабырлы еді. Аймақта есептік жиналыстар өтіп жатқан уақыт. Сондай ағымдағы отырыстардың бірі еді. Өкінішке қарай бізде кейбір мамандар, жас жігіттер бар – не айтып тұрғанын өзі де, өзге де түсінбейтін. Атын айтудың қажеті жоқ шығар, бір департаменттің басшысы жас жігіт мінберде баяндама жасап тұрған-ды. Соның қадағалайтын мәселесі қаралып жатыр. Барлық байланыс құралдары іске қосылған, экраннан бәрі көрсетіліп тұр.

Әлгінің баяндау сөзі сөз болмады. Басқа бір кісілер болса, оның сол бір сауатсыз қылығына қынжылып, оған біраз жекіп, сілкілеп те тастаған болар еді. Иекеңнің сондағы сабырмен қойған сұрағы есімде қалыпты:

– Сіз қандай оқу орнында оқып, қалай оны бітірдіңіз? – деді жаңағыға, «мамандық игергенің осы ма, білім-тәжірибе қайда?» дегенге келтірді. Басшының сол бір сабырлы сөзі арқасынан осып жібергендей сезілді бізге. Бірақ айқайлаған жоқ, жай сабырмен айтты. Айтқаны арғы жағынан өтті. Сондай салиқалы кісі еді.



Құтжанов Әбдіманап – қоғам қайраткері.

1944 жылы 29 қарашада Қызылорда облысы Жаңақорған ауданының Төменарық ауылында дүниеге келген.

1962 жылы Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтына түсіп, 1967 жылы инженер-гидротехник мамандығымен бітірген.

1967-1979 жылдары мемлекеттік мекемелерде инженер, аға инженер, топ инженері, жобалау-іздістіру экспедициясының бас инженері, каналдар басқармасының бас инженері қызметтерін атқарған.

1979-1991 жылдары – облыстық су шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары, басқарма бастығы, 1989-1991 жылдары облыстық агроөндірістік бірлестігі төрағасының бірінші орынбасары қызметін атқарған.

1991 жылы – облыстық партия комитетінде бөлім меңгерушісінің орынбасары. Жаңақорған аудандық партия комитетінің екінші хатшысы.

1992-2003 жылдары облыстың су шаруашылығын басқарды. 2003 жылы – «САРАТС» жобасы бойынша бас инженер, 2004 жылдан Душанбедегі Аралды құтқару қорында Өкілетті өкіл болып қызмет етті. 2005 жылы ақпан айынан Қызылорда облысы әкімінің кеңесшісі.

«Құрмет белгісі» орденімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

Ал енді қызметтес жігіттермен қарым-қатынасы – ол ағайынгершілік емес. Өзін қарапайым ұстайды. Ол кісі былай өзіне онша көп жақындата да бермейді. Бірақ алыстата да бермейді. Арада белгілі бір қашықтық болады. Әркім өзінің орнын білетіндей жағдайда жүретіні аңғарылатынын байқаймыз ғой. Қазақ болған соң туысқандары бар, таныстары бар, ешқайсысын

орынсыз тартқан жоқ. Қайта жұмыс істеуге қабілетті жергілікті жігерлі адамдарды әлі келетін жерге көтерді. Әкімдер келісімен, біраз адамдарды айырбастайтыны, өзінің командасын жиятыны белгілі. Президент те айтады мұны: «Әкімдер жаңа жерге командасын ертіп барады» деп. Ал Икрам Адырбекұлы ешкімді ешқайдан сүйреп әкелген жоқ. Жалпы халықтың көзі қырағы, олар ойлайды ғой: «Мына кісінің алып келген адамы жұмыс істейтін адам емес қой. Істеп жатқан тірліктері мынау» деген қорытынды жасамай ма? Қазір екі адам білген нәрсені үшінші адам біледі. Жұрттың бәрі біледі. «Анау мынандай жасады, мына жерді алды, сатты» деген сияқты. Ел аузына жаманшылығымен ілінген адамдар өзінен өзі кетеді ғой сонда. Бір-екі адам болды, аттарын білем, оларға Икрам Адырбекұлы: «Сізге бұл жерде болмайды екен» дегенді айтты. Ал, бірақ, біразы, жаңағыдай: «Бұл жерде мен бәлеге қалады екенмін, басым кетер» деп өздері кетті.

Осы уақытқа дейін ел есінде жақсы сақталған басшының бірі – Икрам Адырбекұлы. Бірге қызмет атқарған жылдарды ыстық ықыласпен еске аламын. Тазалықтың үлгісіндей болған Икрам Адырбекұлының туған халқына берері әлі де көп деп білемін.

Жарылқасын ШАРИПОВ

ТУАБИТТИ АДАЛ ЖАНДЫ БҰЗА АЛМАЙСЫҢ

Икрам Адырбекұлы Адырбековтің есімі аталғанда әрдайым менің ойыма «мәдениетті тұлға» деген сөз оралады. Біз күнделікті өмірде мәдениет деген сөзді көп қолдануға әуеспіз ғой. Мысалы, ең бергі жағы ас ішу мәдениеті, сөйлеу мәдениеті, киіну мәдениеті деген сияқтылар толып жатыр. Ал «мәдениетті тұлға» дегеніміз – адам бойындағы жасынан алған білімі мен тәрбиесін өмірлік тәжірибесі арқылы кемелдендіріп, белгілі бір деңгейге жеткен адам болуы тиіс. Алаш қайраткері, даңқты жерлесіміз Мұстафа Шоқайұлы осы жөнінде былай деген екен: «Мәдениет – адам әлемі. Мәдени көріністерде адамдық парасат, ақыл-ой, ізгілік пен әдемілік заттандырылып, игіліктер дүниесі құрылған. Сонымен бірге мәдениет – адамды тұлға деңгейіне көтеретін негізгі құрал».

Икрам Адырбекұлы – елімізге белгілі тұлға деңгейіне көтерілген адам екендігіне оның өнегелі өмір жолы куә. Мен ол кісіні бұрындары сырттай білгеніммен, біздің облысқа басшы болып келгеннен бастап, жақсы таныдым десем болады. Икрам Адырбекұлы біздің облысқа 2004 жылы сәуір айында әкім болып тағайындалды.

Икрам Адырбекұлы Қызылорда облысына қызметке осы елдегі жағдайдың, моральдық-психологиялық ахуалдың өте бір күрделі болып, тым нашарлап тұрған уақытында келді. Оған себеп – ол кісінің алдында бұл облыс бұрыннан экологиялық апат аймағы болғандықтан, сол туралы мемлекетте арнайы қабылданған заң бар еді. Осы заңда халыққа біраз жеңілдіктер қарастырылған-ды.

Сол заңда көрсетілген көп жеңілдіктің ішінен қалғаны – жалғыз ғана қызметкерлердің негізгі жалақыларына қосылатын қосымша ақысы еді. Мысалы, Арал, Қазалы аудандарында жалақыға 50 пайыз, қалған аудандарда 30 пайыз қосылатын. Міне, осыны «елдегі экологиялық ахуал жақсарды» деген әр түрлі негізді-негізсіз себептермен алып тастау үшін үлкен жұмыстар жүргізілді біздің облыста. Бұл халықтың әлеуметтік ахуалы толық оңалып кетпеген, тұрмыс жағдайы әлі де болса басқа өңірлердегідей қалыпқа толық түсе қоймаған кезең. Сондықтан да халықта билікке деген әлдебір іштей наразылық туды. Жалпы өңірдегі ішкі саясатты жүргізетін облыстың бірінші басшысы ғой. Осы уақытта бүкіл билікке деген іштей наразылық болып, елдегі үлкенді-кішілі азаматтардың арасында сондай бір қобалжу туындағаны рас болатын. Тіпті оның ішінде: «Экологиялық апат аймағы болғандықтан сіздердің өндірген өнімдеріңізді басқа жақ алмайды», тіпті «Сіздердің жастарыңызға да ешкім қызықпайды» деген сияқты намысқа тиетін сөздер де қаптаған кез болған. Алыпқашпа әңгімеге толы, сондай бір кереғар қолайсыз саясат жүрді Сыр өңірінде сол тұста. Сондықтан да жұртта іштей тоң-теріс мінез пайда болды. Үлкен де, кіші де «Бұл қалай болғаны?» деген сұрауды өз-өзіне, өзара қоюмен болғаны рас.

Бұдан әрі жағдайды ушықтыра берудің мәнісі жоғын жоғары билік те түсінген болар деп ойлаймын. Сондықтан да осы бір күрделі ахуалды жақсарту үшін тың серпіліс жасау керек деп шешсе керек.

Сол кезде бұрынғы әкім ауысты да, Икрам Адырбекұлы басшылыққа келді. Икрам Адырбекұлының келгені Сыр еліне өте жақсы болды деп білемін. Бұл – менің ғана қорытындым емес, жалпы елдің пікірі.

Икрам Адырбекұлы қандай адам? Ол өзі қарапайым, сосын мәселені тіке айтады. Құлығы жоқ, я бір-

деңені есеппен айту да жоқ. Жақсы адам екенін бірден аңғарасыз. Осы кісі келгеннен кейін жаңағы жағдайлардың барлығы бірте-бірте түзелді. Шамасы енді жоғары билік те осындай өзгерістерді қажет еткен адамдармен пікір алысқан болуы керек. Сөйтіп елдегі моральдық-психологиялық ахуал осы кісі келгеннен кейін қайтадан бір қалыпқа түскені анық. Ең бірінші айтайын дегенім осы.

Енді, шынын айтқанда, басшы келіп жұмыс атқарған соң «оны істеді, мұны істеді» деген бола береді ғой. Жұмыс еш уақытта да таусылмайды. Оны бүгін істеп бір керемет қылып тастағаныңмен, сәл уақыттан соң ол керемет қалыпқа түседі де, халықта басқаша талғам тағы пайда болады. Өйгілі Бұқар жыраудың айтатыны бар емес пе:

*Әлемді түгел көрсе де,
Алтын үйге кірсе де,
Аспанда жұлдыз аралап,
Ай нұрын ұстап мінсе де,
Қызыққа тоймас адамзат, –*

деп. Демек, талғам бір орнында тұрмайтын құбылыс. Бүгінгі жаңа дегенің ертең бір өткінші нәрсе болып қалады. Сондықтан адамның ілгерілеушілікке деген сұранысы өзгермейді. Әркім өзінің уақыты келген шағында қызметін жасайды. Осы тұрғыда ол кісінің Қызылорда облысында атқарған нәтижелі, игілікті істері, әрине, мол.

Енді мен нақты мысалдарға көшейін. Икрам Адырбекұлы облысқа басшы болып қызмет істеп жүрген кезде бір қолайсыз жағдай болды. Біздің облыстың аумағындағы «Байқоңыр» ғарыш айлағынан ұшырылған «Протон» зымыраны Қармақшы ауданындағы Жаңақапаның маңына, Қызылқұмның беткейіне құлады. Бұл үлкен апат болатын.

Осы жағдайды сол уақытта кейбір жауапты адамдар жылы жауып қойғысы келді. Апат кезінде төгілген гептил деген улы зат төңірегіне, табиғатқа да, тіршілік иесінің барлығына зиянды әсер ететіні белгілі. Оның улы екендігін, табиғатқа зиянды әсері мол екендігін ашық жария етпей, барлық сараптамаларды жабық қалдырғысы келген жағдайлар болғаны шындық және оның қайдан, қалай келгенін аңғаруға да болар. Бұған енді төзуге болмайтын еді. Икрам Адырбекұлы аймақ басшысы ретінде сол жағдайға белсене кірісті. Сөйтіп халыққа жариялағанындай, бұл қаншалықты қауіпті дегенді анықтауға күш салды. Осы арқылы халыққа, өзге тіршілік иелеріне төгілген гептилден зиян келмейтіндей шараларды жүзеге асыруды қолға алды.

Бұл халық үшін жақсы болғанымен, осы батыл әрекеті жоғарыдағы кейбір кісілерге жақпай, ара қатынасы бұзылыңқырады деген де әңгімелер жүрді. Бірақ сонда да Икрам Адырбекұлы табандылық танытып, халыққа нақты көмек көрсетіп, гептилден тарайтын залалдың зардабын жою шараларын қолға алды.

Мен ол кезде облыстық мәслихаттың депутаты едім. Екі бірдей шақырылымда депутат болып, бірнеше әкімдермен бірге жұмыс жасадым. Сондықтан да болған жағдайлардың бәрін, кімнің қандай іс-әрекет жасағаны көз алдымда. Облыс әкімімен бірге жүріп, сол бір қилы кезеңді бастан өткердік.

Бұл кісіде бір жақсы жері – пікір алысу, сұраққа жауап, айтқан сөзге іс-қимыл дегендей, барлығын өзінің қалпында, ешқандай боямасы жоқ, болмысымен шешуге тырысады. Мұны айтып отырған себебім – сенің пікіріңе ешқандай құлақ түрмейтін басшылар да болады. Облыстық мәслихат бір формальді орган сияқты болып жүрген кез де болды кейбір әкімдердің тұсында. Кейбіреулер «Осы бірдеңе айтты екен-ау, айтпады екен-ау» деп жақ ашпастан тілі байланып қалған адам

сияқты тыңдап отырады да, ия жақсы, ия жаман деместен шығып кетеді немесе жиналысты аяқтайды. Айтып отырған мәселең де, сөзің де елеусіз қалады. Өмір болған соң ондай жағдайлар кездеседі. Кездесті де.

Ал бұл кісіде ондай көзқарас болған емес. Пікірлескенде де, әңгімелескенде де, естіген, айтқан сөздердің бәріне тиісті әрекет жасайды. Мысалы, мен Қазалы ауданынан сайланған депутат болдым. Бізде бір проблемалы ауыл бар болатын. Мектебі ескі. Бұрынғы Кеңес үкіметінен қалған мектеп. Ақыры сөйтіп жүргенде көне ғимарат құлады.

Мектеп ғимараты құлаған соң оқуды жалғастыру үшін ауылдағы отыз орынды кішкентай балабақша ғимараты босатып берілді. Он бір жылдық мектептің барша баласы сығылысып сонда оқып жатты. Бұл күрделі мәселені бір айтасың, екі айтасың.

Экономика бөлімі бар, бюджетті жоспарлайтын бөлім бар, содан соң бұл мәселеге тікелей қатысы бар білім басқармасы бар – солардың бәріне де жағдайды түсіндіріп айтудай-ақ айтасың. Қалай айтылады, айтылған жерде солай қалып қоя береді.

Ақыры бір күні сондай жағдайдың бірінде ашыныңқырап кетсем керек (Икрам Адырбекұлы қатысып отырған жиналыста айтқан едім), біршама қаттырақ кеттім. Менің таңғалғаным, сол күні ол кісі маған: «Мұныңыз не?» деп ескерту немесе басу айтқан жоқ. «Бұрыннан айтылып жүрген іс қой, өзің бөлімдермен айналыс» деп сілтемеге салған жоқ.

Сол күні түнде өзі абыржу да, абыржу болып, дариядан сең жүріп жатқан кез еді. Қазалыда сондай ғой, жалпы. Дарияның бергі жағында – біз, арғы бетінде – жаңағы ауыл. Икрам Адырбекұлы соған ертеңінде түстен кейін облыстық білім басқармасының басшысын жіберген екен. Ол кешке дейін ауылға өзеннен қайықпен өтіп барып, ондағы жағдайды көріп келеді.

Содан не керек, дереу жоспарға енгізіліп, қаржы қарастырылып, әлгі ауылға жаңа мектеп салынды. Ал қандай жанашырлық, қандай жылдам шешім бұл? Бүкіл бір ауылдың тағдыры ғой ол, мектеп сұрап талап қойып отырған. Ақыры Икрам Адырбекұлының жылдам қимылының арқасында шешімін тапты бұл мәселе! Қандай мектеп салынды десеңізші. Сол ғимарат қазір Икрам Адырбекұлының осы ауылға сыйпаған ескерткішіндей болып қызмет етіп тұр.

Тағы бір тындырылған істі айтайын: Кеңес үкіметі құлаған кезде Қазалы ауданындағы бес ауылда электр энергиясы құрыды. Шамамен 300 шақырымдық электр желісін темір жинайтындар бұзып алып кеткен. Барлық трансформаторлары мен подстанцияларын да қоса тонап әкеткен. Қысқасы, бес ауыл жарықсыз қалған қалпымен жеті-сегіз жыл өмір сүріп жатты осы Икрам Адырбекұлы келгенше.

Бұл да ізінен қалмай, алдыңғы әкімдердің кезінде де айтылып жүрген мәселе еді. «Мақұл» дейді де, шешім жоқ, «мақұл» дейді де шешім жоқ дүниемен келе жатқанбыз. Ол кезде ақша да аз. Икрам Адырбекұлы соған 300 миллион ба әлде 380 миллион ба теңге бөліп, сметалық жоба жасатып, электр желісін тартырды. Содан сол желі тартқан шалғай ауылға облыс әкімімен бірге бардық. Қызылқұмның беткейіндегі ауыл еді. Жол жоқ. Әкім ауылға барып тұрған жарықты қосқанын көрді. Ауылдың бір ақсақалы бар еді, соның үйіне барып шай ішетін болдық. Соған бара жатқанда ескі жатақхананың жанынан өттік, қамыстан салынған. Сол қамыс жатақханада балаларды оқытып жатқан он бір жылдық мектеп бар-тын. «Мектепті көре кетіңіз» деп Икрам Адырбекұлымен бірге мектепке кірдік. Сонда Икрам Адырбекұлы маған бұрылып, онша естіртпей:

– Ойпырмай, мынадай мектептер де бар екен ғой әлі біздің елде, – деп таңданысын жасырмады.

Содан жаңағы ақсақалдың үйінде қарапайым жерге отырып, үстел де жоқ, шай іштік.

Түнде кері қайттық. Жол жоқ. Құмның ішіменен қайтадан Ақсай желісінің көпірінен өтіп, әлгі қара соқпақ жолға түсіп, шоқалақтатып жүріп қалаға келдік. Сонда әлгі өзіміз барған Тасарық ауылының адамдары:

– Бүкіл өмірімізде облыстың бірінші басшысының ауылымызға келгенін естіп-көріп тұрғанымыз осы! – деп ризашылықтан аң-таң қалған болатын.

«Мынау қиян түзде жатқан ауылға облыстың бірінші басшысы келеді, электр жарығын қосуға өзі қатысады» деп ойламаған да ғой. Адамдардың тұрмыс ауыртпалығына әбден иленіп, жүнжіп кеткен тұсы еді ол кез.

Сол Икрам Адырбекұлы электр желісін тартқызған ауылдардың біріндегі жеті-сегізге келгенше шамның жарығынсыз өскен баласы жарықты қосып жібергенде қорқып кетіп, далаға шыға қашқан екен. Сол ауылға барып, тұрғындармен кездесу өткізгенімде әлгі баланың әке-шешесі маған күліп отырып айтып еді. Бұл, былай қарасаңыз, күлетін де жағдай емес қой. Осыншама жыл ғылым мен техниканың игілігін көрмей өскен ұрпақтың келешегі қандай болмақ?

Икрам Адырбекұлының қаражат көзін тауып, алыс ауылдағы халыққа электр желісін тарқызуын және оның ашылуына уақыт тауып өзі баруын шынайы қамқорлық пен «Ұлық болсаң, кішік бол» дейтін қарапайымдылықтың белгісі деп түсінуге болатын сияқты.

Адамдарға салыстырмалы түрде баға беріледі ғой. Басқалармен де бірге жұмыс істеген кезіміз бар, үлкені бар, кішісі бар, жастары бар. Менің жалпылама айтып отырған себебім – бір уақытында болған тірліктердің бәрі ұмыт болып қала береді ғой. Ал негізінде халықтан басшының баға алуы үшін екі негізгі фактор бар, менің білетінім. Біріншісі – кадр іріктегенде. Мысалы, кадр таңдауда туысқандық, жершілдік қарым-қатынас ба-

сым түсіп жатады. Сол себептен халықты жұмыспен қамтамасыз етуде кадр мәселесі әділетті жолмен шешілмейтін, іріктеліп қойылатын жағдай қалыптасып кетті. Оны жасыратын ештеңе жоқ қазіргі уақытта. Мұндай кезде басшыға еретін бірінші әңгіме – қай басшы болмасын, үлкен деңгейдегі болсын, кіші деңгейдегі болсын, қандай кадрлық саясатты жүргізіп отыр. Оны дұрыс реттеуіне байланысты.

Ал бұл кісінде ондай әділетсіз шешімдер болған жоқ. Болатын болса, бұл да осы елдің азаматы. Мына тиіп тұрған Шымкент. Ол болмаса, туыс-туған осы жерден де табылады. «Артынан ағайынын алып жүрді», «танытынын тартты» деген бір әңгіме ерген жоқ.

Екінші нәрсе – қазір асқынып тұрған жемқорлық. Бармақ басты, көз қысты. Алыс-беріс. Құлақ астынан сыбырласқан сыбайластық дегеннің неше түрі бар. Икрам Адырбекұлы бұндай былықтан арымен, жанымен, барымен құлан-таза болды. Ондай қадамға барғандар өзін жұрт білмейді деп ойлайды, білмейді емес, біледі. Кешіріңіз, оны ана базарда отырған саудадағы әйелдердің бәрі айтады, не істеп, не қойып жатқанын. Халықтан ештеңе де жасырын емес. Икрам Адырбекұлы бұндай көргенсіздіктен ада еді.

Ал енді мақтау үшін айта береміз ғой: «әкеліп көпір салдырды», «мынадай жүргізді», «анандай ғимараттарды тұрғызды...» деп. Дегенмен, айтатын істі айту керек. Мәселен, қараңғылық құшағында қалған, маң далада қаңыраған бес ауылға жарық берді дегеннің өзі неге тұрады?! Соншама жылдан бері бар нәрсені құртып, бірақ бір адам соған назар аудармай, далада қалғанда, қайтадан жаңғырту оңай бола ма?!

Сосын тағы бір айтатын мінезі – батылдығы. Ретті шешімдерге келгенде, ештеңеге қарамайды, дереу қабылдайды.

Енді есіме оралған бір жағдайды айтайын. Қазалы ауданы дарияның аяқ жағында ғой. Сол жерде басшы-

лық қызмет істеген соң, «Түйенің танығаны – жапырақ» демекші, халық қит етсе маған қоңырау шалатын. Қазалы аумағынан Аралға өткен кезде дарияны сең буады. Дарияның суы көтеріледі де, ернеуінен шығып кетеді. Мұндай жағдай әр тұста болатын. Қаншама жыл қызмет істеген уақытта бұрынғы Карл Маркс деген кеңшарды (қазіргі Бекарыстан би ауылы) су қоршайды



Шарипов Жарылқасын – қоғам қайраткері.

1941 жылы Қызылорда облысы Қазалы ауданының Бозкөл ауылында дүниеге келген.

1963-1968 жылдары – «Бозкөл» кеңшарында МТШ меңгерушісі, Энгельс атындағы кеңшардың, Қазалы аудандық ауылшаруашылық басқармасының бас инженері, 1968-1969 жылдары – басқарма бастығының орынбасары, 1975-1988 жылдары Қазалы аудандық ауыл шаруашылық басқармасының бастығы, ауатком бірінші орынбасары болып қызмет атқарған.

1988-1991 жылдары – облыстық агроөнеркәсіптік бірлестігі бастығының орынбасары, облыстық «Агроөнеркәсіптехника» бірлестігінің бастығы, 1991-1994 жылдары – Қазалы аупарткомы бірінші хатшысы, аудандық кеңес төрағасы, аудан әкімі. 1994-1996 жылдары – Қызылорда қаласының әкімі, 1996-2003 жылдары Қызылорда облысы бойынша жылжымайтын мүліктер жөніндегі орталықтың директоры қызметінде болды.

2003-2011 жылдары – облыстық мәслихаттың депутаты, облыстық мәслихаттың тексеру комиссиясы төрағасы. Кеңес Одағының Еңбек Қызыл Ту, «Халықтар достығы», Тәуелсіз Қазақстанның «Құрмет» ордені және бірнеше медальмен марапатталған.

Қызылорда қаласының, Қазалы ауданының Құрметті азаматы.

деген тіпті есімізге келмепті. Бірақ сол жерде ескі жылға бар болатын, теңізге құятын. Баяғы судың көп кезінде ауылдың маңынан өтіп, теңізге құятын із ғой. Міне, сол жерден дарияны мұз буып, су жайылып, Бекарыстан би ауылын қоршап, жолды бұзып кеткен. Ауылдан осындай хабар жетті.

Содан барып көрсем, расымен де, жағдай өте күрделі екен. Әкімшілікке келіп, бірден Икрам Адырбекұлына кірдім. Шынымен жағдай қиын екенін, барып көзбен көріп келгенімді айттым. Облыс әкімі шұғыл шешім қабылдады. Сол сәтте істейтін жұмыстардың жобамен қаржысын есептетті. Қаржыны бөлгізді. Осындай жылдам іс-шаралардың арқасында ауылдың жағдайы тез арада қалыпқа түсті. Ауылда көп адам тұрсын, аз адам тұрсын, жағдай шешілмесе, қиналып қалатыны сөзсіз ғой. Сондай-сондай жағдайлар көп болды. Облыс басшысы кез келген іске бейжай қарамай, халық үшін жұмыс істей білді. Кім де болса, ол кісіге елдің жағдайына байланысты сұрақтармен еркін кіре алатын еді, есігі ашық еді. Өйткені жаратылысында таза, қарапайым, кішіпейіл адам. Жақсы мінез-құлық табиғатында болған соң, бұзам десең де, бұза алмайсың. Яғни адалды бұза алмайсың, арамды түзете алмайсың. Адамгершілік жолынан таймай, Сыр еліне адал қызмет істеген Икрам Адырбекұлының елеулі еңбегін Қызылорда жұрты ешқашан ұмытпайды.

Тұрғанбай МАХАНОВ

АЗАМАТ КЕЛБЕТІ

Соңғы кездері өзі туралы, ататегі, атқарған қызметі, көрген, есте қалған уақиғалар туралы кейінгі ұрпаққа өнеге ретінде естеліктер жазу өріс алып келеді. Бұл – құптарлық іс.

Бұл естеліктерде бүкіл бір дәуірдің, елдің, аймақтың тарихы, қоғамның жүріп өткен жасампаздық жолы жатыр. Сондықтан да олардың жеке адам үшін, не халық үшін мәні мен мағынасы, тарихи құндылығы жоғары екендігі даусыз.

Көзінің тірісінде жазылған естеліктер мен бұл фәни дүниеден озған кісі туралы жазылған естеліктерді салыстыруға болмайды. Өйткені, олар туралы көбінесе мадақтап, бағасын жоғарылатып жазып жатады, әрине, бұл жерде өзіндік көзқарас та болатыны белгілі жайт. Әркімнің қоғам тарапынан алатын бағасы әр түрлі болатыны да өмірдің өз ақиқаты ғой.

Жалпы алғанда, кім-кімге де болса естелік пікір жазу – өте жауапты іс деп білемін. Адам жасы келе, қызметтес болған азаматтар, ағайын-туыс-тумалар қандай пікірде екен деген сұрақ әркімді де ойландырып жүрсе керек.

Сенің кім, қандай адам екендігің туралы айналадағы сыйласың, әріптесің, ағайын-тумаларың, бір заманда өмір сүрген құрдастарың ғана ой қорытып, пікір айта алады. Бұл тұрғыдан қарағанда, естелік жазу ол адам үшін көп жағдайда өміріне баға беретін түсінік болса керек.

Маған қазақтың қабырғалы азаматы, мемлекет және қоғам қайраткері Икрам Адырбеков туралы пікір айту үлкен құрмет.

Бұл кісі 2004 жылы Қызылорда облысына әкім болып келді және кейбір өлшеммен алғанда, аз уақыт қызмет атқарды. Бірақ сол аз уақыттың ішінде көпшіліктің, Сыр бойының қалың жұртшылығының көңіл төрінен ойып тұрып орын алған адам десем, артық айтпаған болар едім. Олай дейтінім, Икрам Адырбекұлы бойындағы имандылығы, адамгершілігі, сыйластығы, қарапайымдылығы, кішіпейілділігімен ерекшеленді.

Менің мамандығым – дәрігер. Ұзақ жылдар, 27 жыл бойы Қызылорда облыстық ауруханасының бас дәрігері болып қызмет атқардым. Осы жылдары облыстық партия комитетінің бірінші хатшыларымен, кейін облыс әкімдерімен қызмет бабында кездесіп қалатын жағдайлар жиі болатын. Біздің облысымызға басшылық жасаған бұл кісілердің әрқайсысының Сыр елі тарихында өзіндік орны бар тұлғалар. Көбі-ақ артына өшпейтін із қалдырған, елді шама-шарқынша тәлім-тәрбиеге баулыған басшылар болатын.

Солардың қатарында бүгінде өзінің лайықты орнын алған, көпке қадірлі, мерейі мен мәртебесі үстем, адамгершілік биігінен көрініп жүрген, күш-қуаты мен жігерін азаматтық намысына арнаған замандасымыз, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Икрам Адырбекұлы бар.

Бұл кісіні бірінші көрген адамға жылы жүзді, сыпайы, сабырлы мейірімділігімен, кісіні өзіне тартып тұратын қасиеті сөйлесе, сұхбаттаса келе аңғарылған болар еді.

Біздің Қызылорда облысында бұрыннан келе жатқан үрдіс бойынша жаңадан ашылатын мектеп, аурухана мен емханалар, балабақша нысандарына елдің зиялы ақсақалдарын апарып, бата бергізіп, сыйлап жататын. Бір жолы осындай жол реті маған келіп, Икрам Адырбекұлы Қармақшы аудандық туберкулезге қарсы диспансердің жаңадан ашылу рәсіміне маман дәрігер ретінде алып барған еді.

Ашылатын ғимарат Қармақшы кентінен тыс, Сырдария өзенінің сол жағалауына салынған. Сөз арасында денсаулық сақтау саласының өзекті мәселелері де талқыланған болатын. Сол жерде аудан әкімі маған облыс басшысының көзінше:

– Қызылорда қаласында орналасқан облыстық медицина орталығын қалай жылытып отырсыздар? – деген қисынсыз сауал қойып, әңгімені басқа жаққа аударғысы келді.

Мен оның сұрағына мән бермей, қаралып отырған тақырыпқа байланысты қатуланып, ойланбастан табан астында:

– Денсаулық сақтау саласы дұрыс болу үшін облыс басшылары ауырып тұруы керек, сонда бұл саладағы көп мәселе шешімін табады, – деп қойып қалдым.

Асығыстау айтқанымды өзім де байқадым да, көз қиығым Икрам Адырбекұлына түсті. Байқасам, ол кісі нұрлы жүзімен, жылы күліп отыр екен. Бәзбіреулердей шырт етіп, түсін бұзып, сыр білдірген жоқ. Кейін ойласам, ол кісі маған: «Сіз не деп отырсыз?» деп қарсы жауап айтуы мүмкін еді ғой, бірақ айтпады. Сол бір ыңғайсыз айтылған сөзге әлі күнге дейін ұяламын. Сондай жағдайда Икрам Адырбекұлы жанының жайсандығын, қадір-қасиетінің, мәдениеттілігінің жоғары екендігін байқатты. «Асығыста – салмақты бол, ашу қысса – ұстамды бол!» демекші, менің қатқыл айтылған сөзіме салмақтылық жасап қана қоймай, ренжімегені – Икрам Адырбекұлының табиғи ұстамдылығына қоса, жасымды сыйлағаны шығар деп ойлаймын.

Бірақ, қалай дегенде, шалт айтылған бұл ыңғайсыз сөзім шындыққа жанасатын еді. Осыған қатысты бір мысал келтірейін: Германияның канцлері Отто фон Бисмарк өзінің емдеуші дәрігерін онша менсінбей, оған тым астамшылықпен қарайды екен.

Емдеуші дәрігер Швеннигер одан кеселі туралы мұқият сұрай бастаған да, канцлер әдейі қырсыққан қалыппен қыжырта:

– Жауап беретін уақытым жоқ, – деген көрінеді.

Сонда дәрігер де канцлердің бұл менмендігіне өз жауабын былайша беріп:

– Онда мал дәрігеріне емделіңіз, – деп тікесінен қойып қалса керек.

Міне, сол сәтте Бисмарктің дәрігерге деген сенімі оянып, өзін канцлер есебінде емес, пациент есебінде қабылдаған дәрігерге риза болыпты.

Германиядағы денсаулық сақтау саласының қазіргі жүйесі осы Бисмарктен басталған болатын. Біздің ел осы жүйені енді-енді қолға алып жатқан жағдайы бар.

Енді бірде Икрам Адырбекұлы мені өзіне шақырып, облыста келешекте жемқорлыққа қарсы күресетін қоғамдық негіздегі комиссия құру туралы сөз бастады. Әңгіме барысында сол комиссияның төрағалығына мені ұсынатынын алға тартты. Ол жұмыстың жауапкершілігі жоғары болғандықтан:

– Алдымда басшы болған партия-совет қызметкерлері бар, тәжірибелері жеткілікті ғой, – деп, қашқақтай бастап едім, сонда Икрам Адырбекұлы:

– Иә, бар екенін білемін, бірақ қиын кезеңде жұмыс істегеннен кейін, сүйретпелері де болуы мүмкін ғой ел аузында жүрген, – дегенде, отырып қалдым.

Дерекі сөзге бармай, әдептілігін алға салып, маған осындай сенім артып отырғаннан кейін, азаматтығын, тазалығын сыйлап, сөзін жерге қалдырған жоқпын. Комиссияның бірінші ұйымдастыру жиынын өзі басқарып, бағдарлама жасауға тапсырма берген болатын. Көп ұзамай, небары 15-20 күн өткенде, Икрам Адырбекұлы облыс басшысы қызметін тапсырып, Қытай Халық Республикасына елші қызметіне тағайындалды.



Маханов Тұрғанбай – қоғам қайраткері.

1939 жылы Қызылорда облысының Сырдария ауданында дүниеге келген.

1982 жылы «Қазақ КСР-іне еңбегі сіңген дәрігер» құрметті атағы берілген.

Кеңес Одағының «Халықтар достығы», «Құрмет белгісі», Тәуелсіз Қазақстанның «Құрмет» ордендерінің және көптеген медальдың иегері.

«Денсаулық сақтау ісінің үздігі» белгісімен, екі рет Президенттің Алғыс хаты, екі рет облыс әкімі мен мәслихатының Құрмет грамотасымен марапатталған.

2002 жылдан Қызылорда облысының Құрметті азаматы. 2008 жылы Жалағаш ауданының Құрметті азаматы атағын алған.

1965-1998 жылдар аралығында бірнеше рет ауылдық, қалалық, облыстық және 1989 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланған. Медицина ғылымдарының кандидаты.

Қызылорда қаласында облыстық диагностикалық кеңес беру орталығы мен облыстық медициналық орталық ғимараттарының салынуының негізін қалаушы. Облыстық аурухананың 27 жылдай бас дәрігері қызметін және облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшы қызметін 1994-1996 жылдары қоса атқарған. 2005 жылдан осы уақытқа дейін Қызылорда облыстық медицина орталығының құрметті директор-кеңесшісі қызметінде.

Қызылорда қаласында Икрам Адырбекұлы бастап салдырған тұрғын үй мөлтек ауданы бар. Қазіргі облыстық әкімдік орналасқан ұзын жолдың бойында Икрам Адырбеков ектірген ағаштар күре жолға сән беріп тұр.

Бұл – менің білетінім ғана. Ал ол кісі туралы естелігінде көптеген бұрынғы әріптестері бұл ойымды

қайталауы мүмкін, қайталана береді де. Тек жақсылық туралы естеліктер айтылары сөзсіз. Ол кісіні келгеннен кеткенге дейін Сыр елі тек жақсы қырынан қабылдағандықтан, солай да болса керек-ті. Сыр елінің азаматтары елге ол кісі келді десе, шын ниетімен құшағын жайып, қуанышпен қарсы алатыны жетіп жатыр.

Азаматқа шынайы абырой, елдің риясыз құрметінен артық не бар? Олай болса, Икрам Адырбекұлы өзінің туабытты кішіпейілдігімен адамгершіліктің биігінен көрініп, әрқашан да қазақи имандылықты берік ұстанған, әділеттіктің, тазалықтың үлгісін көрсеткен облыс әкімі болды десем, жаңылыспаған шығармын.

Икрам Адырбекұлы Сыр елінің қадірлі және сыйлы азаматының бірегейі десем болады.

Осындайда көңілдің төрінен орын алған абзал азаматтың қадір-қасиетін сөзбен айтып жеткізе алмайды екенсің...

Сәмит ДАЛДАБАЕВ

ЕР ЖАҚСЫСЫ ЕЛДІҢ БАСШЫ
СЕРКЕСІНДЕЙ

Біз бүгінгі күннің бақытты қариясымыз. Олай дей-
тінім, өмір бойы қоғамға, Отанға, елге, туған жерге тал-
май қызмет етіп, соның жемісін тәу етер тәуелсіздік
жылдарында еркін татып отырмыз. Қазіргі шат-ша-
дыман өмірге рахаттанып, ризашылық танытып, жас
желкен жастардың тілеуін тілеп, шамамыз келгенше
түйген-білген ақылымызды айтып, аман-есен жүріп
жатқан жайымыз бар.

Айтыс өнерінің шебері Сүйінбай ақынның мынадай
бір сөзі бар ғой:

*Жақсы адам елдің басшы серкесіндей,
Жұғымды болар елге еркесіндей.
Жақсының жүзі жылы, сөзі майда,
Халқымның қалың жүнді көрпесіндей.*

Исі қазаққа игілікті ісімен көрінген Икрам Адырбекұлы
дегенде, менің есіме осы бір шумақ оралады. Ол кісі,
расымен де, біздің облысқа басшы болып істеген жыл-
дарында елге лайықты еңбек жасап, өзінің жайдары
мінезі мен жақұттай жарқыраған жұғымдылығымен,
жүзінің жылылығымен, сөзінің сенімділігімен ерекше-
ленген азамат болды. Сондықтан ол кісі туралы естелік
айту осы елдің жасы үлкен ағаларының бірі ретінде
мен үшін үлкен парыз деп білемін.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дейді
ғой, Икрам Адырбекұлы жөнінде қалай жазса да, қа-
лай айтса да артық емес. Ел үшін аянбай тер төккен
мұндай азаматты қалай мақтаса да жарасады. Лебі-

зімді кеңінен баяндап, білдірмес бұрын өзім туралы қысқаша айта кетейін.

Еңбек жолыма келетін болсам, өмір бақи осы өңірде қызмет еттім. Қырық жылдан астам түрлі салада басшылық қызметтер атқарған екенмін. Алғаш 1965 жылы Тереңөзек аудандық атқару комитеті басшысының орынбасары болып сайланғанда 28-ге шыққан жас жігіт едім. Содан бастап, 2005 жылы құрметті еңбек демалысына шыққанша талай-талай қызықты кезеңдерді, сындарлы соқпақты жолдарды бастан өткеріппіз. Төрт ауданда басшылық жасадым. Тереңөзек (Сырдария), Жалағаш, Жаңақорған ауданында 11 жыл басшылық етумен бірге, 2 жылдан астам атқару комитетінің төрағасы, жеті жылдан астам бірінші хатшы болдым. Мұның бәрін облыстағы басқару құрылымында істеген адамдарды, облыстың басшыларын түрлі деңгейде білетіндік тұрғыдағы кіріспеміз десек те болады. Біздің Қызылорда облыс болғалы да бірталай жыл өтті ғой. Мен өзім куә болып, ішінде біте қайнасып, бірге жүрген кезеңді ғана айтамын.

Осы облыстың басшылығына сонау 1963 жылы Мұстахым Ықсанов келді. Сол кісіден бастап облыстың бірінші басшыларын түгел білемін десем, артық айтпаспын. Олардың кейбірімен етене араластық, пікірлестік, сөйлестік, енді біреулерімен бірлесе қызмет атқардық. Өз еңбек жолымдағы облыстың алғашқы әкімі Мұстахым Біләлұлы Ықсановтың жуықта тоқсан жылдығы туған жері Оралда атап өтілді. Соған мен көз көрген әріптесі ретінде барып қатысып қайттым. Сол жылдардан бері қанаттаса қызмет атқарған бірнеше буын басшылардың – біздің замандастар, қатарластардың бәрінің де аймақ тарихында өзіндік орны бар деп есептеймін.

Солардың бірі һәм бірегейі – Икрам Адырбеков. Ол кісі біздің облысымызға басшы болып баяғы ата-

ларымыз айтпақшы, «нағыз бір жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер шағында» келді. Айта кету керек, Икрам Адырбекұлы облыстың басшысы болып көп уақыт жұмыс жасамаса да үлкен із қалдырған, осы арқылы біздің Сыр елі халқының жүрегінен шынайы орнын таба білген азамат.

Өмірлік тәжірибеге сүйене отырып, Икрам Адырбекұлының басқарушылық қабілетіндегі, жеке қасиетіндегі өзім бағалайтыным және ең бірінші айтайын дегенім – ол мына жергілікті кадрге оң көзімен, қамқорлықпен қарауы дер едім. Оны айтып отырғаным, облысқа Мемлекет басшысының тағайындауы арқылы әр жақтан әр қилы басшылар келіп жатады. Оған көзіміз үйренген халықпыз. Сол сырттан келген басшылар көбінесе кадрларды да өзімен бірге ертіп әкеліп жататыны болады. Тіпті «Осы Қызылорда облысының басшы кадрларын түгел құртамын!» деп те келген бірлі-жарым басшылар болды, оның бәрін білеміз, қазбалап қайтеміз... Бәрі тарихтың еншісіндегі іс қой. Басшы болып тағайындалу оңай болар, алайда оны абыроймен, жауапкершілікпен, тиянақты істеу, сөйтіп елдің сеніміне ие болу, ықыласына бөлену қиынның қиыны екенін өмірлік тәжірибемнен жақсы білемін.

Ал Икрам Адырбекұлы мұндай қадамға барған жоқ. Керісінше, осы елдің мамандарын тәрбиелеуге, сақтауға көңіл бөлді. Елдің кадрларымен сыйласып жұмыс істеуді ол кісінің тәжірибесінен көруге болады және үйренуге болады, себебі, сырттан бір адам алып келген жоқ. Жергілікті азаматтарды іскерлік қабілетіне қарай қызметтерін көтерді, олармен ынтымақтастықта жұмыс жасады, сыйласты. Біз Икрам Адырбекұлын сол үшін де «қызылордалық» деп кеттік. Бұл, ойлап қараған адамға, әркімнің басына бұйыра бермейтін шынайы әрі үлкен марапат.

Тағы да қайталап отырмын, басшының қасиеті – ең бірінші мамандармен жұмыс істесе білуде. Кадрмен

қалай жұмыс істейді, қалай сыйлайды, білікті маманды қалай құрметтейді, қалай бағалай біледі? Міне, осы әрекетіне қарап ел де басшыны тиісінше бағалайды. Икрам Адырбекұлы осы мәселеде қателеспеген, сұңғыла басшы деген болар едім және елдің ол кісіге берген жақсы бағасы да осыған байланысты деп білемін.

Икрам Адырбекұлы басшы болып келген уақыт экономикалық тұрғыда өте қиын заман еді. Кеңес үкіметі мәңгілік келмеске кетіп, нарықтық экономикаға көшкелі он шақты жылдың жүзі болса да, жемісін әлі толық тата қоймаған кез. Жалғыз Қызылорда емес, бүкіл республика бойынша сондай жағдай еді. Жұрт уақытында айлық алмайды. Табыс жоқ, жұмыс жоқ. Сондай қиыншылықтар болды ғой ел өмірінде. Басшылардың да басына үлкен ауыртпалық түсті. Икрам Адырбекұлының Қызылордадағы басқарушылық жұмысы сол кезеңдерге тұспа-тұс келді. Бірақ, соған қарамастан, Икрам Адырбекұлы жақсы нәтижелі жұмыс жасады. Ол еңбегін Сыр елі әрдайым ұмытпайды.

Мен ол кісінің басшылық құрамында бірге жұмыс істеген жоқпын. Икрам Адырбекұлы келердің алдында, яғни 2004 жылдың басында құрметті еңбек демалысына шыққанмын. Аллаға шүкір, денсаулық барда, көп жылдық жинаған азды-көпті тәжірибе барда, ел үшін қызмет етуден аянбаймыз ғой. «Енді болдық, демалу керек, зейнетке шықтық» деп қоғамдық өзгерістерге пікір білдірмей, елден алшақтау азаматтыққа сын болар еді.

Елдегі күрделі экономикалық жағдай менің де жаныма бататын. Бұл қиыншылық әсіресе ауылға, шалғай елді мекендерге көбірек түсті емес пе? Нарықтық экономиканың әліппесі енді ғана басталған кез ғой. Сондықтан да болар, бұл жылдары елді мекендерді көркейту, көгалдандыру сияқты істермен ешкімнің жұмысы болмады. Қызылорда аумағында 15 күн барып

жатып істейтін, вахталық әдіспен мұнай өндіруден өзге жұмыстың көзі де тапшы болды. Жалпы, Қызылорда облысындағы негізгі тіршілік көзі – Сыр маржаны күріш қой. Оған дәлел – Кеңес үкіметі тарайтын кезде Сыр елінде 100 мың тоннаның үстінде күріш өндіріліп тұрды. Республикадағы жалпы өндірілген күріштің тоқсан пайызын Қызылорда облысы беріп тұрған уақыт болатын. Кеңес үкіметі құлаған соң, күріш саласындағы бұрыннан қалыптасқан өндіру-өңдеу-сату жүйелері тарап кеткеннен кейін, шығаратын күріштің көлемі де барынша құлдырады. Оның да үлкен-үлкен себептері бар болатын. Елдің бар қарап отырған кәсібі – күріштің көлемі өте төмен деңгейге түсіп кетуі, шынымен де, халықты күйзелткен жағдай еді.

Икрам Адырбекұлының алғаш келген кезінде дәл осы қиыншылықтар алдынан шықты. Облыс басшысы ретінде ол осыны шешуді, көтеруді мақсат етті. Ол кезде тек күріш саласы емес, облыстағы жалпы өндіріс көлемі де аз болды. Міне, осылардың бәрін жөнге келтіріп, күрделенген мәселелерді орнына келтіру оңай болды дейсіз бе!

Біздің куә болғанымыздай, Икрам Адырбекұлы басшы болып келе салысымен жан-жақтан түрлі қаражат көздерін тауып, Қызылорда қапасының, облыстағы елді мекендердің инфрақұрылымын түзетіп, дамытуға ерекше көңіл бөлді. Басында жазғанымыздай, көптен бері ұмытылып қалған елді мекендерді көркейту, көгалдандыру, мәдениет ошақтарын жөндеу мәселесі Икрам Адырбекұлының тұсында ғана қолға алынды. Бұл – шындық.

Халық деген, бір қарасаң, дарқан дана, бір қарасаң, ақкөңіл бала сияқты ғой. «Халық – Құдайдан бір жас қана кіші» деген сөз де бекер емес. Жалпы өзі халыққа не керек? Халыққа керегі – бейбіт тіршілік пен отбасын асырайтын жұмыс көзі. Тұрған жерінде үйі болуы,

осы жайы мен жұмыс орнының арасында қатынайтын ыңғайлы да жатық жолы болуы. Көркейту, көгалдандыру, абаттандыру деген сол емес пе? Осы бір қарапайым ғана айтылған сөздерді орындауда қаншалықты қиындық жатқанын кейбір адамдар сезінбеуі де мүмкін.

Қызылордаға әкім болып келген Икрам Адырбекұлы мұны жақсы түсініп, тәуекелге барған басшы деп білемін. Себебі Қызылорданың, оның ішінде облыс орталығының абаттандырылуы көңіл қынжытарлық жағдайда болғаны сол кездегі тұрғындардың бәріне аян еді ғой. Осылайша, алдымен қарапайым халықтың жағдайына қарады облыстың жаңа әкімі. Өйткені өзі бұрын Оңтүстік Қазақстанда кеңшарда басшылық жасаған, қанша жерден шет елдерде «Елдестіркек – елшіден» дейтін қызметте ұзақ жыл жүрсе де, сонау жастық шақтан көкіректе жатталған елдің жағдайымен таныс адам ғой. Елге, жерге деген жүрек, ниет таза болса, елді түсіну, оның жағдайын түзеуге талпынып еңбек ету деген соншалықты қиын емес қой, көкірегі сұңғыла азаматқа. Осы елдің ішінде өмір бойы жүріп те халықтың мұң-мұқтажы құлағына да, көкірегіне де кірмей өтетін қаншама әкім-қаралар бар десеңізші!

Икрам Адырбекұлы келген тұста елді мекендердің жағдайы төмен, шаруашылық шатқаяқтап жатты дедік қой. Ол кісі сол елді мекендерді 2004 жылдың аяқ жағына дейін түгелдей аралап шықты. 2005 жылдары осы облыста 161 елді мекен болды. Сөйтіп оларды көзбен көре отырып, олардың әрқайсысындағы күрделенген мәселелерді шешудің жолдары жөнінде ойлана отырып, бір байламға келген болуы керек.

Сол байламның түйіні – Икрам Адырбекұлы селолық тұтыну кооперативтерін құруды ұсынды. Селолық тұтыну кооперативтері деген – ауыл тұрмысының тұтқасы. 160 ауылдық тұтыну кооперативтерін құру үшін Икрам Адырбекұлы өзі белсене араласып, көп

еңбек сіңірді. Кооператив жиналыстарын өткізе жүріп, соның ауылдық жердегі төрағасын анықтап бекіту, өзге де ұйымдастыру шараларын айқындады. Сөйтіп барлығына қозғау салып, аяқтап бітіріп, сосын мені шақырды:

– Сәке, сіз осы облыстағы аға буынның бірі екенсіз. Елдің азаматтары да сізді біледі екен, қадірлейді, сыйлайды екен. Біз мына ауылдың жағдайын көтеру жөнінде осындай бір жұмыс жасадық. Соған байланысты келесі қадам – селолық тұтыну кооперативтерінің облыстық ассоциациясын құрсақ деп отырмыз. Сол селолық тұтыну кооперативтері ассоциациясын сіз басқарсаңыз деген ұсынысым бар. Өйткені барлық елді мекендерді білесіз, төрт ауданда қызмет жасапсыз, көрші аудандардың да жағдайы негізінен сізге белгілі. Облысты түгелдей біледі деген тұрғысында осындай шешімге келіп отырмын, – деді.

Осылайша мен ол кісінің кооператив саласындағы бастамасы бойынша 2015 жылға дейін облыстағы селолық тұтыну кооперативтерінің орталық құрылымына жетекшілік жасадым. Мақтанышпен айта кетерлігі – бұл республика бойынша алғаш рет жұмыс жасаған осындай бағыттағы құрылым деп айтуға болады. Селолық тұтыну кооперативтері өз әлінше біршама жұмыстарды атқарды. Ауылдық жерлерде қордаланған проблемаларды жеңілдетуге септігін тигізген мұндай құрылымның қажеттілігі, әрине, бар болатын. Икрам Адырбекұлы мұны сол кезде дұрыс аңғара білді.

Кейіннен, осы таяу жылдары, Қазақстанда ауыл шаруашылық өндірістік кооперативтерін құру туралы ҚР Президенті Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың арнайы заңы шықты.

Ауылшаруашылық кооперативтерінің мақсаты мен міндеті қандай? Бұл құрылым өндірістің дамуын көздейді. Қаржылық құрылымдары, жергілікті әкімшілік



Далдабаев Сәмит – қоғам қайраткері.

1938 жылы 5 қарашада Қызылорда облысы Жалағаш ауданының Еңбек ауылы Ынтымақ мекенінде дүниеге келген.

1961-1964 жылдары – Тереңөзек ауданында (қазіргі Сырдария ауданы) бас мал дәрігері, малдәрігерлік станциясының бастығы, 1965-1974 жылдары –

Тереңөзек аудандық кеңесі атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары, аудандық ауыл шаруашылық басқармасының бастығы, Жалағаш аупарткомының екінші хатшысы, 1975-1979 жылдары – Сырдария аудандық кеңесі атқару комитетінің төрағасы, 1979-1989 жылдары – Жаңақорған аупарткомы бірінші хатшысы, 1989-1991 жылдары – облыстық партия комитетінің хатшысы, 1991-1992 жылдары – облыстық кеңес төрағасының кеңесшісі, облыстық атқару комитетінің бірінші орынбасары, Жалағаш ауданының әкімі (1992-1997), 1998 жылдан облыстық тәртіптік кеңестің төрағасы қызметтерін атқарған.

Кеңес Одағының «Құрмет белгісі», «Халықтар достығы» орденімен, көптеген медальмен марапатталған. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. Жаңақорған, Жалағаш аудандарының Құрметті азаматы. Қазақстан инженерлік-технологиялық университетінің құрметті профессоры. Қызылорда облыстық селолық тұтыну кооперативтері облыстық қауымдастығының төрағасы.

басқару ресурстары осыған мүдделі. Икрам Адырбекұлы сонау жаңа ғасыр басының өзінде осыған ұқсас құрылымды өмірге енгізіп, халықтың игілігіне жарата білгендігін мен үлкен іскерлік пен көрегенділіктің белгісі деп білемін.

Сол бір қызмет еткен жылдарымда Икрам Адырбекұлының басшылық жасаудағы іскерлігіне қоса, биік

мәдениетін, байсалды парасатын таныдым. Адамменен сыйласу, қызметтестерімен жылы сөйлесу, ешкімді тілдемеу, қиянат жасамау, тазалық, кәсіби біліктілік, аңғарымпаздық – ол кісінің бойындағы ізгі қасиеттер. Қазақтың нағыз жайсаң азаматтарының бірі деуге лайық адамның ел үшін атқарып жүрген орасан зор еңбегіне мәуелі жеміс, ұзақ ғибратты жас тілеймін!

Нұрмұрат ЕРМАНОВ

ЗИЯЛЫ

Мен облыстың басшылық құрамында жүрген адам емеспін. Ежелден еңбекпен көз ашқан кәсіпкермін. Биік-биік мінберлерде отырып, билік шаруасына кірісіп атсалыспасақ та, елдің өзекті мәселелерін көтеріп, халыққа қызмет етуде шамамызша үлес қосқан азаматтардың бірімін.

Өзім туралы қысқаша айтар болсам, Қазақстан Республикасы мәслихаттарының құрметті депутатымын. Бұл – мәслихатқа бес рет сайланып, елге қызмет еткенім үшін жасалған құрмет. Одан өзге «Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегерімін. Көп жылдан бері екінші топтағы мүгедекпін. Ел қатарлы мектеп бітіріп, жоғары оқу орнын тәмамдап, өндірісте жұмыс істеп жүргенде, өндіріс апатына ұшырап, бір қолымнан айырылған едім. «Басқа түссе, баспақшыл» дегендей, тағдырдың сынағына мойынсұнып, мойыған жоқпын. Керісінше, қайраттана түскендеймін. Кеңес үкіметі құлаған тұстан жеке кәсіпкерлікті қолға алып, ісіміздің тасы өрге домалады. Қазір жағдайымыз жаман емес, Аллаға шүкіршілік айтамыз. «Қиындық көрмей, байлық келмейді» деп ғұламалар айтқандай, адам тағдырға тап келген қиындықтарға мойымауы керек қой деп ойлаймын. Мұның бәрін тізбектеп отыруымның да мәні бар, бәрін өз ретімен баяндайын.

Икрам Адырбекұлы біздің облысымыздың тәуелсіздік жылдары қарыштап гүлденуіне алғаш жол ашқан басшы болды. Ол кісінің келген уақыты Қазақстанның, оның ішінде Қызылорданың көптеген қиыншылықтарды бастан кешіп жатқан кезі еді. Бюджеттегі ақша да мардымсыз. Оған дейінгі әкімдердің тұсында «Жарық жоқ, су жоқ» деген проблемамен жүретін едік. Бюджет

көлемі шамамен отыз миллиард теңге еді. Ол кісі келгеннен бюджетті көбейтудің жолын қарастыра бастады.

Икрам Адырбекұлы жалпы кәсіби дипломат адам ғой. Жоғарғы жақпен дұрыс байланыстар жасаудың арқасында көптеген мәселелердің шешімін оңтайлы тауып отырды. Ол кісінің келуімен біздің облыстың өміріне жаңалықтар көптеп ене бастады. Икрам Адырбекұлы келгенше біздің Қызылорда облысында тәуелсіздік жылдары бірде-бір жаңа көпқабатты үй әлі салынбаған еді. Қазір ғой енді, мұның жаңалық болмай қалғаны, көп үйлер салынып жатыр.

Сол ең бірінші үйді, мынау дарияның жағасындағы жиырма бес пәтерлік үйді сол кісі салдырды. Ол кісінің артықшылығы – үйді салдыруға бөлінген тендерді басқа әкімдер сияқты өз тамыр-танысына берген жоқ. Ол заманда Қызылордада үй сала қоярлықтай көп кәсіпкер де жоқ. Кәсіпкерліктің енді қарқын алып жатқан кезі. Сондықтан да осы Қызылордадағы үй сала алады-ау деген үш жігітті таңдап, келісе отырып басын қосып, соларға тендерді беріп, олар сенімді ақтап, салып шықты. Дарияның жағасындағы сол «алғашқы қарлығашымыз» қазір ең бір көрнекті үйдің бірі болып тұр. Шыны керек, Икрам Адырбекұлына дейінгі әкімдер тәуір құрылыс болса, оған сонау алыстан бір фирмаларды әкеліп, соған істететін еді ғой. Бұл кісінің мынадай тазалығына басында жұрт аң-таң қалып, кейіннен бұл әдепкі көрініске айналған жоқ па!

Өз басыма Икрам Адырбекұлының бір ұнағаны келгеннен-ақ депутаттардың ұсынысына қолдау көрсетуі еді. «Ақша жоқ» деп қоя салу оп-оңай. Сен айтасың: «Ауылға көпір керек, мектеп керек» деп. Ол сөзің далада қапса, жігерің құм болады.

Қызылорда қапасы Ақмешіт, Перовск болып тұрғанда, осы жерде ақ патшаның бекінісі болған. Одан

соң Қазақстанның астанасы болды. Сол замандардан жеткен көптеген ғимарат бертін келе қирап-бүлініп кеткен еді. Есімде, Икрам Адырбекұлы келген тұста патша заманынан жеткен, әскерлер атпен еркін кіретін атқора ғимараты қалған-ды. Тозып тұрған сол жалғыз ғимаратты біреулер сатып алып, орнында мейрамхана жасаймын деп бұза бастаған ғой. Сол кездегі облыстық мәслихаттың бір сессиясы алдында маған Шайтұрсын Әбдуәлиев деген кісі жолыққан еді. Облыстық филармонияның директоры болған адам, Қазақстанға еңбегі сіңген әртіс.

– Осындай бір ғимарат бар. Бұл – тарихи ескерткіш. Қорғауда тұр. Бірақ біреулер иеленіп алған екен. Мұны негізі жекеменшікке сатуға болмайды. Осыған ақша бөліріп, қалпына келтіртсеңіз, мен соттасып жеңдім. Үкіметке қайтардым, – деп, Шәкең маған аманат жүктеді.

Мен бұл мәселені сессияда көтердім. Қаржы тапшы. Қажетті 86 миллион, ол кезде мүлде жоқ ақша. Сосын Икрам Адырбекұлына түсіндіріп айттым:

– Бұл – біздің тарихымыз, ертең ұрпағымыз үшін қажет, мұны қорғап қалуымыз керек, – дедім.

Мәслихат депутаттарының ортасына салып, дауыс берген кезде, 29 депутаттың он бес-жиырма қарсы болды. «Ақша мүлдем жетпей жатыр, балабақшаға да, басқаға да, мұндайда қайдағы бір атқораны жөндеу неменеге керек?» деген ой болған болуы керек көбінде. Содан мен қайта-қайта сөйлеп, Икрам Адырбекұлы барынша қолдау жасап, соның арқасында, алғашқы отыз миллион ақша бөлінді. Ғимарат жөндеуден өткізілді. Сол ғимарат қазір елдің игілігіне жарап тұр. Тарихи ғимарат. Ішінде көрме орналасқан, бүкіл суретшілер қауымы отыр сонда. Біздің Қызылорданың көрнекі көне ғимаратының бірі. Дарияның жағасында, баяғы өзінің пішінімен тұрған ғасырлар куәсіне баратын жұрттың

қарасы азайған емес. Қызылордаға келген қонақтар сол жерді барып тамашалайды, Қорқыт атаның ескерткіші де сол маңда. Бұл игілікті істі «Бұзылып, орны да қалмайтын жағдайдан тарих үшін, Қызылорданың халқы үшін Икрам Адырбекұлы арашалап алып қалды» деп айтқан болар едім.

Икрам Адырбекұлының келесі бір ерекшелігі – жалпы мәдениет болсын, басқа спорт түрлері болсын көтеруге күш салды. Лайықты кадрларды тағайындап, осыған жол ашты. Қызылордадан шығып, жан-жақта жүрген азаматтарды әкеле бастады. Мысалы, мәдениет саласына басшы етіп белгілі әнші Бақтияр Тайлақбаевты алып келді. Ол кісі де шамасынша біраз жұмыс істеді, бірақ шенеунік емес, өнер адамы емес пе! Мәселе, олардың қалай істегенінде емес, Икрам Адырбекұлының жергілікті азаматтарға сенім білдіріп, алып келуінде. «Осы Қызылорданың баласы ғой» деп алып келіп, мәдениетке, спортқа, т.б. салаға басшы етті, олардан тың жаңалық, жаңа ойлар күтті. Сырдың азаматын әкеліп қоюдың өзі ел үшін үлкен қолдау емес пе? Сондай біршама игілікті жұмыстарды істеді. Ол кісі сырттан команда әкелген жоқ. Осы өңірдегі жергілікті жігіттерді өсіруге талпынды.

Икрам Адырбекұлы келгенде дарияның да асаулық танытып жатқан кезі еді. Сырдария жылда тасиды. Кәдімгі апатты жағдай болатын, дария арнасынан шығып кетіп жатты. Соның басы-қасында Икрам Адырбекұлы өзі жүрді. Шиелідегі біздің әріптестеріміз: «Сол Шиелі тұсында қиын жағдай болады, яғни аудан ортапығын түгел су басып кететіндей қауіп туады – дарияның жағасы бұзылып кеткен екен» деген еді.

Сонда Икрам Адырбекұлы бұзылған бөгеттің басында тұрып, үрейге жол бермей, барлық жұмысты өзі басқарған екен. Құтқарушылармен бірге жүргенде байқамай соқтығысып қалыпты, сөйтсе ол кісі облыс

әкімі екен. Мінеки, нағыз жауапкершілік, адамгершілік, қарапайымдылық деген осы деп ойлаймын.

Икрам Адырбекұлы бастаған облыс, аудан басшылары сол ауданды үлкен апаттан аман алып қалды.

Бұл кісі резеңке етік киіп, соның басында жүргеннен кішірейген жоқ. Керісінше, тұлғасы, беделі, абыройы халықтың арасында өсе түсті. Ол – Икрам Адырбекұлының табиғи болмысы. «Ұлық болсаң – кішік бол» деген осы. Есімде қалғаны, сол депутат соған таңғалып, ризашылықпен жиі айтып жүрді.

Өз басым, қазақта зиялы деп айтып жатады ғой, «зиялы», «оқыған азамат» деген ұғымдар бар. Мен қазақтың зиялысы кім десе, оған осы кісіні жатқызған болар едім. Мұны мен құр мақтау үшін айтып отырғаным жоқ, ондай мәжбүрлік те болған емес.

Мен көптен депутат болдым дедім ғой. Икрам Адырбекұлының тұсында бізде сессияларда баяғыдай айқай-ұйқай болған жоқ. Өзінің сол байыпты мінезімен бәрін реттеп отырды. Асықпай тыңдайды, әңгімені бұзбайды, сөйтіп қалыптасқанымыз сондай, Икрам Адырбекұлы кететін үшінші жылда бәріміз бірдей ұжымдасып, «Икрам үшін» деген мақсатпен жүрдік. Біздің облыста қысқа уақыт басшы болды, ол кісімен әлі де жұмыс істегіміз келіп еді. Икрам Адырбекұлы облысымыздан төмендеп кеткен жоқ, алпауыт көрші Қытайға елші болып кетті. Жалпы нағыз дипломаттың кім екенін мен сол кісіден көрдім. Қарамен де, ханмен де де сөйлесе алады, сыйласа алады. Ең бастысы – мен әкіммін деп кісімсінген жоқ. Өзінің тұлғасымен, қарапайымдылығымен сыйлата білді бізді.

Мен алдыңғы жылдары «Сені сайлатпаймын!» деген әкімдерге қарсыласып жүріп екі рет депутат болған адаммын. Сайлатпаймын дейтіні, әкімдердің тура айтатын мінезімді ұнатпағандығынан болуы керек. Икрам Адырбекұлымен жақсы тіл табысып, жұмыс жасадым.

2004 жылдары «Ақжол» шығып, айқай-ұйқай болып жатқан кез еді. Икрам Адырбекұлының кезінде «Ақжол» партиясы біздің облыстағы бір округте көбірек дауысқа ие болып кетті. Ол неден? Оның себебі – бұл кісінің әкімшілік ресурстарды пайдаланып, сайлауға көлденең орынсыз араласпауынан шығар. Таза, демократияшылдықтан болар деп білемін.

Нағыз қазақ зиялысының, баяғы Байтұрсыновтардың сипаты бар бұл кісіде. Қазаққа болсын деген өзінің ішкі ұстанымы бар. «Жоқ, мынаны сайламау керек, үкіметті қолдайтындарды сайлау керек!» деген жоқ. Ол кісі бәрін халықтың таңдауына салды. Әйгілі ақын Мұхтар Шаханов, ғарышкер Тоқтар Әубәкіров біздің өңірден сайланды. Оларды сайлауға Икрам Адырбекұлы мүмкіндік бермегенде, сайланбайтын еді. Әрине, қос депутатты Икрам Адырбекұлы сайлаған жоқ қой, облыс басшысы тек қана халықтың өзіне таңдау мүмкіндігін берді. Облыстың әкімі бола тұра, неге мұндайға жол бердің деп өзі де жоғары жақтан сөз естіген шығар, бірақ соны істей білді. Өйткені халықтың көкірегіндегі сол екеуін депутат қылып сайлауға деген ниетті, ықыласты сезді. Ол кезде бір адам емес қой, бірнеше адам түседі. Тоқтар Әубәкіров, мысалы, қаланың әкімімен түсті, Мұхтар Шаханов та тағы бір беделді адаммен түсті. Ал егер облыстың әкімі нақты үміткерді қолдайтын болса, көріп жүрміз ғой, қиналмай-ақ өткізуге болады. Бірақ Икрам Адырбекұлы оны жасамады.

Облыс мәслихатында қаржыны айқай-шу, үлкен тартыспен бөлетінбіз дедім ғой жоғарыда. Шамалы ақшаны ана депутат ана ауданға тартатын, мына депутат мына ауданға тартатын. Икрам Адырбекұлы осы у-шуды өзінің мінезімен, сабырлылығымен, біліктілігімен орнына қойды. Осыдан кейін түсініскен бір команда болған соң, айқай-шудың қажеті де болмай қалды. Әкіммен бірге депутаттар бір команда болды,

соны қалыптастырды. Мен, мысалы, екінші топтағы мүгедекпін. Сол кезде елге пайдамды тигізсем деп шамам келгенше қызмет еттім. Осы азды-көпті еңбегім үшін «Құрмет» орденін аламын деп ешқашан ойлаған да жоқпын. Ешқандай мемлекеттік наградам жоқ болатын. 2005 жылы сондай марапатқа, орденге ие болдым, бір қызығы – мен оны алатын күні бір-ақ білдім. Мені Икрам Адырбекұлы өзі орденге ұсынған екен. Бұл да ол кісінің адамның еңбегін бағалай білетіндігі, тек соған қарап қана таңдау жасайтындығы деп білемін.

Мен аузымен құс тістеген шешен адам емеспін, істің адамымын. Сондықтан да бар айтар сөзім, Икрам Адырбекұлы – нағыз зиялы адам. Қазақтың зиялысы, менің түсінігімше, көп емес. Ғылым докторлары да, академиктер де, жазушылар да, басқасы да көп, бірақ қазаққа беделді, тарихта аты қалатындай нағыз зиялылар аз. Олар бұрын да көп емес еді, қазір мүлдем аз менің ұғымымда. Айқайламай-ақ, көкірегін кермей-ақ өзін сыйлата білген Икрам Адырбекұлының тұлғасын осылай деп есептеймін. Себебі ол кісі руға, танысқа, болмаса басқа біреудің қоңырауына тартқан дегенді білмейтін, соның арқасында Қызылорда халқының ойындағысын таба білді деп есептеймін. Кеткен кезде бәрі де абыржып қалды. «Елге абыройлы, сыйлы әкім еді, үйренісіп қалып едік» деп өкініш білдірісті. Бұл да болса, өзіңнің бағанды жұртыңның біліп жатқаны емес пе!

Тағы бір елеусіз болса да, біз үшін елеулі жағдайды айтайын. Біз, депутаттар, бірінші рет әкіммен қосылып шай ішетін болдық. Оған дейінгі әкімдер шақырмақ түгілі, аса мән бермейтін. Осы Икрам Адырбекұлы бізді шақырып, депутаттармен санасуды бастап берді. Мынадай бір жағдай болды осыған қатысты. Бір үлкен мерекедегі салтанатты қабылдауда депутаттарды облыс басқармасы ауыз жаққа отырғызып қойыпты. Құқық

қорғау орындарын, т.б. мекемелерді сонау жоғары жаққа қойып қойған мейрамханада. Біз енді шамалы ренжідік өзіміздің орнымызға. Солай нәумездеңкіреп отыр едік (бірақ ешкім ол кісіге айтпағаны белгілі) төрде отырған Икрам Адырбекұлы шамалыдан кейін бізге келіп (жеті-сегіз депутат отырғанбыз), қоймай ертіп апарып, өз жанындағы, төрдегі үстелге отырғызды. Былай қарасаңыз, ол да бір ілтипат, құрмет емес пе? Мұны, мысалы, көп адам түсінбейді. Депутаттардың арасында бұрындары қаланың әкімі болған, орынбасары болған кісілер бар еді. Бұл да бір эпизод қой ол кісінің қарапайымдылығының, кісілігінің куәсі болатындай. Содан кейінгі дастарханда біз әкімнің қасында отыратын болдық. Жалпы, біздің депутат ретінде мәртебемізді көтерген осы кісі болды.

Жоғарыда айтқанымдай, құрылыс болсын, мәдениет, спорт болсын, депутаттардың көтерген мәселелерінің бәріне қолынан келгенше ақша бөлдіре бастады. Сол кезде басталған көп жұмыстар қазіргі күні игілікке жарап жатыр. Оны халық біледі.

Ол кісі жемқорлық сияқты қанағатсыз, ұятсыз тірлікке қатысты қатаң шара қолданды, жергілікті кадрларды қолдады, тиісті қызметке қойды. Бірақ тендерге араласқандарды дереу босатып жіберді. Әрі-беріден бұл департаменттің барлық бастықтарына сабақ емес пе? Ол кісінің тұсында «Тендерге әкімдік араласқан екен» дегенді естіген жоқпыз. Кейбіреулер ескі әдетпен қатыспақ болды да. Ол кезде де майда-шүйде тендерлер көп қой. Жоқ, оның біріне де мүмкіндік берген жоқ.

Бұл кісінің нағыз демократ адам екені көрініп тұратын, бұл қасиеті аса дамыған елдерде көп жылдар елші болғандықтан да шығар.

Жалпы, дипломат, әкім, депутат – бәрін де бір қалыппен биік азаматтық деңгейде атқарып келе жатыр, ел көріп отыр. Қазақтың қазіргі заманда бүгінгі мен



Ерманов Нұрмұрат – қоғам қайраткері.

1950 жылы Қызылорда облысы Қармақшы ауданының Жаңажол ауылында дүниеге келген.

Еңбек жолын 1972 жылы Қызылорда облысы Қармақшы ауданында кеңшар инженерлігінен бастаған. «Жаңақала» кеңшарында бас инженер қызметін атқарған. Бұдан кейін жеке кәсіпкерлікпен айналысып, үлкен жетістіктерге жеткен.

«Хакнур» адвокаттық конторасының директоры, «Бабас» серіктестігінің құрылтайшысы.

«Құрмет», «Парасат» ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. Қызылорда облыстық мәслихатының 1999 жылдан бергі бірнеше шақырылымы депутаты. Осы атқарған жемісті қызметі үшін «Қазақстан мәслихаттарының құрметті депутаты» төсбелгісімен марапатталған.

ертеңгіге үлгі етерлік зиялысы деп тануымызға әбден болады.

Кезінде Жанқұтты деген шешен өзіне сәлем бере барған Абай Құнанбайұлына былай деген екен:

*Жақсыменен сөйлессең,
Құмарыңды қандырар.
Жаманменен сөйлессең,
Көңіліңді қалдырар.*

Икрам Адырбекұлындай ел ағасы, ер жақсысымен пікірлес болып, тәлімін алып, Қызылорда халқының өсу, өрлеуі жолында қызмет атқарған уақытты мен өмірімнің өрлеуге толы жылдары деп санаймын. Елдің баласы, елдің ағасы Икрам Адырбекұлына зор денсаулық, жұмысына жеміс тілеймін!

Әділбек АЙЫМБЕТОВ

АРАЛДЫҢ ЖАНАШЫРЫ

Ғасырға жуық созылған жалаң даурықпа заманда Арал теңізінің аңқасы кеуіп, өлімші күй кешті. Бір кездері 66500 шаршы шақырымдық акваторияны алып жатқан теңіз небары 4000 шаршы шақырымға дейін құлдырап кеткен еді. Теңіздің 69 метрлік тереңдігінен бар-жоғы 10-11 метр ғана қалған еді.

Елбасымыздың сарабал саясаты нәтижесінде «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» (САРАТС) жобасы өмірге келіп, байырғы аралдықтардың айы оңынан туды. Бұл ғасырлық жобаның бірінші кезеңін орындау және іске асыру барысында облысымызға бірінші басшы болып келген Икрам Адырбековтің еңбегі орасан зор.

Ғасырлық жобаның бірінші кезеңі мәреге жетіп, қайтқан теңіз қайта тірілді. Көкарал бөгеті салынды, Кіші Арал теңізі суға тола бастады. Көкарал бөгетін облыс әкімі Икрам Адырбеков сол кездегі ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Ахметжан Есімовпен бірге салтанатты түрде Арал халқына ашып берді.

Икрам Адырбекұлы Қызылорда облысының әкімі қызметін атқарған жылдары, нақтысын айтсам, 2005 жылдың 27 сәуірі күні Арал халқының тұрмыс-тіршілігін өз көзімен көріп, елмен жүздесу үшін Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев келген болатын. Сол іссапарында Президент мен басқарып отырған «Қамыстыбас балық питомнигі» республикалық кәсіпорнының жасап жатқан жұмысымен танысып, атқарылған іске көңілінің толғандығын айтып еді. Оған Елбасымыздың сол сапарында айтқан мына сөзі дәлел: «Мен Арал халқына көмектесемін деген арманымның орындалғанына қуаныштымын!» деген.

Әлі есімде. Елбасының келу қарсаңына орай Қос-шар балықшылар ауылында қызу дайындық болып жатқан. Бір апта бұрын жұмыс барысымен танысуға ҚР Президент Әкімшілігі басшының орынбасары Нұрлан Нығматуллин мен облыс басшысы Икрам Адырбеков келді. Мен сол кезде:

– Біздің кішкентай балықшы ауылымызға Елбасымыз ат басын қалай тірегелі отыр екен? – деп таңғалғанымда, ол кісінің:

– Кішкентай ауыл деменіз, Адеке. Елбасы келген ауыл – ол ертең-ақ үлкен ауыл болады, – дегені әлі есімде.

Расында да, сол балықшылар ауылында орналасқан «Қамыстыбас балық питомнигі» майда шабақ өсіру жоспарын 3 миллионнан 12 миллионға дейін өсірсе, мемлекеттік тапсырысты 9 миллион теңгеден 200 миллион теңгеге дейін жеткізіп, зор табысқа қол жеткізді. Сол шағын ғана ауыл он шақты жыл ішінде гүлденіп, өнген-өскен елді мекенге айналды.

Икрам Адырбекұлы Арал өңіріне жасаған алғашқы іссапарында Қамбаш көлінің болашағына ерекше мән беретіндігін айтып, жағалауын демалыс орнына айналдыру жөнінде ой тастады. Кейіннен әлеуметтік жауапкершілік шеңберінде мұнай саласындағы инвесторларды осы іске тарта бастады. Облысымыздың бүгінгі басшысы Қырымбек Елеуұлы Көшербаев осы жұмыстарды қызу қолға алып, жаңа жобаларды жүзеге асырып келеді. Бүгінгі таңда Қамбаш көлінің жағалауынан 100 орындық балалар демалатын пансионаттың құрылысы салынды, жол, электр жарығы, су жүргізілді. Маусымдық демалыс үйлері, айлақтар салынды, көлге қайықтар, катамарандар түсіріліп, көлдің бір бөлігі туризм мен спорттық балық аулау алаңына айналдырылды. Демалушыларға барлық жағдай жасалған.

Икрам Адырбекұлының көтерген тағы бір маңызды мәселесі: «Аралдықтар балық өсіруді де игерген, аулауды да игерген, бірақ балықты терең өңдеу жолға қойылмаған. Ал терең өңдеусіз балық кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігі қашан да төмен болады» деген. Осыған байланысты облыс басшысы балықшылар мен олардың басшыларымен сан мәрте кездесіп, мұң-мұқтаждарын тыңдап, арнайы бағдарламалар жасалды. Осы мәселені іске асыру мақсатында Арал және Қазалы аудандарында балық зауыттары құрылысы басталды. Икрам Адырбекұлының сол тікелей бастамасының арқасында, облысымызда алты балық зауыты бой көтеріп, екі мыңнан астам адам жұмысқа тартылды, үш балық зауыты еуроесептік номерге ие болып, дайын балық өнімін алыс-жақын шетелге экспорттауға мүмкіндік алды.

Сол зауыттың бірін мен зейнетке шығу қарсаңымда Елбасымыздың «Болашақ» бағдарламасы аясында Англиядан магистратура бітіріп келген балам Нұрбекпен бірлесіп, Арал қаласынан «Арал» сервистік дайындау орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі балық зауытын іске қостық. Алты-жеті жылдың ішінде жылына 2000 тонна балық аулап, 700 миллион теңгенің балық өнімдерін шығарып, оның 80 процентін экспортқа жөнелтіп, 100-ге жуық жаңа жұмыс орнын ашып, елге қызмет жасап жатқан жайымыз бар.

Жалпы Арал ауданына Икрам Адырбекұлының көңілі ерекше болатын, жиі-жиі келіп, елді мекендерді арапап тұратын.

Есімде, 2006 жылы Кіші Арал теңізі кәсіби балық шаруашылығы статусына ие болып, Кіші Арал теңізінен бірінші кәсіптік балық аулауға конкурс өтті. Сондағы Икрам Адырбекұлының ұстанған саясаты – көптен күткен теңізі оралған аралдықтарға теңіздің балық аулау учаскелерін тек өздеріне үлестіріп беру болатын.



Айымбетов Әділбек – қоғам қайраткері.

1946 жылы Қызылорда облысы Арал ауданында балықшы отбасында дүниеге келген.

Еңбек жолын Жалағаш ауданында құрылыс мекемесінде жұмысшы болып бастаған. Алматы экономика ғылыми-зерттеу институтында инженер-экономист, 1970 жылдан «Аралтұз» комбинатында лаборатория басшысы, 1974 жылдан «Қызылорда құрылысы» тресінде бөлім басшысы қызметтерін атқарды.

1978 жылдан – Қызылорда қалалық, облыстық партия комитеттерінде нұсқаушы, 1985 жылы – «Аралтұз» комбинатының директоры, облыстық партия комитеті экономика бөлімінің меңгерушісі, 1988 жылдан – Арал ауаткомы төрағасы, 1991 жылдан «Аралбалық өндірістік бірлестігінің» бас директоры болды. 2000 жылдан «Қамыстыбас балық питомнигі» кәсіпорын директоры болды. Қазіргі таңда «Арал» сервистік дайындау орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде атқарушы директор қызметінде.

1986-1993 жылдары – облыстық, Арал аудандық кеңесінің депутаты, 2007-2011 жылдары – Қызылорда облыстық мәслихатының депутаты.

2005 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған. Қазақстанның балық шаруашылығына еңбек сіңірген қызметкері, Арал ауданының Құрметті азаматы.

Оған ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Ахметжан Смағұлұлы Есімов те қолдау көрсетті. Конкурс нәтижесінде Кіші Арал теңізінің учаскелері мен көлдер жүйесі Арал аймағы балықшыларының толық үлесіне берілді. Теңіздің болашағына деген сенім күшейіп, ірі балық зауыттары іске қосылды. Қазір жылына теңізден

7000 тонна балық ауланып, оның көбі терең өңдеуден өтіп, экспортқа шығарылып жатыр.

Икрам Адырбекұлы облысымызды басқарған кезеңде Қызылорда облысының қарқынды жандануы басталды. Халқына сыйлы, ел мақтарлық азамат Сыр елінің құрметіне бөленді, атқарған қызметтеріне ел тамсанды. «Жаңбырменен жер көгерер, батаменен ел көгерер» демекші, халқының батасы мен разылығын алған біртуар азамат. Оның бастаған жұмысын кейінгі басшылар қолдап, ол таңдаған жолды жалғастыруда.

Ал өзім болсам, жанұямызбен Икрам Адырбекұлының жолын бапаларымызға берсін деген тілекте жүрудеміз және алдағы уақытта да мол тәжірибесі мен қажыр-қайратын ел игілігіне жұмсап, қызметін адал атқара беретіндігіне сенімдіміз.

ТҮЙІН СҰХБАТ

– Әр адамды тарихтың бір-бір беті деп қарау керектігі ежелгі гректердің түсінігінде бар дүние екен. Сол қағидаға сүйене отырып, біз де сіздің ғұмырнамаңызға және өзіңіздің жүріп өткен өмір жолыңызға үңіле отырып, қазақ елі тарихының бір парағын оқып, танығандай болдық.

Сіз Алаштың анасы болған Сыр елінде, яғни Қызылорда облысында әкім болған азаматсыз. Осы бір өңір халқының өзіңізге деген айрықша сыйы мен құрметін ел арасында айтылып жүрген жылы әңгімелерден сапар барысында естіп, шынайылығын сезініп, қанаттанып қайттық. Өзіміз жолығып, кездескен сол ел адамдарының айтқан жақсы сөзі мен жылы лебізін таспаға түсіріп те алдық. Мына кітап сол айтылған сыр-сұхбаттар негізінде құрастырылды. Енді сол Сыр өңірі халқының шынайы әңгімелерінен кейін біздің де көкейімізге сіздің өзіңізден сұрап білсек деген сауалдар пайда болды. Рұқсат етсеңіз, әңгімемізге арқау болар сол сауалдарымызды алдыңызға тартсақ дейміз.

Жалпы кез келген адам баласының өмір жолында ұстанған қағидалары, естен кетпес шуақты күндері мен жұлдызды жылдары болатыны анық қой. Осыған орай, өз өміріңіздің сол бір кезеңдері жайында сөз қозғап, айта отырсаңыз деймін.

– Сұхбаттың басында сізге Сыр еліне барып қайтқан сапарыңыздан алған шынайы, таза әсеріңіз бен сол өңірдің ақпейіл жандары мен жайсаң азаматтары жайындағы кіршіксіз ықылас көңіліңіз үшін алғысымды айтқым келеді. Жалпы, Сыр елі – бақ қонып, ырыс дарыған, қасиетті де құтты мекен! Қойнауына қазына,

өрісіне мал, сағасына тал біткен нулы да сулы, ырысты да күрішті өлкенің тереңнен тартар бай тарихы да бар. Қорқыт бабаның қара қобызының сарыны қалған бұл өңірдің киесі мен қасиетін, әрине, бір сәтте, аз ғана уақыт аралығында түйсіну мүмкін де емес. Сыр елін жыр елі деп те тегін айтпағанын білерсіз. Жалпы менің өмірімде Сыр елі – терең із қалдырып, абырой-беделге, азаматтық жаңа биікке көтерген ел. Маған ұлттық дәстүрден, қазақи әдеп-ғұрыптан тәлім берген де ел осы! Менің өмірімдегі айрықша орны бар сол атажұрттан жинақтап әкелген әңгімелеріңіз, бәлкім, осы өңірдің жаңа тарихына қосқан үлесіңіз де болар. Өйткені тарихтың өзі естеліктерден құралады емес пе?!

Ал енді қойған сауалыңызға орай өз өмірімнің қағидалары, шуақты күндері мен жұлдызды шақтарына келер болсам, әуелі данышпан Абайдың отыз сегізінші сөзінде: «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар, сонан қашпақ керек. Әуелі – надандық, екінші – еріншектік, үшіншісі – зұлымдық. Үш-ақ нәрсе адамның жақсы қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» дегенін алға тартар едім. Абзалында, Абай хакім айтып отырған ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек сияқты адамның үш асыл қасиеті жан баласына туа бітті қанмен де, тәрбиемен де даруы керек.

Олай болса, әрбір адам баласы үшін жүріп өткен өмір жолының әр баспалдағы қымбат, ыстық. Күні бүгінге дейін жан әлеміңе сағыныш нұрын төгетін балалық бал дәуренің мен жастық шағың неге қымбат, неге ыстық болмасын?! Балалығың мен жастық шағың жаныңа сағыныш шуағын төгіп тұрса, бұл әуелі туған ата-ананды есіңе алып, оларды сағынғаның емес пе?! Өзіңе өмір сыйлап, аялап, қорған болып, тәрбие, білім берген, бастары қара жерге тигенше тілеушің де, қамқоршың да болған сол аяулы ата-анамның бар кезіндегі өмірімді бәрінен де қымбат, бәрінен де

ыстық десем болмас па?! Өйткені өздері бұл дүниеден өтіп кетсе де, мейірім төгіліп тұрған жүздері әрдайым өміріме шуақ, жүрегіме қуат беріп келді ғой. Есейіп, ержетіп, білім мен арманды қатар қуып кеткен жастық шағың да бір аяулы кезеңің мен белесің емес пе?! Сол кезде, шынында да, алда шексіз бір сәулелі өмір күтіп тұрғандай болушы еді!

Қазір сол ағын судай болып тоқтаусыз өтіп жатқан өмірдің де негізгі асуынан асқандаймыз ба, қалай?! Енді еске алып, қайырылмас өткен күндерге көз салсам, сол уақыттың әрбір баспалдағы өзіндік мәнге ие екен.

Әрине, өмір болған соң оның ақ пен қарасы да алмасып келіп отырады ғой. Тағдырдың сан тарауы мен уақыттың әр кезінде иығыма түскен салмақ пен қиындық жетерлік болды десем, артық айтпаспын.

Осы тағдырыңның жазуымен алдыңнан тосып алар күрмеуі қиын әлдебір күрделі істі қолға алып, ретін келтіріп, орнын толтырған бір кезеңдерде көңілің көтеріліп, өсіп сала беретіні болады. Мұндайда абыройың биіктей түседі де, айналаңа да тілектес ниет танытқан көп адамдар жинала қалады. Ал кейде бұған керісінше, жұмысыңның қиыуы келмей, көңілің түсіп, жүйкең жұқарып жүргенде ортаңнан ақыл-кеңес беретін, қолдайтын адам да таппай қаласың. Соны да көрдік, көріп те жүрміз. Бұл да енді өмірдің жазылмаған бір заңдылығы болар. Қазір достық та, туыстық та, жалпы қарым-қатынас та дүниемен бағаланатын, өлшенетін заман туып келе жатыр ма дерсің?! «Қасқыр ішігі бар кісі жолдасының тоңғанын білмес» деген сөз осыған байланысты айтылған болар.

Дегенмен де Абай хакім айтқан адамның үш жақсы қасиетінің бірі ыстық қайратыңа мініп, нұрлы ақылыңа жеңгізіп, сабырмен, терең ой, жылы жүрегіңмен өмір сүріп, еңбек етсең, бәрін де жеңуге болады. Қандай жағдай болмасын, өз білімің мен қабілетіңе сеніп,

еңсенді тік ұстап, түрлі қиындыққа мойымай күресе білсең, өз өмір жолыңды айқындай аласың, мақсатыңа жете аласың. Дегенмен де өткен өмір жолымыздың мазмұнды, мағыналы болуына және бүгінгі күнге жеткен биігіміз бен алған асуларымызды бағындыруға аса зор тарихи оқиға үлкен әсер, ықпал етті. Ол – туған еліміз Қазақстанның Тәуелсіздігі!

Біз, шынында да, бақытты ұрпақ екенбіз – Тәуелсіздік біздің тағдырымызға бұйырды! Тәуелсіздік біздің таңдау еркімізді күшейтті, мүмкіндігімізді кеңейтті, таным көкжиегімізді, талғам биігімізді көтерді. Сол ел тәуелсіздігінің арқасында баршамыз бүгінгі абыройлы, әлемдегі басқа ұлттармен терезесі тең дәрежеге жетіп отырмыз. Тәуелсіздік бұл жалғыз менің ғана емес, бүтін қазақ халқының тағдырын анықтады, басымызға бақ болып қонды. Осы орайда Тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың аса қиын жағдайда болған еліміздің шекарасын шегендеп, әлеуметтік-экономикалық ахуалын нығайтып, халқымыздың бірлігін сақтай білгендігін және қазақ елінің әлемдік аренадағы абыройы мен беделінің арта түсуіне өлшеусіз еңбек сіңіргендігін айта кету керек. Қазіргі алпауыт мемлекеттер үстемдік орнатқан, халықаралық құқық бұзылған заманда мемлекеттің тәуелсіздігі мен қауіпсіздігі оның басшысының әлемдік беделі мен дәрежесіне байланысты болып тұрған жоқ па?!

Еліміз тәуелсіздік алған жылдары жасымыз қырықтан аса бастаған кезіміз еді. Былайша айтқанда, адами болмысымыз да, ойымыз да, мінезіміз де, өмірлік ұстанымыз да, көзқарасымыз да әбден қалыптасып болған, санамыз бекіп, қатайып кеткен біздің буын үшін, жасыратын несі бар, тәуелсіздік – бүкіл жан дүниемізге, ой-санамызға, жалпы өмірімізге үлкен жарылыстай, күтпеген құбылыстай болып тигені бар. Тіпті тәуелсіздікті

тап бір аспаннан түскендей қабылдағанымыз шындық. Өйткені біз есіміз кіргелі коммунистік идеологияның тәрбиесін көріп, илеуі мен билеуінде болған едік қой.

Біздің замандастарымыз тәуелсіздіктің алғашқы кезеңіндегі бар қиыншылықты көрді, мойнымен көтерді. Соларға төтеп бере отырып, жаңа дәуірде жаңаша жұмыс істеуді үйренуге, былайша айтқанда, өз өмірімізді жаңаша бастауға тура келді. Бақытымызға, соның барлығының қайыры болды! Небір аумалы-төкпелі кезеңде ел тәуелсіздігін нығайтуға бір кісідей үлес қостық деп айта аламын. Алға мақсат қойдық, сол мақсаттан айнымай, әрдайым табандылық таныта білдік. Қай салада, қай жерде қызмет атқарсақ та, ең әуелі елдің және Елбасының сенімін ақтауға тырыстық. Сол сенімді ақтау жолында біршама жетістікке де жеттік, абырой-дәрежеге де ие болдық.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында дипломатия саласына келіп, Мемлекет басшысының сенім білдіруімен Сыртқы істер министрінің орынбасары, Төтенше және Өкілетті елші болып көптеген елдерде қызмет атқардым. Бұл менің өмірімнің жұлдызды сәттер емес пе?! Әрине деймін. Өйткені Ел Президентінің Сенім грамотасында: «Осы жіберген өкілімнің айтқан сөзі – менің сөзім, оған екі елдің қарым-қатынасына байланысты барлық өкілеттілікті беріп отырмын» деп жазылған. Ойлап қарасаңыз, бұдан асқан сенім, бұдан асқан жауапкершілік бар ма?! «Елдестіркем – елшіден» дегенді халқымыз бекер айтпаса керек.

Парламент Сенатының қабырғасында өткізген жылдарым да қуанышты сәттерге, нәтижелі істерге, жетістіктерге толы болды. Мемлекет басшысының Жарлығымен 2011 жылы сенатор болып тағайындалып, Сенаттың Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетіне бес жылдан астам жетекшілік жасадым, ұлтымыздың көптеген тұлғалы

азаматтарымен етене араласып, елге нағыз жанашыр, өзіме сырлас, сыйлас достар таптым. Байқап отырсаңыз, өмірімде еңбекке толы шуағы да, қуанышы да мол күндер аз болмаған екен, соған шүкіршілік етемін.

– Адам өмірінің сәтті бір қадамдары да болады деп айтып өттіңіз ғой. Бұған, бәлкім, Қызылорда облысын басқарған жылдарыңыз бен іргедегі алып көршіміз Қытайда, Еуропа мемлекеттерінде Төтенше және Өкілетті елші болған кезеңдеріңізді жатқызуға болатын шығар деп ойлаймын.

– Дұрыс айтып отырсыз. Шынында, Қызылорда облысында және Қытайда қызмет жасаған жылдарымды ел тағдырына тереңірек араласқан, оған мен де жауапты екенімді сезінуімнің биік белесі болды десем, артық айтпаспын.

Мысалы, мен Қытай Халық Республикасында Төтенше және Өкілетті елші болып 2007-2011 жылдары қызмет атқарған кезеңде екі ел арасындағы шекараны нығайту мәселесі, трансшекаралық өзендерді бірлесіп пайдалану, мұнай, газ құбырларын салу, инвестиция тарту сияқты маңызды сұрақтар күн тәртібінде тұрды, тұрақты екіжақты келіссөздер мен талқылаулар болып жатты, маңызды шешімдер қабылданды.

Сонымен қатар, бәріміз жақсы білсек керек-ті, бүгінде Қызылорда облысының тәуелсіз еліміздің экономикалық әлеуетінде өзіне лайықты үлесі бар. Ал қазақтың әріде жатқан тарихы мен мәдениетіне, біліміне қосқан үлесі, әсіресе халқымыздың басына ауыр күн туған небір аласапыран заманда қазақ ұлтының сақталып қалуындағы Сыр өңірінің тарихи орны тіпті ерекше. Сонан да болар, «Сыр – Алаштың анасы» деп бекер айтылмаса керек. Өйткені қазақ халқы жаугершілік пен шапқыншылықтан бас сауғалап, босқыншылық пен

ашаршылықтан жан бағып, негізінен осы Сыр бойында ес жиып, еңсесін тіктеп, жоғалтқанының орнын толтырып, қайтадан өсіп-өніп, өзінің байырғы өңірі мен атақонысына қайтып отырған. Бұл жайында тарихтың айтары да, ақтары да көп-ақ...

– Сыр өңірінде өзіңізбен бірге қызмет атқарған азаматтар, сыйлы деген ел ағалары өз естеліктерінде сіздің басшылықта болған кезеңді Қызылорда облысы үшін зор серпіліске толы, табысты әрі өсіп-өркендеген жылдар болғандығын айтады. Ал енді осы Сыр елі жайлы өз ой-пікіріңіз қандай деген сауал қойғымыз келіп тұр.

– Бұл сауалыңызға орай айтарым, Қызылорда өңірі жайында, оның халқының мәртебесі мен дәрежесі, жалпы азаматтары туралы айтқанда нақты тарихқа сүйене сөйлесеңіз болды, сол жеткілікті деп білемін. Өйткені қазіргі Сырдың бойында түбі бір түркі елдерінің кемінде төрт астанасы болғандығы ғылыми жағынан дәлелденген тарихи ақиқат. Түркілердің астанасы болған сол қалалар жермен-жексен болып, жер бетінен жоғалып кеткенімен, осы киелі топырақта сол кездегі өркениеттің алтын мұрасын, асыл қазынасын, адами мол қасиеттерін өз бойында сақтап қалған халықтың текті ұрпақтары қалды, қазір осы өңірде солар өмір сүріп жатыр. Сол кездегі тектіліктің, мәдениет пен білімнің, парасаттылықтың бәрі қанмен де, жанмен де ұрпақтан ұрпаққа беріліп, ол санамен, тәрбиемен жалғасып, тектіліктің тамыры үзілмей келе жатқандығын аңдайсыз.

Назар салып қарасаңыз, осы күнге дейін Сыр елі халқының жалпы ой тереңдігі, өнер мен білімге жақындығы, сөз зерделеуі мен ой толғауы, шешендігі, ақын-жыршылығы, қолөнер шеберлігі, ұлттық болмысы

мен ақыл-парасаты, бір-біріне және жалпы адамға деген сыпайы мінезі мен сыйластығы, ықыласты ынтымақшылдығы ерекше екендігі байқалып тұрады. Осыдан барып, Сыр елінің тамыры тереңде жатқанын, рухани қамалы ежелден берік қаланғандығын анық түсінесіз, сезінесіз!

– Бәрекелді, аға! Елдің бағасын тереңінен толғап бердіңіз-ау деп ойлаймын! Иә, қасиетті ел мен киелі жердің жаратылысы да бөлек қой, шіркін! Ал енді осы Сыр еліндегі күнделікті қызметтегі қым-қуыт тіршіліктен басқа, оның үстіне таза қазақи ортада жүргендіктен, күні бүгінге шейін өзіңіздің есіңізден кетпейтін, мүмкін қызықты да болған сәттер кездесті ме?

– Әрине, өмір болған соң болады ғой! Қайсыбірін айттайын?! Менің әріптестерім, Сыр елінің азаматтары, өз естеліктерінде сондай жайларды айтқан да болар. Біраз жылдар өтіп те кетті ғой! Дегенмен сұрағыңыз жауапсыз қалмасын, есіме мына бір жайт түсіп отыр.

2004-2005 жылдары судың көптігіне байланысты Сырдария өзенінің тасу қаупі күшейді. Осы қауіптің алдын алу үшін мамандарды жинап, пікір алысып, ақылдасып едім, олар Қызылорда қаласын су алып кетуден сақтау үшін өзеннің үлкен сағасы Қараөзекке 300 текше метр су өткізе алатын реттегіш салу керек деген ұсынысын айтты. Бірақ бұған көп қаржы керек еді. Бұл қаржыны Үкімет арнайы бөлмесе, ондай қыруар қаржы облыстық бюджетте жоқ болатын. Осы қаржының мәселесін қайткен күнде де шешуіміз керек деген ойда болдық. Сол кездегі Премьер-министр Даниал Ахметовтің облысқа іссапармен келген кезінде бұл мәселені шешудің орайы туа қалғаны бар емес пе?! Ерте көктемнің кезі болатын. Қар еріп, мұз жүру-

те піншіді. Бірші жерлерді су ағып кете бастады. Тікұшақпен Премьер-министрмен бірге соы жерлерді шопып, қарап шыққан соң, Қараөзектің басына қонбақшы болғанбыз. Қас қасып, қасаталық түсіп бара жатыр.

– Төзірек аэропортқа басып кінуіміз керек. Әйтпесе, қараңғы түсіп кетеді. – деп ұшқыштар зыр-зыр өтеді.

Тікұшақтың түнде ұша алмайтынын біттіміз ғой. Бірақ та қоярда-қоймай ұшқыштарды мекендеп, тікұшақты Қараөзекке қондырдық. Оның сәбесі, біз Қараөзектің басына бүкіл керекті, нақты асатпесті бап дәлелдеме материалды жинап, стандарттап сонықтырып қойғанбыз. Үкімет басшысының су реттеліш заңудың қажеттілігіне көзін жеткізіп, қалайда оған кетесілік қаржы алуымыз керек болды. Бұл су реттеліш заңудың мен-қайын баяндауды облыс әкімінің кеңесшісі, аса тәжірибелі су маманы Әбдіманап Құтқансұқа тапсырған едік. Және де Әбекеннің қасында кез, сөз демеу болсын деп Төреөзектің елге сыйлы бір қариясына әтініш айтып, осы араға алдырғанбыз. Сол қария бізден бұрын сөз бастап кетсін деңіз! Әліп қаштымыз келген жерден Премьер-министрдің алдына шығып:

– Мына сағаға 300 куб метрлік гидротехникалық су реттеліш салу керек, сонда ғана Қызылорда қаласы су басу қаупінен құтылады. Көп су төмен қарай жіберілген болса, бұл жердің экологиясы, джорасы мен фаунасы жақсарады, – деп даусын нығартып, ол кісіге тап бір нұсқау бергендей болмасы бар ма?!

Премьер министр маған қарап:

Жақыппап дайындап қойылысыз ғой мына ақсақалды! «Фауна» мен «флораны» білгеннен кейін, енді бұл кім барлық жағдайды ғылыми тұрғыда дәлелдеп беріп аңады өкен! Оған енді күменім жоқ, – деп күліп қатыр.

Осы бір жайдары көңілмен Премьер-министрге жеделдетіп барлық сызба, есебімізді көрсетіп үлгердік. Аэропорт басындағы әңгіме барысында Премьер-министр:

– Мен түсіндім! Бұл керекті жоба, орынды шешім екен. Қаржы береміз, – деп аттанды.

Қараөзектің басында «фауна» мен «флораны» тілге тиек ете сөйлеген ауыл қариясының сөзіне бір күліп алсақ та, бұл істің ақыры осылайша сәтті аяқталып еді.

– Су реттегіш дегеннен шығады, көзінде біраз дау да тугызған «Көксарай» су қоймасына қатысты сіздің ұстанған өзгеше бір көзқарасыңыз болғанын Сыр елінің азаматтары көп айтады. Осы бір жайды өз аузыңыздан естісек деп едік...

– Осы бір мәселені сұрамай-ақ қойғаныңызда да болар еді. Бірақ білгіңіз келген екен және де бұл кешеннің Сыр елінің болашағы үшін маңыздылығын ескере келе, өз ойымды тағы да білдіре кетейін.

Көпті көрген тәжірибелі су мамандары мен осы саланың көрнекті ғалымдарынан: «Су саласы ғылымында бір мызғымас қағида бар. Егер жеріңізде ағатын суды пайдалану сол жердің экологиясын бұзатын болса, онда ол суды шаруашылық мақсатқа алуға болмайды» дегенді талай естіген едім.

Шынында да, суды пайдаланудың негізгі мақсаты – табиғатты тоздырмай, өз күйінде, өз қалпында ұстап тұру болса керек. Бұл қағида – қай елде болмасын қатаң сақталатын, ұсталатын заңдылық! Ал біз ертеден, кешегі кеңестік үкімет тұсында бұл заңдылықты өрескел бұзып, Сырдарияның суын тек қана ауылшаруашылық мақсаттар үшін пайдаланып келдік. Мұның ақыры орны толмас апатқа әкелгені елге белгілі. Үлкен Аралды жоғалтып алдық! Әркім дарияның суын жолдан бұрып алып жатты. Қазір де жалғасуда.

Тек Елбасының осы мәселеге тікелей араласуымен, арнайы бағдарламалар жасалып, Кіші Арал сақтап қалынды. Жалпы Сырдария ағып өтетін әр мемлекет өз жерінен су қоймасын салып ала берсе, мұның соңы болашақта үлкен шиеленіс туғызбай ма?

Мамандардың есебі бойынша Сырдария өзенінде артық су жоқ. Ал қойма салған сайын су жоғалып, азая береді. Мәселе енді тек қана бар суды келісе отырып бөлісіп, тиімді пайдалануда жатыр. Біз Сырдарияның төменгі сағасындамыз. Көктемде судың тасуы да табиғи заңдылық! Бұрынғы замандарда дария тасып, кең алқапқа жайылып, біраздан соң су өз арнасына қайтқаннан кейін су жеткен алқаптың қалың тоғайлары мен жайылымдары жайқалып, шабындықтары нуланып шыға келетін болған. Және де бұрынғы кезде «Биыл дария тасыр ма екен?» деп ел бір бірінен сұрап та отыратындығын қариялар еске алатын. Дария тасыса, жағадағы ел қуанады екен. Өйткені су тасыған жылдары елде тоқшылық болады емес пе! «Өзегің талса, өзен жағала» дегенді қазақ білмей айтқан жоқ шығар?!

Бүкіл халықты асырап келген осы Сырдария өзені кеңес дәуірінің кезінде каналға айналып кетті. Өзеннің деңгейі түскеннен кейін халық судан босаған, бұрын тасқын су жайылатын жерлерге үй салып тастаған. Сөйтіп, кейбір елді мекендер өзеннің арнасына жақындап қалған. Ал су дегеніңіз қашан болсын өзі жүрген ізін ешқашан «ұмытпайды». Бертін келе Кіші Арал қалпына келе бастаған тұста Сырдария сол өзінің баяғы ізімен жайыла бастады да, дарияның арнасына жақындап кеткен елді мекендерді су алу қаупі туындады. Міне, осындай елді мекендерді сақтаймыз деген мақсатпен «Көксарай» салынды. Ал негізінде, сол елді мекендердегі кейбір үйлерді Сырдарияның арнасынан тиісті қашықтыққа көшіріп, дарияның жағалауын бекітіп, өзен бойын ретке келтіргеніміз дұрыс шешім болар ма

еді? Негізінде дарияның арнасына салынған үйлер көп те емес болатын.

Кезінде «Сырдарияның бойын реттеу» деп басталатын бағдарлама да қабылданған-ды. Ал Сырдарияның бойын реттеу дегеніңіз – Кіші Аралға суды көптеп өткізіп, оны ұлғайту, кеңейту деген сөз. Ертеден Қызылорда облысының аумағында көптеген ірі көлдер болған екен. Сырдария тасыған кезде оларды да толықтырып отырған. Нәтижесінде ол көлдердің балығы да мол, айналасындағы шабындығы да шүйгін болған.

Осы қалыптасқан жағдайларды әбден саралап барып және де су саласы мамандарының өмір бойы жинақтаған тәжірибесін негізге ала отырып, біз де Үкіметке өз ұсынысымызды енгізген едік. Қауіп туғызуы мүмкін дейтін судың Қызылордаға жеткенше кемінде бір-бір жарым миллиард текше метр көлемін жол бойы ұстап, алып қалуға болатын-ды. Ол үшін бұрынғы көлдерге ағып баратын су жолдарын, олардың арналарын тазартып, ашып, сол көлдерге су жіберу қажет еді. Тасыған су Қызылордадан өткеннен кейін де жол бойы тағы да ондаған көл бар, оларға да кемінде бір миллиард текше метр су сыйғызуға болады. Дарияның тасыған суын осылайша бөліп-бөліп алып кеткенімізде Қызылорда облысының экологиялық жағдайы түбегейлі жақсаратын еді. Сол көлдердің суы жаңағы Қараөзектен, одан басқа көлдерден, каналдардан өтіп барып, Аралға қайта құйылатын еді.

Жалпы Сырдарияда сең жүрген кезде, одан аққан су көлемі 500 текше метр немесе 1000 текше метр болсын, бәрібір мұздың қозғалысын тұрақты бақылап, сеңді «жетелеп», жүргізіп отыру керек. Мұз кесектері тұтасып қаланып қалса және де ол судың ағысын тоқтату қаупін туғызса, онда оны жарылғышпен жарудан басқа амал жоқ. Сондай қауіп жыл сайын қайталанып тұрады.

Сол кезде біздің тағы бір көздеген мақсатымыз көлдерді қайтадан қалпына келтіру арқылы күріш саласын азайтып, өңірді мал шаруашылығына қарай бейімдеу болатын. Өйткені күріш саласы қапай болғанда да жердің тозуына алып келеді. Күріш алқабына берілетін су өзімен бірге жердің құнарын да алып кетеді. Жерасты суы көтеріледі, топырақ сорланады. Сонымен қатар біздің күрішіміздің өзіндік құны да жоғары. Осы жайлардың барлығын ескеріп Үкіметке тиісті ұсыныстар да енгізілген болатын. Қызылордада қызметте болған кезімде Үкіметпен «Көксарайды» салмау туралы бір түсіністікке келгендей болып едік. Бірақ кейін ол мәселе қайта көтерілді де, Қызылорда қаласы мен елді мекендердің су астында қалу қаупін сейілту мақсатында ақыры су қоймасы салынды ғой. Ал негізінде Қызылорда қаласына дарияның тасуынан болатын қауіптің мәселесі Қараөзек су торабы салынған соң шешілгендей болып еді.

Қазір көрші Өзбекстан мемлекетімен қарым-қатынас қайта жақсара, нығая бастады. Өте қуанарлық жағдай. Сырдария суын бөлу туралы мемлекеттераралық ортақ келісімге қол қойылуы болашақта әбден мүмкін. Әрине, ол кезде көп мәселелер түбегейлі шешілетін болады.

– Осы жерде Кіші Аралдың қайта қалпына келуі, Көкарал бөгеті құрылысының аяқталуы, оның ашылуы, Арал теңізі айдынының ел игілігіне берілуі сіздің қызмет істеген тұсыңызда болған екен. Әріптесіңіз сенатор Бекмырза Еламанов осы теңіз айдынының жергілікті балықшыларға бөлініп берілуінде үлкен қиыншылықтар болғанын, олардың қалай шешілгенін естелігінде атап өтіпті. Осыған байланысты пікіріңізді қоса кетсеңіз.

– Арал теңізінің қайғылы тағдыры, жергілікті халықтың ұзақ жылдар көрген қасіреті мен азабы, бейнеті әлемге аян. Ол туралы қаншама әдеби туындылар, ғылыми еңбектер жазылды, фильмдер түсірілді, халықаралық қор да құрылды. Бірақ тек Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін ғана нақты шаралар, жобалар іске аса бастады. Әсіресе Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың тікелей қолдауымен, бақылауымен жүзеге асқан «Сырдарияның бойын реттеу, Аралдың солтүстік бөлігін сақтап қалу» жобасының маңызы, рөлі ерекше болды. Кіші Аралды сақтап қалу, оның акваториясын ұлғайту – Қазақстанның осы ғасырдағы тарихи жетістігі. Соның нәтижесінде Арал өңірінде жаңа кезең, жаңа өмір басталды. Жергілікті тұрғындар ежелгі кәсібіне – балық шаруашылығымен айналысуға мүмкіндік алды. Балықшылардың өз тағдырына, ұрпағының болашағына деген сенімі, үміті пайда болды. Алайда қазақта «Әзір асқа – тік қасық» деген бір мақал бар. Соның бір мысалы: Арал теңізінің акваториясын балықшыларға бөлу мақсатында Ауыл шаруашылығы министрлігі өткізген мемлекеттік тендерге басқа өңірлерден көптеген ірі фирмалар, кәсіпкерлер келіп қатысты. Оларға заң жүзінде тосқауыл қою мүмкін емес еді. Бірақ әділдігіне келсек, Арал тағдыры – жергілікті халықтың тағдыры! Олай болса қайтып келген теңіздің де жемісін, берекесін, игілігін бірінші осы азаматтар көруі керек емес пе?!

Осындай бір күрделі кезеңде Үкімет басшысының орынбасары, Ауылшаруашылық министрі Ахметжан Смағұлұлы Есімов мырза біздің ұстанған позициямызды қолдап, өз абырой-беделімен, дәлелді сөзімен мемлекеттік тендерге тек жергілікті балықшыларды қатыстыруға барынша мүмкіндік жасады. Айта кету керек, Ахметжан Смағұлұлы облысқа жиі келетін, Кіші Аралды қалпына келтіру жобасын тұрақты бақылауда

ұстайтын, сол себептен әрдайым іссапарды Аралдан, Көкарал бөгетінен бастайтынбыз. Шындығын айтсақ, ол кісі өңірдегі жағдайды жетік, терең білетін, елге өңірге көмектесуге әр кез дайын тұратын. Енді осы қайта қалпына келген Кіші Аралды жергілікті халықтың толықтай өз игілігіне пайдаланып отырғаны мені қуантады. Солай бола береді деген үміттемін.

– Қызылордалықтар сіздің негізінен жергілікті кадрларға сүйене отырып, соларға сенім білдіру арқылы жұмыс істегеніңізді баса айтып, ризашылығын білдіріп жатты. Тіпті сол ел өзіңізді «қызылордалық» деп иемденіп алған жағдайлары да бар екен. Қалай ойлайсыз, бұл да Сыр елінің сізді өзімсінген, риза болған көңіл-ниеттері шығар?!

– Сыр елі біліп те айтып отыр ғой деп ойлаймын. Өйткені атам Қожамқұлдың мәңгілік мекені Жаңақорған ауданына қарасты Көктөбе ауылының Артықата мазарында.

Ал енді, тікелей сұраған жайыңызға орай айтарым, жалпы, қай өңірді алсаңыз да, сол өңірдің экономикалық-әлеуметтік сапасы болсын, мәдениеті мен білім жүйесі болсын, кадрлар мәселесі болсын, өзіне тән ерекшеліктері болады. Әр өңірдің қалыптасқан дәстүрлі жүйесі болады. Ал осы жүйенің бір бөлігін, әсіресе басшы кадрларды сырттан алмастырсаңыз, сол жүйе бұзылады. Менің түсінігім бойынша, кадр дегеніңіз – тек жай бір қызметкер ғана емес, сол тұрғылықты жерде ғұмыр бойы жұмыс жасаған өз ата-анасы еңбегінің, олардың білімі мен тәжірибесінің мұрагері, жиынтығы. Ол – атадан балаға мирас болып келе жатқан әлеует, абырой, мәртебе. Ал енді соны есепке алмай, сол жердің халқын, елі мен жерін білмейтін кадрды өзіңізбен бірге ертіп алып келсеңіз, жұмысыңызда ойла-

ғаныңыздай нәтиже болмайды. Өйткені сол тұрғылықты жердің өзіне тән қалыптасып қалған дәстүрдің, сыйластық өмірдің, ынтымақтастықтың жалғастығы, үндестігі мен сабақтастығы болмай қалады. Бұл түсініспестікке, сенімсіздікке алып келеді. Сол себепті де менде «Өз кадрларымды өзіммен бірге алып келемін» деген ой болған емес.

Менің бір көзім жетіп ұққаным — кез келген мәселені жауапкершілікпен, сапалы етіп уақытылы шешуге негізінен жергілікті кадрлар мүдделі болып келеді. Өйткені олар сол елдің төл перзенті болғаннан кейін өздері өскен ортаға, өз елінің халқына деген жауапкершілікті нақты сезінеді, терең түсінеді. Өз елінде қызмет істейтін азаматтар ертеңгі күнгі ел арасындағы абыройын, беделін ойлайды, оны сақтауға тырысады, болашағы да сол елмен бірге. Сонымен қатар жергілікті кадрлар өз жерінің, өз елінің жағдайы мен ерекшеліктерін, ортасын да жетік біледі. Жасыратын несі бар, шеттен келген кадрдың көбі өзінің сол өңірде уақытша жүргендігін біледі де, бас пайдасын ойлап кететіндігі де аз кездеспейді.

Сыр елі азаматтарының естеліктерін оқып шыққан кезде осы өңірде қызмет атқарған әрбір күнім еске түскендей болды. Халық жақсынды да, жаманыңды да ешқашан ұмытпайтындығына тағы бір көзім жеткендей.

Шынында да, 2004 жылдың басында қызметке келген кезімде жергілікті билікке деген халықтың сенімі төмендеп, ішкі саяси-әлеуметтік мәселелер күрделі болып тұр екен. Әсіресе Қызылорда қаласы үлкен күйзелісте болатын, облыс орталығының ауыз суы мен кәріз жүйесі толық жеке қолға өтіп кеткен, газдың да қалаға келетін магистральдық жолдары шешілгенімен, қаланың ішкі жүйесін құру, оған үйлерді қосу үшін қаржы қарастырылмаған. Осы жобаны іске асыруға тартылған сырттан келген мердігер компаниялардың

жауапкершілігі төмен болуынан келген бетте олармен көпшімшартты бұзуға тура келді. Сонымен қатар шоталдік мұнай компаниялардың билікпен санасуды қоя бастағаны белгілі болды. Олар әйтеуір көңіл аулау үшін тек мереке-мейрамдарда өздеріне «қажетті-ау» дегеніне ғана сыйлықтар таратқаны болмаса, жергілікті жерге, халыққа көмегі аз-ды. Әлеуметтік жауапкершілік деген ұғым тасада қалған, контрактіде көрсетілген міндеттер орындалмаған. Сол себептен оларды сотқа беруден басқа жол қалмады. Бірақ нәтижесінде біршама қаржыға қол жеткіздік.

Бастапқы күндерде өңірді аралау кезінде реңі қашқан, мәдениет ошақтары қираған, шаруашылықтарының жағдайы төмен елді мекендерді көрдім. Айта берсек, облыста шешімін күтіп тұрған мәселелер толып жатқан-ды. Ол жайында азаматтар өз естеліктерінде толық айтып өтіпті.

Сол күрделі мәселелердің көпшілігін қысқа уақытта орайын келтіріп, оңтайлы шеше білгенімізге қуанамын. Ол қалайша мүмкін болды екен деймін кейде. «Мен істедім дегенше, ел істеді десейші» деген бір тамаша сөз бар ғой, соған сүйене отырып, сол күрделі шаруаның барлығын елдің азаматтары атқарды дер едім. Мұның бәрі осы өңірдегі жергілікті кадрлардың білімділігі, асқан тәжірибелілігі мен қажырлы еңбегінің, олардың өз туған елі мен туған жеріне деген шынайы көңілі мен адал ниетінің зор жауапкершілігінің арқасында мүмкін болды.

Сыр елі азаматтарының әуелден ұйысқан өз ортасын бұзбай, сол ортаға өзге жерден әкелінген кадрды араластырмай-ақ, тек ел азаматтарының өзінің ынтасын жанып, жігерлендіріп, олардың еркін оймен, көтеріңкі көңіл күймен жұмыс істеуіне барынша, қолдан келгенше жағдай жасау ғана болды менің міндетім. Байқап қарасам, бәрі де білікті, білімді, ел арасында

сыйлы, құрмет пен беделі бар азаматтар еді. Қалайша оларға сес көрсетерсің, дауыс көтерерсің?!

Қашанда болсын, ар мен ұяты, намысы бар адамға күш көрсету, ол сенің көмегің емес, керісінше, ондай адамның жігерін жасытасың, ісіне кедергі жасайсың, белсенділігі мен жауапкершілігін төмендетесің. Иә, істің мән-жайын білмеуі де, қателесуі де мүмкін. Ал сен басшы ретінде қателігін дер кезінде айтып, көрсетуің, ескертуің керек. Әрдайым дұрыс жолға бағыттап отыруың керек. Бірақ ол өз қателігін біле тұра, әдейілеп, қасақана істеп жатса, онда мәселе бір басқа. Мұндай адамдармен бір күн де жұмыс істегім келмегендіктен, аяқ астынан лауазым иесін қызметінен босатып жіберген шешімдерім болды.

Бірақ қанша ренжігенмен де, әр адамда ішкі сезім деген бар ғой! Кейін жаңағы өзің босатып жіберген жауапты қызметкердің тағдырын ойлайсың. Өйткені ол да болашағынан үміті бар елдің бір азаматы емес пе?! Кейін қай жерде болмасын, қай өңірде жүрмесін ісі оңалып, лауазымы өсіп жатса, соған қуанасың, алаңдаған көңілің орнына түскендей болады. «Ел ұстама, ел ұстасаң, көк ұстама» деген аталы сөз әрдайым есте болған дұрыс.

Жалпы осы арада мына бір ерекшелікті де айта кету керек деп санаймын. Қызылордалықтар экологиялық жағынан да, экономикалық жағынан да күрделі өңірде жұмыс істей жүріп, әбден шыңдалған, төзімді, ешқандай бір қиыншылықтан тайсалмайтын маман екендігіне көзім жеткен-ді. Міне, сондай табанды азаматтармен сыйласып, бәріміз бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып жұмыс істеген кезеңімді әрдайым ризашылықпен, тіпті осы күндері сағынышпен еске алып отырамын. Сыр елі мен туралы жақсы пікір айтып, жылы лебіз білдіріп жатса, сол құрмет пен сый менімен бірге қызметтес болған азаматтардың еңбе-

гінің арқасында деп есептеймін. Сырдың еліне де, еріне де дән ризамын!

– Қызылорда облысында алғаш рет өз ойыңызбен, өз бастамаңызбен селолық тұтынушылар кооперативі құрылған екен. Сол тұстағы бұл құрылымды қазіргі өндірістік кооперативпен сабақтастыруға болар ма еді? Сіздің ауылдың жағдайын жақсарту жолында жасаған осы бір ісіңіз, яғни осы кооперативтің пайдасы туралы көп айтылады. Енді осының жай-жапсарына тоқтала кетсеңіз.

– Қызылорда облысына қызметке тағайындалғаннан кейін өңірмен, оның халқымен кеңінен танысып, жағдайды толық білу мақсатында елді мекендерді аралауға шықтым. Жергілікті жерлердегі, әсіресе ауыл халқының әлеуметтік, тұрмыстық жағдайының соншалықты ауыр екенін білген жоқ едім. Өйткені бұған дейін алты жылдай елден тысқары жүрдім ғой. Қарқынды даму жолындағы елдерде елші болдым да, олардағы адамның өміріне қолайлы жағдай жасалғандығын көзбен көріп келдім емес пе?!

Міне, сол елдердің ортасынан келіп, бірден, тіпті әп-сәтте күйінің де, тұрмысының да, шаруасының да қиюы қашқан ел өмірінің қиын жағдайын көргенімде қандай сезімде болғанымды түсінерсіз. Әсіресе, бірден аңдағаным, халықтың жергілікті билікке деген сенімі азая бастапты. Бұл сенімсіздіктің негізі еңбек-ақыға қосылатын экологиялық коэффициент төңірегінде туындаған екен. Қызылордаға келген күннің кешінде жергілікті теледидарды қосып едім, негізінен айтып, көрсетіп жатқандары облыс орталығында судың жетіспеушілігі, су құбырларының жарылуы, канализацияның істемеуі және тағы да сол сияқты коммуналдық саланың кемшіліктері болды. Хабарды толық әрі мұқият



Жастарға шетел оқу орындарына грант тапсыру
салтанаты. 2004 жыл, маусым



Жасөспірім балаларға жаңа жылдық сыйлықтар.
2004 жыл, желтоқсан



Арал теңізіндегі Көкарал бөгетіне іссапар, 2005 жыл, мамыр

көріп алдым да, ертеңінде әріптестеріме қойған бірінші сұрағым сол мәселеге байланысты болды.

– Бұл қалай болған жағдай? Қаланың бүкіл су, кәріз жүйелері жекеменшікке қалай өтіп кеткен?

Осылайша жаңа қызметім ауыр оймен басталды. Бірінші кезекте облыс орталығының халқын сумен, жылумен қамтамасыз етуді жақсартып, барлық кәріз жүйесін реттеп, жалпы коммуналдық саланы қолға алу керек деп ұйғардым. Жеке меншіктің қолына өтіп кеткен бұл саланың күрделі мәселелерін кезінде қалай шешкендігімізді сол кезде қатар жүріп бірге еңбек еткен азаматтар, әсіресе осы салаға ерекше үлес қосқан Имамадин Оңғарбаев өз естелігінде толық айтқан екен, енді ол жағдайды қайталап сөз етпей-ақ қояйын.

Міне, осындай бір алаң көңілмен шалғай ауылдарды аралап шықтым. Ел ішінің көзбен көрген жағдайлары да жаныма батты. Ауылдарға ие болып отырған жан баласы қалған жоқ па деп қаласың. Сол кезде әр қалада пәтер иелері кооперативтері құрылып, көп қабатты екі-үш үй бірігіп, сол «ПИК»-тер арқылы қала халқы өздерінің коммуналдық мәселелерін бірлесіп шешуге дағдылана бастаған-ды. Көп қабатты тұрғын үйдің лифтісі болсын, тұрғындарды су, жылумен қамтамасыз ету мәселесі болсын, ең аяғы тұрмыстық қалдықтарды жинап алып кету, тазалық сақтау, шағын жөндеу жұмыстары болсын – солардың барлығына «ПИК»-тер жауапты еді. Бәрін де өздері реттеп, өздері шешетін-ді. Сондай бір жүйе ауылды жерлерде де неге болмасқа? Өйткені ауылға және оның шаруасына сырттан біреу келіп көмек бермейді. Бірақ ауыл адамдарының өздерінде қаржы жоқ. Және де ауылдың қордаланып қалған проблемасымен айналысатын бірлескен ұйым тағы да жоқ. Әрине, жеке шаруашылықтар мен қожалықтар бар. Бірақ сол кезде олардың көпшілігі әлдебір игілікті істі, қажетті жұмыс-

ты бастайтын да, соны қаржының жоқтығынан жеріне жеткізе алмайтын-ды. Не қарызға батып жататын, не банкрот болып қалатын. Содан ойлана келе «Ауылға бір ие керек екен» деп шештік.

Әрине, әр ауылдың иесі – сол ауылдың тұрғыны, халқы. Ал ауыл тұрғындарының басын қосатын бір ұйым керек болатын. Мұндай ұйым коммерциялық болмауы керек, ол тапқан табысын өзінің жағдайын жақсартып отыруға жұмсайтын ұйым болуға тиісті еді. Зер салып қарап, байқап отырсақ, әр ауылда тұрмысы жақсы бірді-екілі азамат бар екен. Ауылдағы кейбір кәсіпкердің қолындағы техникасы да жеткілікті көрінді.

Міне, өздерінің жеке шаруасын жолға қойып, әжептәуір дүние жинап, тәжірибе жинап алған ауылдың осындай азаматтарының басын біріктіріп, енді оларды сол өз ауылының мәдениетін көтеруге, елді мекендерді көркейтіп, көгалдандыруға, тозып біткен жолдарын жөндеуге, арығын тазалауға және тағы да басқа жұмыстарға жұмылдыру керек болды. Кей ауылдарда үйлерінде бас көтеретін азаматы жоқтар, тұрмысы төмен отбасылар, жалғыз басты қариялар, мүгедектер бар. Соларға көмектесіп, қол ұшын неге бермеске? Банкрот болған шаруашылықтардың игерусіз қалған жерін алып, ондай жерлерді игеруге, игілікке жаратуға болмас па?

Осындай мақсатпен елді мекендерде кооперативтер құра бастадық. Ауыл халқында бір серпіліс пайда бола бастағандай еді. Құрыла бастаған кооперативтерге қажетті қаржыны мұнай компанияларынан әуелі сот арқылы, кейіннен нақты талап қою арқылы алып, тауып бердік. Мысалы, сол кезде ілеспе газды жаққаны үшін мұнай компаниялары төлеуге тиісті айыппұлды бірден он есеге дейін көбейтіп жібердік. Міне, содан түскен қаржыны ауылдарға бөліп бере бастадық.

Осы қаржыға тракторлар, тіркемелер, тағы да өзге құрал-жабдықтар сатып әперіп, ауылдық кооператив-

терге шамалы болса да қолдау жасадық. Кейін біздің тәжірибеміз негізінде республикалық семинар да өткізілді. Еліміздегі қазіргі құрылып жатқан осы күнгі өндірістік кооперативтердің негізі алғаш рет біздің Қызылорда облысында қаланды десе де болғандай. Бүгінде ауыл әкімдігінің өзіне тиесілі бюджеті бар. Ауылды және оның шаруасын нығайтуға жасалып отырған бұл да бір жақсы қадам.

– *Өзіңіз білесіз, кез келген қоғамда бір жегі құрт – жемқорлық деген дерт бар. Осы жемқорлық мәселесіне келгенде сіздің ымырасыз болғаныңызды, былайша айтқанда, тазалығыңызды Сыр елі аңыз қылып айтады. Жалпы осы жемқорлықты қалай тыюға, соған қарсы қалай күресуге болады?*

– Жалпы жемқорлық дегеніңіз қай қоғам үшін болмасын қауіпті. Қазір, көріп отырғанымыздай, жағдайы бола тұра, тапқан табысы мен жиған-терген дүниесі жетіп тұра пара алып, мемлекет қазынасына қол салып, заңбұзушылыққа жол беріп, істі болып жатқан азаматтар баршылық. Олар қызметтік өсу жолын кесіп, ең бастысы, өз бала-шағасы мен ата-анасын, жақынын ұятқа қалдырып, уайымға батырып, сүйегіне таңба түсіріп, өз өмірін осы жемқорлықпен құрдымға кетіріп отыр.

Жемқорлыққа жол бермеудің бірінші қадамы, меніңше, жалпы мемлекеттік қызметтегі азаматтардың айлығы мен табысы олардың өз тіршілігі мен отбасының жағдайын жасауға толық жететіндей болуы керек. Мұны шет елдердегі қызметкерлердің мемлекет тарапынан жасалатын жағдайын білгендігімнен айтып отырмын. Ал енді тапқан айлығың шайлығыңа жетпей жатса, бала-шағаң мұқтаждықпен жәудіреп көзіңе қарап отырса, мұндайда, әсіресе жас азаматтар заңбұзушылыққа қалай барғанын да білмей қалады. Сол себептен мем-

лекет өз қызметкерінің еңбектегі және зейнеттегі өмірінде мұқтаждық көрмеуін қамтамасыз етуі керек.

Кей жағдайда жемқорлықтың болуына, бұл кеселдің дертке айналуына қоғамның өзі де себепкер. Жемқорлыққа төзімділікпен қарайтын болдық. Яғни қоғамның да жемқорлыққа қарсы күресе алатын қауқары, былайша айтқанда, иммунитеті төмен. Жемқорлық күшейіп кетті деп айтамыз да қоямыз, бойымыз үйреніп, оны әдеттегі қалыпты жағдай ретінде қабылдай бастағандаймыз. Осындайда «Халық түзетпегенді қалып түзетпейді» деген нақыл сөз еске түседі.

Сонымен қатар кейбір адамдар өз мәселесін тиісті заң жолымен шешуге құлқы жүрмейді. Кезекке тұруды, күтуді, кейде әлдебір құжат үшін біраз есікті ашуды қиынсынады, тамыр-танысын іздейді де, соларға, болмаса өзге біреулер арқылы пара беріп жататыны да жасырын жағдай емес. Не нәрсені болсын ақшамен оңай шешіп тастағанды қолайлы көреді. Бұл, міне, жалпы қоғам тарапынан жемқорлыққа төзушілікті тудырады. Әрине, бізде әлі де болса, адамдардың оңай, сол сәтте-ақ шешіп тастауға болатын мәселелерін сөзбұйдаға салу, себепсіз созу, жеке азаматтарды негізсіз әрі-бері жүгіртіп, әуре-сарсаңға салып қою да кездесіп жатады. Қазіргі уақытта соны болдырмас үшін Қазақстан бойынша халыққа қызмет көрсетудің «бір терезе» жүйесі енгізілді. Электронды үкімет жүйесі де қолға алына бастады. Алдағы уақытта қажетті анықтамаларыңды алуды да, түрлі төлемдеріңді де өз үйіңде отырып-ақ компьютер немесе қол телефоны арқылы жүргізуге кең жол ашылғалы тұр. Әрине, ол үшін әр елді мекенде тұрақты интернет желісі болуы керек. Халық та жаппай компьютерлік сауаттылыққа қол жеткізуі тиіс. Мемлекет басшысының тапсырмасымен қазір осы мәселелердің барлығы да елімізде қолға алынып, орнығып жатыр. Осы жүйе – жемқорлыққа жол

бермеудің және сол дертке қарсы күресудің ең тиімді жолы.

Жемқорлықтың ендігі бір мәселесі «тендер» деп аталатын жайға келіп тірелетін сыңайлы. Қолында билігі бар азаматтардың арасында құрылыс жүргізу, жол салу, әр түрлі жөндеу жұмыстары, керек-жарақты сатып алу сияқты сан түрлі қызметтерді мемлекеттік сатып алу мәселесін ұйымдастырған кезде осы бір «тендерді» пайдаланып қалуға тырысатын жемқорлықтың бір қолайлы жағдайы қалыптасқандай.

Ұтқан тендерлерден өзінің «үлесін» алғысы келіп тұратын дертті әдеттің әр жерде бар екендігі рас. Қызылорда да осындай жағдайдың барлығы жұрттың аузында жүр екен. Соны келген бетте мен де сезе бастадым. Әрине, бұл дертті тыйып, жемқорлыққа жол бермеу үшін ең бірінші талапты өзіңе қоюың керек.

Айтқан сөзің де, істеген ісің де бірдей болуы тиіс. «Халық – айна», ол бәрін де, әрбір ісінді де, жүріс-тұрысыңды да көріп, біліп отырады. Ал өзіңнен бастасаң, тәртіп орнату қиын да емес. Қызмет бабымен өзіңе жақын жүретін азаматтарды, тікелей қарамағыңда жұмыс істейтін өзге де лауазым иелерін бақылауға мүмкіндігің бар. Міне, соларға қатап талап қоя алсаң, олар да етек-жеңін жинап, жаңа жұмыс істеу тәртібіне бейімделіп, өздеріне бағынышты келесі сатыдағы қызметкерлерді бақылауға ала бастайды. Сөйтіп, бірте-бірте, қоғамда жемқорлыққа төзбейтін орта, тәртіп пайда болады.

Қарапайым халық бәрін де біліп отырады дедім ғой. Мысалы, маған әлдекімдер жайлы құқық қорғау орындарының ақпарат беруін күтіп отырудың көп қажеті болмайтын. Кімнің қандай қадамға барып жүргенін халықтың аузындағы, кәсіпкерлердің арасындағы сөздерінен-ақ біліп отыратынмын да, соңынан сөз ере бастаған ондай қызметкерді тікелей шақырып алып:

– Сенің не істеп жүргенің маған мәлім, не орныңды босат, болмаса мұндай әңгімені қайтып естімейтін болайын, – деп қатаң ескерту жасайтынмын.

Міне, алғашқы келген беттен осындай бір нақты қадамдар жасағаннан кейін, әріптестерім оны түсініп, қолдай бастады. Айтары сол, жемқорлықтың деңгейі төмендеп, қоғамда оған төзбеушілік жағдай қалыптасқандығы сезілді. Дана халқымыз айтқандай: «Байлық не керек, адалдан жимасаң, билік не керек, әділдік құрмасаң».

– *Бәрекелді. Қазақта «Есігіңнің алдында төбе болса, ерттеп қойған атпен тең, ауылыңда қартың болса, жазып қойған хатпен тең» дейтін мақал бар. Сыр өңіріндегі қызмет барысында сіз осы қағиданы берік ұстанған екенсіз. Өмірден көрген-түйгені бар, тәжірибесі мол, бұрын түрлі қызметте болған қариялардың басын қосып, түйінді мәселелерді солардың ортасына талқыға салып, ел үлкендерінің ақыл-кеңесіне жүгініп отырған екенсіз. Мұны да сол елдің халқы әлі күнге дейін ұмытпай айтып отырады екен. Ал енді осының ел басқаруға қаншалықты пайдасы тиді деп ойлайсыз?*

– Осы күні өзіміз де зейнет жасындағылардың қатарындамыз. Енді ойлап отырсам, біздің алдымыздағы аға ұрпақтың жүріп өткен өмір жолы біздікінен көп қиын, анағұрлым күрделі де соқпақты, тар жол, тайғақ кешуі де мол болған екен. Бір ғана кешегі 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысын алыңыз. Алды сол қанды майданның отты жолдарынан өткен, одан кейінгілері сол соғыс кезінде бұғанасы бекіп, қабырғасы қатпай жатып бала кездерінен ауыр еңбекке жегілген, былайша айтқанда, өмірдің өзі оқытып, өзі білім берген, шыңдап шығарған. Қандай сынға түссе де,

ардан аттамаған, қиыншылық атаулыны ақыл-парасат, сабырмен жеңе білген, ақылман, шежіре де шешен, сұңғыла қариялардың қатары Сыр елінде көпшілік екен. Мен осыған қуандым!

Өйткені біле білгенге сол қариялар елдің қазынасы емес пе? Міне, сол қазына қарттардың барын пайдаланып қалуға, солардан өзім де үйренейін, өзгелерді де үйретейін деген ой болды да, қызметімнің алғашқы сәтінен бастап облыстағы ақсақалдардың басын қосып, әңгімелерін, ойларын, ұсыныстарын тыңдап отыруды жөн санадым. Солай болды да!

Біз бұдан ұтпасақ, ұтылған жоқпыз! Өйткені сол зейнеткер қариялардың арасында кезінде осы елді басқарғандар да, түрлі саланың бұрынғы басшылары, қызметкерлері мен мамандары да бар еді. Бәрі де осы Сыр елінің ыстығына күйіп, суығына тоңған, бүкіл қиыншылығын көтерген, бейнеттің ауырын бастан өткерген, сол қызметтерінде үлкен тәжірибе, абырой-бедел жинаған, «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деп, туған елі үшін аянбай қызмет еткен, тұлғалы азаматтар болатын. Елдің осы үлкендері өмір жолында көрген-білгенін айтқысы, тәжірибесімен бөліскісі келеді, бірақ тыңдайтын жан иесі аздай. Көп жағдайда солай болып жатары да ақиқат қой. Кейде өз үйіңіздегі қарияңыз болса, сол кісінің өзімен де сөйлесуге, оның айтқан сөзін де тыңдауға уақытыңыз бола бермейтіні бар. Елдің бүгінгі агасы, ақсақалы, былайша айтқанда, иесі мен киесі осы қариялардың өмірден көрген жақсылығы мен бейнеті, өз ғұмырында жинақтаған бай тәжірибесі де мол екендігі рас қой. Сондай абзал жандардың айтарын тыңдап, ақыл-кеңесін пайдаланып қалған орынды емес пе?!

Әрине, олардың әрқайсысы ортасына беделді тұлға болғандықтан, бірін бірі кей жағдайда мойындай

бермейтіндігі де бар еді. Сол себептен қариялар арасындағы қарым-қатынасты ел мүддесіне орай бағыттап, сыйластық, ынтымақтастығын нығайту үшін араларында дәнекер болып жүрдік.

Тағы бір байқағаным, сол қариялар егде жасқа келген шағында өзінің халыққа да, билікке де әлі де керек екендігін сезіне бастағандай болды. Нәтижесінде ел үлкендерінің сөзімен де, айтқан пікірімен де қоғам да, жергілікті билік те санасатын, есептесетін жағдай қалыптасты.

Міне, осының бәрін сезінгеннен кейін қариялар өзінің ел үшін тағы да не істеу керек, не істелмей қалып жатыр, соларды жүзеге асырудың тиімді жолы туралы өз ой-пікірін риясыз жайып салатын еді. Шынын айтқанда, қазіргі кездері біз әлеуетті осы қазынаның байлығын әлі де толық пайдалана алмай келе жатырмыз.

Мен қай ауданға, қай ауылға бармайын, сол жердегі сыйлы ақсақалдармен кездесіп, ең болмағанда солармен бірге отырып бір кесе шай ішіп, емін-еркін кеңесіп, жағдайларын біліп, әңгімелерін тыңдап кетуге уақыт табуға тырысатын едім. Ел қарияларымен мұндай кездесу мен әңгімелесулер сол елдің өткені мен кеткенін, тарихын, бүгінгі ел жағдайының жақсы жағы мен кездесіп отырған қиыншылығын тереңірек біліп, жітірек аңғаруыма зор әсер етті және де ортақ іске пайдасын тигізуден өзге зияны болған жоқ. Бұл кәсіби тұрғыдан алғанда да қажеттілік болар деп ойлаймын. Жалпы ардагерлер біздің атқарған істерімізге нағыз жанашырымыз, тірегіміз бен тілеушіміз болды.

Осы бір ойларымды мына бір мысалмен толықтыра кетейін.

2005 жылы сәуір айының соңында болатын Елбасының облысқа кезекті жұмыс сапарын Арал ауданынан бастайық деп жоспарладық. Мұндағы негізгі ойымыз, мақсатымыз Мемлекет басшысы Нұрсұлтан

Әбішұлы Назарбаевқа өзінің тікелей еңбегі мен талабының арқасында суға тола бастаған Кіші Аралды, өңірдегі экологиялық жағдайдың жақсарғандығын көрсету, ата кәсібін оралған, тұрмыстары түзелген жергілікті халықтың алғысын жеткізу болды.

Өйткені тәуелсіздіктің алғашқы жылдарының экономикалық қиыншылықтарына, қаржылық тапшылығына қарамастан Елбасы қазынадан қыруар қаржы бөлігіп, арнайы бағдарлама жасатып, Кіші Аралды аман сақтап қалды. Міне, Елбасының осы іссапары қарсаңында Арал қаласына барып, әкімшілік қызметкерлерімен, ел ағаларымен, жалпы жұртшылықпен кездесу өткіздім, ұмытпасам, наурыз айының басы болуы керек. Мемлекет басшысының Аралға келетінін, Елбасының Аралды сақтап қалуға және жалпы осы өңірдің халқына деген шынайы көңілі мен қиын жағдайда жасаған қамқорлығы, көрсеткен көмегі үшін алғыс айтуға мүмкіндік болатынын айттым.

– Елбасын қалай және қандай көңіл күймен қарсы аласыздар, енді ол сіздерге байланысты. Алғыс айтасыздар ма, жоқ, әлде Аралға жасалып жатқан қамқорлығы әлі де жеткіліксіз дейсіздер ме, тағы да мәселелер көтересіздер ме, енді оны өздеріңіз шешіңіздер, – дедім.

Бұлай деп айтудағы себебім, сол тұста Жақсықылыш ауылындағы «Аралтұз» мекемесінің жұмысшылары аштық жариялап, қиындау бір жағдай туғызып жатқан еді. Осы әңгіме кезінде аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Шакизат Дәрмағанбетов ақсақал орнынан тұрып:

– Икрам Адырбекұлы, біз жақсыны да, жаманды да бағалай білетін елміз. Нұрсұлтан Әбішұлының біздің елге жасаған жақсылығы орасан зор. Оны біз ерекше сезінеміз, бағалаймыз, ризамыз! Егер Президентіміз біздің ауданға келетін болса, біз ол кісіге тек рахметімізді ғана айтамыз, шынайы көңілімізді,

құрметімізді білдіреміз. Ал осы елдегі тентегімізді де, бұзақымызды да біз өзіміз жақсы білеміз. Оған алаңдамаңыз. Елбасының сапары сәтті болуына бәріміз атсалысамыз, – деді.

Сол ақсақалдың айтқанындай болды! Елбасының Аралға жасаған сапары шынайы, ерекше көтеріңкі көңілмен өтті. Елбасы да, ел де риза болды. Міне, ел ақсақалдары осылайша небір жауапты кезеңдерде бәрін де ақылға салып, елдің абыройы мен бірлігін сақтау үшін әрдайым қолдау көрсетіп отырды.

Сөз орайында айта кететін бір жәй, 2005 жылдан күні бүгінге дейін Қызылорда облыстық ардагерлер кеңесін осы Сыр елінің сыйлы ағасы Сейілбек Шаухаманұлы Шаухаманов басқарып келеді. Ол кісінің бар саналы ғұмыры осы өңірдің ыстығына күйіп, суығына тоңумен өтіп келеді. Ел басқарған, кезінде көп жылдар осы облыстың басшылығының тізгінін ұстаған абыройлы, беделді жан. Елдің, халықтың, ардагерлердің бірлігі мен ынтымағын сақтауға, дамытуға сіңірген еңбегі орасан зор.

– Ал енді жалпы бұқара халықпен қарым-қатынасыңыз бен байланыс жасауыңыз қалай болды?

– «Халық – бәріне сыншы» деген ертеден сөз бар. Өңірдің халқымен тығыз байланыс орнату, сеніміне, құрметіне ие болу өте маңызды мәселе. Ол үшін көп еңбектену керек. Жалпы облыс әкімі ретінде есігім ашық болатын. Алдыма кім келемін, кім кіремін десе де, мүмкіндігі болды. Әрине, тәртіп бойынша алдын ала тіркеліп, жазылатын-ды. Бірақ қабылдауыма жазылып, тіркелген адамдарды мәселесіне қарай реттеп отыру, біреуін қабылдап, біреуін қабылдамау дегеніңіз болмайтын. Мына бір болған оқиғаны айтайын. Облысқа жаңа келген басшыны алғашқы кездері көп адам әлі

де жыға тани қоймайды ғой. Сол алғашқы демалыс күндері Сырдарияның жағасына жақын бір алаңда концерт болып жатыр екен, соған елеусіз келіп, бір әжейдің жанындағы бос орынға отырдым. Бір уақытта әжейдің жанына, бәлкім немересі болар, бес-алты жас шамасындағы қыз бала келіп еді, әлгі қария маған:

– Балам, әрмен қарай отыршы! – деді.

Әжейдің айтқанымен ары қарай жылжыдым. Қыз бала менің орныма келіп жайғасты. Концертті жарты сағаттай көріп, тамашаладым.

Сол күннің ертесіне әкімдіктің кезекші қызметкері хабарласып, әкімдікке қолында оралған түйіншегі бар бір әжейдің келіп тұргандығын және сол әжей «Әкімге кірмесем болмайды» деп табан тіреп отырып алғандығын жеткізді. Аң-таңмын.

«Бұл әжей кім болуы мүмкін? Әлде мені елден іздеп келген туыстардың бірі болды ма екен?» деген түрлі ойға да кетеді екенсің. Осы оймен «Келсін, кіргізіңіздер» дедім. Әжейді кешегі концертте менімен қатар отырған қария екендігін есіктен кіріп келе жатқан бойында тани қойдым. Әжей кабинетіме кірген бойда мені құшақтап, үстелдің басына отырғаннан кейін:

– Айналайын, балам, көшір! Қара басып, сені облыс әкімі екеніңді білмей қалыппын. Мынау саған деген менің батам! – деп ізгі тілегін айтып жатып, қолындағы түйіншегін ашты да, шыны ыдысқа құйып алған айраны мен қолдан пісірілген таба нанын алдыма қойды. Сол арада жаңағы әжей әкелген тамақтан дәм тата отырып, әңгіме-дүкен құрып, бірімізге біріміз риза болып тараптық.

Жалпы, мұндай шынайы таза көңіл мен таза ниет, осындай бір адами қарапайым қасиет Сыр өңірінің қарияларына тән екенін сол мезеттен сезе бастаған едім. Әрине, жаңағы әжеймен болған жағдай ел ішіне лезде тарап кеткен де болар. Олай болса облыс әкімінің

қабылдауына еркін баруға болатындығын естіген халық көбірек келгісі келетіні белгілі ғой. Шынында да, кембағал мұқтаж жандар көп еді. Кейбірде сондай жандарды қабылдап, олардың жаныңды ауыртып, жүрегінді сыздататын жағдайын естіп, тыңдаған кезде «Тағдыр бұл кісіге неге соншалықты қатал болды екен! Не себептен осы кісіге осыншама сынақты берді екен?» деп, қатты толқитын кездерің болады. Мысалға, бір күні қабылдауыма бір жас келіншек жеті жасар шамасындағы ер баласын ертіп келді. Қарасам, әлгі кісінің басы ісіп, бет-бейнесі шамалы өзгере бастағаны көрініп тұрды.

– Мен жаман аурумен ауырамын, күйеуім бізді тастап, кетіп қалған. Қарайтын ағайын-туысым да жоқ. Өмірім ұзаққа бармайтын шығар. Мына баламды қайда, кімге тастап кетемін? – деп қиналған кезде алдымдағы әйелдің жүзіне тура қарай алмадым.

Міне, тағдырдың осындай бір шарасыз жағдайымен алдыңа келетін адамдарды көріп, олардың айтқаны көпке дейін есіңнен кетпей, мазасыз күй көшіп, қиналып жүресің. Қандай ділі мықты адам болсаңыз да жаныңызға ауыр тиеді. Жалпы халықпен бір болу, олардың мүддесін ойлау, мәселесін шешу оңай шаруа емес. Басшы ретінде ел сенен үміт, көмек, жақсылық күтеді. Ал қазір Сыр өңірінің, жалпы ел тұрмысының жақсарғанын көріп, қуанамын.

– Сенатор Мұрат Бақтиярұлы өз естелігінде 2004 жылғы қыркүйек айында өткізілген Парламент сайлауына байланысты облыста біраз қиын да күрделі жағдай қалыптасқандығына қарамастан сіздің осы науқанның ойдағыдай өтуін асқан шеберлікпен ұйымдастыра білгеніңізді айтады. Бұл қандай күрделі жағдай еді?

– Шынында да, Парламент сайлауының сол жылғы науқаны аса тартысты, бәсекелестік жағдайда өтті. Сайлауға дайындық кезінде оппозициядағы партиялар ерекше белсенділік танытты. Олар бұқаралық ақпарат құралдары арқылы Қызылорда облысының әлеуметтік және экологиялық проблемаларын қайта-қайта қозғап, жергілікті билік пен халықтың арасындағы экологиялық коэффициенттерге байланысты бұрын жыл басында болған біршама реніштерді қайыра көтеріп, Парламентке өз кандидаттарын өткізуге барынша әрекет жасады. Жалпы сол кездегі жүргізген сұрауларымыз бен зерттеулеріміз Сыр өңірінің халқы Парламент депутаттары қатарында ұлтымызға белгілі де беделді азаматтар Ұзақбай Қарамановты, Мұхтар Шахановты және Тоқтар Әубәкіровті көргісі келетіндігін және соларды қолдайтындығын білдіргенді. Сол себептен де, қалалар мен аудандардың әкімінен, құқық қорғау орындарынан, сайлау комиссияларынан заңбұзушылыққа жол бермеу қатаң талап етілді, қоғамдық ұйымдарға, барлық кандидаттың сенімді уәкілдеріне көмек көрсетуге, жалпы сайлаудың әділ өтуіне қолда бар мүмкіндікті толық жасау тапсырылды. Атқарылған жұмыстардың нәтижесі жайлы сенатор, елге жанашыр азамат – Мұрат Бақтиярұлы толық айтып өтіпті, мен оны қайталамай-ақ қояйын.

Кейде осы тұрғыдан алғанда Парламент депутаттарының тең жартысы бәсекелестік жолмен сайланғаны дұрыс па деп ойлаймын. Парламентте елге айтар сөзі мен тәуелсіз ойы бар, абыройлы да беделді азаматтардың көптеп болғаны жөн болар.

– *Сыр өңірінің көптеген азаматы өзін әкімшілік қызметке тартқан, басшылыққа баулыған деп сізді ұстаз тұтатындығын айтады.*

– Өз естеліктерінде бірге қызмет істеген азаматтар менен көп нәрсені үйрендік деп жазыпты. Ашығын айтсам, мен «Жүріс-тұрыстарың былай болуы керек, жұмысты былай істеу керек» деп ешкімге де тәлімдік сабақ беріп, оқытқан жоқпын. Негізінде тәрбиенің ең өтімдісі, ең ұлағаттысы – өз болмысыңызбен, жүріс-тұрысыңызбен, жалпы айналаңызға деген қарым-қатынасыңызбен, адамдарға деген адал да шынайы ниетіңізбен үлгі болу. Сол жеткілікті. Мысалға, әріптестерім өз естеліктерінде менің жай отырыстардан бастап, үлкен жиындарды дәл белгіленген уақытында өткізіп отырғанымды, әркімнің пікірін тыңдай білгендігімді, ешкімге дөрекі сөйлемегенімді жазып, соларды үлгі ретінде атап өтіпті. Негізінде бұл ұстанымдардың барлығы да бойыма ертеден қызмет бабында сіңген тәртіп еді. Өйткені көп жылдар бойы бірнеше мемлекетте елші болдым. Сол елдердің Үкімет мүшелерімен, шет мемлекеттердің елшілерімен, дипломаттарымен күнделікті араласып жүрдік. Жиі-жиі түрлі деңгейдегі қабылдаулар, кездесулер болып жатады. Сол тиісті қабылдаулар мен кездесулер барысында өзіңнің де, өзгелердің де уақытына үлкен жауапкершілікпен қарау керек. Бұл – дипломатиядағы негізгі талап, тәртіп! Егер бір мемлекеттің елшісін белгіленген уақытынан кешіктіріп қабылдасаңыз, мұны ол жеке өзіне деген көзқарас ретінде емес, оның еліне, мемлекетіне деген көзқарас ретінде қабылдауы мүмкін. Былайша айтқанда, бұл төзгісіз жағдай. Және де сонымен қатар, елшіге сын көзбен қарайтындар да көп болады. «Сырт көз – сыншыл» деп халқымыз тегін айтпаған ғой. Бір елдің елшісі болғаннан кейін саған өзге мемлекеттерден келген елші әріптестерің де, сол елдің басшылары да, лауазымды қызметкерлері де, бәрінің де сын көзбен қарайтындығы табиғи жағдай. Өйткені елші арқылы елі жайлы пікір қалыптасады.

Елшінің түр-сипаты қандай, жүріс-тұрысы, мәдениеті, білімі, кәсіби деңгейі қалай деген оймен, бақылап, соған орай жалпылама қорытынды жасап отырады. Сол себептен де өзіңнің жүріс-тұрысыңа, киім киісіңе, әр сөзіңе де үлкен жауапкершілікпен қарауың керек.

Әрдайым осындай талап болғандықтан, сол талаптың, сол тәртіптің өз өміріңіздің ұстанымына айналып, бойыңызға ғадет болып сіңіп кеткенін де байқамай қаласыз. Енді сол ғадеттен асып басқаша өмір сүре де алмайсыз. Сыр елінде өзгеше тәртіп орнатайын, болмаса үлгі көрсетейін дегендігім емес, ол әдеттердің барлығы да қалыптасып қалған өмірлік ұстанымым мен жеке басымның тәртібі болатын. Ал енді менің сол ғадетімді азаматтар өнеге тұтып жатса, ризамын!

Осыған байланысты тағы да айтарым, басшы адамның жүріс-тұрысы да, ісі де үнемі көпшіліктің ауызында, жұрттың назарында болады. Сондықтан да ел басқар, не мемлекеттік қызметте бол, айналаңа өзіңнің үлгі тұтарлық істеріңмен, қарапайым тірлігіңмен, сабырлы мінезіңмен халықты жақсылық пен жаңалыққа, жаңа дәстүрге, тәрбиеге, тәртіпке бастап отыруың керек. Жақында мына бір оқиғаның куәсі болғаным бар. Елге сыйлы, ағалық жастағы бір азаматтың отбасылық қуанышына құрметпен шақырылғаннан кейін, айтылған уақытында әріптестеріммен бірге келіп, дастарханға жайғастық.

Бірақ шақырылған қонақтар толық жиналғанмен, тіпті уақыттың асып бара жатқандығына да қарамастан, той басталар емес. Сөйтіп, біреуді күтумен екі сағатқа жақын уақыт өтті. Ел ағалары мен сыйлы қонақтарынан ұялған қуаныш иесінің өңі қашып кеткен. Қолында қалта телефоны, қайыра-қайыра біреулермен хабарласып, сасқалақтап әрі-бері жүрумен болды.

Бір кезде күткен адамы да келді-ау, әйтеуір. Қарасам, әлгіңіз сол өңірдің әкімі екен. Түрінде бүкіл

жиналған халықты күттіріп қойып, өзінің кешіккеніне ыңғайсыздану мен қымсынудың бір белгісі болсайшы! Дәрежесінің осындай салмағына риза қалпымен терге барып жайғасты. Бұл азаматты негізінен іскер, қолынан жұмыс келетін әкім деген пікір бар еді. Балкім іскерлігі бар да шығар, солай болуы да мүмкін. Бірақ оның халыққа беретін тәрбиесі мен өнегесі аз, елдің мәдениетін алға емес, артқа сүйрейтін, қарапайым халықты сыйламайтын, тек өзі мен өз қызметін, жоғары қызметі бар лауазым иелерін ғана сыйлап, бағалайтын адам екендігі көрініп тұр емес пе? Егер оны осы әкімдік қызметке халық сайлайтын болса, оның тәртібі де, жүріс-тұрысы да басқаша болар еді. Жеке басының мәдениеті төмен адамды халық басшысы етіп өздері де сайламайтындығы белгілі ғой. «Ұлық болсаң – кішік бол» деген қысқа ғана нақыл сөзде қаншама терең мағына бар, мораль бар! Түсіне білсеңіз, лауазымды азаматқа қарапайымдылық пен кішіпейілдік кішілік емес, кісілік. Осы қасиеттер оған билігін көрсетпей-ақ беделді болуға, міндетсінбей-ақ сыйлы болуға қол жеткізеді.

Көп жылдар бойы шет елдерде елшілік қызметте жүріп, жақсыны да, жаманды да көрдік. Сол көрген-білген жайларды осы күні өз ұлтыңның, өз еліңнің өмір-тіршілігімен, салт-ғұрпымен салыстырып, ой түйгендіктен де болар, осындай басшылардың таяздығы, мәдениетсіздігі көңіліме ауыр тиеді. Шақырған жерге кешігіп бару, төрде отырып алып, үлкеннің де, кішінің де өзіне келіп сәлемдесуін күту, жұрттың назарын тек өзіне аударуға тырысу – ол ұлықтықтың, зиялылықтың белгісі емес, керісінше, санасы таяз, парасаты төмен адамның ісі. Өкініштісі, осындай жағдай еп өмірінде жиі кездеседі, осы бір ескі әдеттен әлі де арыла алмай келеміз.

Жалпы өмірімде маған жақсы адамдар көп кездесті. Олардан көргенім мен үйренгенім, оқығаным

мен тоқығаным аз болған жоқ. Әлі де үйренетіндерім жеткілікті. Тағы бір айта кетейін, өз басым Сыр бойы халқының маған деген шынайы ықыласына, ниеттес те тілектес көңіліне әрдайым ризамын. Осы бір киелі де қасиетті, құт-береке дарыған елде қызмет жасағанымға көп жылдар өтсе де, сол елдің азаматтарының жүрегінде қаншалықты жылылық, қаншалықты құрмет сақталып қалғандығы мені ерекше бір жан толғанысына бөлейді. Сыр елін, сол елдің өзім білген, бірге жүріп-тұрған, қызметтес, сыйлас болған жандарды, сол бір қызмет атқарған жылдарымды мен де сағынышпен есіме алып отырамын. Жүрегімде солардың әрқайсысының өз орны бар.

– Осы бір айтқаныңыздан мынандай бір ой туып отыр. Жалпы әкім мен халықтың арасы жақын, тығыз байланысты болу үшін не істеу керек деп білесіз?

– Менің түсінігімше, әкім мен халықтың арасындағы жақындық пен байланыс, бірлесіп жұмыс істеу мәселесі ол тек басшының жеке басының мінезіне, қадір-қасиетіне, қабілетіне ғана байланысты болмауы, соған ғана негізделмеуі қажет. Бұл үрдіс соны міндеттейтін мемлекеттік қызметтің, саяси жүйенің талабы, тәртібі болып қалыптасуы, орнығуы және жұмыс жасауы тиіс.

Әкім жергілікті атқарушы органның басшысы болғаннан кейін оны халықтың өзі сайлауы орынды, соп тиімді болар деп ойлаймын. Бұл жағдайға біз ақырын-ақырын келе де жатқандаймыз. Қазір елімізде ауылдық жерлердің әкімін сайлау жүзеге асырыла бастады. Әрине, әкімдер жаппай сайланатын кезге жетсек, осы қызметтен үміткерлер әр көшені, тіпті үй-үйді аралай жүріп, өз бағдарламасының артықшылығын түсіндіріп, әр сайлаушының дауысын алу үшін халықпен күнделікті кездесіп, жұмыс жүргізер еді. Сайланғаннан кейін де

солай жұмыс істеуге мәжбүр болады. Өйткені басқаша болса, халықтың сенімін жоғалтып, үмітін ақтамаса, сайлаған халықтың өзі-ақ қызметінен кетуін талап етері сөзсіз. Мұндай жағдай болашақта бізде де орнауы мүмкін саяси жүйе боларына сенімдімін.

Сол кезеңде Президенттік биліктің тұтастығын қамтамасыз ету үшін, жергілікті жерлерде заңбұзушылыққа, сепаратизмге жол бермес үшін, жергілікті билікке бағынбайтын орталық мемлекеттік органдар өкілдерінің қызметін үйлестіріп, соған тұрақты бақылау жасау үшін мемлекет басшысының арнайы өкілі облыста отыратын болар. Мұндай жаңа институт құрылуы мүмкін. Мысалы, Францияда және тағы басқа елдерде префект сияқты осындай институттар жұмыс істейді. Сондай жағдайда жергілікті әкімшілікті тұрғындар өздері сайлап алғаннан кейін билікпен оны сайлаған халықтың арасында өзара сенім, ынтымақтастық қалыптасып, олар бір бағытта бірлесіп жұмыс атқаратын болады.

Қазір қарасаңыз, бізде облыс әкіміне тікелей бағынбайтын көптеген орталық мемлекеттік органдардың өңірлік құрылымдары бар. Олардың халықпен арақатынасы алшақ жатыр. Жұмыстарын да Астанада отырып бақылау қиын. Сол себептен болар, соңғы кездері орталық мемлекеттік органдардың өңірлік құрылымдарының жергілікті жердегі өкілдері тәртіп бұзып, тіпті қылмысқа да тартылып жатады. Біздің тәуелсіздігіміздің ширек ғасырдан астам уақыт аралығында қол жеткізген әлеуметтік-экономикалық табыстары мен дәрежесі енді осы бағытта да терең саяси реформалар жасауға мүмкіндік береді деп ойлаймын.

— Қызылорда облысын басқарған жылдары жергілікті театр, музейлерге, көркемсурет галереясына жиі барып тұрған екенсіз. Бұл да кез келген адамның, соның ішінде басшының да таным көкжиегін, талғамы

дәстүрге сай ұлттық филорманияның концерттеріне өзге елшілермен бірге барып жүрдім. Музыканың құдіреті сол ғой, ол адамды өзінің сазды ырғағымен өз иіріміне тартып, бойыңды билеп әкетеді, жан дүниенді байытады, бойыңа күш-қуат береді, көңіліңді көтереді, өсіреді. Кейін сол концерттердің тұрақты көрермені, тыңдаушысы болып кеттік.

Сурет өнеріне деген қызығушылығым да сол жылдары басталды десем болады. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының соңғы кездері ғой, ол елдің халқының да тұрмыс жағдайлары күрделі еді. Балтық елдерінің «антиквариат» яғни, сирек кездесетін құнды дүниелер сатылатын дүкендеріне орыс және балтық елдерінің суретшілерінің көркем шығармалары саудаға көп түсетін. Байқағаным, шет елдік елші әріптестерім сол дүкендерге жиі барып жүретін. Кейін кездесе қалған жағдайда «Мен ананы сатып алдым», енді бірі «Менің қолыма өте сирек кездесетін мына бір дүние түсті» деп мақтанышпен айтып отыратын еді. Сондай бір сәтте «Бұлар соншалықты нендей зат алып жатыр екен?» деген ойға келіп, енді мен де соларға еріп, әлгі «антиквариаттық» дүкендерді, музейлерді аралай бастадым. Әлемдік көркемсурет тарихы мен ондағы жанрлар, стильдер, ағымдар, олардың әйгілі өкілдері туралы өзімнің бұрыннан білетін мағлұматтарымды енді елші әріптестерімнің де әңгіме, пікірлерімен толықтыра бастадым. Сөйтіп, бұрынғы таным-түйсігім әлдеқайда көп кеңейді.

Содан да болар, шеберлікпен жазылған өнер туындыларын шамам келгенше, қаражатымның жеткенінше дегендей сатып алып, жинап жүретін болдым.

Қызылордаға келген бетте мұнда да талантты суретшілер көп екендігін байқадым. Арасында Қазақстан Суретшілер одағының мүшелері де бар екен. Соларды және жас суретшілерді қолдау мақсатымен

Сырдария бойындағы тарихи ескі бір ғимаратты жөндеп, көркемсурет галереясын аштық. Жергілікті өнер иелерінің жақсы туындыларын өзім де жинай бастадым. Күндердің бір күнінде Қызылордадағы қызметім де аяқталады ғой, міне, сол кезде облыстық музейге жергілікті өнер туындыларының көлемді бір топтама-сын сыйлап қалдырсам деген де ойым болатын. Ойға алған осы ісім жүзеге асқандай болды. Ал енді Н. Бекежанов атындағы облыстық музыкалық драма театрына келсек, ол 60 жылдан астам тарихы бар, кәсіби деңгейі өте биік, талай асуларды бағындырған өнер ордасы. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Х. Әмір-Темір көркемдік жетекшілік ететін театр ұжымының әрбір жаңа туындысы жанкүйерлердің қызықшылығын тудыратын, қолым тигенде жұбайыммен бірге барып, тамашалайтын едік.

— *Сыр халқы сіз жайлы сөз қозғалса болды «Бойында бір тектілік қасиет бар ғой» деп сөйлейді екен. Сол тектіліктен тамыр тартар негізіңіз жайлы кеңінен таратып айтып бермейсіз бе? Мәселен ата-баба, кіндік жұртыңыз, ата-анаңыз дегендей...*

— «Елу жылда ел жаңа, жүз жылда – қазан» деген қазақта сөз бар. Жетпіс жылдан астам Кеңес Одағының билігі үстем болған заманда қазақ ұлты өзінің тарихынан, тілінен, дәстүрінен, жалпы болмысынан айырылып «қазан» болуға таянып қалып еді. Бағымызға Тәуелсіздік келіп, жоғалғанымызды түгендеп, орнын толтырып, қайта қалпына келтіріп жатқан жағдайымыз бар қазір. Сондай мақсатпен мемлекет те, ұлт та, әрбір азамат та өз тарихына, шыққан тегіне, бабаларының өткен өміріне зер сала бастады, жаңа деректер пайда болды, көптеген еңбектер жазылды. Әрине, әркім өзінің шыққан тауының биік, тамырының терең болғанын қа-

лайды. Сол себептен өз тарихын ел аузындағы немесе көптің есінде қалған батырлармен байланыстырғысы келетіні түсінікті жағдай. Нәтижесінде тарихи деректерден, шындықтан алыстау, дәріптеуі басым біршама естелік дүниелер пайда болды. Сол себептен болар, ел ішінде «Өткен бабаларыңмен емес, бүгінгі бағаңмен, ертеңгі шамаңмен мақтан» деген сөз бар.

Дегенмен де өткенге қиянат жасауға болмайтыны анық, шындық деректер айтылса, орынды деп білемін. Мүмкін ол ұрпақтың парызы да болар. Өңгімеміздің басында айтып өткенімдей, Сыр өңірі – текті халықтың мекені. Кемінде үш астанаға табан-тірек, уық болған, шаңырақ болған бұл қасиетті мекеннің бүгінгі ұрпағы – баяғы түрік тілдес халықтардың тұяғы, мұрагері. Былайша айтқанда, солардың бәрінің де бойында да, қанында да әлдебір зиялылық, әлдебір тектілік жатыр.

Менің ата-бабам да Сыр бойында туып-өсіп, осы жерді мекен еткен. Атам Қожамқұл өз заманында Түркістан өңіріне белгілі кісі болыпты. Жиырма жылдан астам ел билігіне араласып, би-болыс сайлауларына қатысып отырғандығы, ел арасындағы беделі мен еңбегі жайлы, шешендігі туралы ел аузындағы естеліктер мен жазылған деректер де бар. Атам кемелденген шағында, 1911 жылы 61 жасында қайтыс болып кеткен екен. Ол кісіні Түркістаннан алып келіп, қазіргі осы Қызылорда облысының Сырдария бойындағы Артықата мазарына, өз атапарының жанына жерлеген.

Жалпы өз басым Өзбекстанда туғанмын. Кеңес үкіметінің өткен ғасырдың отызыншы жылдары қудалау мен тәркілеу науқаны басталған кезде әкем өзінің ағасы Бекбаймен бірге жер ауып, жан сауғалап кеткен екен. Әкемнің сол кездегі жұбайынан Исахан деген екі-үш жастағы баласы болыпты. Әкемнің қайын ағалары келіп: «Бұларды тәркілеп, өздерін Сібірге айдап жібереді» деп, әй-шайға қарамастан өз қызы

мен жиенін тартып алып кеткен көрінеді. Содан әкем ағайындарымен үдере көшіп, Ауғанстанға өтіп кетеді. Сол арада бәрі де ашығып, тұт ағашының жетілмеген жемісін жеп өзек жалғапты. Ағайындардың бір-екі баласы сол жерде улы жемістен шетінеп кеткен екен. Ашығып, қажыған және де балаларының алды шетіней бастаған қайғылы жағдайдан соң үлкендер жағы: «Бұл жер бізге қоныс болмайды екен. Аштық өзегімізге түсіп, қырылып қалармыз. Ел жаққа, кері қайтайық» деседі.

Осы батуамен ағайындар кері қайтқанымен, елге, Қазақстанға бара алмайтыны белгілі. Содан Өзбекстанға жетіп, ел ішіне тарап кеткен екен. Әкем Адырбек Ұлы Отан соғысының қарсаңында үйленіпті. Анамның есімі Ақшагүл. Әкем соғыстың басынан аяғына дейін қатысып, елге аман-есен оралып, Өзбекстанда колхозда егіс бригадирі болып жұмыс істеді. Мен мектепке барар тұста әкем ойланып: «Жалғыз балам өзге жұрттың елінде, тілінде оқып, түбінде осы елде қалып қалатын болды-ау» деп анам екеуі жедел жиналады да, бір түнде Түркістанға көшіп кетеді. Сөйтіп, біздің отбасы Қазақстанға оралған осы күнгі айтылып жүрген алғашқы оралмандармыз! Елге оралған соң Назира, Рахима деген қарындастарым дүниеге келді. Нағашыларым да өсіп-өнген, елге белгілі, беделді де бақуатты әулет болыпты. Анамның тоғыз ағасы болса керек. Бір шаңырақтың жалғыз қызы екен. Бірақ сол бір қиын-қыстау замандарда бүкіл ағасынан айырылып қалғандықтан, анам жарықтық өмірден өткенше сол ағаларын аңсап, армандап кетті. Әкем болса Исахан деген ұлынан бір хабар шығып қала ма деген үмітін өзі өмірден өткенше үзген жоқ. Сондай қиыншылық заманның әр қазақ отбасының басынан өткені белгілі ғой, енді тек бейбіт өмір жазса екен тағдыр ұлтымызға.

– Ер азаматтың ел ішінде, жүріп-тұрар ортасында, қызмет атқарған жерінде абыройлы болуы көбінесе үйдегі жұбайына да байланысты деп жататын сөз бар ғой. Сіздің осы орайдағы ойыңыз қандай? Жастық шағыңыз туралы да айта кетсеңіз.

– Не сұрағыңыз келіп отырғаныңызды түсіндім, айтайын! Біз Ләззат Ерсұлтанқызымен студент кезімізде танысқанбыз. Бірақ алдымызда қандай өмір, не қиындықтар мен жақсылықтар күтіп тұрғанын, жалпы болашағымыз қалай боларын кім болжап білген?! Ал жастық шағыма келетін болсам, Түркістаннан отыз шақырымдай жердегі Балтакөл деген елді мекенде малшылар мен шалғайда жұмыс істейтін геологтердің, әскери адамдардың балаларына арналған арнайы облыстық мектеп-интернат болатын, мен сонда оқыдым. Бұл интернат облыстық білім басқармасына қарайтын. Сонан да болар, барлық қаржылай-материалдық жағдайы да, білім беру деңгейі де өте жоғары еді. Мысалы, біз 1967 жылы онжылдықты екі сыныпта 22-23 оқушы бітіріп шықтық. Сол екі сыныптан 8 медалист шықты, жеті күміс, бір алтын медаль. Алтын медальға мен ие болдым. Математика маманы болуды армандап жүргенмін. Алтын медальдың иегері болғаннан кейін, маған қалаған мамандық бойынша кез келген жоғары оқу орнына түсуіме мүмкіндік бар еді.

– Сені жырақта қалмасын деп, елге алып келіп едім, енді бұл жолы да алысқа жібере алмаймын. Ауылға оралып қызмет істегеніңді, өзің өскен ортаңа сыйлы болғаныңды қалаймын. Сен ауыл шаруашылығы маманы болып шығатын оқуға бар, – деді әкем.

Ол заманда біздің тәрбиеміз басқаша болды ғой, әкенің айтқанын заң көрдік, әке тілегін орындауды парызымыз деп білетін едік.

Мектепті күміс медальмен бірге бітірген Әлайдар деген кластасым бар болатын. Сол екеуіміз Алматыдағы зоотехникалық-мал дәрігерлік институтына бірге барып, ол – мал-дәрігерлік мамандығы, мен зоотехникалық мамандығы бойынша оқуға түстік. Сөйтіп, бес жыл оқыдық. Институтты да үздік бітірдім. Жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін, тағдырдың жазуы солай болса керек, мені шаруашылыққа жібермеді. ҚазКСР Ғылым академиясының экспериментальды биология институтына аспирантураға жолдама берді. Бұл институтты академик Фазыл Мұхаметқалиев басқаратын еді. Сол кісінің жетекшілігімен аспирант атандым, ғылым жолына түстім.

Еліміз тәуелсіздік алған тұста «Қазақросыртқы сауда» деген мемлекеттік компанияның бас директоры болып қызмет атқарған едім, ол кезде сыртқы сауда мемлекеттік монополияда болатын.

Ол заманда елімізде жеке кәсіпкерлік дегеніңіз әлі жоқтың қасы десе де болғандай еді. Бәлкім содан да болар, Мемлекет басшысының немесе Премьер-министрдің іссапарларына мемлекеттік сыртқы сауда компанияларының басшыларын қосатын. Тәуелсіздіктің аса қиын алғашқы кезеңінде мемлекетті керекті валютамен, импорттық тауармен қамтамасыз етуде осы компаниялар айрықша роль атқарды, экономикалық дағдарысқа жол бермеуге зор үлес қосты. Міне, сондай сапардың бірінде Сыртқы істер министрі болып жаңадан тағайындалған Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевпен танысып, қызмет бабымен араласа бастадық. Ол кезде шетелдерде Қазақстанның өз елшіліктері аз еді. Сол себепті біз кейде ресми сапарларды ұйымдастыруға көмектесетінбіз. 1996 жылдың басында Қасым-Жомарт Кемелұлы мені өзіне орынбасар болуға шақырды. Өйткені сол кезеңде елшіліктердің қаржы-материалдық жағдайын жақсарту мәселелері

туындады. Сыртқы істер министрлігіне инвестиция, қаржы экономикалық мәселелер де жүктелетін болды. Әр ірі мемлекетте елшіліктер құрыла бастады. Содан дипломатия саласында біраз жылдар тұрақтап қалдым. Одан кейінгі өмір жолым сізге белгілі.

Егер де өмірде жақсы мәртебеге ие болып, абыройға бөленсеңіз, елге жақсы атыңыз шықса, оған, әрине, жарыңыздың қосқан үлесі зор екендігі сөзсіз. Себебі халқымыз ерді түздің адамы, әйел үйдің адамы деп білген ғой. Ер азамат күні бойы, тіпті түннің бір уағына дейін, кейде демалыс күндерінің өзінде қызметте жүреді де, үйіндегі өз балаларына керекті уақытты таба алмайды. Ал енді әр отбасында бала тәрбиесі деген аса жауапты міндет бар. Соларды бағып-қағу, мектептегі оқуының барысын, тәртібін қадағалап отырудың өзі аса маңызды жұмыс, міндет. Бұған қоса үй шаруасы бар, келімді-кетімді кісілерің, ағайын-туысың бар, солардың да көңілін тауып отыру үйдегі жұбайыңыздың ісі. Міне, өзіңіздің уақытыңыз да, мұршаңыз да келе бермейтін сол істің бәрін жарыңыз өз мойнына, өз қолына алып, тындырып отырса, ер азаматқа алаңсыз қызмет жасауға барынша мүмкіндік жасайтын болса, бұл оның сізге жасаған жақсылығы, өзінің ер азаматының алдындағы борышын адал атқарғандығы деп санап, бағалау керек.

Қай елде, қай жерде болмайын және қандай қызметтерде жүрмейін Ләззат Ерсұлтанқызы әрдайым жанымда бірге болып, ошағымның отын жағып, отбасымның құт-берекесін келтіріп, шаңырағымды шырайландырып ұстап келеді. Енді екеуміз де өз еліміз бен ұрпағымыздың амандығы мен жарқын болашағын тілеп, бәріне де шүкіршілік айтып отыратын жағдайға, жасқа жеттік. Еліміздегі береке-бірлікті, тыныштықты, түсіністікті бағалай, сақтай білсек, болашағымыздың жарқын, келешегіміздің кемелді болатыны сөзсіз! Тағдыр ұлтымызға соны жазғай!



Адырбеков Икрам Адырбекұлы – мемлекет және қоғам қайраткері.

1950 жылы 8 шілдеде Өзбекстанның Ташкент облысы Чиназ ауданында дүниеге келген.

1972-1991 жылдар аралығында Қазақ Ұлттық ғылым академиясында, Мемлекеттік агроөнеркәсіп саласында жемісті еңбек еткен.

1992-1996 жылдары – «Қазагросырт-қысауда» бірлестігінің бас директоры, 1996-1997 жылдары Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары қызметтерін атқарған.

1998-2004 жылдар аралығында Литва, Латвия, Эстония, Малайзия, Индонезия, Филиппин, Бруней елдеріндегі Қазақстанның Төтенше және Өкілетті елшісі қызметінде болған.

2004-2007 жылдары – Қызылорда облысының әкімі.

2007-2011 жылдары – Қазақстанның Қытай Халық Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшісі.

2011-2017 жылдары – ҚР Парламент Сенатының депутаты, Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің хатшысы, төрағасы.

«Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті елшісі» жоғарғы дипломатиялық рангісі берілген. Экономика ғылымдарының докторы. III дәрежелі «Барыс», «Парасат», «Құрмет» орденімен, «Ерен еңбегі үшін» және көптеген медальдармен марапатталған. Қызылорда облысының Құрметті азаматы.



Өзінің ғибратты ғұмырларында мәнді де мағыналы ғұмыр кешіп, кіндігі байланған халқына адал қызмет етіп, зор абыройға, сый-құрметке бөленген салиқалы аға ұрпақтың бір өкілі Икрам аға Адырбековтің өзінен сұрап білсек деген біраз жайдың мәнісіне қаныққандай болдық. Сыр өңірінің елеулі азаматтарының ағамыз

жайлы шынайы жүрегімен, таза көңілімен айтқан сырын сол елдің бағасы мен батасы, алғысы мен құрметі деп таныдық. Өйткені аз ба, көп пе қызмет етіп кеткен елің еңбегіңді елеп, өрелі ісіңді ұмытпай, ескеріп, оны айтып, бағалап жатса, бұл да еңбегіңнің зая кетпегені, өміріңнің босқа өтпегені ғой. Олай болса, сол мағыналы өмір төрінде жасай беріңіздер, ел ағалары!

Сұхбатты жүргізген
Бауыржан Қарағызұлы

МАЗМҰНЫ

Бауыржан Қарағызұлы. Алғы сөз	5
Сейілбек Шаухаманов. Ақылды азамат	14
Алмагүл Божанова. Сөзіне берік, ісіне мығым адам.....	22
Құттықожа Ыдырысов. Игілікті істерге бастай білді	32
Имамадин Оңғарбаев. Өсіп, өркендеу жылдарымыз болды	62
Бекмырза Еламанов. Елге жасаған қызметі ұмытылмайды.....	77
Мұрат Бақтиярұлы. Биік абырой иесі	91
Нұрлыбек Нәлібаев. Тәлімгер.....	110
Ибрагим Абибуллаев. Бүгінгі жетістіктеріміздің негізін қалады.....	122
Нәжмадин Мұсабаев. Жолы құтты, «қолы таза» әкім атанды	135
Нұрлыбек Жолдасбаев. Әділдікке араша түсетін.....	147
Сұлтанбек Тәуілбаев. Сыр суының пайдасын асырды	158
Жаңыл Жонтаева. Білім мен өнерге шынайы қамқорлық жасады.....	178
Балжан Шәменова. Өр қызметкерін бағалайтын.....	187
Қылышбай Бисенов. Тағылымды тұлға	197

<i>Қорғанбек Қайроллаев. Адамның жақсылығын</i>	
айту парыз	209
<i>Әбдіманап Құтжанов. Ар тазапығының үлгісі</i>	220
<i>Жарылқасын Шарипов. Туабітті адал жанды</i>	
бұза алмайсың	229
<i>Тұрғанбай Маханов. Азамат келбеті</i>	239
<i>Сәмит Далдабаев. Ер жақсысы елдің басшы серкесіндей...</i>	245
<i>Нұрмұрат Ерманов. Зиялы</i>	254
<i>Әділбек Айымбетов. Аралдың жанашыры</i>	263
Түйін сұхбат	268

ТАҒЫЛЫМ

Құрастырған Б. Қарағызұлы

3-басылым

Редакторы *Айдана Сыдықбай*
Техникалық редакторы *Эльмира Заманбек*
Көркемдеуші редакторы *Асет Салиев*
Корректоры *Шолпан Оразбаева*
Компьютерде беттеген *Ақерке Сқақова*

